- 3 – бөлік – болашаққа арналған ұсыныс: маған ұнады, бірақ келесі жолы...



СЭНДВИЧ стратегиясын қолдануда мұғалімнің іс-әрекетіне қатысты сабақты жоспарлауда негізге алатын сұрақтары: Оқытудың қай сатысында? Білім алуда неге талпынады? Жетістікке жетуге көмектесу үшін не істеуім керек?

Оқушының өзіндік талдауына көмектесетін сұрақтар: Мен оқытудың қай сатысында тұрмын? Нәтижеге қалай қол жеткіземін? Кемшіліктерімді жою үшін не істеуім керек?

Сабақ барысында әр түрлі сандық ресурстарды қолдану арқылы оқушы өз қызметінің нәтижесіне сындарлы кері байланыс алуына болады. Бұл ресурстардың тиімділігі оқушылар жеке жетістіктерін, жетілдіретін тұстарын, өз сыныптастарының пікірлерін бірден көру мүмкіндігіне ие болады.

Қорытындылай келе, қашықтықтан оқыту барысында сындарлы кері байланысты жүзеге асыру үшін қандай жолын пайдалансақ та, барлық кері байланыс түрлері оқушыларды жетілдіруге бағытталуы тиіс деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ «Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016ж.
2. Russell Cohen Hoffing, Povilas Karvelis, Samuel Ruppichter /The Influence of Feedback on Task-Switching Performance: A Drift Diffusion Modeling Account/ 2018ж.
3. Amy B. Mulnix, PhD students working on project/The Power of Transparency in Your Teaching/2018
4. Caitlin Walker «Feedback model to the Learning Process», 2015

ҚАЗІРГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР: МӘНІ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ

АСАНБЕКОВА Гулмира Сағатовна

«Ы.Алтынсарин атындағы №159 гимназия» КММ

Алматы, Қазақстан

asangulsag@mail.ru

Андатпа

Мақалада ең күрделі де, маңызды болып отырған нәрсе ол- білім беру жүйесін мазмұндық өзгерту, оның ішкі мүмкіндіктерін пайдалану, білім сапасын арттыру тетіктері мен формаларын жетілдіру туралы сөз болмақ. Білім жүйесінің ішкі мүмкіндіктерін пайдалану, білім сапасын арттыру тетіктері мен формаларын жетілдіру маңызды. Білім жүйесінің ішкі мүмкіндіктерін дамыту білім жүйесінің жаңа моделін жасау, оқушыларға берілетін білімнің мақсатын, міндеттерін, мазмұнын, оқыту технологиясын өзгерту арқылы жүргізіледі. Ал, мұның барлығы педагогика ғылымының бір мәселесі болып отыр, ол-оқушының тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын кеңірек қолдану.

Бүгінгі таңда алдыңғы қатарлы елдердің барлығы оқуға жалпы білім берудегі жаңа жүйені ұсына отырып, жеке тұлғаны қалыптастырудағы мүмкіндіктерін, жолдарын іздеп, зерттеп, оны ұтымды түрде білім беруге енгізу көкейтесті мәселеге айналып отыр.

Жалпы жаңа орта білім беру құрылымын жаңарту білім беру үрдісіне қатысушылардың талабын, мүмкіндігі мен қызығушылығын толық ескеруді, оқушыға берілетін білімді қоғамның қазіргі әлеуметтік-экономикалық сұранысына сәйкестендіруді, білім беру тәсілдерін оқушының өз іс-әрекетіне басшылық жасауға жетелейтін негізгі құзіреттіліктерін қалыптастырудың, жеке тұлғаның дербес дамуын қамтамасыз етуді көздейді. Сонымен, жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білімін, білігін ғана емес, оның жеке тұлғасын, білім арқылы дамуын қойып отыр.

Педагогикалық технология дегеніміз не? Бүгінгі таңда педагогика ғылымының лексиконында педагогикалық (оқыту) технология ұғымы терең тамыр жайды. Дегенмен де, осы ұғымды түсіну мен пайдалануда әртүрлілік басым. Технология сөзі - techne - өнер, шығармашылық, logos-ілім деген мағынаны білдіретін грек сөзі. «Технология - өндірістік процесті жүргізудің әдістері мен тәсілдері жайлы білім жиынтығы» деп, шетел сөздерінің қысқаша сөздігінде анықтама көрсетілген [1].

Педагогикалық технология ұғымына соңғы уақытта көптеген анықтамалар берілген. Белгілі ғалымдардың осы терминге берген анықтамаларын мысалға келтірсем:

- Технология- дидактикалық жүйенің процессуалды бөлігі (М.Чошанов) [1].



- Педагогикалық технология-практикада іске асырылатын белгілі бір педагогикалық жүйенің жобасы (В.П.Беспалько) [2].
- Педагогикалық технология-педагогикалық мақсатқа жету үшін пайдаланатын барлық дара, инструменталдық және методологиялық құралдардың қолдану реті мен жиынтығының жүйесін білдіреді (М.В.Кларин) [3].
- Технология- оқушы мен ұстазға бірдей қолайлы жағдай тудырушы оқу процесін ұйымдастыру және жүргізу, бірлескен педагогикалық әрекетті жобалаудың жан-жақты ойластырылған үлгісі (В.М. Монахов) [4].
- Педагогикалық технология- оқытудың арнайы формаларын, әдістері мен тәсілдерін айқындайтын психологиялық-педагогикалық нұсқаулардың жиынтығы; ол педагогикалық процесті ұйымдастырудың әдістемелік аспабы (Б.Т.Лихачев) [5].
- Педагогикалық технология бүкіл оқу процесін жасаудың, қолданудың және анықтаудың жүйелі әдісі, білімді адами және техникалық ресурстардың ескере отырып игеру және білім берудің ең тиімді әдістеріне жету мақсатындағы олардың өзара ынтымақтастығы (ЮНЕСКО) [10].

Сонымен, педагогикалық технология - оқу үрдісімен, яғни мұғалім мен оқушының іс-әрекетімен, оның құрылысымен, құралдарымен, әдістері және түрлерімен түбегейлі байланысқан.

Педагогикалық технология жайлы анықтамаларды алуан тұрғыда талдау нәтижесі олардың көпшілігінің жалпы қорытынды түрінде берілгенін көрсетеді. Қазіргі педагогикалық әдебиеттерде «педагогикалық технология» ұғымын қолдану барысында түрліше түсіндірілетін оқыту теориясы, оқыту әдістері, оқыту технологиясы, оқыту әдістемесі сияқты ұғымдар балама ретінде қарастырылады.


Технология әдістемеге қарағанда кеңірек. Әдістеме білім беру технологиясын пайдалану элементтеріне негізделген. Педагогикалық технология - оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру тәсілдерінің жиынтығы немесе мұғалімнің нақты іс-ірекетіне байланысты және алдына қойған мақсаттарға жетуіне бағытталған белгілі ретпен орындалатын іс-шаралар болып табылады.

Педагогикалық технология бірқатар белгілермен сипатталады, В.П.Беспальконың пікірінше оларға жататындар [2]:

- нақты, бірізділікті педагогикалық, дидактикалық тұрғыдан оқу мақсатын анықтау;
- меңгеруге қажет ақпараттарды құрылымдау, реттеу, нығыздау;
- дидактикалық, техникалық, оның ішінде компьютерлік оқыту және бақылау құралдарын комплексті түрде қолдану;
- оқытудың диагностикалық қызметін нығайту;
- оқыту деңгейінің сапалы болуына кепілдік беру.

Демек, педагогикалық технологияның өзіндік ерекшелігі бар, яғни қойылған мақсатқа жету мүмкіндіктеріне кепілдік беретін оқыту үрдісін құрастыру және оны жүзеге асыру екен [8].


Педагогикалық технология үш аспектіде қаралады:



Осылай, педагогикалық технология оқытудың рационалды жолдарын зерттеуші ғылым мен тәсілдер жүйесі ретінде, принциптер мен оқытуды реттеуші қызметін атқарады. Технологияны



қолданып, оқу үрдісін құрылымдау ерекшелігі болып: оқу үрдісін толық басқару; жоспарлау; оқыту циклін қайталау жатады. Осыған орай, кез-келген технологияға оқу үрдісін қатаң ұйымдастыру негіз бола алады. Оны Кларин бойынша оқу үрдісін технологиялық құрастыру сызбанұсқасынан көруге болады:



Келтірілген сызбанұсқада технологияның дәстүрлі оқумен салыстырғанда бір ерекшелігі бар - ол оқу үрдісін диагностикалау нәтижесінде тез түзету енгізу мүмкіндігі. Енді педагогикалық технологиялар құрылымына тоқталатын болсақ, педагогикалық технологияның негізгі құрылысын былай тұжырымдауға болады: 1. Концептуалдық негізі. 2. Мазмұндық бөлігі: жалпы және нақты оқыту мақсаттары; оқыту материалдарының мазмұны. 3. Процессуалдық бөлігі - технологиялық үрдіс: оқыту үрдісін ұйымдастыру; оқушының оқу әрекетінің әдістері мен түрлері; оқытушының жұмысының әдістері мен түрлері; ұстаздың оқу материалын меңгеру үрдісін басқару әрекеті; оқу үрдісін диагностикалау. Сонымен бірге, кез келген педагогикалық технология негізгі методологиялық талаптарды қанағаттандыруы керек (Г.К.Селевко)[6].

Енді, педагогикалық технологияға қойылатын методологиялық талаптарды талдасақ:

1. Концептуалдығы. Қандай технология болса да философиялық, педагогикалық, психологиялық ғылыми тұжырымдамаға негізделуі тиіс.
2. Жүйелілігі. Педагогикалық технологияда жүйенің белгілері - үрдістің логикасы, барлық бөліктердің өзара байланыстығы және бүтіндігі болуы шарт.
3. Басқаруға оңтайлығы. Диагностикалық болжау жасауға, жоспарлауға, нәтижені өңдеу, өзгеріс енгізу мақсатында әдіс - тәсілдерді кезектеп пайдалану мүмкіндігі болуы керек.
4. Тиімділігі. Білім беру стандартын қанағаттандыруы тиіс.
5. Қайталауға жарамдылығы. Басқа ұжымда да дәл осы күйде қолдануға мүмкіндіктің болуы.
6. Өзектілігі. Дидактикалық, методологиялық және ұйымдастыру мәселелерін шешу.
7. Жобалау және алгоритмдеу мүмкіншілігі.

Педагогикалық технология ұғымы үш деңгейде (Г.С.Селевко) қолданылады [6]:

1-кезең: жалпы педагогикалық (жалпы дидактикалық)- педагогикалық жүйе ұғымының синонимі. Оған мақсат, мазмұн, оқытудың құралдары мен әдістері, оқыту процесінің субъектілері мен объектілерінің әрекет алгоритмінің кіруі

2-кезең: салалық (пәндік)- пән шеңберіндегі оқыту, тәрбие мазмұнын жүзеге асыруға негізделген әдістер мен құралдар жиынтығы

3-кезең: локальдік (модульдік) – оқу-тәрбие үрдісінің жеке әрекеттер технологиясы (ұғымды қалыптастыру, жеке қасиеттерді қалыптастыру, сабақ технологиясы, жаңа материалдарды меңгеру технологиясы, қайталау және бақылауды ұйымдастыру технологиясы, өзіндік жұмысты ұйымдастыру технологиясы және т.б.)

Педагогикалық технологиялардың ғылыми философиялық негізін сипаттасақ. Кез-келген педагогикалық технология философиялық негізде қаралады. Философия-жалпы реттеуші білім беру технологияларын әдіснамалық қамтамасыз етеді. Философиялық тұрғы білім беру және пән мазмұнында басшылыққа алынады[5].

Әлемдік білім беру кеңістігіндегі педагогикалық технологиялардың ғылыми философиялық негізін мыналар құрайды:

1. Гуманизм (ізгіліктік) - әлеуметтік құбылыстарды бағалау өлшемі, адамның жағдайы, қоғам қағидасы - теңдік, әділеттілік.
2. Теософия - діни бағыттағы мектептердің негізі. Ол ұлттық педагогикада терең тамыр жайған, жастарды жақсылық пен жамандық ара-жігін ашуға тәрбиелейді.
3. Антропософия - адамның рухани құндылығын зерттеуші бағыт.
4. Экзистенциализм - адам өзін-өзі жасаушы деген ойды басшылыққа алу.
5. Прагматизм - тұлғаның интеллектуалды және адамгершілік сапалары, оның табиғи жаратылысы. Оның көрінуі тек даралық ерекшеліктеріне байланысты. Олар адамгершілік сапаларды қалыптастыру емес, табиғи берілген қабілетті дамытуды өзін- өзі реттеу жағдайының алғы шарты деп есептейді.



6. Сциентизм - адамзат қоғамының мәдениет жүйесінде ғылым мен техника рөлін ерекше бағалау[9].

Педагогикалық технологиялардың жіктелуін анықтасақ, қазіргі таңда педагогикалық технологияларды жіктеудің бірнеше түрлері бар. Бірақ оқыту технологиясының нақты жіктемесі жоқ, өйткені бұл дидактикалық құбылыстың күрделілігі мен көпаспектілігі басым. Педагогикалық технологияларды жіктеудегі әр түрлі көзқарастарды қарастырайық.

А.Я.Савельев білім беру технологиясының келесі жіктемесін ұсынады: қызметтің бағыты бойынша (оқушылар, студенттер, оқытушылар және т.б.); оқыту мақсаты бойынша; пәннің түрлері бойынша (гуманитарлық, жаратылыстану, техникалық пәндер, т.б.); қолданылатын техникалық құралдар бойынша (аудиокөру, компьютерлік, видеокомпьютерлік және т.б.); оқу үрдісін ұйымдастыру бойынша (жекеше, ұжымдық., аралас); әдістемелік тапсырмалар бойынша (бір пәннің технологиясы, құралдары, әдісі)[7].

Бұл топтамада оқытудың технологиясы мазмұндалады [8]. Н.В.Бордовская, А.А.Реан жіктемесі: 1.құрылымдық-логикалық оқыту технологиясы; 2.ойын технологиясы; 3. компьютерлік технология; 4.диалогтық технология; 5.тренингтік технология болып табылады.

Педагогика ғылымы мен практикасында белгілі технологияларды жалпы түрде Г.К. Селевко топтастырды[6]. Осы жіктелу педагогикалық технология туралы түсінігіміздің айқындала және кеңейе түсуіне мүмкіндік берді.

Педагогикалық технологиялар[10]: 1. Қолдану деңгейіне қарай (жалпы педагогикалық, жеке пәндік, салалық, локальдік, модульдік, тар әдістемелік); 2. Философиялық негізіне қарай (материализм, идеализм, диалектика, метафизика, ғылым, діни, гуманизм, антигуманизм, антропософия, теософия, прагматизм, экзистенциализм); 3. Психикалық дамудың жетекші факторына қарай (биогендік, социогендік, психогендік, идеалистік); 4. Игерудің ғылыми тұжырымдамасына қарай (ассоциациялы рефлекторлық, дамытушы, интериоризаторлық, бихевиористік, гештальт технология, суггевистік, нейролингвистік); 5. Тұлғалық құрылымға бағдарлануына қарай (акпараттық ББД, операциялық АОӘ-тәсілдерінің қалыптасуы, эмоционалды-адамгершілік саланың қалыптасуы, әрекеттік-практикалық саланың қалыптасуы, эвристикалық); 6. Мазмұны және құрылым сипатына қарай (білімдік, тәрбиелік, азаматтық, діни, жалпы білімдік, кәсіптік, гуманистік,технократиялық, политехникалық, әртүрлі салалары, жеке пәндік); 7. Ұйымдастыру формасына қарай (балама, сынып-сабақтық, клубтық, академиялық, топтық, жеке даралық, ұжымдық, оқыту амалы, саралап оқыту); 8. Ақыл-ой қызметін басқару типіне қарай (классикалық дәрістік, ОТҚ көмегімен оқыту, кеңесші жүйесі, шағын топтар жүйесі, компьютерлік оқыту, репетитор жүйесі, бағдарламалық оқыту); 9. Балаға деген қатынас амалына қарай (авторитарлық, дидактоцентристік технология, тұлғаға бағдарланған, гуманды-тұлғалық, ынтымақтық педагогикасы, еркін тәрбие, эзотерикалық); 10. Басымдық танытатын әдісіне қарай (догматикалық, репродуктивтік, түсіндірмелі –иллюстративтік, дамыта оқыту, проблемалық, ізденушілік, шығармашылық, бағдарламалап, оқыту, диалогтік, ойын, өздігінен дамыта оқыту, акпараттық технология); 11. Қолданыстағы дәстүрлі жүйені жаңғырту мен түрлендіру мазмұны мен бағытына қарай (ізгілік пен жариялылық негізіндегі қарым-қатынас, бала әрекетін белсендендіру мен қарқындалу негізінде, ұйымдастыру мен бақылау тиімділігі негізінде, материалды дидактикалық және әдістемелік қайта құрастыру негізінде, табиғаты бойынша халық педагогика әдісін пайдалану, баламалы, авторлық мектептердің кешенді технологиясы); 12. Оқушылардың санаты бойынша (бұқаралық-мектептік технология, алдыңғы қатарлы деңгейдегі, компенсациялық, виктимологиялық, қиын балалармен жұмыс істеу технологиясы, дарынды балалармен жұмыс істеу технологиясы) болып бөлінеді [4].

Педагогикалық технологиялардың жіктелуі, жіктеумен қатар Г.К.Селевко[2] педагогикалық технологиялардың өзгеше жіктеуін де ұсынады: 1. Педагогикалық қарым-қатынасты демократиялық және ізгілік негізінде құру технологиясы (ынтымақтастық педагогикасы, ізгілік- тұлғалы оқыту технологиясы (Ш.А. Амонашвили), адамгершілікті қалыптастыруға негізделген әдебиетті оқыту жүйесі (Е.Н.Ильин)). 2. Оқушылардың іс-әрекетін белсендендіру және қарқындалу негізіндегі оқыту технологиясы (ойын-сабақ технологиясы, проблемалық оқыту, модульдік оқыту, В.Ф.Шаталовтың тірек-сигналы конспектісі негізінде оқыту технологиясы, Е.И.Пассовтың коммуникативтік оқыту жүйесі). 3. Оқу үрдісін ұйымдастыру және басқару тиімділігіне негізделген оқыту технологиясы (бағдарламалап (программалап) оқыту, дифференциалдап оқыту (В.В.Фирсов,Н.П.Гузик), даралап оқыту (А.С.Границкая, Инге Унт, В.Д.Шадриков), тірек нұсқаларын пайдалана, түсіндіре отырып, басқарудағы перспективтік алдын-ала оза оқыту (С.Н.Лысенкова), ұжымдық және топтық оқыту тәсілдері (И.Д. Первин, В.К.Дьяченко), компьютерлік технология). 4. Оқу материалын әдістемелік жетілдіру және дидактикалық қайта өңдеу негізіне қарай құрылған оқыту технологиясы (дидактикалық бірліктерді ірілендіру (П.М.Эрдниев), «Мәдениет диалогы» (В.С.Библер, С.Ю.Курганов), «Экология



және диалектика» жүйесі (Л.В.Тарасов), ақыл-ой әрекетін сатылап дамыту теориясын жүзеге асыру"" технологиясы (М.Б.Волович). 5. Табиғат тәнділік, ұлттық педагогика әдістерін пайдалануға негізделген оқыту технологиясы (Л.Н.Толстой бойынша оқыту; сауаттылыққа тәрбиелеу (А.Кушнир), М.Монтессори технологиясы). 6. Альтернативті оқыту технологиясы (Вальдорф педагогикасы (Р.Штайнер), еркін еңбек технологиясы (С.Френе), ықтималдық оқыту технологиясы (А.М.Лобка). 7. Кешенді политехнологиялар («Өзін-өзі анықтау мектебі» (А.Н.Тубельский), «Барлықтар үшін мектеп» (Е.А.Ямбург), «Школа - парк» (М.Балабанов)[10].

Педагогикалық технологиялардың даму көзі мен құрамдас бөліктерін сөз етсек, кез-келген қазіргі педагогикалық технологиялар педагогика ғылымы мен практикасының жетістіктері дәстүрлі тәжірибедегі құнды дүниені әлеуметтік прогресстің жетістіктерін, қоғамдағы гуманизация мен демократия жемісін жинақтаушы болады. Технологияның құрамдас бөліктері: әлеуметтік өзгеріс пен педагогикалық жаңаша ойлау, педагогика, психология және қоғамдық ғылымдар, отандық, шетелдік тәжірибелер, ескі мен жаңа, этнопедагогика болып табылады.

Қазіргі таңда 500-ге жуық педагогикалық технологиялар бар. Алайда, осы технологиялардың ең жиі қолданылатынын атасақ, ол бағдарламалап оқыту, дербес оқыту, модульдік оқыту, деңгейлеп оқыту, жобалау әдісі, проблемалық оқыту, проблемалық-модульдік оқыту, интегративті оқыту, проблемалық- интегративті оқыту, ұжымдық оқыту, ойын арқылы оқыту, сын тұрғысынан ойлауды дамыту, дидактикалық бірлікті ірілендіру, ақпараттық-коммуникациялы[10].

Қазіргі уақытта педагогика ғылымында технологиялық тәсілге қызығушылық арта түсті. Өсіп келе жатқан ұрпақты әлеуметтік тәрбиені меңгеруге дайындау сапасын жоғарылату мақсатында педагогикалық технологияларды пайдалану талпыныстары көптеген педагогтар мен тәжірибелі мұғалімдердің оқыту және тәрбиелеуді, жүйелі, тиімді, процессуалды ұйымдастыруға деген ұмтылыстарынан туындады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Чошанов М.А. Гибкая технология проблемно-модульного обучения, - Москва, 1996 .160 стр.
2. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. – М., 1989 г.
3. Кларин М.В. Инновации в мировой педагогике.- Рига, 1995 г.
4. Монахов В.М. Технологические основы проектирования и конструирования учебного процесса.-Волгоград, 1995 г.
5. Лихачев Б.Т. Педагогика.- М., 1992 г.
6. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии- М, 1998 г.
7. Савельев А.Я технология обучения и из роль в реформе высшего образования. Высшее образование в России. 1994 . №2, стр. 29-37.
8. Бордовская Н.В, Реан А.А. Педагогика.- М., 2002 г.
9. Мухина С.А. Современные инновационные технологии обучения.-М., 2008 г.
10. Современные образовательные технологии / под ред. Н.В. Бордовской.-М.,2010 г.

АТА-АНАЛАРҒА КЕҢЕС БЕРУ ЖӘНЕ АҒАРТУ ЖҰМЫСТАРЫ

АСЫЛ Қабыланова

Ғылыми жетекші: Ж.Н.Сабирова – п.с.ғ.к., доцент

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

Атырау, Қазақстан

asyl.kabylanova@mail.ru

Андатпа

Мақала ата-аналарға кеңес беру және ағарту жұмыстарына арналған. Психологиялық қызметтің көкейтестілігі, себептері, жағдайлары, олардың пайда болу механизмдері, оны диагностикалау және ағарту жұмыстарын теориялық зерттеулер негізінде өзіндік практикалық іс-тәжірибесімен байланыстыра сипатталған.

Қайырлы күн ұстаздар, студенттер! Менің алған ғылыми жұмысымның тақырыбы: Ата-аналарға кеңес беру және ағарту жұмыстары!

Тақырыптың көкейтестілігі:



Психологиялық қызмет қазіргі кезде әлеуметтік ортаның барлық салаларында кеңінен тарап келе жатыр. Білім беру жүйесінде, оның ішінде мектепке дейінгі мекемелер мен орта мектепте, осы қызметті ұйымдастырудың өзіне тән қиындықтары мен шешілмеген проблемалары өте көп.

Мақсаты:

Психолог жұмысында кеңес беру жұмыстарының кезеңдерін, ерекшеліктері оны жүргізу әдіс-тәсілдерін анықтау.

Міндеті:

-Ата-аналарға психологиялық кеңес беру жұмыстарын жүргізудің тиімділігін арттыру;

-Мектепке дейінгі ұйымдарда психологиялық кеңес беру жұмыстарының түрлі жолдарын іздестіріп, кеңістік аясын ашу;

-Балабақшада ата-аналарға психологиялық қолдау көрсету.

Жалпы психологиялық кеңес беру-практикалық психологияның ерекше бөлімі. Ол маман психологтан кеңес түрінде немесе нұсқау жүзінде тікелей психологиялық көмекті қажет ететін адамдарға ықпал етумен байланысты.

Психолог-кеңесшіні адамдар не үшін іздейді? Неліктен олар оған барады?

Кейбір адамдар өз мәселелерін қалай шешу керек екенін біле тұра психологқа барады. Өйткені олар психологтан эмоциональді тіректі қажет етеді. Ал кейбіреулері мәселені қалай шешуді білмей, кеңес сұрай барады.

Үшіншілері өзіне сенімсіз, берілген мүмкіндіктің қайсысын таңдауды білмегендігінен барады. Оларды сендіріп, иландырып, дұрыс жолға қарай бағыттау маман психологтың міндеті. Ал мен бүгінгі алған тақырыбымның аясында, “баланың басты ұстазы ата-ана” деген қағиданы басшылыққа ала отырып, кеңес беру жұмысын ата-аналарға бағыттадым.

Психологтың кеңес беру жұмысының үлгісін жасағандар: А.А.Бодалев, А.В.Забрамная т.б.

Менің алған тақырыбым бойынша байқағаным, баланы тәрбиелеу жұмыстарында ата-аналардың бәрі бірдей жауапты немесе сауатты емес екендігі. Осыған орай бірнеше психологиялық ағарту, сауаттандыру, кеңес беру жұмыстарының жобасын қарастырып көрдім. “Сен қайтер едің, анан не деуші еді?”

Сен өзіңнен кіші бөпеңе ермексазбен доп жасауды үйреттің. Бірақ ол қанша машықтанса да сенің жасағаныңдай жасай алмады. Ал, сен анаңның жасағанындай жасай алмайсың. Бөпеңе үйретуге шаршамай күнде жалғастыра бересіңбе? Балалардың жауабының басым көпшілігі: анам ұрсады, қолымнан салып қалады, мен сияқты жаса деп айқайлайды деген жауаптардан тұрады. Бұндай жағдайларда ата-анаға берілетін алғашқы кеңес, ОЛ:

Кеңес №1

Ата-анаға арналған 10 өсиет жаднамасы

1.Сіздің балаңыз сіз сияқты немесе сіздің қалауыңыз сияқты болады деп күтпеңіз. Оған сіз емес, өзі болуыңа көмектесіңіз.

2.Баладан сіз оған жасаған барлық үшін ақы талап етпеңіз. Сіз оған өмір берді – ол сізге қалай алғыс бере алады? Ол басқаға өмір береді, ол – үшіншіге және бұл қайтымсыз алғыс Заңы.

3.Қартайған кезде ащы нан жеуге толмас үшін, балаға наразылықтарыңызды айтпаңыз. Не ексең, сол өседі.

4.Оның проблемаларына жоғарыдан қарамаңыз. Өмір әркімге күшіне қарап берілген, және сенімді болыңыз-ол сізге қарағанда кем емес, мүмкін, одан да көп, өйткені оның тәжірибесі жоқ.

5.Оны қорламаңыз!

Келесі №2 кеңесімізді ұмытпағаныңыз жөн.

1.Егер сіз балаңызға бірдеңе жасай алмасаңыз, өзіңізді азаптамаңыз. Мүмкіндігінше азап шегіңіз, бірақ жасамаңыз. Есіңізде болсын: егер бәрі жасалмаса, балаға жеткіліксіз.

2.Адамның ең маңызды кездесуі оның балалармен кездесуі екенін ұмытпаңыз. Оларға көбірек назар аударыңыз - біз балада кіммен кездесетінімізді ешқашан біле алмаймыз.

3.Бала сіздің өміріңізді иемденген залым емес, бұл тек ет пен қанның жемісі ғана емес. Бұл Өмір сізге шығармашылық отты сақтау және дамыту үшін берген қымбат шыныаяқ.

4.Біреудің баласын қалай жақсы көруге болатынын біліңіз. Ешқашан бейтаныс адамға өзіңізге жасағыңыз келмейтін нәрсені жасамаңыз.

5.Балаңызды кез-келген адамнан жақсы көріңіз - дарынды, сәтсіз, ересекті. Онымен қарым-қатынас жасаңыз, қуаныңыз, өйткені бала - бұл сізбен бірге болатын мереке.

Практикалық іс тәжірибе барысында балалармен “Жеңіс жырын жырлаймыз” тақырыбында, көркем сөз кешін ұйымдастырған кездегі ата-аналардың берілген біршама уақыт ішінде де кейбір балаларға жаттауға қиналғандықтарын айтқандықтан еске сақтаудың ережелерін ұсындық:



Ұмытудың процесін азайту үшін не істеу керек?- дейтін болсақ еске сақтау ережесін білуіміз керек.

Соңғы уақытта есте сақтау қабілетінің қиындығын айтып шағымданатын адамдардың саны артып келеді. Оны кейде жүйке жүйесінің ауруымен да байланыстырып жатады. Дегенмен, ол біздің есте сақтау қабілетін өзіміздің ыңғайымызға сәйкес дамыта алмағанымызбен тікелей байланысты. Егер, есте сақтау қабілеті қай уақытта қарқынды жұмыс істейтінін білгіңіз келсе, төмендегі 10 ережеге назар аударыңыз.

1. Адам тыңдағанының үштен бір бөлігін, көргеннің жартысын, істеген әрекетін 100% есте сақтайды.
2. Неге қызығушылық танытасыз, сол есте қиындықсыз сақталады.
3. Есте сақтау үшін алған әсеріңіз күшті болуы тиіс. Фотоаппарат тұманды далада анық сурет бере алмайтыны секілді, адамның санасы анық емес естеліктерді керек етпейді.
4. Адам басынан өтпейінше, ерекше сезімдердің барын білмейді. Өйткені, санада ол туралы ақпарат жоқ.
5. Ақпаратты қабылдауға кеткен уақытыңыз аз болса, соғұрлым есте сақтау мүмкіндігіңіз төмен болады.
6. Ерекше, қауіпті, қиындыққа толы немесе керемет әсерлер күнделікті сезімдерге қарағанда тез есте қалады.
7. Зейін қою және таңдау адамның санасын тек пайдалы заттарды есте сақтауға бағыттайды.
8. Позитивті эмоциялар есте жақсы сақталады. Бірақ, адам негативті эмоцияны қазбалау арқылы тауып алады.
9. Егер есте сақтау кезінде адамның көңіл-күйі көтеріңкі не төмен болса оның есте сақтау қабілеті әдеттегіден тез жұмыс істейді.
10. Сезім мүшелері (көру, есту, қимыл-қозғалыс) арқылы жасалған естеліктердің ғұмыры ұзақ болады.

Сонымен қатар, есте сақтаудың бірнеше түрге жіктелетінін де ұмытпаңыз. Әр түрі бойынша өзіңіздің санаңызды басқаруды үйреніңіз.

Балаға тәрбиелік ықпал етудің әдеттегі әдістерін анықтау үшін ата-аналарға арналған сауалнама

Нұсқаулық: балаға ықпал етудің кестеде көрсетілген әдістерін қаншалықты жиі пайдаланатыныңызды бағалаңыз.

Бағалау үшін төмендегі шкаланы пайдаланыңыз:

- 5-балл-әрдайым
- 4-балл-жеткілікті түрде жиі
- 3-балл-кейде
- 2-балл-ерекше жағдайларда
- 1-балл-еш уақытта.

Сәйкес бағанда алған баға, қаншалықты жоғары болса, бұл тәжірибелік тәсіл отбасында соғұрлым жиі пайдаланылады. Өзіңізге: “Мен шын мәнінде осы тәсілді ыңғайлы деп санаймынба?” егерде иә болса неліктен? Егерде жоқ болса баламен қарым-қатынас жасаған кезде, бұл тәсілден қалай құтылуға болады?-деген сауал қойып көріңіз. Мүмкін, сіз маманмен кеңескіңіз келетін шығар, бұл өте дұрыс шешім: сізге психолог өз-өзіңізге сырттан қарауға және ата-аналық мінез құлықтың тиімсіз үлгілеріне бағдарлама әзірлеуге көмектеседі.

Сіз қандай ата-анасыз?

1. Кез-келген ісіңізді тастай салып, баламен айналыса аласыз ба?
 2. Балаңыздың жасына қарамай, онымен ақылдаса аласыз ба?
 3. Балаңызбен қарым-қатынас барысында жасаған қателеріңізді мойындайсыз ба?
 4. Өз қателігіңіз үшін балаңыздан кешірім сұрайсыз ба?
 5. Балаңыздың ісі ашуландырған кезде, өзіңізді ұстап, ашуды жеңе аласыз ба ?
 6. Балаңыздың орнына өзіңізді қоя аласыз ба?
 7. Бір сәтте сізге мейірімді адам деп сенуге болады ма?
 8. Өзіңіздің басыңыздан өткен балалық шағыңыздан ескерілетін жағдай айтасыз ба?
 9. Балаңыздың жүрегін жарақаттайтын сөздерді, сөйлем тіркестерін атамауға тырысасыз ба?
 10. Балаңызға уәде беріп, жақсы мінез-құлқын ескере отырып, уәдеңізді орындайсыз ба?
 11. Балаға қалаған ісін жасауға, өзін ұстауға кедергі жасамай бір күн еркіндік бересіз бе?
 12. Басқа бала сіздің балаңызға дөрекілік көрсетсе, себепсіз ренжітсе көңіл аудармайсыз ба?
 13. Балаңыздың көз жасы, дөрекі еркелеуі уақытша екенін білесіз, соған қарсы тұра аласыз ба?
- Жауабы:



1. Әрқашан жасаймын, келісемін - 3 ұпай
2. Кейде ғана келісемін - 2 ұпай
3. Келіспеймін - 1 ұпай

0-16 - Бала тәрбиесі - сіз үшін үлкен проблема. Бала тұлғасын дұрыс қалыптастыру үшін педагог немесе психолог мамандардың көмегіне сүйеніңіз.

17-30 - Балаға қамқорлық жасау - бірінші кезектегі маңызды іс. Сіздің бойыңызда тәрбиелік қабілет бар, тәжірибеде әрқашан бір қалыпты, бір бағыттағы мақсатпен әрекет етесіз. Кейде қатал, кейде мүлдем жұмсақсыз. Сізге жауапкершілікпен ойлану керек.

31-39 - Бала сіздің өміріңіз үшін ең құнды болғаны. Сіз балаңызды тек түсініп қана қоймай, әрі ойын тануға, сыйлы көзбен қарауға тырысасыз.

Психолог кеңес беру журналын арнайы журналдарға тіркеу арқылы жүргізеді. Психологтың кеңес журналының үлгісі сіздердің алдарыңызда көрсетілген.

Күні	Жүргізу уақыты	Кеңес алушының аты жасы жынысы	Келген себебі	Мәселесі	Кеңестің нәтижесі	Кеңесші

Журнал мекеме басшысына бекітіледі. Журнал құпия сақталады.

Қорыта келе, қазіргі таңда практикалық психология белсенді даму үстінде: психологиялық қызметтің небір салалары бар. Психология күнделікті өмірде болып жатқан құбылыстардың мәнін ұғынуды, бала тәрбиесі, тұлғалық даму туралы ойланатын, түсінігі келетін әр адамның ең жақын қолдаушысына айналуы тиіс. Кеңес қылған ел азбас, кеңінен пішкен тон келте болмас дегендей, мектеп психологы, мұғалім, ата-ана бірлесіп кеңесе отырып ұрпақ тәрбиесін бірлесе шешіп, жақсарту тәуелсіз мемлекетіміз үшін өте қажет.

Ойымызды қорыта отырып, біз болашақ маман, әрқашан кеңес беруге дайын болу, дайын нәрсеге сыни көзқарасын баға бере білу, ізденулер кезінде қол ұшын бере білу керек дегім келеді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. <https://mail.kst-sch16.kz/kz/psikholog-ke-esteri/ata-analar-a/10-zapovedej-dlya-roditelej-kz>
2. <https://massaget.kz/kyizdarga/psihologiya/50457/>
3. <https://goo.kz/content/view/35/5610>
4. <http://zkoipk.kz/ru/s1/516-conf.html>

ИННОВАЦИОННЫЕ ПОДХОДЫ В РАЗВИТИИ ОБРАЗОВАНИЯ, НАУКИ И КУЛЬТУРЫ БАЗАРБАЕВА Саруар Оразовна

КГКП "Петропавловский строительно-экономический колледж"

Петропавловск, Казахстан

saruar_bazarbaeva@mail.ru

Аннотация

В условиях формирования конкурентоспособности на рынке образовательных услуг применение инновационных подходов в педагогике существенным образом повлияет на ее развитие, определит системный творческий подход к решению проблемы повышения качества образования, а также оптимизации учебно-воспитательного процесса.

Педагогу требуется четкое понимание сущности инновационных процессов в образовании, умение осуществлять их с учетом специфических закономерностей и принципов. Этот вопрос актуален, так как от этого зависит подготовка специалистов для разных областей.

В статье автором рассмотрен элемент модернизации технического образования.

«...Практически все успешные современные государства, активно интегрированные в систему мирохозяйственных связей, сделали ставку на "умную экономику"». А для ее создания следует прежде всего



*развивать свой собственный человеческий капитал»,
Н.А. Назарбаев*

Современное состояние развитых стран, их стремления к созданию образованного, грамотного общества, выдвигает перед нашей страной непростую задачу модернизации казахстанского образования в соответствии с общемировыми стандартами качества подготовки выпускников. Система образования в Казахстане в настоящее время характеризуется всплеском активности по ее реформированию. Задача совершенствования технического образования не теряет своей актуальности на различных этапах развития общества. [1].

В настоящее время в сфере технического образования внедряется большое количество инноваций различного характера, направленности и значимости. Спрос на специалистов технической сферы в нашей экономике очень высок. Прогресс науки может быть обеспечен только на основе качественного отечественного образования. С этой целью правительство уделяет большое внимание повышению уровня научных исследований и их применения на практике. [3].

Для укрепления потенциала науки страны были определены такие направления: повышение статуса педагога, путем присвоением квалификации, подтверждающей совокупности индивидуальных способностей, профессиональных знаний, умений и навыков, необходимых для выполнения работы в рамках соответствующего вида профессиональной деятельности по конкретной специальности; среднего образования в селах; строительство новых школ; обеспечение бесплатного обучения в колледжах; ротация в системе образования. Особое внимание уделяется образовательной культуре. [2].

Сегодня в процессе обучения должны сформироваться не только профессиональные и общие компетенции, но и пробудиться стремление к самообразованию, реализации своих способностей. Выпускники колледжа должны быть мобильными, конкурентоспособными, уметь профессионально находить себя в постоянно изменяющихся внешних условиях. [7].

Задача современного преподавателя сегодня состоит в том, чтобы подготовить студентов к переходу в информационное общество с высоким социально-экономическим, политическим и культурным развитием. [8].

В своей практике наряду с традиционными методами преподавания, такими как лекции, самостоятельная работа студентов, я стараюсь широко использовать и нетрадиционные методы. Суть этих методов состоит в том, чтобы организовать учебный процесс в форме диалога, что поможет студентам научиться выражать свои мысли, анализировать проблемные ситуации и находить эффективные пути их решения. Такие методы позволяют повысить уровень образования, развивают студентов, формируют навыки и умения, которые будут использоваться ими в дальнейшей профессиональной деятельности.

Так, лекционные занятия проводятся в форме лекции-беседы с элементами дискуссии, обменом мнениями, мозговым штурмом, что позволяет привлечь студентов к беседе, к коллективному исследованию проблемы, обмену мнениями. Метод учебных дискуссий эффективен при изучении сложного и объемного материала. Группу студентов можно разбить на небольшие подгруппы (по 5-7 человек) и предложить на рассмотрение определенные ситуации. Например, по теме «Учет заработной платы» при начислении оплаты труда, удержаний/ в частности подоходного налога/. Студентам предлагается понять проблематику конкретного случая и предоставить объективные выводы. Преимуществами метода учебных дискуссий является не только закрепление материала, использование собственного опыта студентов, умение использовать знания из разных областей, но и развитие коммуникативных способностей, командного духа, самостоятельности мышления. Данный метод также помогает студентам проявлять инициативность, генерировать большое количество идей.

Базовое понятие следующего метода — кейс. Кейс — это описание сложной ситуации с сопутствующими фактами, понимание которой требует ее разделения на отдельные части, а затем — анализ каждой части и объединение выводов для получения целостной ситуации.

Например, при изучении темы «Учет финансовой отчетности», анализируются статьи расходов и доходов, выводится результат. Применение метода анализа ситуаций способствует усовершенствованию аналитического мышления студентов. Результатом являются не только знания, но и навыки профессиональной деятельности.

В качестве инноваций в преподавании специальных дисциплин применяется метод проектов. Инновационная образовательная проектная деятельность является эффективной формой организации учебного процесса, направленной на индивидуальное развитие познавательных интересов и творческих способностей студентов. Данный метод предполагает овладение технологией презентации различных творческих работ (производственных отчетов, курсовых работ, рефератов, докладов на профессионально ориентированные темы). Метод проектов относится к исследовательским. В его



основе лежит развитие познавательных навыков студентов, умений самостоятельно конструировать свои знания, ориентироваться в информационном пространстве, развитие критического мышления и творческих способностей.

К распространенным инновациям в преподавании специальных дисциплин можно отнести различные игры: деловые, рефлексивные игры по формированию инновационного мышления.

В век развития информационно-коммуникационных технологий, при создании электронных образовательных ресурсов в случае применения ИКТ в образовании используется мультимедиа-подход, когда при помощи разнообразных средств создаются образовательные ресурсы: печатные, аудио-, видеоматериалы и, что особенно важно для дистанционного обучения, учебные материалы, доставляемые по компьютерным сетям. [6].

Это прежде всего:

- интерактивные базы данных;
- электронные журналы;
- компьютерные обучающие программы (электронные учебники, симуляторы программных и аппаратных систем).

«Создание цифровой индустрии будущего» - обеспечение долгосрочной устойчивости, запуск цифровой трансформации страны за счет повышения уровня развития человеческого капитала, построения институтов инновационного развития и, в целом, прогрессивного развития цифровой экосистемы. [10].

Оснащенность кабинета мультимедийным комплексом, интерактивной доской и презентационными материалами позволяет проводить занятия на высоком профессиональном уровне, моделировать конкретные производственные ситуации, приближая образовательный процесс к реальным условиям практической работы. В учебном процессе используются по ведущим дисциплинам финансово-экономические пакеты программ 1С: Предприятие версии 8,3, графические редакторы (Corel Draw, Photoshop и Macromedia Flash).

Прежде, чем начать выполнение самостоятельной работы по предмету «Автоматизация бухгалтерского учета по программе 1С:Бухгалтерия» демонстрирую по соответствующей теме видео-аудио-ролики. Студенты, опираясь на имеющиеся уже знания, на предварительные знания, полученные из видеоролика, выполняют самостоятельную работу. Я считаю им легче усвоить порядок работы, термины, процессы, явления увидев это наглядно, чем описанные в конспекте или учебнике.

Рассматривая использование элементов методики CLIL в уроке, нужно выделить главное, то есть восприятие информации как важный этап усвоения материала. От него зависит правильное формирование понятий, осознания их сути. Красочно иллюстрированный материал лучше усваивается и запоминается. Для обработки красочных изображений используют редактор Photoshop pro.

Основными целями использования дистанционных технологий можно назвать:

- реализация компетентного подхода подготовки специалистов и повышение качества получения образования.
- повышение эффективности самостоятельной работы студентов - заочников в межсессионный период на основе электронных УМК и возможностей, предоставляемых Интернет.
- повышение степени использования научного, учебно-методического и технического потенциала.

Для этих целей в колледже используется *система дистанционного обучения Moodle*. С помощью системы Moodle я обмениваюсь со студентами заданиями, лекционными материалами, конспектами и т. д. Используя сервис рассылки, преподаватели оперативно информируют всех участников курса или отдельные группы о текущих событиях. Индивидуальная коммуникация преподавателя и студента организована с помощью сервиса «Обмен сообщениями». Это позволяет мне, как преподавателю не тратить время на переработку и размножение материалов, а непосредственно заниматься методической работой, совершенствуя методическую и дидактическую базу учебных дисциплин.

Система электронного обучения «Soba», целью которой является развитие качественных образовательных ресурсов и услуг, а также обеспечение равного доступа к ним на основе использования информационно-коммуникационных технологий. Это специальная программа дает возможность студентам участвовать в тестировании «онлайн» по спецдисциплинам.

С развитием сети Интернет появляется возможность создавать своеобразный Интернет-офис, где можно хранить, создавать и редактировать документы, таблицы, презентации с помощью интерактивных сервисов Web 2.0. Web 2.0 – сетевые сервисы (программные среды, оболочки), которые используются для организации совместной комфортной сетевой деятельности. Сервисы Web 2.0



позволяют работать с веб-документами совместно, обмениваться информацией и работать с массовыми публикациями.

Я считаю, что положительным при использовании инновационных технологий в процессе изучения дисциплин является повышение качества образования за счет:

- большей адаптации обучаемого к учебному материалу с учетом собственных возможностей и способностей;

- возможности выбора более подходящего для обучаемого метода усвоения дисциплины;
- регулирования интенсивности обучения на различных этапах учебного процесса;
- самоконтроля;
- доступа к ранее недостижимым образовательным ресурсам казахстанского и мирового уровня;
- поддержки активных методов обучения;
- образной наглядной формы представления изучаемого материала;
- развития самостоятельного обучения. [9].

Таким образом, инновационные технологии создают благоприятную образовательную среду для проведения эффективных учебных занятий, предоставляя педагогам возможность соблюдения следующих основополагающих постулатов современного обучения:

- студент не должен получать всю информацию в готовом виде, в противном случае через пару таких занятий его познавательная активность станет близка к нулю;
- на учебном занятии нельзя использовать только одну форму работы;
- смысл и цель педагогических инноваций заключается в осуществлении нового видения методологии обучения, привлечении новых методов, технологий, мультимедийных средств обучения в интересах развития личности будущего специалиста. [5].

Подводя итог, можно отметить, что эффективность применения инновационных методов преподавания спецдисциплин очевидна. Данные методы способствуют повышению уровня усвоения знаний, учат студентов творчески мыслить, применять теорию на практике, развивают самостоятельность мышления, умение принимать оптимальные в условиях определенной ситуации решения. Как показывает практика, использование инновационных методов в профессионально ориентированном обучении является необходимым условием для подготовки высококвалифицированных специалистов. Использование разнообразных методов и приемов активного обучения пробуждает у студентов интерес к учебно-познавательной деятельности, что позволяет создать атмосферу мотивированного, творческого обучения и одновременно решать целый комплекс учебных, воспитательных задач, что соответствует утвержденным государственным общеобязательным стандартам образования. [4].

Список использованной литературы:

1. Законы - Об утверждении Государственной программы развития образования и науки Республики Казахстан на 2020 - 2025 годы (изменения на 27 декабря 2019)
2. Государственная программа развития образования и науки Республики Казахстан на 2020 - 2025 годы;
3. Послание Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана «Конструктивный общественный диалог – основа стабильности и процветания казахстана», 2 сентября 2019;
4. Постановление Правительства Республики Казахстан от 25 апреля 2015 года № 327, и от 15 августа 2017 года № 1080 «Об утверждении государственных общеобязательных стандартов образования соответствующих уровней образования.
5. Указ Президента РК №464 Государственная программа «Информационный Казахстан – 2020», 08.01.2013г.
6. Государственная программа «Цифровой Казахстан» (Постановление Правительства РК №827 от 12.12.2017);
7. Закон РК «Об образовании», 2007г. (с дополнениями и изменениями по состоянию на 24.11.2015);
8. Новые правила аттестации педагогов (приказ МОН РК от 12 апреля 2018 года № 152 и от 29 июня 2018 года № 316);
9. Косино, О.А. «Формирование профессиональной компетентности учителя в условиях интеграции педагогических и информационных технологий»
// Современные проблемы науки и образования. 2017. – № 2. с. 41
10. Осин, А.В. //Открытые образовательные модульные мультимедиа системы // – Москва: Агентство «Издательский сервис», 2015. - 328 с.



БИОЛОГИЯ МАМАНДЫҒЫ СТУДЕНТТЕРІНЕ «БОТАНИКА» ПӘНІНЕН ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ

БАЙКЕНЖЕЕВА Айнур Турдыбаевна, Г.Р. УНГАРБАЕВА, М.М. ҚҰНДЫБЕКОВА

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

Қызылода, Қазақстан

ainur.20@mail.ru, gulshat_ungarbaeva@mail.ru, meruertqundybekova@mail.ru

Аңдатпа

Мақалада студенттердің өздік жұмыстарының түрлері, олардың сипаттамалары, жіктелулері берілген. Сонымен қатар «Биология» мамандығы студенттеріне «Ботаника» пәнінен өзіндік жұмыстардың, тапсырмалардың түрлері қарастырылған.

Түйін сөздер: студенттердің өзіндік жұмыстары, ботаника, тапсырма, тапсырма түрлері.

Қазіргі таңдағы білім беру үрдісі білім алушының шығармашылықпен өзіндік дамуы, өзіндік оқуы және өздігінен жұмыс істеуімен қатар жүретін әлемдік интеграциялық технологиясына жаһандану жағдайында жүріп жатыр.

Еліміздегі жоғары оқу орындарында эксперимент ретінде енгізілген кредиттік оқыту жүйесі – заман талаптарына сәйкес болашақ маман бойында толыққанды білім қалыптастыруға, өздігінен жұмыс істеу және білім алу дағдыларын дамытуға жағдай жасайтын оқыту жүйесі. Бұл жүйе білімнің тиімділігін көтеруге және білім берудің еліміздің ұзақ мерзімге экономикалық дамуының қуатты факторына айналуына, білімнің сапасын қамтамасыз етудің механизмдері мен құралдарын дамытуға жағдай жасайды.

Педагогикалық әдебиеттерде өздік жұмыс түрлерін әртүрлі тұрғыдан анықтап, төмендегідей жіктейді [1-4]:

1) *ұйымдастыру түрлері байланысты:* ұжымдық, топтық, жеке-дара жұмыс.

2) *мақсатқа бағытталу сипатына байланысты:* теориялық және практикалық және зертханалық.

3) *логикалық бағыттылығына байланысты:* фактілерді бақылау және ұғымның белгілерін айрықшалау, құбылыстар арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтату; өз бетімен игерген оқу материалындағы ұғымдарды анықтату және игергендерді жинақтау;

4) *іс-әрекеттің сипаты бойынша:* репродуктивті, реконструктивті-вариативті, жартылай ізденісті және зерттеушілік (шығармашылық) өздік жұмыс;

5) *танымдық үрдістегі қолдану орнына байланысты:* жаңа білімді қабылдау және игеру үшін арналған; алынған білімнің негізіндегі өздік жұмыстар;

6) оқытушы ұйымдастыратын студенттің өзіндік жұмысы *өткізілу уақыты мен орнына*, оқытушы тарапынан жасалынатын *жетекшіліктің сипатына*, нәтижелеріне *бақылау жасау тәсілдеріне байланысты* шартты түрде мынандай түрлерге бөлуге болады: негізгі аудиториялық сабақ (дәріс, семинар, зертханалық жұмыс) үстінде жүргізілетін өздік жұмыстар; жоспар бойынша жүргізілетін консультациялар, шығармашылық байланыстар, сынақтар мен емтихандар түрінде оқытушы жетекшілігімен орындалатын өздік жұмыстар;

7) студенттің *өз бетімен жұмыс істеу (дербестілік) деңгейіне байланысты:* еліктеу, жаттықтыру, шығармашылық, зерттеу өздік жұмыстары.

8) *аудиториялық студенттердің өзіндік жұмысының түрлері:* конспектілеу, алдыңғы үлгі бойынша өзі жазу, дәлелдеу (мысалы, теореманы), дәрістің логикалық карта-сұлбасын жасау, оқытушы сауалына жауап беру, пікірталасқа қатысу, проблемалық сұрақтарға жауап даярлау. Аудиториялық студенттердің өзіндік жұмысының оқу жоспары және оқу пәнінің бағдарламасы арқылы анықталып, оқу кестесімен реттеледі, оқытушының тікелей жетекшілігімен дәрісте, семинарда, зертханалық жұмыстарды, коллоквиумдарда және т.б. жүргізіледі.

Г.П.Никитина аудиториядан тыс студенттердің өзіндік жұмысының аудиториялық студенттердің өзіндік жұмысынан айырмашылығын оның жүргізу орны, мазмұны, ұйымдастыру әдістері мен формаларында, студенттің өз бетімен жұмыс жасау деңгейі, осы жұмысты есепке алу мен бақылаудың құралында деп көрсетеді [5]. Е.Андрюк аудиториядан тыс студенттердің өзіндік жұмысының жалпы ғылымилық және кәсіби білімдік, танымдық және кәсіби әрекеттің тәсілдерінің жүйесі, болмыс пен болашақ мамандығына эмоциялық қатынастың тәжірибесін игеруге бағытталған оқу, оқу-ізденіс, ғылыми-зерттеу және өз бетімен білім алу әрекет-терінің алуан түрлері деп анықтайды [6-7].

13) *дәріс үстіндегі өздік жұмыс:* дәрістің оқу жоспарын құру, концептуалды сұлбасын сызу немесе қадағалау, дәріс конспектісін даярлау, конспектіні ұсынылған әдебиеттермен толықтыру,



салыстыру нәтижесінде ұқсастық мен айырмашылықты анықтату, теореманың дәлелдемесін өздеріне аяқтату.

14) *семинар жұмысына қатысу*: семинарда оқылатын конспектiлер мен рефераттарды дайындау, тапсырмаларды орындау, сұрақтарға жауап әзірлеу.

15) *зертханалық-практикалық сабақтар*: әдістемелік нұсқауларға сәйкес әрекет ету және нәтиже алу.

16) *зерттеу сипатына байланысты*: студенттің өздік, бақылау, курстық, дипломдық жұмыс орындаудағы оқу-зерттеу жұмысы және студенттің ғылыми-зерттеу жұмысы.

17) *бақылау жұмысында*: коллоквиум, ауызша жауап даярлау, жазбаша тапсырманы орындау, тест сұрақтарына жауап беру, эссе жазу.

18) *практика барысында*: байқаулар мен жиналған материалдар бойынша тапсырмаларды орындау және т.б., СӨЖ оқу, ғылыми-зерттеу және шығармашылық бағытырында жүреді. Аталған өзіндік тапсырмалардың жүйесін негізге ала отырып, Ботаника пәні бойынша студенттерге берілетін өзіндік тапсырмаларға тоқтала кетейік (1-кесте).

1 кесте. «Ботаника» пәнінен өзіндік жұмыстарды

№ №	Студенттердің өзіндік жұмысының тақырыбы	Студенттердің өзіндік тапсырмалар
1	Төменгі сатыдағы саңырауқұлақтар	<i>Студенттердің аудиториялық өзіндік жұмысы, жеке тапсырма:</i> 1.саңырауқұлақтардың вегетативті денелерінің ерекшеліктері мен әртүрлілігі. Вегетативті дененің коректену типіне байланысы. 2. Хитридиялық саңырауқұлақтар. Морфология, экология, коректену және көбею әдістері. 3. Оомицеттер. Жалпы сипаттамасы: биология, экология, көбею. Өкілдері: сапролегния, фитофтора. 4. Зигомицеттер. Айырықша белгілері. Мукор-типтік өкіл; оның биологиясының ерекшеліктері <i>Зертханалық жұмыс, топтық тапсырма:</i> сапролегния, фитофтора, мукор саңылауқылақтарын зертханалық жағдайда өсіру, микроскопиялық зерттеу.
2	Сапрофитті аскомицеттер	<i>Оқу-зерттеу жұмысы және студенттің ғылыми-зерттеу жұмысының тапсырмалары:</i> Нан ашытқысынан белсенді культура дайындау; Лимон, шай, нан қабықшасында аскомицеттерді өсіріп пеницилл және аспергилден микропрепарат жасаңдар.
3	Паразитті аскомицеттер	<i>Ғылыми-зерттеу және шығармашылық бағыттағы практикалық тапсырма:</i> табиғи жағдайдағы ақ ұнтақты жабын белгілері бар өсімдіктердің жапырақтарын жинап әкелінде, талдау жасаңдар
4	Базидиомицеттер	Теориялық дайындыққа сұрақтар беріледі
5	Телиобазидиомицеттер	Теориялық дайындыққа сұрақтар беріледі
6	Саңырауқұлақтар	Бақылау жұмысы (коллоквиум). Саңырауқұлақтардың мицелий құрылысы, жынысты және жыныссыз көбею кезеңдері, жемісті денесі, өкілдеріне салыстырмалы сипаттама кестесі
7	Көк-жасыл балдырлар	Аквариум, ағынсыз судан жасыл қақты алып зертханалық жағдайда осцилляторияға зерттеу жүргізіндер. Дымқыл үй қабырғаларынан, ағаш діңінің қабынан жысыл қақты қырып алып, хроококкадан микропрепарат дайындаңдар.
8	Жасыл балдырлар	Ағынсыз су, су жағасындағы өсімдіктердің арасынан сынама алып, жасыл балдырларды микроскопиялық зерттеу жүргізіндер
9	Хара, сары-жасыл, диатомды балдырлар	Теориялық дайындыққа сұрақтар беріледі
10	Қоңыр балдырлар	Теориялық дайындыққа сұрақтар беріледі
11	Қызыл балдырлар	Теориялық дайындыққа сұрақтар беріледі
Moodle – қашықтан оқытуға арналған жүйе. Әртүрлі плагиндерді орнату арқылы қолданушы оқыту жүйесін өзі жасақтайды. Контент жасау үшін мәтіндік лекциялар мен сауалнамалар құрастыру қарастырылған. Презентация, сурет, видео, аудио және мәтіндік файлдар жүктеледі. Interactive H5P плагинін орнату арқылы интерактивті оқыту контент жасауға болады. Жүйеде мониторингті қолданушы өзі қалыптастырады. Қажетті плагиндерді орнату арқылы қажетті есептердің түрлерін немесе мәліметін алуға болады. Баптаулары күрделі, олар арнайы мамандардың қызметін талап етеді. Ақпарат көзі: <https://www.ispring.ru/elearning-insights/platforma-onlain-obucheniya>

Оқу үрдісін онлайн өткізу. Бастапқы кезде оқу үрдісін онлайн өткізуде тек видео-конференцияларды пайдаланды. Оқытушылар «Zoom», «Jitsi meet» арқылы тікелей байланысқа шығып, студенттерге компьютерлерінің экрандарын демонстрациялау арқылы сабақ өткізіп, ортақ чатта пікір алмаса алды. Бірақ бұлар интерактивті оқыту әрекеттерін толық қамтамасыз ете алған жоқ. Оқытушылардың цифрлық сауаттылығының деңгейі, оны дамыту жолдарын зерделеу. Жалпы оқыту үдерісінде талап етілетін оқытушылардың цифрлық сауаттылығы қашықтан білім беру кезінде аса өзекті болып отыр. Бұл тек компьютерлік техникамен жұмыс істеу қабілеті ғана емес, сонымен қатар, ақпараттық ресурстар арқылы оқытудың мәні мен ерекшеліктерін үздіксіз үйренуді қажет етеді. Цифрлық сауаттылық – белгілі мамандарға ғана емес, жалпыға бірдей қажетті құзыреттілік [8,9]. Оқытушының цифрлық сауаттылығы - ақпараттық технологияларды күнделікті қолдануға қажетті білім, дағды және көзқарастардың жүйесі.

Біріккен Ұлттар Ұйымының анықтамасы бойынша, «Цифрлық сауаттылық - бұл құрылғылар мен желілік технологиялар арқылы тиімді басқару, түсіну, үйрену, жинақтау, талдау, бағалау, ақпарат құру және оған қол жеткізудің мүмкіндігін меңгеру деңгейі».

2011 жылы ЮНЕСКО сарапшылары анықтаған цифрлық сауаттылықтың келесі деңгейлері анықталды [10]:

- 1) ақпараттық сауаттылық (әртүрлі ресурстардан ақпаратты іздеу және табу мүмкіндігі);
- 2) компьютерлік сауаттылық (жұмыста электронды ресурстар мен жабдықтарды тегін пайдалану);
- 3) медиа-сауаттылық (жаңалықтарды әртүрлі көздерден іздей алу, олардың толықтығы мен сенімділігі, маңыздылығын тексеру мүмкіндігі);
- 4) коммуникациялық сауаттылық (қазіргі заманғы байланыс құралдарын белсенді пайдалану мүмкіндігі, сандық ортада арнайы этика мен байланыс нормаларын сақтау);
- 5) инновациялық және технологиялық сауаттылық (технологиялық тенденцияларды түсіну, жаңа технологиялармен жұмыс).

Бұл деңгейлерді анықтау қорытындысы оқытушылардың цифрлық сауаттылығын дамыту үшін бастапқы деректер ретінде пайдаланылды.

Қашықтан оқытудың артықшылығы мен кемшіліктері.

Біріншіден, қашықтан білім беруді ұйымдастыру студенттерге заманауи ақпараттық технологиялардың мен цифрлық ресурстарды қолдана отырып, қажетті білім алуға мүмкіндік береді. Ол үшін білім беру ұйымдары цифрлық білім беру ресурстары мен порталдар, компьютерлік құрылғылар, оқыту платформалары, бейне және аудио жазбалар, электронды кітапханалар, білім беру ұйымының вебсайттары, интернет, т.б. ақпаратты оқу ортасын құрайтын компоненттерімен қамтамасыз етілуі тиіс.

Екіншіден, білім беру үдерісі студенттің қашықта болуына байланысты оның өз бетімен ізденуі арқылы өзіндік білім алуына бағытталуы тиіс. Ол үшін оқытудың нәтижесі ретінде студенттің пәндік білімді жатқа білуі емес, білімді меңгеруі барысында қалыптасатын дағдылары, тәжірибесі алынады. Қашықтан берілетін тапсырмалардың мазмұны мен сипаты өзгереді. Осы арқылы студент өз бетімен жұмыс жасау, өзіндік іздену, қажетті ақпаратты таңдау және талдау, қорытынды жасау дағдыларын меңгереді. Студенттің өздігінен білім алуы мен жеке ізденісі барысында білім, білік және дағдылары ғана емес, мета-білім, мета-дағдылар қалыптасады.

Үшіншіден, оқытушының рөлі өзгереді, өйткені ол қашықтағы студенттерге білім мазмұнын дәстүрлі сабақтағыдай түсіндіруші, көрсетуші, үйретуші рөлінен айырылып, жаңа рөлдерді - кенесші, нұсқаушы, жаттықтырушы, сарапшы, жетекші, бір сөзбен – тьютор қызметін атқаруға көшеді. Қашықтан білім беру тьюторының оқытуда нәтижеге жетудің технологиялық, ұйымдастырушылық



және ақпараттық-коммуникациялық мүмкіндіктерін көре алатын, цифрлық, әдістемелік ресурстарды меңгеру деңгейі жоғары болуы тиіс. Оның негізгі міндеті студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру және басқару болғандықтан ынталандыру мотивтерін қалыптастыру; мақсаттар мен міндеттер қою; білім, тәжірибе беру және дағдыларды қалыптастыру; студенттер арасында өзара іс-қимылды ұйымдастыру; білім мен кәсіби дағдылардың сапасын бақылау міндеттерін атқара алуы тиіс.

Оқытушылар сонымен қатар, білім беру платформасында жұмыс жасау, электрондық ресурстарды, қашықтан оқыту әдістемелерін, авторлық оқу-әдістемелік құралдар, бағдарламалық-әдістемелік құралдар жасау, бейнероликтер мен оқыту презентацияларын даярлау, бейнеконференциялар ұйымдастыру, т.б. құзыреттіліктерді меңгеруі тиіс. Бұл өз кезегінде, білім беру ұйымдарында педагогтарды үнемі оқыту қажеттігін анықтайды. Аралық зерттеу барысында қашықтан білім берудің тиімді және тиімсіз жақтары да талданып, тиісті шешімдер ұсынылды.

Қашықтан оқытудың тиімділігі: тұрғылықты жерінде өндірістен қол үзбей оқуға, өзін-өзі оқытудың барлық қажетті құралдарын пайдалануға мүмкіндік береді; отандық және әлемдік білім беру ресурстарына қолжетімділікті қамтамасыз етеді; әр түрлі жағдайларға байланысты дәстүрлі форматта оқи алмайтын адамдарға қашықтан білім алуға; жас шектеуінсіз білім беру ресурстарының барлық түрлеріне адамдардың қол жетімді болуына және дербес білім беру бағдарламаларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қашықтан оқытудың бірқатар кемшіліктері де анықталды: студенттерді эмоционалды қолдау, олардың өзара қарым-қатынас дағдыларын дамыту мүмкіндігі жетіспеді; студенттердің барлығы да өзіндік білім алу дағдыларын жақсы меңгермеуі себепті оқу барысында белсенділігі төмен болу, бір - бірінен көшіріп алу фактілері болды; әлеуметтік жағдайларына байланысты кейбір студенттерде тиісті құрылғылардың жетіспеуі, интернет байланысының болмауы кездесті; тапсырманы орындау мен кері байланыс негізінен жазбаша ақпарат ретінде болғандықтан студенттердің өз ойларын ауызша жеткізу дағдыларын, өз пікірін дәлелдеу дағдыларын қадағалау, дамыту мүмкін болмады; кейбір оқытушылар мен студенттердің жаңа ақпараттық технологияларды меңгере алмауынан қашықтан оқытуға дайын болмауы фактілері де болды.

Аралық зерттеуді қорыта келе, бұл жұмысты одан әрі жалғастырып, тиімді ресурстарды пайдалану, оқытушылардың қашықтан оқыту әдістемесін дамыту әлі де жүргізіледі дейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Шваб Клаус, Төртінші индустриялық революция.-Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018 ж.- 200 б
2. Verduin J. R., Clark T. A. Distance Education: The Foundations of Effective Practice, San Francisco: Jossey-Bass Publishers, 1991.
3. Андреев А.А., Солдаткин В.И. Дистанционное обучение: сущность, технология, организация. - М.: Издательство МЭСИ, 1999. - 196 с.
4. Құсбекова Б. Орысша-қазақша терминологиялық анықтамалық сөздік (білім беру саласы).– Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту орталығы, 2010. – 304 б.
5. Нормативтік құқықтық құжаттар: Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы және басқа да нормативтік құқықтық актілері
6. Овсянников В. И. Дистанционное образование в России: постановка проблемы и опыт организации. М.: РИЦ «Альфа»; МГОПУ им. Шолохова, 2001.
7. Складенко Т. М. Зарубежные концепции дистанционного образования // Образование и наука. 2013. № 1. С.105-115.
8. Гриффин Рикки. Менеджмент, 12- басылым, .-Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018 ж.-786б.
9. Теория и практика дистанционного обучения: учебное пособие для студентов вузов/ Е.С.Полат, М.Ю.Бухаркина, М.В.Моисеева, -М.:Издательский центр «Академия», 2004,-416с
10. Цифровая грамотность российских педагогов.Готовность к использованию цифровых технологии в учебном процессе.//Аналитический центр НАФИ.-М.:Издательство НАФИ, 2019,-84с.



ИЗУЧЕНИЕ ОЦЕНОЧНЫХ ИМЕНОВАНИЙ ЧЕЛОВЕКА НА ЯЗЫКОВОМ ЗАНЯТИИ

БЕГАХМЕТОВА Балжан Каиргельдыевна

ЧУ Академия «Bolashaq»

Караганда, Казахстан

zhannaastra15@mail.ru

Аннотация

Берілген мақалада практикалық сабақта қазақ тілінің түсіндірме сөздіктерінің материалдары негізінде адамның сипаттамаларын тілдік вербализациялауды зерттеу мәселесі қарастырылады. Зерттелетін сөздердің тақырыптық жіктелуі ұсылынады. Олардың семантикалық және сөзжасамдық ерекшеліктері сипатталады.

Аннотация

В данной статье рассматривается вопрос изучения языковой вербализации характеристик человека на основе материала толковых словарей казахского языка на практическом занятии. Предлагается тематическая классификация изучаемых слов. Описываются их семантические и словообразовательные особенности.

Лингвокультурологический подход как один из способов процесса познания обучаемыми окружающего мира предполагает использование преподавателем на практическом занятии в любом образовательном учреждении этнокультурных ценностей, свойственных носителям того или иного языка, в качестве ориентиров, что вносит в процесс изучения родного и иностранного языка повышенный интерес к человеку и его отражению в лингвокультуре как личности. Коммуникативный подход к языку как средству общения объясняется потребностью учитывать не только его знание, но и его использование. Современное языкознание изучает речь, речевое поведение человека, функционирование речевых единиц в условиях коммуникации. Различные коммуникативные потребности создают различные типы лексики языка и различные типы ее семантики. Слово и его значение рассматриваются нами и как средство наименования результатов общественно-исторического опыта носителей языка и как необходимый элемент языка, способствующий осуществлению коммуникативных актов. Оценочный компонент семантики отражает один из аспектов человеческого фактора в языке, а именно вербализованные оценочные реакции, состояние говорящих и их отношение к окружающей действительности. Эмоции и оценки, свойственные поведению человека, есть одна из форм отражения действительности в языке и основная сфера значений в языке, которые обычно относят к оценочным, связаны с признаком хорошо-плохо[1]. Эмоциональная оценка представляет собой определенную реакцию человека на объекты и явления окружающего мира, которые затрагивают личностный мир говорящего, его цели и установки, нормы поведения. Она имеет чаще всего субъективный характер и связана с психологическими особенностями восприятия конкретных предметов и явлений отдельным человеком, всегда выразительна и интенсивна, вызывает ассоциативно-образное представление о поведении человека. Его индивидуальность проявляется через оценочные лексические единицы, даваемые ему другим участником коммуникации. Почти все лексические единицы, рассматриваемые нами на языковом занятии, имеют стилистическую окраску и эмоционально-оценочное значение[2]. Задача преподавателя языка – показать обучаемым при помощи различных словарей эту особенность слова и его всевозможные значения. Такая работа позволяет обучаемым легче усваивать новую лексику и проводить параллели с другим изучаемым языком[3].

Основой для нашего исследования и использования на практических занятиях явились 220 номинативных единиц, содержащих в себе оценочную семантику, которые были извлечены методом сплошной выборки из толковых казахско-русских словарей, изданных в разные годы. При отборе материала обращалось внимание на словарные пометы, которые отражали положительную и отрицательную оценку, на наличие в дефинициях оценочных слов с признаками положительной или отрицательной оценки. Однако в отличие от словарей русского языка число помет во многих словарях казахского языка ограничено, что затрудняет градацию оценочных именовании на эмосемы.

Оценочные именовании в казахском языке имеют общенародный характер распространения и являются достоянием литературного языка. Анализ собранного материала свидетельствует о почти неизменном корпусе оценочных именовании человека на протяжении большого периода времени, причиной чего, по-видимому, являются объективные факторы. Известный казахстанский лингвист Шора Сарыбаев, подводя некоторые итоги развития лингвистической науки в Республике Казахстан, отмечал ряд недостатков в развитии региональной лексикологии и лексикографии, а именно: отсутствие в некоторых случаях надлежащего оформления словарных статей, наличие спорных вопросов в проблеме отбора слов для словарей, размежевание диалектной и литературной лексики, а



также других лексических единиц (просторечных, книжных, профессиональных, окказиональных), не вошедших в словари последних лет. По его мнению, литературные словари должны содержать в себе определенную часть диалектной лексики, которая необходима для обогащения литературного языка, потому что именно она отражает региональные лингвистические особенности языка казахского народа, своеобразие его исторического развития, особенности менталитета и духовной культуры[4]. Возможно, что некоторая часть данной лексики содержит в себе оценку и может стать объектом изучения. Кроме того, одним из факторов неизменяемости состава группы оценочных именовании является слабое проникновение именно в эту область заимствований из других языков. Мы наблюдаем активное внедрение в настоящее время иноязычных слов в литературную и разговорную лексику, в развитие политической, экономической, научно-технической, медицинской, спортивной и иной терминологии. Современный казахский язык расширил свои общественные функции в соответствии с требованиями жизни, он стал языком делопроизводства, массовой общественно-политической коммуникации. И все же, на наш взгляд, действует фактор некой «самодостаточности» языка, позволяющий нам, его носителям, обходиться в некотором смысле тем набором лексических единиц, которыми он располагает, в нашем случае, например, для выражения эмоционально-экспрессивной оценки деятельности и поведения человека со знаком «хорошо» или «плохо».

Тематическая классификация оценочных именовании человека в казахском языке позволила нам определить доминанты, преобладающие семантические рубрики. Центральными компонентами большого числа оценочных именовании человека выступают разряды слов, обозначающих преимущественно части человеческого тела - соматизмы, названия животных -зооморфизмы, явления природы. Но значение таких оценочных именовании не всегда трансформируется вокруг этих стержневых слов. Тем не менее эти группы оценочных именовании по их семантическим доминантам представляют несомненный интерес для изучающих казахский язык[5,6]. Их анализ позволяет нам составить следующую классификацию:

- **соматические оценочные именования**, которые образуются путем сочетания слов, обозначающих различные части человеческого тела, среди которых преобладают лексические единицы с такими компонентами как, например: бас – голова (маубас - вялый, инертный, несообразительный человек; қызбас - горячий, вспыльчивый, темпераментный человек; желбас – глупый, пустоголовый; қаңғыбас – гуляка; бас бұзар, бас кесер – разбойник, преступник; қалжынбас – остряк, весельчак, шутник; коз - глаз (ескі көз – старик, уважаемый представитель старшего поколения, много знающий человек); аяқ -нога (алаяқ – пройдоха, хитрец, аферист, мошенник); сакал - борода (ақсақал- корифей, знаток своего дела, пожилой человек); саусақ - палец (ақсаусақ – белоручка); бауыр -печень (тасбауыр – черствый жесткий человек); қол - рука (қолайсыз – неловкий); қуйыршақ – кобчик, хвостик, используется в речи о человеке, старающимся угодить кому-то, о подхалиме, прихвостне;

- **зоонимические оценочные именования**, появление и функционирование которых определено национальной спецификой, связано с образом жизни казахского народа. В составе эмоционально-оценочной лексики казахского языка они занимают особое место. Зооморфизмы, как и вся оценочная лексика, способствуют пониманию чувств, реакций, эмоциональной жизни общества в целом, формируя и обозначая ценностную картину мира народа. Лингвистическая специфика этого значения проявляется в том, что содержание характеристики обусловлено и качествами реального внелингвистического объекта и качествами, которые приписываются этому объекту коллективным языковым сознанием. Животные по своей природе ближе к человеку, в прошлом были больше втянуты степенями в мир их преобразований и связаны с историческим развитием центральноазиатской цивилизации. И как бы впоследствии не снижалась роль животных в духовной культуре, анимализм остаётся и сегодня смыслообразующим фоном, на котором формируются языковые и культурные стереотипы казахов. Предпочтительное употребление слов, относящихся к животному миру, особенно к домашним животным, естественно объясняются кочевым образом жизни народа, связанным со скотоводческим хозяйством, близостью к природе и восприятием мира через призму этого уклада. Данный вид метафоры, именуемый также анималистической, является наиболее чаще всего употребляемой в разговорной речи современного казахского языка, поскольку позволяет быстро и верно выразить оценку поведения человека в конкретной ситуации, ведь перенос качеств животного на человека отражает единство природы и человека, схожесть их повадок и поведения. Лексемы на основе этих метафор имеют чаще всего отрицательную коннотацию.

Работа с двуязычными и толковыми словарями на занятии позволяет рассмотреть языковую интерпретацию определённого зоонима в казахском языке и понять, что он имеет довольно узкую вариативность. Например: қой – овца, в переносном смысле характеризует недалекого человека; құзғын - ворон, стервятник, лексема используется для характеристики внешности неопрятного



человека; сұр жылан – змея, так называют лицемерного изворотливого человека; қасқыр – волк, жестокий и вероломный человек; тулкі – лиса, хитрый изворотливый человек; мақұлық – тварь, все живое, обладающее качествами невежды, глупца, темного человека; маймыл – обезьяна, человек, похожий на обезьяну; маймақ – косолапый, кривоногий, неуклюжий человек; аю – медведь, большой, неуклюжий, неповоротливый человек; шошқа, доңыз – свинья, непорядочный человек; ит – собака, злобный человек. Положительной коннотацией наделена лексема кошқар – баран, физически сильный человек, храбрец.

Сопоставив функционирование зооморфизмов одинаковой семантики в оценочных именовании казахского и русского языков обучаемые отмечают: почти все они имеют негативную окраску в обоих языках, что связано с отрицательными характеристиками поведения этих животных в обеих лингвокультурах («шошқа – свинья», «тулкі – лиса», «қасқыр – волк», «аю – медведь», «ит – собака» и ряд других). Собранный на протяжении некоторого времени материал классифицирован следующим образом:

- **оценочные именования, содержащие в себе компонент цветообозначения.** В казахском языке такими цветами являются «ак - белый» и «кара - черный». Именования с первым из них, символизирующим чистоту, свет, жизнь, благо, связаны, например, следующие единицы: ақсаусақ – белоручка, ақпейіл – добрая душа, ақкөңіл – человек с добрым, открытым характером, ақсақал – человек в почтенном возрасте, корифей; ақжүрек – человек с открытым, добрым сердцем; аққу – лебедь, девушка с легким, стройным станом. Со вторым цветом – черным, олицетворяющим опасность, бессилие перед природой, связаны такие оценочные именования как қарабай, қарағыш – скряга, скупой человек; қараниет пейіл – человек с темными мыслями, намерениями;

- **оценочные именования, связанные с характеристиками поведения человека,** например, секендеген, желокпе – легкомысленный, компиған – нерешительный, монтиған – спокойный, смирный, қолайсыз – неловкий, шустрый, изворотливый человек, қисық – упрямый, своевольный человек; бақырауық – крикун;

- **оценочные именования, дающие интеллектуальную оценку человека,** например, синонимы топас, желбас, миғула – глупый человек, болван, тупица; шалағай – верхогляд, человек, не умеющий вникнуть в суть дела до конца; надан – невежественный человек, парықсыз – бестолковый;

- **оценочные именования с положительно-оценочным значением,** например, жылпос – пысық, пале – ловкий, шустрый; данғайыр – знаток своего дела; Здесь необходимо отметить, что семантическая подгруппа лексических единиц с положительно-оценочным значением невелика в количественном отношении. По всей видимости, это связано с внеязыковыми факторами. Психологически человек склонен в первую очередь замечать отрицательные характеристики окружающих, считая, что они могут представлять опасность. Положительные качества воспринимаются как “нормальные”, само собою разумеющиеся.

- **оценочные именования с моральной оценкой,** например, сумырай, сumpайы – презренный, гнусный; тыраш, мақтаншак – хвастун; сойқаншыл – скандалист; айлакер – ловкач, хитрец;

- **оценочные именования с отрицательно-оценочным значением** составляют гораздо более многочисленную группу, например, сумырай, сumpайы – презренный, гнусный; тыраш, мақтаншак – хвастун; сойқаншыл – скандалист; айлакер – ловкач, хитрец;

- **оценочные именования, связанные с мифическими существами,** такие как «мыстан», «жын», «сайтан»;

В числе оценочных именовании казахского языка отсутствуют лексические единицы, характеризующие внешность человека, что свидетельствует, по нашему мнению, о неважности данного фактора для общества. Внутренний мир человека, умение строить отношения с окружающими являются гораздо более значимыми вещами. Особенности оценочной лексики свидетельствуют о приоритетах казахского этноса в прошлом и настоящем.

Рассматривая вопрос о словообразовательных моделях оценочных именовании, следует отметить следующее: значительное количество из них образованы путем комбинированного сочетания разных частей речи, что укладывается в рамки существующих моделей словосочетаний казахского языка, получаемых на основе конкретных форм грамматических связей между компонентами. Так, например, сочетание существительного с существительным (қоян жүрек, тас бауыр), прилагательного с существительным (ақ көңіл, қараниет пейіл), глагола с существительным (сандалбай, от глагола сандалу – болтаться без дела; қалжынбас, от глагола қалжындау – шутить). Наличие двух лексических элементов в оценочных именовании является их важной особенностью в структурном отношении. Такой способ образования оценочных именовании является продуктивным в казахском языке и на это обращается внимание обучаемых.



При изучении оценочных именованных обращаем внимание на способы образования оценочных именованных: аффиксальное и безаффиксальное сочетание компонентов. Как известно, в казахском языке отсутствуют приставки. Употребляемые в речи слова «бейкам», означающее «беззаботный», «беспечный» и «нақұрыс» - ненормальный человек, безумец, идиот - объясняются их иранским происхождением. В этой форме они вошли в казахский язык и воспринимаются как нечленимая корневая морфема.

Таким образом, оценочные именованные составляют определенный пласт лексики любого изучаемого языка, в том числе и казахского языка, отражают ментальность народа, его языковую картину, их изучение помогает обучаемым понять речевое поведение носителей языка и их культурные традиции и сделать вывод: в казахской лингвокультуре отрицательно и положительно оцениваются те же человеческие качества, что и в других культурах.

Литература

1. Арутюнова Н.Д. Типы языковых значений: Оценка. Событие. Факт. / Н.Д. Арутюнова. - М.: Наука, 1988. – 341с.
2. Зайнуллина Л.М. Лингвокогнитивное исследование адъективной лексики (на материале английского, русского, башкирского, французского и немецкого языков) / Л.М.Зайнуллина. - Уфа, 2003. – 256с.
3. Лукьянова Н. А. Экспрессивная лексика разговорного употребления / Н.А.Лукьянова. – Новосибирск, 1986. – 123с.
4. Сарыбаев Ш. Вопросы казахского языкознания / Ш.Сарыбаев. – Алматы, 2005
5. Казахско-русский словарь: около 50000 слов. / Под ред. Сыздыковой Р.Г., Хусаина К.Ш. – Алматы: Дайк-Пресс. 2008.- 962с.
6. Казак тілінің тусіндірме создiгі: / Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанузаков. – Алматы: Дайк-Пресс. 2008.- 968

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

БИЛЯЛОВА Бакытжан Сайлауовна

«Ахмет Байтұрсынұлы атындағы №41 мектеп- гимназия» КММ
Қарағанды, Қазақстан
kmutatyn@mail.ru

Бүгінгі Қазақстан жаңа принциптерге негізделген егемен мемлекет құруда. Үкіметіміз білім беру мекемелерінен тәуелсіз мемлекетіміздің өркениетке жету жолындағы өр талабына тұғыр боларлықтай ұрпақ оқыту, тәрбиелеу ісін жаңа сапалық өзгерістер деңгейіне көтеруді талап етіп отыр. Мектеп құрылымында болып жатқан өзгерістер, білім беру мақсаттарының алмасуы, оның дамытушылық сипаттарының бекітілуі, көпнұсқалық оқытуға көшу сияқты мәселелер орындаушылардан шығармашылық бастамалық, жөні бөлек көзқарастарды, жұмыстың жоғары сапасын және кәсібилікті талап етеді.

Шығармашылық- бұл адамның өмір шындығына ұмтылуы, ізденуі. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өшуіне жол бермеу оның рухани күшін нығайтып, өмірден өз орнын таба білуге көмектеседі. Адам өзін-өзі жетілдіруге де, сонымен қатар өзінен-өзі жойылуға да қабілетті.

Баланы бастауыш сыныптан бастап шығармашылыққа ойлауға, қалыптан тыс шешімдер қабылдай алуға, практикалық әрекеттерге дайын болуға тәрбиелеу қажет.

Шығармашылық- бүкіл тіршіліктің көзі. Баланың шығармашылық қабілеттерін дамытудың жолдарын, құралдарын анықтау психология мен педагогикада ертеден зерттеліп келеді.

Көрнекі педагогтар К.Д.Ушинский, Ы.Алтынсарин; А.С.Макаренконың шығармаларында қабілеттерді дамытудың жолдары қарастырылса, оқушы шығармашылығына бағыт-бағдар беруді ең алғаш білім мазмұнына енгізген М.Жұмабаев болатын.

Өз республикамызда бұл мәселеге назар аударған ғалымдар Ә.Қоңыратбаев, С.Тілешова, В.Д.Чернов, Қ.Ә.Жаманбаеваның, М.Мұхамедин- ойын әрекеті арқылы шығармашылық қабілеттерді дамыту жолдарын айқындайды.

Шығармашылық қабілеттерді дамытуды бастамас бұрын ең алдымен “қабілет” ұғымының мәнін терең түсініп алу қажет.

Қабілет:



- білім алуға қажетті адамның психологиялық ерекшеліктері.
- талаптарды қанағаттандыратын және үлкен жетістіктерге жеткізетін адамның қасиеттерінің синтезін айтады.

- іс-әрекеттің белгілі бір түрін ойдағыдай, нәтижелі орындауда көрінетін адамның жеке қасиеті.
 - жеке адамның психологиялық айырмашылығы.
 - білім – білік жиынтығы, оларды қолдана білудегі дербестік, саналылық, шығармашылық.
- Қабілеттер түрлері сан қырлы. Негізгі 3 топқа бөлейік.

1. Психологиялық қабілеттер;
2. Ақыл-ой қабілеті;
3. Физиологиялық қабілеттер.

Психологтар қабілеттердің 2 түрлі деңгейінің болатындығын дәлелдейді.

1. репродуктивті- іс-әрекетті, білімді берілген үлгі бойынша қабылдай алу деңгейі;
2. шығармашылық- жаңалық ойлап табуға бағытталған қабілеттер деңгейі.

Шығармашылық қабілеттердің белгілері ретінде:

- мәселені қарастырудағы қырағылық, көрегендікті;
- ақпаратты жүйке жүйесі арқылы хабарлауды;
- тасымалдай білуді;
- ақылдың икемділігі, ойдың орамдылығын;
- әрекетті бағалай білуді қарастырады.

Шығармашылық туралы айтылған ойлар мен жасалған тұжырымдамаларды талдай отырып, ол төмендегідей ерекшеліктермен сипатталатын адам әрекеті деген қорытынды жасаймыз:

- шығармашылықта қарама-қайшылықтардың болуы;
- әлеуметтік немесе жеке адамға деген мәнінің болуы;
- шығармашылыққа арналған шарттардың, жағдайдың болуы;
- нәтиженің жаңалығы, сонылығы.

Бастауыш сынып оқушыларының тұлғалылығын тәрбиелеу үшін, ең алдымен олардың шығармашылық қабілеттерін дамытудың мәні зор. Ал сол шығармашылық қабілеттерді дамытудың көптеген әдістері мен тәсілдері бар. Енді соларға көңіл аударайық:

Шығармашылық қабілеттер әр бастауыш сынып оқушысының бойында болады. Қабілеттердің бірдей еместігін сыныпта отырған оқушылардың әрқайсысының әр пәнге және әр деңгейде қабілеті болғандығымен дәлелдеуге болады. Бірі есепке жүйрік болса, екіншісі тілге бай, ал енді біреулері сурет салғанды тәуір көреді. Олардың қабілеттерінің құрылымы да, оны құрайтын компоненттер де әр түрлі болып келеді. Мысалға: математикалық қабілеті басым балаларда ойлау операциялары тез, дәл болады да, бейнелеу өнеріне қабілетті балаларда нақты заттардың бөліктерінің ара қатынасын жылдам анықтай білу сияқты белгілер басым болады. Музыкаға қабілетті бала есту, ритмді түсіну, сезімталдық сияқты сапаларымен ерекшеленеді.

Бастауыш сынып оқушыларына тән шығармашылық процестің кезеңдерін шартты түрде төмендегідей топтастыруға болады:

1. Жаңалықпен бетпе-бет келу.
2. Шығармашылық белгісіздік, екіұштылық.
3. Шешімнің жарық көруі.
4. Шығармашылық акт.
5. Шешімнің дұрыстығын дәлелдеу.

Шығармашылық процестің әр кезеңінде бала бойында әртүрлі сапалық қасиеттер қалыптасып жатады.

Бастауыш сыныпта көп берілмейтін шығармашылыққа үйрету жұмысының бірі- өлең жазғызуға баулу. Бұл жұмысты 1-ші сыныпта әліппеден кейінгі кезеңнен-ақ бастаған жөн. Ол үшін оқушыларға ең алдымен ұйқас сөздің мәнін түсіндіріп, өлеңдердегі ұйқастарды табуға тапсырма беріледі. Сонан кейін ғана алдымен жеке дыбыстар, сосын буындар, одан кейін берілген жол арқылы ұйқас жасау үйретіледі. Мысалы:

- 1) у-у-у сыныпта жақсы оқу.
- 2) – ға,-ға,-ға бардым ауылға.
- 3) Ауылға барамын, Төлдерді табамын.

Осы тәртіппен үйретіле бастаған бұл жұмыс кейіннен күрделене түседі.

4) өлеңнің бірінші жолын беріп, қалған 2-ші,3-ші,4-ші жолдарын ұйқастарды ескере отырып, балалардың өздеріне жалғастыру ұсынылады.

Әрине, бұл жұмыстың нәтижелі болуы үшін мұндай әдісті тұрақты түрде және жиі қолданып отырған жөн. 2,3,4 сыныптарда оқушылар өлең шығаруға төселіп алады.



Оқушыларды шығармашылыққа үйретудің тағы бір жолы- әңгіме, ертегілер жазғызу. Бұл жұмысты төмендегідей бастаған жөн. Сынып оқушыларына қағаз таратылып беріледі. Оларға сұрақтарға жауап жазатын орын қалдырып, баған түрінде көшіріп алу тапсырылады. 1-ші сұраққа жауапты өзі жазады, сосын жауабын көршісі көрмейтіндей етіп жауып, парталас отырған балаға береді. 2-ші сұраққа жауапты сол бала жазып, жоғарыдағы ретпен жұмыс жалғаса береді. Ең соңғы сұраққа жауап жазылып біткенде, жұмыс жиналып алынады да, жалпы сынып алдында оқылады. Сұрақтар келесідей болуы мүмкін:

1. Ол кім? (не?)
2. Ол қандай?
3. Қайда барды?
4. Кімді (нені) кездестірді?
5. Оқиға немен аяқталды?
6. Не туралы сөйлесті?
7. Әрі қарай не болды?

Осы тәріздес жұмыстар баланың қиялын шарықтатып, шығармашылығын дамытуға ықпал етендігіне көз жеткізуге болады.

Оқу сабақтарын түрлендіріп, оларға дамытушылық сипат беретін жұмыстың бірі- ДИАФИЛЬМ жасату. ДИАФИЛЬМ – суретті шығарма. Онда сурет тірек ретінде пайдаланылады. Диафильм жасауға лайықты деп табылған тақырып мазмұны бөліктерге бөлінеді. Сосын бір бет қағаз алып, оны 4-ке бүктеу тапсырылады. Ол бөліктерге шығарманың бөліктерінің мазмұнына сәйкес суреттер тапсырылады. Сынып жоғарлаған сайын қойылатын мақсаттар да күрделене түседі. Мысалға:

- тақырыпты қызықты эпизодтарға бөл, белгіле;
- диафильм кадрларының ретін көз алдына елестет;
- оларды альбом бетіне сал;
- әр кадрға қысқа (мәтін- титр) құрастыр;
- кадрларға сюжеттер бойынша әңгімелеп бер.

Диафильм баланың зейінін, байқампаздығын тәрбиелеп, ойын, тілін, шығармашылығын дамытады. Негізгіні анықтап, логиканы қатаң түрде сақтай білуге үйретеді.

Оқушылардың қызығушылық туғызатын шығармашылық жұмыстардың бірі- МҮСІНДЕУ. Оқып отырған шығармадағы өзіне ұнаған кейіпкерлердің мүсінін жасатқызу арқылы оқушыларды шығармашылық әрекеттің құмарту, қиялдау, идеяның жарқ ету, интуиция, шабыт сияқты кезеңдерін бастан кешетіндей жағдайға әкелуге болады. Бұл жұмыстарды топтарда ұйымдастырған қолайлы. Шығарма ең алдымен оқылады, бөліктерге бөлінеді. Сосын бір үзіндіні композиция түрінде ермексаздан бейнелеу тапсырылады. Жұмыс аяқталған соң, әр топ өз композициясы арқылы не айтқылары келгендерін түсіндіріп береді. Бұл жұмыстар баланың шығармашылығын дамытып, оның мінез-құлқын, жауапкершілігін тәрбиелейді.

Келесі жұмыс түрі- ДРАМАЛАУ. Драмалау қоршаған ортадан, оқиғадан өз көрген білгендерін, көңіл-күйлерін, алған әсерлерін білдіруге асығып тұратын кіші жастағы оқушыларға өте жақын. Бұл туралы Л.С.Выготский “...драма басқа шығармашылық жұмыстарға қарағанда балаға жақындау, өйткені ол ойынмен тікелей байланысты, оның тұла бойында шығармашылықтың әр түрлі элементтері бар”, - деген.

Шығарманың кейіпкерін сахналау үшін оны түсіну, оның образына ене білу қажет. Ол баладан үлкен саналылықты талап етеді.

Бұл жұмыс арқылы бала өмірлік тәжірибе жинақтайды, өмірге деген көзқарасы қалыптасады. Драмалауға сабақта аз уақыт бөлінеді. Ол кезде оқушылар сыныпта қажетті реквизиттер әзірлейді, рөлдерін бөледі, дайындық жасайды. Көріністің өзі 10-15 минуттай уақыт алады. Соңынан ұйымдастырылған пікірталаста кімнің қалай ойнағандары, қандай кемшіліктер жібергендері талқыланады. Араларынан жақсы “ойнай” алатын “актерлер” де шығып жатады.

Баланың шығармашылық қабілеттерін дамытуда ЖҰМБАҚТАР және МАҚАЛ-МӨТЕЛДЕРМЕН жұмысты жаңаша ұйымдастырудың көп көмегі тиіуі мүмкін. ЖҰМБАҚТАР- көркем миниатюра. Оларды салыстыру арқылы пайда болатын образдар беріледі. Сондықтан оларды шешу кезінде баланың логикалық ойы дамиды.

Бастауыш сыныптардың “Ана тілі” оқулықтарында берілген мақал-мәтелдерді бала шығармашылығын дамытатындай етіп пайдаланудың мәні зор. бұл жанрымен жұмыс төмендегідей ұйымдастырылады:

1. Оқиғаға байланысты мақал-мәтелдер айтқызу.
2. Керісінше, мақал-мәтелдің мағынасына қарай оқиға ойлау.
3. Суретке қарап тұрып, бірнеше мақал айтқызу.



4. Мақалдың мағынасын ашатын суреттер жинау.

5. “Халық даналығын ұмытқан жоқсың ба?” түріндегі ойын.

Келесі жұмыс түрін де балалар өте қызықты орындайды. Тақтаға сюжетті сурет іліп қоямын.

Мысалға: “Қалың орман. Айнала жап-жасыл. Өзен ағып жатыр. Жағасында балық аулап отырған адам бейнеленген. Өзенде үйрек, қаздар жүзіп жүр.”

Осы суретке қарап отырып, мақалдар айту тапсырылады. Сонда:

- Сулы жер- нулы жер.
- Еңбек етсең, емерсің.
- Еңбек ер атандырады.
- Сағынған елін аңсайды, сары ала қаз көлін аңсайды.
- Табиғат –туған анаң т.б. мақалдарды балалар естеріне түсірді.

Бұл тапсырманы орындау арқылы сөздің құдіретін түсіну, мақалға деген қызығушылығын ояту, оларды пайдалана білу сияқты педагогикалық-психологиялық міндеттер шешіледі.

Бастауыш сынып оқушыларының бойындағы шығармашылық қабілеттерді дамыту зерттеу әрекетімен тікелей байланысты. Шығармашылық пен зерттеу арқылы оқыту барысында болатын үдерісті – шығармашылық ізденушілік деп атайды. Ал шығармашылық ізденушілік кез-келген кәсіппен тікелей байланысты. Егерде баламен жұмыс істеуде мұғалім балалардың шығармашылыққа қызығушылығын тудырса – бала зерттеу арқылы көпке қол жеткізе алады. Оқушылардың зерттеу іс-әрекеттерін ұйымдастырудың түрлері көп және олар шығармашылық жұмыстың ерекшеліктеріне қарай қолданылады. Қарапайым жаттығуларға тоқталып өтейік:

- “әлемге бөтен көзбен қарау”
- “Басқа кейіпкер атынан әңгіме құру”
- “Оқиғаның соңын пайдаланып, әңгіме құру ”
- “ ... Сөйтіп біз өз машинамызды таба алмадық”.
- “... Ит Әсетке қарай жүгіріп, оның бетін жалап алды”.
- “... мысық Динаның қолында ұйықтап қалды”.
- ”Заттың қанша маңызы бар”

Балаларға өздеріне өте жақсы таныс зат беріледі. Ол кірпіш, газет, бор, қарындаш болуы мүмкін. Тапсырма әдеттегідей емес, басқаша қалай қолдануға болатынын келтіру. Бұл тапсырманы орындау барысында баланың шығармашылық қабілеттері өсе түседі.

- “заттың белгілерін ата”
- “суретті толықтыр” Мысалға келесідей тапсырма беріледі:

Бала шығармашылығын тек ана тілі, қазақ тілі сабақтарында ғана дамытуға болады деу дұрыс емес. Кез-келген сабақта баланың бойындағы қабілеттерді дамыту басты мақсат болуға тиісті. Әсіресе бейнелеу өнері, еңбекке баулу сабақтарында балалар шығармашылықтың түрлі- түрлі қырларын көрсете түседі. Мысал келтіре кетсек бейнелеу өнері сабағында келесідей тапсырмаларды қолдануға болады:

• портретті ойлап тап та, жинап ал – шарты : мұғалім көз, мұрын, ауыз, құлақ, шаш үлгілері салынған карточкаларды тақтаға іліп қояды, ал оқушылар сол үлгілерге қарап отырып ойлап тапқан адам бейнесін құрастырады.

• Аңдардың бейнесін құрастыр – шарты: мұғалім әр балаға аңдар немесе жануарлар бейнеленген суреттерді дене мүшелерін бөлек қиып таратып береді, ал оқушы сол бөліктерді құрастыру керек.

• Ізін тап – шарты: тақтаға түрлі адамның, жануарлар мен аңдардың, құстар мен қосмекенділердің суреттерін іліп қояды да солардың іздерін дәптерлеріңе сал деп тапсырма береді.

Әрине баланың шығармашылығын, шығармашылық қабілеттерін дамытатын жаттығулар мен тапсырмалар, әдістер мен тәсілдер сан алуан. Сабақ құрылымына шығармашылық пен зерттеуді ендіру және қолдана алу әр мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Бастауыш сынып оқушысы ермексаз тәріздес, қандай пішінге келтірсең сол қалыпта ары қарай орта буынға кетеді. Баланың шығармашыл не болмаса қалыпты, басқалардан ешбір айырмашылығы жоқ тұлға болары біздер, бастауыш сынып мұғалімдерінің қолында.



Я ДЫБЫСЫ МЕН ӘРПІ, «СҰР ҚОЯН»

ЖАРИКОВА Сезим Рымбековна

КММ «№134 негізгі мектебі»

Қарағанды, Қазақстан

kmutatyn@mail.ru

Сабақтың тақырыбы: Я дыбысы мен әрпі, «Сұр қоян»

Сабақтың мақсаты: Білімділігі: Я дыбысы бар сөздерді оқи, жаза білуге дағдыландыру. «Сұр қоян» өлеңін мәнерлеп оқи білуге, мазмұнын түсіндіруге үйрету.

Тәрбиелілігі: Өз ойын еркін айтуға дағдыландыру. Әсемдікті сезіне білуге, табиғатты сүюге тәрбиелеу.

Дамытушылығы: Ойын арқылы жаңа әдіс - тәсілдерді тиімді қолдану.

Сабақтың пәнаралық байланысы: Өн, дүниетану.

Сабақтың әдісі: Аралас сабақ - топтық, жеке жұмыстар /ойын түрінде/.

Сабақтың түрі: Бекіту сабағы.

Сабақтың көрнекілігі:

1. Сөзжұмбақ шешу.
2. Үнтаспа, теледидар.
3. Кесте: Я - дыбысы мен әрпі бар сөздер. «Сұр қоян».
4. Қималар.
5. Сахналау.

Сабақтың барысы: Ұйымдастыру сәті.

Кірісейік сабаққа,

Кірісейік оқуға.

Оқудан «5» алайық,

Үйге қуанып барайық,

Балалар, қазір бізде қай сабақ еді?

Әліппе

Менің атым Әліппе

Мені анаңдай дәріпте

Мені оқып ержеткен

Бауыржан да, Мәлік те

Бүгін бізде көп қонақтар келіп отыр. Қазақта: «Қонақ - ырыс әкеледі»- деген теңеу бар.

Ендеше алдымыздан тек жақсылық күтсін. Сәлемдесу /оқушылар арттарына яғни, қонақтарға қарап бас иеді. Жақсы балалар! Бүгін біз «Білім еліне - саяхатқа» шығамыз.

Бірінші аялдама: қане, кім батыл? /сұрақ - жауап әдісі

Дыбыс деген не? Дыбысты естиміз. Құлақпен естілетін үн

Әріп деген не? Әріпті көреміз, жазамыз, айтамыз

Екінші аялдама: Өткенді еске түсіру.

Қай дыбыстың таңбасын көріп тұрмыз? Г

Г - ден басталатын сөздерді еске түсірелік: Гүл, газет. Гүлжан, Гүлім, Гүлден т. б.

Әріптердің баспа түрі қайда жазылады? /Кітапта/

Жазба түрі ше? /Дәптерде/

Үшінші аялдама: Тездет, бірақ қателеспе!

1. «Ұя» өлеңін жатқа айту.

2. «Я» дыбысы бар қандай сөздер білеміз. Тақтаға жазғызу: шаян, қияр, тақия, таяқ т. б.

Жақсы, балалар! Бұл тапсырманы да орындадыңдар.

Төртінші аялдама: «Кім жылдам?» тапсырмасы. Сөзжұмбақ шешу.

Қолы жоқ - сурет салады,

Тісі жоқ - тістеп алады. (Аяз)

Жесең ащы,

Көзіңнен шығарар жасты. (Пияз)

Есек құлақты,

Ешкі құрықты.

Мысық аяқты, көрдім жүйрікті. (Қоян)

Тал басында

Тамаша үй. (Ұя)



Балалар, осы сөзжұмбақ ішінде бір аңның аты бар. Сол аң бізге қонаққа келе жатыр, ол қандай аң?- қоян.

Ассоциация әдісі: ҚОЯН

Буынға бөлгізу: Қо – ян

Дауысты, дауыссыз ажырату:

Неше дауысты дыбыс бар /2/: қандай? /о, я/ неше дауыссыз дыбыс бар /2/, қандай /қ, н/; кеспе әріптерді пайдаланып оқушыға қоян сөзін жаздырту. 1 оқушы тақтаға жазады. Жаңа сабақтың тақырыбын ашу /сурет арқылы/.

Бесінші аялдама: Оқулықпен жұмыс. Мұғалім «Сұр қоян» өлеңін мәнерлеп оқып береді. Қарамен жазылған қиын сөздерді түсіндіру. Қандай қоян?- ұзын құлағы бар сұр қоян не істеді? қоян сыбдырды естіп қалды да, ытқып2 жүгіре жөнелді. Бір кезде артына көзінің қиығын салып қарасы томпаңдап келе жатқан өзінің көжегі екен. Кісі аттары, Жер - су аттары қандай әріптен басталып жазылады, білеміз бе?- бас әріптен.

Алтыншы аялдама: Сергіту сәті: 1 оқушы мәнерлеп оқиды, 2 оқушы қимылмен көрсетеді маска киіп, сұр қоян өлеңін.

Ауылдағы қоянның,

Сәбіздерді көп екен.

Теріп, теріп алайық,

Қалтамызға салайық.

Жетінші аялдама: Дәптермен жұмыс. Жай дәптерге Яя Аян, баян, Әсия, Әлия, Ғалия, Данияр т. б.

Баянауыл, Аягөз, Сырдария, Амурдария т. б. оқушылар кезектесіп тақтаға да орындайды.

Қортындылау: Балалар бүгінгі сабақта не өттік? Не ұнады?

Оқушыларды мадақтау:

Бүгін сабаққа жақсы қатыстындар, рахмет. Енді сендерге бүгін сабағымызда өткен «Сұр қоянның» кішкене сыйлығы бар екен. Балалар, кім өзін «5»- ке бағалайды, қол көтерсін.

Кім «4»- ке жауап бердім деп есептейді. Қол көтерейік. Осымен бүгінгі сабағымыз аяқталды сау болыңдар !

**ОҚУШЫЛАРҒА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖОБАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ
ТЕХНОЛОГИЯСЫ**

**ОСПАНОВА Гульшахар Садвакасовна, БОЗШАТАЕВА Гульшат Тугельбаевна,
ТУРАБАЕВА Гулзат Қалықуловна**

Коммерциялық емес акционерлік қоғам «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті»
Шымкент, Қазақстан
bozshataeva69@mail.ru

Аңдатпа

Мақалада жобалық оқыту технологиясын оқушыларға экологиялық білім мен тәрбие берудің тиімді әдістерінің бірі ретінде қолдану тәжірибесі көрсетілген. «Жас биолог» үйірмесінің аясында орындалатын жобаның бағдарламасы жасалып, апробацияланған. «Пластик пакеттермен қоршаған ортаның ластануының мәселелері» жобасы бойынша жұмысты ұйымдастыру және орындау төмендегідей нәтижелерге жетуге мүмкіндік берді: оқушылардың пәнге деген қызығушылығын артты; оқушылардың байқауларға белсенді қатысуын дамыту, оқу іс-әрекеттерін ұйымдастыру жүзеге асырылды; қалалық олимпиадаларда жүлделі орындарға қол жеткізілді; білім сапасы артты.

Жобалық қызмет - бұл қазіргі заманғы педагогтың кәсіби маңызды қасиеті. Мұндай іс-шараларды ұйымдастырудың ұстанымдарына сабақтастық, күрделену, ұжымдық шешім қабылдау, нәтижеге назар аудару, жобаның өзектілігі және т.б. Жобалық іс-әрекетті ұйымдастырудың мақсаты: ғылыми-әдістемелік ақпараттарды жинау және осы саладағы қоғамдық экологиялық ұйымдардың тәжірибесін зерттеу болып табылады [1].

Сабақ үлгерімі орташа және енжар оқушылар да өзін жобаның ұйымдастырушысы, кураторы ретінде көрсете алады, бұл олардың өзін-өзі бағалауын ғана емес, сонымен бірге ұжымдағы олардың дәрежесін де арттырады. Өзінің маңыздылығын сезінетін адам оқу материалдары мен ұжымдағы



қарым-қатынасқа деген сезімталдықты жақсартады, және көбінесе шығармашылық пен сыни ойлауды дамытады және мұндай оқушының тәуелсіздігі мен өзін-өзі тәрбиелеу деңгейін арттырады.

Осыған байланысты жобалық әдістің білім берудің рөлі артып келеді. Ол әсіресе, экологиялық білім беруде адам мен табиғаттың өзара әрекетін үйлестірудің шешуші факторына айналады. Жобалық әдістің экологиялық білім беру аясындағы үлкен мүмкіндіктер бар. Ол оқушыларда зерттеу дағдыларын, экологиялық мәселелерді өз бетінше шешуге тәжірибе қалыптастыруға, туған өлкенің табиғатымен тікелей танысуға мүмкіндік береді [2].

Оқушыларға ұсынылатын жобалардың тақырыптары қаладағы экологиялық жағдайды зерттеумен, табиғи ортаны жақсарту жолдарын іздеу және әртүрлі өндірістік нысандардың табиғаттың жағдайына әсерін талдаумен байланысты болуы мүмкін. Мұндай белсенділік оқушыларға экологиялық мәселелерді шешуге қатысуға мүмкіндік береді және жауапкершілік сезімін дамытуға, азаматтық парызды қалыптастыруға, табиғи байлықты сақтау мен көбейту маңыздылығын түсінуге ықпал етеді. Бұл мақала педагогикалық мектеп оқушыларының экологиялық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған жоба әдісінің тиімділігін дәлелдеді. «Оқушылардың экологиялық мәдениеттің негіздері» атты жұмыс бағдарламасын жобалық іс-әрекет әдісін қосып, оқушыларға экологиялық мәдениетті құруға мүмкіндік беретін білім беру жобаларын жасады [3].

Қоғамдағы орын алып отыратын дағдарыстарды еңсеру адамның және қоғамның экологиялық мәдениетінің деңгейіне байланысты. Адам мен табиғаттың өзара әрекеттесуінің жүйе құрушы интегралды сипаты оның жалпы мәдениеті болып табылады. Экологтар бұл мәселені табиғат адамзат қоғамы шығаратын ластануды өз бетінше жеңе алатын деңгейге дейін азайған жағдайда ғана шешуге болады деп санайды.

Бірақ бұған қол жеткізу үшін планетаның кез-келген тұрғыны қоршаған ортаға төніп тұрған қауіп адамгершіліктен емес, белгілі бір нақты адамға байланысты болатынын түсінуі керек [4].

Қазіргі уақытта жобалық әдіс теориялық білімді практикамен ұтымды ұштастыру мен нақты мәселелерді шешуге тәжірибиелік қолданудың арқасында сәтті дамып, танымал бола түсуде.

«Мен оны қайда және қалай қолдана алатынымды білемін» - бұл жоба әдісін қазіргі заманғы түсінудің негізгі көзі болып табылады. Жобаны іске асырудың жоспарын жасау және ұйымдастыру жобалық қызметтің маңызды кезеңі болып табылады.

Бұл кезеңде оқушылар мұғалімнің көмегімен мәселені тұжырымдайды, жоба бойынша жұмыстың мақсатын анықтайды, іс-әрекет жоспарын жасайды, ақпарат көздерін анықтайды, қызметтерін бөледі, жұмыс топтарын ұйымдастырады, жоба нәтижелерін ұсынудың формаларын анықтайды [5].

Біз уақытты бағындыратын жас көшбасшыларға, олар кез келген экологиялық, әлеуметтік және қаржылық мәселелердің барлығын түсінуге, сенімді шешімдерді іздеуге және таба білуге үйретуді мақсат етіп қоямыз. Экологиялық жобалар мен бағдарламаларға көп көңіл бөлінеді, оларды жүзеге асыруға экология мамандары, оқушылар қатысады.

Оқушылардың жобасы өзекті экологиялық проблемаға - тұрмыстық қалдықтармен қаланың ластануына арналған. Қала экологиясы әр тұрғыннан басталады, мейлі ол бала болсын, ересек болсын, қоршаған ортаның ластануына барлығы жауапты.

Қоршаған орта ластануын зерттеудегі мектеп үйірмесіндегі ғылыми жұмыстың рөлі зор. Оқушыларға экологиялық тәрбие мен білім берудегі сыныптан тыс ұйымдастырылатын жұмыстардың бірі – экологиялық үйірме.

Үйірме жұмысына оқушының өз еркімен жазылып, қатысқаны тиімді. Экологиялық үйірме оқушыларға экологиялық тәрбие мен білім беруде маңызды рөл атқарады.

Табиғат зерттеушілері үйірмелері орта мектеп оқушыларының экологиялық мәселелерді зерттеуіне және ғылыми-зерттеу жұмыстарына қызығушылығын дамыту мақсаты бойынша бірлескен іс-шараларды ұйымдастыруға арналған.

Үйірмелерге қатысу барысында оқушылар экожүйелердегі, соның ішінде қоршаған ортаны лаптаушы заттарды сипаттап, экологиялық заңдармен өзінің практикалық іс-әрекеті барысында танысады [6].

Сонымен қатар, оқушылар экологиялық мәселелерді шешудің мүмкіндіктері мен жолдары туралы ақпарат алады және олардың кейбіреуін шешуге белсенді қатысады.



«Пластик пакеттермен қоршаған ортаның ластануының мәселелері» жобасы бойынша жұмысты ұйымдастыру үшін Шымкент қаласындағы Д.И. Менделеев атындағы мектеп-лицейінің 8 «Г» сынып оқушылары үшін «Жас эколог» тобына арналған бағдарлама дайындалды.

Үйірме жұмысына 25 оқушы қатысты. Сабақ аптасына бір рет өткізілді.

Жоба түрі: практикалық, пәнаралық. Көлемі: 10 сағат. «Пластик пакеттермен қоршаған ортаның ластануының мәселелері» жобасының жұмыс бағдарламасы, кестеде көрсетілген.

Кесте - «Жас эколог» үйірмесінің бағдарламасының мазмұны

№	Тақырып	Сағат саны
1	Кіріспе	1
2	Жоба әдісіне сәйкес ғылыми зерттеу жұмысын оқыту жалпы сипаттамасы. Теориялық бөлім. Жоспар жасау	1
3	«Пластик пакеттермен қоршаған ортаның ластануының мәселелері» жобасы бойынша жұмысты ұйымдастыру. Жоспарлау уақыты	1
4	«Пластикалық қаптың түрлері - полиэтиленге балама» ғылыми тақырыбын қарастыру. Жоспар жасау	1
5	«Полиэтиленнің қоршаған ортаға тигізетін зияны» тақырыбына тапсырмалар құрастыру	1
6	«Қаламыздағы полиэтилен» тақырыбына тапсырмалар құрастыру. Аналитикалық бөлім. Тұсаукесер дизайны	1
7	Тренингтер өткізу. Полиэтиленнің екінші өмірі. Полиэтиленді өңдеу және одан әрі пайдалану мерзімі	1
8	«Полиэтиленмен қоршаған ортаның ластануы. Полиэтиленді отқа жағу»	1
9	«Полиэтиленмен қоршаған ортаның ластануы. Полиэтиленнің мүмкін еместігі»	1
10	Ғылыми жұмысты қорытындылау. Қорытындымен таныстыру	1

Қазіргі уақытта биологияны оқытуда қолданылып жүрген көптеген жаңа әдістер мен технологиялар білім беру сапасын арттыруда маңызды рөл атқарады. Атап айтқанда, «Сыни тұрғыдан ойлау», «Интербелсенді әдіс», Т.М. Тұрғынбаева, «Оқытудың озық технологиялары», Журнов, Қараеваның, сабақ барысында оқушыларға сапалы және терен білім беруге мүмкіндік береді.

Жобаның идеясы: биология сабағында интербелсенді оқыту арқылы мәселені шешу және оны орындауға ынталандыру.

Жобаның теориялық негізінің мысалы ретінде төмендегі ақпарат көздерімен танысу қажет:

1. Тұрғынбаева Б.А. Үздіксіз білім беру технологиялары: оқу құралдары.

2. Алимов А. К., Косанов Б., Базарбекова Р.Ж. Сынып жетекшілері үшін: интербелсенді әдіс.

Алматы, 2014;

3. Қожагелдиева С., Н. Нұртазаева Н.С. Ойлау арқылы ойлаудың тиімділігі. // Мектеп, 2009, № 4. -25 бет.

4. Баймбетова Л.Р. Жаңа білімді зерттеудің жаңа әдістері //12 жылдық білім. № 10,2008, 59.

5. Михайленко В.Я. Биология мектепте, 2012 - № 9, б. 2-51.

6. Бычков А.В. Қазіргі мектептегі жобалық әдіс. - М., 2009.

Ұсынылған жобаның қажеттілігі:

- оқушыларды топта және жеке-жеке оқыту;
- алған білімдерін практикада қолдана білуге үйрету;
- сөйлесу және қарым-қатынас мәдениетін жетілдіру.

Жобалық жұмысты орындау нәтижелері бойынша төмендегі мақсаттар орындалды:

- оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру;
- оқушылардың байқауларға белсенді қатысуын дамыту, оқу іс-әрекеттерін ұйымдастыру;
- жүлделі орындардағы қалалық олимпиадалардың жеңімпаздарын дайындау;
- білім сапасын арттыру.

«Пластик пакеттермен қоршаған ортаны ластану мәселелері» жобасы бойынша жұмысты ұйымдастыру және орындау Жобалық әдістің тиімділігін көрсетті.

Әдебиеттер тізімі

1. Баимбетова Л.Р. Жаңа оқудың жаңа әдістері //12-жылдық білім, №10. 2016, 45-49б.

2. Бөрібаев Б, Балапанов Е. Жаңа ақпараттық технологиялар. – Алматы, 2017, 11-17б.



3. Тұрғынбаева Б.А. Дамыта оқыту технологиялары: Оқу-әдістемелік құрал.- Алматы, 2016, 17-25б.
4. Михайленко В.Я. Проектно-исследовательская деятельность по экологии как средство формирования социального опыта школьников в условиях промышленного города // Биология в школе, 2017, № 9, 12-15б.
5. Бычков А.В. Метод проектов в современной школе. - М., 2017, 5-17б.
6. Дагабаев Н.Ж. Экологическая школа для устойчивого развития местного сообщества // Педагогика, №6, 2016, 23-25 бб

**ТАС ҚАЛАУШЫНЫҢ ҚҰРАЛ-САЙМАНЫ, АСПАПТАР ЖАБДЫҒЫ
БОРИБЕКОВА Раушан Сулейменовна, ЖАТКАНБАЕВ Е.Т.**

Түркістан индустриалды-құрылыс колледжі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті
Шымкент, Қазақстан
boribekova_r@mail.ru, ergazy-1980@mail.ru

Аңдатпа

Мақалада еліміздің құрылыс саласындағы маңызды кәсіп – тас қалаушы маманының қызметі, оның негізгі құрал-саймандарының түрлері келтірілген. Мұнда сонымен қатар, ұста аспаптарының жіктелуі, олардың ерекшеліктері мен тағайындалу маңызы толықтай ашылып көрсетілген.

Тас қалаушы кәсібі жер бетінде адамзат баласы кірпіш құйып, үй салғаннан бері ежелден келе жатқан мамандық болып табылады. Бұл кәсіп тек абыройлы ғана емес, сонымен қатар өте жауапты мамандық болып, мұндағы орындалған жұмыстар сапасына ғимараттардың беріктігі, әрі адамдар өмірі тәуелді болып табылады. Бірақ сапалы жұмыс жасау үшін үй салудың бір ғана машығы жеткіліксіз болып, орындалатын жұмыстардың толыққандығы мен сапасын арттыруда құрал-саймандар өте маңызды рөл атқарады. Қажетті құрал-саймандардың бүкіл жиынтығын сапалы да, жауапкершілікпен таңдау қажет, өйткені орындалатын жұмыс сапасы соған байланысты болады [1].

Әрбір кәсіби тас қалаушы өз жұмысын сапалы орындауы үшін қолында аспаптар жиынтығы болуы тиіс, олардың ең негізгісі – ұста қалақшасы болып табылады (1 сурет).



1 сурет – Ұста қалақшасы

Сапалы жұмыс жасау үшін әр кәсіби тас қалаушыға арнайы құралдардың барлық жиынтығы қажет болғанына қарамастан, олардың ең бастысы – ұста қалақшасы болып табылады. Бұл – ұста бүкіл жұмыс барысында қолынан тастамайтын сайман болып табылады. Ол арнайы тұтқасы бар, металдан жасалған арнайы қалақша түрінде болады. Оның келесі жұмыс түрлеріне арналған түрлері болады:

- қалау жұмыстарына арналған;
- сылақ жұмыстарына арналған;
- бетондық жұмыстарға арналған.

Ұста қалақшасының қандай жұмыс түріне арналғандығына байланысты металының қалыңдығына, тұтқасының материалы мен пластина өлшеміне қарай оның алуан түрлері болады.

Аталған құрылыс аспабынан басқа көптеген құрал-саймандар кездеседі. Тас қалаушыға қажетті аспаптар екі типке бөлінеді [2]:

- А) Бақылау-өлшеу;



Ә) Құрылыс.

Аспаптардың бірінші тобына тас қалаушы қалау сапасын бақылау мен өлшеуге арналған саймандар жатады. Бұл аспаптар ұстаның құрылыс қабырғасын түзу, сәйкесінше берік етіп қалауына қажетті қалаудың барлық параметрлерін бақылауына көмектеседі. Мұндай аспап түрлеріне келесі саймандар кіреді:

1. Бақылау шаблон – қаланып жатқан ғимараттың терезе, есік, желдеткіш және басқа да конструкцияларын белгілеуге арналған.
2. Деңгейше – бұл қаланбаның түрлі бағытқа ауытқуын бақылауға үшін тікелей қолданылатын арнайы алюминий құрылғы (2 сурет).
3. Аралық маяктар – бұлар қаланбаның тегістігін бақылауға және шнур-ернеулердің салбырауын жоюға арналған тікбұрышты қорап немесе дәнекерленген жақтау пішініндегі құрылғы.
4. Бұрыштық өлшеуіш – бұл бұрыштардың дәлдігін тексеруге және орнатуға қажетті арнайы өлшеуіш аспап (3 сурет). Бұрыштық өлшеуіштер ағаштан немесе металдан жасалады.
5. Түзеткіш – бұл қабырғаның сыртқы жағының бұдырлығын анықтауға арналған, алюминийлік профильден немесе ағаштан жасалған арнайы аспап.
6. Реттегіштер – бұл қаланбаның түрлі бағытқа ауытқуын тексеру үшін қолданылатын конструкция. Реттегіштердің артықшылығы болып олардың қабырғаларды қалаудың барынша нақты және шынайы көрінісін көрсету қабілеті саналады.
7. Жиналмалы метр немесе рулетканы тас қалаушы өлшемдер жасау үшін қолданады.
8. Тіктеуіш – бұл қаланбаның тіктігін тексеруге арналған тас қалаушының тағы бір аспабы (4 сурет). Негізінен, тіктеуіш металдан жасалатындықтан, кейде ағаштан дайындалғандары да кездеседі. Өлшеу барысында қаланба қаншалықты биік болса, соғұрлым ауыр тіктеуіштің қолданылу тиіс фактісін ескерген жөн. Олай болмаған жағдайда, барлық көрсеткіштер ауытқып, қателіктер орын алады.



2 сурет – Деңгейше



3 сурет – Бұрыштық өлшеуіш



4 сурет – Тіктеуіш



Аспаптардың екінші тобына тас қалаушы немесе ұста қабырғаны қалау қолданатын аспаптар мен құрылғылар жатады. Бұл аспаптарсыз бірде-бір ұста өзінің тікелей міндеттерін атқара алмайды. Мұндай аспаптар келесілер:

1. Ұста қалақшасы – бұл аспап қабырғаға сылақ ертіндісін жағуға және артықша құрылыс қоспаларын алып тастауға, сондай-ақ жіктерді бекітуге қажетті, иілген тұтқасы бар үшбұрышты жаққыш түрінде болады.

2. Ұста балғашасы – бұл аспап маңыздылығы бойынша ұста қалақшасынан кейінгі екінші болып табылып, сырт көрінісі бір басы сына түрінде болатын қарапайым балғаны еске түсіреді. Бұл аспаптың сәйкесінше бір басы кірпішті ұруға, ал екінші басы оны бөлшектеуге арналған.

3. Күрек – бұл аспап барлығына өте жақсы таныс. Тас қалаушы қолындағы күрек құрылыс қоспаларын араластыру, ал кейде қаланбаға қарағанда қабырға жалпақ болғанда сәйкесінше ертіндіні оған жағу қызметін атқарады.

4. Тазартқыш – бұл металл тұтқасы бар, резеңкеден жасалған арнайы квадраттық пластинка. Бұл аспап түтін жолдары мен желдеткіш бағандарынан ертінділерді тазалауға арналған.

5. Тіккіш – жіктерді біріктіруге арналған.

Жоғарыда аталған аспаптардың барлығы өз ісімен кәсіби деңгейде айналысатын әрбір тас қалаушыда немесе ұстада болуы тиіс. Сондай-ақ, ережеге сәйкес әрбір тас қалаушы келесі әрекеттерді орындауы тиіс:

- Аспапты жұмыстық жағдайда ұстауы.
- Аптасына бір реттен кем емес аспаптардың жүйелі тексерісін жүргізу. Ақауы бар аспап анықталған жағдайда ол оны жаңасына ауыстыруы шарт.
- Тас қалаушыдағы немес ұстадағы барлық құрылғылар мен қондырғылар қауіпсіздік талаптарына жауап беруі тиіс.

Тас қалаушының жұмысы ең жауапты кәсіптердің бірі болып табылады, өйткені ол тек өндірістік және тұрғын-үйлік емес нысандардың ғана емес, сонымен қатар тұрғын-үй ғимараттардың қабырғаларын да қалайды. Тас қалаушы жұмысы кезіндегі тіпті ең ұсақ асығыстықтың өзі теріс салдарларға апарып соқтыруы мүмкін. Сондықтан әрбір кәсіби тас қалаушы өз кәсіби мәндегін дұрыс та, сапалы орындауы тиіс, ал бұл үшін оған ғимаратты пайдалану барысында қауіпсіздік пен оның беріктігін қамтамасыз ететін арнайы аспап қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Неелова В.А. Иллюстрированное пособие для подготовки каменщиков. -- М.: Стройиздат, 1988. - 270 с.
2. Справочник строителя «Каменные конструкции и их возведение». (Воробьев С.А., Камейко В.А. и другие). – М.: Стройиздат, 1989. – 224 с.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЗАМАТТАРЫНЫҢ ӘСКЕРИ МІНДЕТТІЛІГІНІҢ МАЗМҰНЫ

ТЕЛЬГОЗИН Даурен Кадырбек, ЖАТКАНБАЕВ Е.Т.

Түркістан индустриалды-құрылыс колледжі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті
Шымкент, Қазақстан
boribekova_r@mail.ru, ergazy-1980@mail.ru

Аңдатпа

Мақалада Қазақстан Республикасы азаматтарының отан алдындағы әскери борыш міндеттілігі, әскери қызметкердің мәртебесі, азаматтарды әскери қызметке даярлау жолдары, әскери оқыту мен есепке алу мәселелері қарастырылған. Мұнда әскери қызмет мазмұны және азаматтардың әскери міндеттері тиісінше мазмұндалған.

Қазақстан Республикасын қорғау оның әрбір азаматының қасиетті парызы және міндеті болып табылады [1]. Әскери қызмет – Қазақстан Республикасының егемендігін, аумақтық тұтастығын және шекарасына қол сұғылмаушылықты қарулы қорғаумен байланысты әскери қауіпсіздікті тікелей қамтамасыз етуге бағытталған Қарулы Күштер әскери қызметкерлерінің мемлекеттік қызметінің ерекше түрі.



Әскери қызметкердің мәртебесі

Әскери қызметкердің мәртебесі заңдарда белгіленген шектеулері бар Қазақстан Республикасының азаматы ретінде әскери қызметкердің жалпы құқықтарын, бостандықтары мен міндеттерін, сондай-ақ әскери қызмет ерекшеліктеріне негізделген оның құқықтарын, міндеттері мен жауаптылығын қамтиды.

Әскери қызметкерлердің құқықтары мен бостандықтарын шектеу, ерекше міндеттері мен жауапкершілігі «Әскери қызмет және әскери қызметкерлердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген қосымша құқықтар және жеңілдіктермен өтеледі [2].

Әскери қызметкер мәртебесіне келесі азаматтар ие болады:

- жергілікті әскери басқару органынан әскери қызмет (жиындарды) өткеру орнына кету туралы тиісті бастықтың бұйрық шыққан күннен бастап әскери қызметке (жиындарға) шақырылғандар;
- әскери бөлім (мекеме) командирінің (бастығының) бөлім жеке құрам тізіміне қабылдау туралы бұйрық шыққан күннен бастап келісім-шарт бойынша әскери қызметке кіргендер;
- оқу орны бастығының оқу орны (әскери факультет) жеке құрамының тізімдеріне қабылдау туралы бұйрығы шыққан күннен бастап, ал шетелдік әскери оқу орнына түскен кезде – уәкілетті орган басшысының оқуға жіберу туралы бұйрығы шыққан күннен бастап әскери оқу орындарына (әскери факультеттерге) түскендер, яғни бұған дейін олар әскери қызметкерлер болып табылмағандар;
- негізгі орта білім беру базасында техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын әскери оқу орындарында оқудың екінші курсын аяқтаған ұландар әскери оқу орны бастығының оқуды жалғастыру, үшінші курсқа ауыстыру және ауыспалы құрамның кадеті әскери лауазымына тағайындау туралы бұйрығы шыққан күннен бастап ие болады.

Азамат әскери қызметтен шығарылуына (әскери жиындардың аяқталуына) байланысты әскери бөлімнің тізімінен алып тасталған күннен бастап әскери қызметкер мәртебесін жоғалтады.

Азаматтарды әскери қызметке даярлау

Азаматтарды әскери қызметке даярлау – бұл әскерге шақыруға дейінгі және әскерге шақыру жасындағы азаматтарды әскери қызмет негіздеріне оқыту мақсатында, сондай-ақ әскери қызмет өткеру үшін әскери-техникалық және басқа да әскери мамандықтар бойынша даярлау және қайта даярлау мақсатында мемлекеттік органдар жүргізетін міндетті іс-шаралар кешені.

Азаматтарды әскери қызметке даярлау келесілерді қамтиды:

- бастапқы әскери дайындық;
- қосымша білім беру бағдарламалары бойынша әскери дайындық;
- әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша даярлау;
- запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша әскери даярлық.

Азаматтарды жалпыға бірдей әскери оқыту

Халықты азаматтық қорғаныс іс-шараларына тарту және соғыс уақытында Қарулы Күштерді жасақтау үшін қажетті контингентті даярлау мақсатында келесі жалпыға бірдей әскери оқыту жүргізіледі:

- ерлер – он алты жастан алпыс жасқа дейінгілерді қоса алғанда;
- балалары жоқ немесе он жастан асқан балалары бар әйелдерге – он сегізден қырық бес жасқа дейінгілерді қоса алғанда.

Азаматтарды жалпыға бірдей әскери оқытуды азаматтардың жұмыс, оқу орны және тұрғылықты жері бойынша жергілікті әскери басқару органдары жүзеге асырады.

Әскери есеп

Әскери есепке алуға келесі әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушылар жатады:

- әскери-есептік мамандығы жоқ әйелдер;
- әскери міндетін атқарудан босатылған адамдар;
- бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеп жатқан адамдар;
- Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұрақты тұратын адамдар.

Әскери қызметтің мазмұны



Әскери қызмет келесілерді қамтиды:

- шақыру бойынша әскери қызмет;
- келісім-шарт бойынша әскери қызмет.

Әскерге шақыру бойынша әскери қызметке келесілер жатады:

- сарбаздар (матростар) құрамының шұғыл әскери қызметі;
- запастағы офицерлердің әскери қызметі;

- жұмылдыру, соғыс жағдайы кезінде, соғыс уақытында және әскери жиындардан өту кезіндегі әскери қызмет.

Келісім-шарт бойынша әскери қызметке келесілер жатады:

- сарбаздар (матростар), сержанттар (старшиналар) және офицерлер құрамы лауазымдарында келісім-шарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілердің әскери қызметі;
- әскери оқу орындарының курсанттары мен тыңдаушыларының әскери қызметі және оларды оқыту.

Азаматтарды әскери қызметке шақыру

Азаматтарды әскери қызметке шақыру – бұл әскери міндеттілік негізінде Қарулы Күштерді жеке құраммен жасақтауға бағытталған мемлекеттік органдар өткізетін іс-шаралар кешені.

Азаматтарды әскери қызметке шақыру келесілерді қамтиды:

- азаматтарды мерзімдік әскери қызметке шақыру;
- запастағы офицерлерді әскери қызметке шақыру;
- әскери жиындарға шақыру;
- жұмылдыру, соғыс жағдайы кезінде және соғыс уақытында шақыру.

Әскери қызметке шақырылуға жататын азаматтардың міндеттері

Әскери қызметке шақырылуға жататын азаматтар жергілікті әскери басқару органының шақыру қағазы бойынша шақыру комиссиясына келуге міндетті [3]. Шақыру қағазын азаматтың жеке өзіне жергілікті әскери басқару органдарының лауазымды адамдары немесе жұмыс (оқу) орны бойынша ұйым басшысы қол қойғызып тапсырады.

Шақыру қағазын азаматтың жеке өзіне тапсыру мүмкін болмаған жағдайда оның келуін қамтамасыз ету тиісті ішкі істер органына жүктеледі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Постановление Президента Республики Казахстан «О мерах по укреплению воинской дисциплины и усилению борьбы и правонарушениями в Вооруженных Силах Республики Казахстан», 23 ноября 1994 г.
2. Конституция Республики Казахстан, 30 августа 1995 г.
3. Закон Республики Казахстан «О всеобщей воинской обязанности и военной службе», 19 января 1993 г.

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР НЕГІЗІ МЫРЗАБАЕВА Маржан Аблайқызы, ЖАТҚАНБАЕВ Е.Т.

Түркістан индустриалды-құрылыс колледжі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті
Шымкент, Қазақстан
s.marzhana91@mail.ru, ergazy-1980@mail.ru

Аңдатпа

Мақалада ақпараттық технология – IT саласы бойынша жалпы мәліметтер келтірілген. Атап айтқанда, ақпараттық технология түсінігі, оның ерекшелігі, пәні мен қызмет ету саласы, даму тарихы, технологиялық әлеуеті мен қолданылу бағыттары туралы жан-жақты мұқият баяндалған.

Ақпараттық технологиялар (АТ, ағылшынша *information technology*, IT) – деректерді жасау, сақтау, басқару және өңдеу, оның ішінде есептеу техникасын қолдану технологияларына жататын пәндер мен қызмет салаларының кең класы. Соңғы уақытта ақпараттық технологиялар көбінесе компьютерлік технологиялар деп түсініледі. Атап айтқанда, IT компьютерлер мен бағдарламалық жасақтаманы ақпаратты құру, сақтау, өңдеу, беру және алуға шектеу қою үшін қолданады. Компьютерлік технологиялар мен бағдарламалау мамандарын көбінесе IT мамандары деп атайды.

ЮНЕСКО қабылдаған анықтамаға сәйкес, АТ – ақпаратты өңдеу және сақтаумен айналысатын адамдардың еңбегін тиімді ұйымдастыру әдістерін зерттейтін өзара байланысты ғылыми,



технологиялық, инженерлік пәндер кешені; есептеу техникасы және адамдармен және өндірістік жабдықтармен өзара іс-қимыл жасау әдістері, олардың практикалық қосымшалары, сондай-ақ осыған байланысты әлеуметтік, экономикалық және мәдени мәселелер. АТ-ның өзі күрделі дайындықты, үлкен бастапқы шығындарды және ғылымды қажетсінетін техниканы талап етеді. Оларды енгізу математикалық қамтамасыз етуді құрудан, модельдеуден, аралық деректер мен шешімдер үшін ақпараттық деректер қорын қалыптастырудан басталуы керек.

Қазіргі АТ-ның негізгі ерекшеліктері:

- Алгоритмдер деректерімен сандық алмасу стандарттарының құрылымдалуы;
- Компьютерлік сақтауды кеңінен қолдану және ақпаратты қажетті түрде ұсыну;
- Ақпаратты сандық технологиялар арқылы шексіз қашықтыққа жіберу.

Ақпараттық технологиялар пәні

Кең мағынада, АТ тек компьютерлік технологияларды ғана емес, әрі ақпаратты құру, беру, сақтау және қабылдаудың барлық салаларын да қамтиды. Сонымен қатар, АТ көбінесе компьютерлік технологиялармен байланысты, әрі бұл кездейсоқ емес: бір кездері теледидар, тіпті одан бұрын баспа ісі секілді АТ-ны компьютерлердің пайда болуы жаңа деңгейге шығарды.

Ақпараттық технологиялар саласы

Ақпараттық технологиялар саласы ақпараттық жүйелерді құрумен, дамытумен және пайдаланумен айналысады. Ақпараттық технологиялар компьютерлік техника және өзге де жоғары технологиялар саласындағы қазіргі заманғы жетістіктерді, коммуникацияның жаңа құралдарын, бағдарламалық қамтамасыз ету мен практикалық тәжірибені негізге ала және ұтымды пайдалана отырып, адам өмірі мен қазіргі заманғы қоғамның барлық салаларында уақыт, еңбек, энергия және материалдық ресурстар шығындарын азайту үшін ақпараттық үрдісті тиімді ұйымдастыру жөніндегі міндеттерді шешуге арналған. Ақпараттық технологиялар өзара әрекеттесіп, көбінесе құрамдас бөлігі қызмет көрсету, басқару, өнеркәсіптік өндіріс, әлеуметтік үрдістерге кіреді [1].

Тарихы

Дамудың басталуы 1960 жылдардан бастап, алғашқы ақпараттық жүйелердің (АЖ) пайда болуы және дамуымен бірге жүрді.

Инфрақұрылым мен ғаламтор қызметтеріне салынған инвестициялар 1990-шы жылдардың аяғында ІТ саласының қарқынды өсуіне себеп болды.

Технологиялық әлеует және өсу

Гильберт пен Лопес технологиялық прогрестің экспоненциалды өсуін (Мур Заңының бір түрін) 1986-2007 жылдар аралығында барлық ақпаратты өңдейтін машиналардың жан басына шаққандағы қуаттылығының әр 14 айда екі есе артуымен; жан басына шаққандағы телекоммуникациялық мүмкіндіктердің ғаламдық әлеуетінің әр 34 айда екі есе артуымен; әлемде жан басына шаққандағы ақпарат мөлшерінің әр 40 айда (яғни әр үш жыл сайын) екі есе артуымен, ал жан басына шаққандағы ақпараттың таралуы шамамен әрбір 12,3 жылда еселену беталысымен атап өтеді [3].

Бизнеске ақпараттық технологияларды қолдану

Ақпараттық технологиялар мен бизнестің өзара іс-қимылы келесідей:

- 1) АТ-технологиялар іс жүзінде кез-келген бизнестің тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттырады;
- 2) Қазіргі уақытта бүкіл бизнес ғаламторға көшуде, сондықтан кез-келген компанияда жаңа болашақ үшін стратегия болуы тиіс;
- 3) Егер компанияда осындай стратегия болмаса – оның болашағы жоқ [3].

Ақпараттық технологиялар негізгі бизнестің тиімділігін арттыру құралы ретінде мұқият ойластырылып, таразылануы керек. Оң нәтижеге компания басшылығы болашақ әрекеттердің мақсаттары туралы нақты түсінікке ие болған жағдайда ғана қол жеткізіледі. Яғни, егер бизнеске пайда әкелетін құрал пайда болса, бизнестің өзі қалай дамитынын және бизнес-стратегияны сәтті іске асыруды қолдау үшін ІТ технологиясын қолдануды қалай дамыту керектігін алдын-ала болжау қажет. Әйтпесе, бұл өте қуатты құрал, сонымен қатар қымбат және пайдалану қиынға соғып, өкінішке орай, бизнеске пайда әкелмей, ІТ-ге қаражат босқа шығындалады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Абросимова, М.А. Информационные технологии в государственном и муниципальном управлении: Учебное пособие / М.А. Абросимова. - М.: КноРус, 2013. - 248 с.
2. Акперов, И.Г. Информационные технологии в менеджменте: Учебник / И.Г. Акперов, А.В. Сметанин, И.А. Коноплева. - М.: НИЦ ИНФРА-М, 2013. - 400 с.
3. Алешин, Л.И. Информационные технологии: Учебное пособие / Л.И. Алешин. - М.: Маркет ДС, 2011. - 384 с.



ЭЛЕКТР ТОГЫНЫҢ ҚУАТЫ

АБДИКУЛОВ Мухтар Кабылбекович, ЖАТКАНБАЕВ Е.Т.

Түркістан индустриалды-құрылыс колледжі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті

Шымкент, Қазақстан

abdikulov.70@mail.ru, ergazy-1980@mail.ru

Аңдатпа

Мақалада жаратылыстану ғылымының негізгі бір саласы – физикадағы электр тогының қуаты ұғымы терең қарастырылған. Электр тогының түрлері, олардың физикалық мәндері, шамасы, есептеу жолдары мен формулалары нақты келтіріліп, ғылыми талдау жасалған.

Электр қуатын қарастырмас бұрын, физикалық ұғым ретінде жалпы қуаттың не екенін анықтау керек. Әдетте, бұл мән туралы айтқанда, қандай-да бір объектінің белгілі-бір ішкі энергиясы немесе күші еске түседі. Бұл құрылғының қуаты болуы мүмкін, мысалы, қозғалтқыш немесе әрекет (жарылыс). Оны күшпен шатастырмау керек, өйткені бұлар әртүрлі ұғымдар.

Кез-келген физикалық әрекет күш әсерінен жасалады. Оның көмегімен белгілі-бір жол жасалып, яғни жұмыс орындалады. Өз кезегінде, белгілі-бір уақыт ішінде жасалған А жұмысы келесі формула (1) бойынша көрсетілген қуат мәнін құрайды:

$$N = A/t \quad (Вт = Дж / с) \quad (1)$$

Қуаттың тағы бір ұғымы белгілі-бір жүйенің энергиясын түрлендіру жылдамдығымен байланысты. Осындай түрлендірулердің бірі – электр тогының қуаты, оның көмегімен көптеген түрлі жұмыстар орындалады [1]. Ең алдымен, бұл электр қозғалтқыштарымен және пайдалы әрекеттерді орындайтын басқа құрылғылармен байланысты. Ток қуаты бірден бірнеше физикалық шамалармен байланысты болады. Кернеу (U) – бұл 1 кулонды жылжытуға жұмсалған жұмыс. Ток күші (I) 1 секундта өтетін кулондар санына сәйкес келеді. Осылайша, кернеуге көбейтілген ток (I x U) 1 секундта орындалған толық жұмысқа сәйкес келеді. Алынған мән электр тогының қуаты болады (2):

$$P = A / t = I \cdot U \quad (2)$$

Мұндағы: P – ток күші (қуаты), Вт; A – электр тізбегі учаскесіндегі электр тогының жұмысы, Дж; t – электр тогы жұмыс жасаған уақыт, с; U – тізбек учаскесіндегі электрлік кернеу, В; I – ток күші, А.

Ток күшінің (қуатының) берілген формуласы күштің (қуаттың) ток күші мен кернеуге бірдей тәуелді екенін көрсетеді. Бұдан шығатыны, бұл параметрдің бірдей мәні үлкен ток пен төмен кернеудің, керісінше, жоғары кернеу мен төмен токтың әсерінен алынуы мүмкін. Бұл қасиет электр энергиясын қуат көзінен тұтынушыларға алыс қашықтыққа жеткізуге мүмкіндік береді. Бұрыштың кернеуіне ток көтергіш және төмендеткіш қосалқы станцияларында орнатылған трансформаторлардың көмегімен түрлендіріледі [2].

Электр қуатының екі негізгі түрі бар – белсенді және реактивті. Бірінші жағдайда электр тогының қуаты механикалық, жарық, жылу және басқа энергия түрлеріне қайтымсыз айналады. Ол үшін ватт – өлшем бірлігі қолданылады. $1Вт = 1В \times 1А$. Өндіріс пен тұрмыста аса ірі мәндер – киловаттар мен мегаваттар қолданылады. Реактивті қуатқа электромагниттік өріс энергиясының индукциялық және сыйымдылық тербелістеріне байланысты құрылғыларда пайда болатын электр жүктемесі жатады. Айнымалы токта бұл мән келесі формуламен көрсетілген өнім болып табылады (3):

$$Q = U \times I \times \sin(\text{бұрыш}) \quad (3)$$

Бұрыштың синусы жұмыс тогы мен кернеудің төмендеуі арасындағы фазалық ығысуды білдіреді. Q – Вармен өлшенетін реактивті қуат – реактивті вольт-ампер болып табылады (кесте). Бұл есептеулер электр тогының қуатын қалай табуға болатындығын тиімді шешуге көмектесіп, бұл үшін белгілі формула есептеулерді тез орындауға мүмкіндік береді.

Кесте

Айнымалы ток тізбегіндегі қуат

Қуат түрі	Өрнектелуі	Өлшем бірлігі	Формуласы
-----------	------------	---------------	-----------



Белсенді	P	Вт (Ватт)	$P = U \cdot I \cdot \cos\varphi$
Реактивті	Q	Вар (Вольт-ампер реактивті)	$Q = U \cdot I \cdot \sin\varphi$
Толық	S	ВА (Вольт-ампер)	$S = \sqrt{P^2 + Q^2}$
Айнымалы ток қуатының коэффициенті	$\cos\varphi$ $\sin\varphi$		$\cos\varphi = P / S$ $\sin\varphi = Q / S$

Екі қуатты да қарапайым мысалмен көруге болады. Кез-келген электрлік құрылғы қыздыру элементтерімен – жылытқыштармен және электр қозғалтқышымен жабдықталған. Жылытқыш элементтерді жасау үшін жоғары кедергісі бар материал қолданылатындықтан, ток өткен кезде барлық электр энергиясы жылу энергиясына айналады. Бұл мысал белсенді электр қуатын дәл сипаттайды. Электр қозғалтқышына келетін болсақ, оның ішінде индукциялы мыс орамасы бар, ол өз кезегінде өзін-өзі индукциялау әсеріне ие. Осы әсердің арқасында электр қуаты желіге ішінара қайтарылады. Қайтарылған энергия қосымша жүктеме түрінде электр желісіне теріс әсер ететін кернеу мен ток параметрлеріндегі шамалы ығысумен сипатталады. Конденсаторлар жинақталған заряд кері қайтарылған кезде электрлік сыйымдылығына байланысты бірдей қасиеттерге ие. Мұнда ток пен кернеу мәндері тек қарама-қарсы бағытта жылжиды. Бұл қолданыстағы электр желісінің мәндеріне қатысты фазалық ығысатын индукциялық пен сыйымдылық энергиясы реактивті электр қуаты болып табылады. Фаза жылжуына қатысты индукциялық пен сыйымдылықтың қарама-қарсы эффектісінің арқасында электрмен жабдықтау тиімділігі мен сапасын арттыра отырып, реактивті қуаттың өтелуін орындау мүмкін болады [3].

Электр тогының қуаты неге тең деген мәселені дұрыс және дәл шешу электр сымдарының қауіпсіз жұмысын қамтамасыз етуде, сымдар мен кабельдердің дұрыс тандалмаған қимасы салдарынан өрттің алдын-алуда шешуші рөл атқарады. Белсенді тізбектегі ток қуаты оның күші мен кернеуге байланысты. Ток күшін өлшеуге арналған прибор – амперметр бар. Алайда, бұл құрылғыны пайдалану, әсіресе, ғимарат жобасы әлі жасалып жатқан кезде және электр тізбегі болмаған кезде барлық уақытта мүмкін емес. Мұндай жағдайлар үшін арнайы есептеу әдісі қарастырылған. Егер қуат мәні, желі кернеуі және жүктеме сипаты белгілі болса, онда ток қуатын формула бойынша анықтауға болады (4, 5):

$$P = U \cdot I \quad (4)$$

$$P = U \cdot I \cdot \cos\varphi \quad (5)$$

Ток күші мен кернеудің тұрақты мәндеріне қолданылатын ток қуатының формуласы бар. Егер ток пен кернеу арасында фазалық ығысу болса, есептеулер үшін басқа формула қолданылады. Сонымен қатар, қуатты пайдалануға беру және желіге қосу жоспарланған барлық құрылғылардың қуатын қосу арқылы алдын-ала анықтауға болады. Бұл деректер техникалық төлқұжаттарда және құрылғылар мен жабдықтарды пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарда бар. Осылайша, электр тогының қуатын анықтау формуласы (6) бір фазалы желі үшін ток күшін есептеуге мүмкіндік береді:

$$I = P / (U \cdot \cos\varphi) \quad (6)$$

Мұндағы $\cos\varphi$ қуат коэффициенті болып табылады. Үш фазалы электр желісі болған кезде ток күші бірдей формула (7) бойынша есептеледі, тек оған 1,73 фазалық коэффициенті қосылады:

$$I = P / (1,73 \cdot U \cdot \cos\varphi) \quad (7)$$

Қуат коэффициенті жоспарланған жүктеме сипатына толығымен байланысты. Егер сіз тек жарық шамдарын немесе жылыту құрылғыларын қолданғыңыз келсе, онда ол бірлікті құрайды. Белсенді жүктемелерде реактивті компоненттер болған кезде қуат коэффициенті 0,95 деп есептеледі.

Бұл фактор міндетті түрде электр сымдарының қандай түрінің қолданылуына байланысты ескеріледі. Егер құрылғылар мен жабдықтар жеткілікті жоғары қуатқа ие болса, онда коэффициент 0,8 құрайды. Бұл дәнекерлеу машиналарына, электр қозғалтқыштарына және басқа ұқсас құрылғыларға қатысты.

Есептеулер үшін бір фазалы ток болған кезде кернеу мәні 220 вольт ретінде қабылданады. Егер үш фазалы ток болса, есептелген кернеу 380 вольт болады. Алайда, дәл нәтиже алу үшін есептеулерде арнайы құрылғылармен өлшенген кернеудің нақты мәнін қолдану қажет.



Токтың, әртүрлі құрылғылар мен жабдықтардың қуаты бірден екі негізгі мәнге – ток күші мен кернеуге байланысты. Ток неғұрлым жоғары болса, қуат мәні соғұрлым көп болып, сәйкесінше кернеу жоғарылаған сайын қуат та артады. Егер кернеу мен ток бір уақытта жоғарыласа, онда электр тогының қуаты екі шаманың көбейтіндісі ретінде артады (8, 9):

$$N = I \times U \quad (8)$$

$$P = A / t \rightarrow A = IUt \rightarrow P = U \cdot I = U^2 / R \quad (9)$$

Ток қуаты немен өлшенеді деген сұрақ жиі туындайды? Бұл шаманың негізгі өлшем бірлігі – 1 ватт (Вт). Осылайша, 1 ватт – бұл 1 вольтты кернеуде 1 амперлік ток тұтынатын құрылғының қуаты. Мұндай қуат, мысалы, кәдімгі қалта шамынан шыққан шамға ие. Қуаттың есептелген мәні электр энергиясының шығынын дәл анықтауға мүмкіндік береді. Ол үшін қуат пен уақыттың көбейтіндісін алу керек. Формуланың (10) өзі келесідей:

$$W = Iut \quad (10)$$

Мұндағы W – электр энергиясының шығыны, IU туындысы – қуат, ал t – жұмсалған уақыт мөлшері. Мысалы, электр қозғалтқышы неғұрлым ұзаққа созылса, ол соғұрлым көп жұмыс жасайды. Тиісінше, электр энергиясын тұтыну да артады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Алиев И.И. Электротехника и электрооборудование: Справочник: Учебное пособие для вузов / И.И. Алиев. - М.: Высшая школа, 2010. - 1199 с.
2. Аполлонский С.М. Теоретические основы электротехники. Электромагнитное поле: Учебное пособие / С.М. Аполлонский. - СПб.: Лань, 2012. - 592 с.
3. Бессонов, Л.А. Теоретические основы электротехники. Электрические цепи: Учебник для бакалавров / Л.А. Бессонов. - М.: Юрайт, 2013. - 701 с.

АҒАШТЫ БҰРҒЫЛАУ ЖӘНЕ СҮРГІЛЕУ

НАГИЗБЕКОВА Гульмира Тузелхановна, ЖАТКАНБАЕВ Е.Т.


Түркістан индустриалды-құрылыс колледжі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті
Шымкент, Қазақстан
guliati68@mail.ru, ergazy-1980@mail.ru

Андатпа

Мақалада ұстаханалар мен шеберханаларда ағаштан бұйымдар жасауда кеңінен қолданылатын негізгі өңдеу процестері – бұрғылау мен сүргілеу тәсілдерінің ерекшеліктері, аталған өңдеу тәсілдерінде қолданылатын аспап түрлері мен олардың деталдары туралы мәліметтер келтірілген. Зерттеуде негізі басымдық ағаш өңдеу құралдарының құрылысына, олардың тағайындалу ерекшеліктері мен технологиялық өңдеу процестеріне берілген.

Қазіргі кезде ағаштан бұйымдарын жасау мен ұқсатуда көптеген механикалық өңдеу тәсілдері белгілі [1]. Солардың қолмен және технологиялық тұрғыдан орындалатын негізгі түрлерін атап өтелік.

Бұрғылау – бұл ағаш бөліктерінің түйреуіштер, бұрандалар, болттар және басқа да ағаштық бөліктерді шиыршықты бекіту мақсатында дөңгелек саңылаулар тесіктер жасау үшін орындалатын ұсталық операция [2]. Сонымен қатар, бұрғылау арқылы ағаштың көздері мен түйіндерінің ақауларын алып тастайды, содан кейін оларды желімдеп ағаш тығындармен жабады. Ағашты бұрғылау үшін спиралды, орталықтық, бұрандалы және басты бұрғылар қолданылады (1 сурет).



а, б – спиралды; в, г – орталықтық; д – бұрандалы; е – басты

1 сурет – Бұрғылар

Конусты қайрамасы бар спиралды бұрғыларды (1а сурет) ағашты көлденеінен және тігінен, сонымен қатар деталь беттеріне бұрыштап бұрғылау үшін қолданылады. Бағыттағыш орталықтары мен кескіші бар спиралды бұрғылар (1 б сурет) тақтауларды көлденең бұрғылауға арналған. Спиралдық бұрғылар саңылаудан үгінділерді шығаруға арналған бұрындалық ойықтарға ие. Олар терең де, дәл саңылаулар салады.


Тегіс (1 в сурет) және цилиндрлі (1 г сурет) басы бар орталықтық бұрғылар тақтай бойымен көлденең саңылаулық және таяз ойықтар жасауға арналған. Цилиндрлік басы бар орталықтық бұрғыларды сонымен қатар шарнирлік тұзақтарға арналған саңылауларды бұрғылау үшін қолданады. Орталықтық бұрғылар диаметрі 12 ... 50 мм терең емес саңылауларды бұрғылайды. Мұндай бұрғы төмен орналасқан кескіші бар шиыршықтан, кескіш жиек (алмас) пен бағыттағыш орталықтан (істіктен) тұрады.

Жұмыс кезінде үгінділерді шығарып отыру үшін бұрғыны жиі суырып отыруға тура келеді.

Бұрандалы бұрғыларды (1 д сурет) сүрек арқылы ағашты бұрғылау үшін қолданады. Бұрандалы бұрғылар диаметрі 10 ... 30 мм.

Басты бұрғылар (1 е сурет) бұранда немесе болттар үшін саңылаулар жасауда пайдаланылады.

Бұрғыларды ұсақ түйіршікті тегістеуіш дөңгелектермен қайрауға немесе қолмен қайрайды. Қайрақпен қайрау кезінде бұрғының қаттылығы қайрақ қаттылығынан кем болуы керек. Бағыттағыш орталығы бар бұрғының кескіш алмасын артқы жағынан, кескішті – ішкі жағынан, бағыттағыш орталықты – пирамида қырлары бойымен қайрайды. Конустық қайрамасы бар спиральды бұрғыларды конус түзуші бойымен артқы қырын қайрайды. Қайрау қолмен немесе қайрау құралдарының көмегімен жүргізіледі.



2 сурет – Механикалық және айналмалы бұрғылар



Саңылауды бұрғылау кезінде бұрғы екі: айналмалы (сағат тілімен) және түспелі (тесікке терең ену) қозғалысты орындауы керек. Бұрғыны айналдыру үшін ортасында айналдыру үшін тұтқасы, ал шиыршықтың жоғарғы ұшында қысатын басы, ал төменгі ұшында – бұрғы тісін бекітуге арналған патроны бар сақиналы шиыршық түріндегі айналдырмалы роторды қолданған дұрыс (2 сурет). Айналдырма оңға да, солға да айналуы тиіс. Оның айналу бағыты коммутатор сақинасымен орнатылады. Егер патронға бұрауыш немесе кілтті орнатуға болатын болса, онда айналдырма арқылы бұрандаларды, болттарды және бұрамаларды бұрауға болады. Айналдырма көмегімен диаметрі 10 мм-ге дейін тесіктерді бұрғылауға болады. Қолмен бұрғылауға арналған айналдырмадан басқа механикалық бұрғылар да қолданылады (2 сурет).

Бұрғылауды орындау үшін дайындаманы жұмыс үстеліне бекітіп, содан кейін тесіктің ортасын белгілеп, оны сағылауды теседі. Тесу ортасын анықтағаннан кейін бұрғылау басталады. Қалың кеспектердегі саңылаулар әдетте екі жағынан бұрғыланады. Жіңішке тақтайларда артқы жағынан төсеніш тақтасымен бір жақты бұрғылау жасалады. Дайындаманың бетіне қатысты бұрыш жасай отырып бұрғылау кезінде алдымен тік тесік таяз тереңдікте бұрғыланып, содан кейін бұрғылауды тоқтатпай, дайындаманың бетіне дұрыс бұрышпен бұрылайды. Бұрышпен бұрғылау кезінде алдымен ұяның жоғарғы жағын кесіп, содан кейін бұрғылауды орындауға болады.

Сүргілеу – тегіс және таза бетті ағаш бұйымын алу мақсатында орындалатын ұсталық операция [3].

Алынатын бет сипатына байланысты қолмен сүргілеу жұмысшы немесе тұрпайы, орташа тазалықты және ерекше таза болып бөлінеді. Бет сипаты қолданылатын аспап – ұсталар өз жұмысында қолданылатын сүргі түріне тәуелді.

Кез-келген сүргі орнатпасы бар ағаштан немес металдан жасалған тағаннан, кескі немесе жонғыдан тұрады. Тағанның төменгі бөлігі табан деп аталады.

Жұмысша сүргілеу үшін тұрпайы сүргі мен ойық салғыш сүргі, орташа тазалықты сүргілеу үшін – жекелік және қосарлы сүргілер, ал ерекше таза сүргілеу үшін – орнатпалы сүргілер қолданылады.

Тұрпайы сүргі (3 а сурет) тегіс алмасы бар жалпақ қырғышқа ие. Қос тұтқалармен жабдықталғандықтан, онымен екі адам жұмыс жасайды.

Ойық салғыш сүргі (3 б сурет) шеңберленген қырғышқа ие. Бұл жұмыс жасауды оңайлатқанымен, бұйым беті науа түрінде тегістеледі. Онымен бір ғана адам жұмыс жасайды.

Жекелік сүргінің (3 в сурет) бір қырғышы бар. Қырғыштың жұмысшы бөлігі тіксызықты. Оның ені 50 мм. Сүргідегі қырғыш ойық салқыш сүргімен салыстырғанда таған табаны шегінен аз түседі. Бұл барынша жұқа ағаш үгінділері мен таза беттің алынуына жол ашады. Сүргі тағаны 25 см ұзындыққа ие.


Қосарлы сүргі (3 г сурет) ерінше деп аталатын екінші қырғыштың бірінші қырғышқа бұрандамен бекітілуімен ерекшеленеді. Оның тағайындалуы – кептелістерді болдырмау үшін үгінділерді шығарып отыру.

Орнатпалы сүргі (3 д сурет) 70 см ұзындыққа ие болып, қарапайым сүргіге қарағанда екі қырғышпен жабдықталған.

Суреттелген сүргілерден басқа арнайы операциялар орындауға арналған сүргілер де қолданылады.

Зензубель (3 е сурет) күрекше түріндегі қырғышы бар сүргі болып табылады. Оның қырғышы тағанның бүйір бетіне бұрышпен орнатылған. Мұндай зензубель тазарту кезінде өте қолайлы.

Фальцгобель (3 ж сурет) зензубельден қырғышының екі көтерілмесінің болуымен ерекшеленіп, олардың біреуі сүргілеу енін, ал екіншісі – сүргілену тереңдігін қамтамасыз етеді.



а – тұрпайы сүргі; б – ойық салғыш сүргі; в – жекелік сүргі; г – косарлы сүргі; д – орнатпалы сүргі, е – зензубель; ж – фальшгобель; з – бүкір сүргілер: 1 – темір орнатпа; 2 – таған; 3 – сына; 4 – бүкір сүргілер

3 сурет – Қол сүргілер

Бүкір сүргілер (3 з сурет). Бұлар дөнес немесе ойыс пішінді табанға ие болғандықтан, қисық сызықты беттерді өндеуде кеңінен қолданылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Клюев, Г.И. Столяр (повышенный уровень): учебное пособие / Г.И. Клюев. – М.: Академия, 2011. – 80 с.
2. Степанов, Б.А. Материаловедение для профессий, связанных с обработкой дерева: учебник для НПО; учебное пособие для СПО / Б.А. Степанов. – 7-е издание, переработанное и дополненное. – М.: Академия, 2012. – 328 с.
3. Степанов, Б.А. Технология плотничных, столярных, стекольных и паркетных работ: / Б.А. Степанов. – 4-е издание. – М.: Академия, 2012. – 336 с.



ХИМИЯ САБАҚТАРЫНДАҒЫ КӨРНЕКІЛІК ҚАҒИДАСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ ЖАТҚАНБАЕВ ЕРҒАЗЫ ТЛЕУБАЕВИЧ, ӘЛІХАН Н.А., БЕКЖАНОВА К.М.

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті
Шымкент, Қазақстан
ergazy-1980@mail.ru

Аңдатпа

Мақалада ортамектепте химия сабақтарында көрнекілік құралдарын пайдалану бойынша негізгі қағидалар мен ережелер мазмұндалған. Сондай-ақ, көрнекі оқыту әдістерінің түрлері, көрнекіліктерді тиімді қолдану шарттары мен іске асыру аспектілері терең қарастырылған.

Қазіргі уақытта оқытудың әртүрлі кезеңдерінде көрнекілік құралдарды қолдануға көбірек көңіл бөлінуде. Бұл олардың құбылыстардың дамуын, олардың динамикасын көрсетуге, оқу ақпаратын белгілі-бір мөлшерде хабарлауға және білімді игерудің жеке үрдісін басқаруға мүмкіндік беретіндігіне байланысты. Олар оқушылардың танымдық қызығушылықтарын ынталандырады, белгілі-бір жағдайларда оқушылардың оқу жұмысына эмоциялық қатынасын арттырады, бейнелердің жан-жақты қалыптасуын қамтамасыз етеді, білімді берік игеруге, ғылыми білімнің өмірмен байланысын түсінуге ықпал етеді, мұғалімдердің уақытын үнемдейді.

Оқыту кезіндегі көрнекіліктің қолданылу саласы әлі анықталған жоқ. Тәжірибе көрсеткендей, көрнекілік барлық уақытта кеңейе және тереңдей отырып, кешенді де, аспектілік оқыту кезінде қолданылады.

Оқудағы көрнекілік мәселесі мен көрнекілік қағидасына Ю.К. Бабанский, В. В. Давыдова, Я. А. Коменский, А.Н. Леонтьев, К.Д. Ушинский және басқалар көп көңіл бөлді [1].

Көрнекілік қағидасы – дидактикадағы ең көне және маңыздылардың бірі – оқыту тиімділігі оқу материалын қабылдау мен өңдеуге сезім мүшелерін мақсатты түрде тартуға байланысты екендігін білдіреді. Дидактиканың бұл «Алтын ережесін» Я.А. Коменский тұжырымдап кеткен болатын. Оқу үрдісінде оқушыларға байқауға, өлшеуге, тәжірибе жүргізуге, іс жүзінде жұмыс істеуге – сол арқылы білімге жетелеуге мүмкіндік беру керек. Егер педагогикалық үрдістің барлық кезеңдерінде нақты заттарды беру мүмкін болмаса, онда келесі көрнекі құралдар қолданылады: модельдер, суреттер, зертханалық жабдықтар және т. б.

Алайда, көрнекілікті қолдану білім мен дағдыларды қалыптастыруға, ойлауды дамытуға ықпал ететін дәрежеде болуы керек. Демонстрация және пәндермен жұмыс дамудың кейінгі сатысына алып келіп, нақты бейнелік және көрнекі-тиімді ойлаудан дерексіз, ауызша-логикалық ойлауға ауысуды ынталандыруы керек.

Бұрынғы Кеңес Одағында ғылыми педагогиканың негізін қалаушы К.Д. Ушинский оқытудың көрнекілігі туралы ілім жасады. Ол визуалды оқыту абстрактілі идеялар мен сөздерге емес, бала тікелей қабылдаған нақты бейнелерге негізделген деп санайды; сенсорлық имидж негізінде ақыл-ой әрекетін қалыптастырудың қуатты құралы ретінде әрекет етеді. Көрнекі оқыту туралы К.Д. Ушинский өзінің «Туған сөз» оқулығында былай деп жазады: «Көрнекі оқыту дегеніміз не? Ия, бұл дерексіз идеялар мен сөздерге емес, бала тікелей қабылдаған нақты бейнелерге негізделген оқыту: бұл суреттер мұғалімнің өзі, тәлімгердің басшылығымен немесе бұрын баланың тәуелсіз бақылауымен қабылданады ма, сондықтан тәлімгер баланың жүрегінде дайын бейнені тауып, оған ілім негізін салады». Бұл идеялар отандық педагогикалық ойдың дамуында шешуші болады.

Білім беру мен оқытудағы көрнекілік мәселесі И.Г. Песталоцци, Т. Кампанелла, Дж. Локк, Р. Оуэн, Ж.-Ж. Руссо және басқалардың еңбектерінде белсенді түрде дамыды [2].

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы танымал педагог П.Ф. Каптерев көрнекі оқытудың бастауын ашып, оның балаларды бастауыштық тәрбиелеу мен оқытудағы рөлін көрсетіп, көрнекі оқыту теориясын негіздеді. Ол көрнекіліктің келесі: «Толық көрнекілік, жартылай және ақыл-ой немесе есте сақтау көрнекілігі» түрлерін анықтап, оларға сипаттама берді. П.Ф. Каптерев педагогикалық үрдістің барлық кезеңдерінде көрнекілікті қолдануды ұсынды.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, біз қазіргі мұғалім басшылыққа алуы тиіс көрнекіліктің келесі заңдылықтарын ұсына аламыз:

1. Жүз рет естігеннен гөрі бір рет көрген жақсы. Балалар көрген нәрсе ойды оятады және жақсы есте қалады.
2. Егер кейде заттар болмаса, олардың орнына оқуға жарамды көшірмелер мен суреттерді қолдануға болады.



3. Көрнекіліктің әртүрлі түрлерін қолданындар – табиғи нысандар, диаграммалар, суреттер, карталар, муляждар, экрандағы кескіндер. Ең жақсы көрнекі құрал – бұл оқушылардың өздері жасаған көрнекіліктер.

4. Көрнекілікпен шектелмеңіз, бұл тек оқу құралы. Көрнекілік білім беру мәселесінің қайнар көзі, оқушының нәтижесін ұсыну тәсілі, білімді жүйелеу құралы, өзін-өзі бағалау нысаны бола алады.

Көрнекілік қағидасын іске асыру визуалды әдістерді қолдану арқылы мүмкін болады.

Оқытудың көрнекілік әдістері деп оқу материалын игеру оқу үрдісінде қолданылатын көрнекі құралдар мен техникалық құралдарға айтарлықтай тәуелді болатын әдістер түсініледі. Көрнекілік әдістер ауызша және практикалық оқыту әдістерімен өзара байланыста қолданылып, оқушыларды құбылыстармен, үрдістермен, объектілермен табиғи түрде немесе символдық бейнеде барлық суреттер, репродукциялар, сызбалар және т.б. қолдана отырып, көрнекі және сезімтал түрде таныстыруға арналған.

Көрнекі оқыту әдістерін шартты түрде екі үлкен топқа [3] бөлуге болады: иллюстрация әдісі және демонстрация әдісі.

Иллюстрация әдісі оқушыларға иллюстрациялық құралдарды, плакаттарды, кестелерді, картиналарды, карталарды, тақтадағы эскиздерді, жалпақ модельдерді және т. б. көрсетуді қамтиды.

Демонстрация әдісі әдетте аспаптарды, эксперименттерді, техникалық қондырғыларды, фильмдерді, презентацияларды және т.б. көрсетумен байланысты.

Көрнекілік құралдарының иллюстрациялық және демонстрациялық болып бөлінуі шартты болып табылады. Бұл көрнекіліктің жеке құралдарын иллюстрациялық және демонстрациялық топқа жатқызу мүмкіндігін жоққа шығармайды. Оқу үрдісіне жаңа техникалық құралдарды енгізу (компьютерлер, интерактивті тақталар) оқытудың көрнекі әдістерінің мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Қазіргі жағдайда жеке қолданыс компьютері секілді көрнекілік құралдарын қолдануға ерекше назар аударылады. Компьютерлер белгілі-бір үрдістер мен жағдайларды моделдеуге, белгілі-бір критерийлер бойынша ең оңтайлы шешімдерді таңдауға мүмкіндік береді, яғни, оқу үрдісіндегі көрнекілік әдістер мүмкіндіктерін едәуір кеңейтеді.

Көрнекілікті тиімді қолдану шарттары

Оқытудың көрнекі әдістерін қолданған кезде бірқатар шарттарды сақтау қажет:

а) Қолданылатын көрнекілік оқушылардың жасына сәйкес келуі керек;

ә) Көрнекілік өлшеммен қолданылып, оны біртіндеп және сабақтың тиісті сәтінде ғана көрсету керек;

б) Бақылау барлық оқушылар демонстрацияланушы пәнді жақсы көре алатындай етіп ұйымдастырылуы тиіс.

Химияны оқытуда көрнекілікті қолдану химиялық объектілердің кескіндерінің белгілі-бір қорын қалыптастыру үшін жағдай жасау болып табылады. Дегенмен, көрнекі түрде барлық білім болмауы керек, тек олардың сенсорлық таныммен, белгілі-бір бейнелерді жасау үрдісімен байланысты белгілі-бір компоненттері болуы керек. Химияны оқытуда көрнекілік қағидасы оқушылар жасаған барлық идеялар мен тұжырымдамалардың зерттелетін заттар мен химиялық үрдістерді бақылаудан тікелей алынған қабылдауға негізделуін талап етеді.

Химияны көрнекілік оқытудың негізінде келесі ережелер жатыр: оқушылардың зерттелетін заттарды, химиялық реакцияларды, өндірістік үрдістерді тікелей қабылдауы; мұғалімнің жетекшілігімен оқушылардың пәндер мен құбылыстарды емес, олардың бейнелік және сызбалық бейнелерін (презентациялар, тәжірибелер, сызбалар, кестелер, реакциялар, макеттер, модельдер және т.б.) қабылдауы және олармен жұмыс істеуі. Оқушылар заттар мен құбылыстардың бейнелік және сызбалық бейнелерін қабылдай отырып, қиялдың үлкен қатысуымен олардың идеясын құрайды. Көрнекілік химияны оқыту үрдісінің негізгі бағыттарының бірін көрсетіп, оқушылардың қабылданған объектілерге қатынасын анықтайды.

Мысалы, зертханалық жұмыстар немесе демонстрациялық тәжірибелер кезінде көрнекілік құралдарды келесідей пайдалануға болады:

- бірінші кезеңде оқушылар нақты химиялық эксперименттерді (ерітінді түсінің өзгеруін, газдың бөлінуін, тұнба түзілуін және т.б.) жүргізу нәтижесін, сондай-ақ реактивтердің сыртқы түрін, оларды аспаптар немесе индикаторлар көмегімен зерделеуді тікелей көреді, аспаптың бөлшектерін немесе аспаптың өзін көреді;

- екінші кезеңде оқушылар химиялық үрдістер мен құбылыстарды тіркейді, химиялық байланыстардың пайда болуы мен бұзылуын, молекулалар мен атомдар құрылымын және т.б. графиктік түрде көрсетеді;

- үшінші кезеңде (рефлексия) мультимедиялық көрнекілікті қолданған жөн, бұл I және II кезеңнің көрнекілік динамикасында біріктіруге ғана емес, сонымен қатар ақпараттық технологияны



қолдану арқылы мультимедиялық фрагменттерді енгізу арқылы олардың мүмкіндіктерін едәуір кеңейтуге және байытуға мүмкіндік береді. Көрнекіліктің III кезеңінің ерекшелігі – нақты химиялық объектіні және оның мәнін түрлі деңгейлерде біріктіру мүмкіндігі. Сонымен қатар, компьютер қолданушыға (оқушыға немесе мұғалімге) демонстрацияларға белсенді қосылуға, қажет болған жағдайда зерттелетін материалды жеделдетуге, баяулатуға немесе қайталауға, күрделі химиялық үрдістерді басқару мен модельдеуге, қажетті ақпаратты жүйелеуге, жіктеуге және монитор экранында бекітуге және т. б. мүмкіндік береді.

Оқу үрдісінде көрнекілік құралдарын қолдану оқушылардың ақпаратты игеру сапасын жақсарту, психиканы дамыту және мұғалімдердің педагогикалық мүмкіндіктерін шешу үшін өте маңызды. Я.А. Коменский, К.Д. Ушинский көрнекілік саналы және берік білім алуға ықпал етеді, теория мен практиканың байланысын жүзеге асырады, нақты және дерексіз байланыс негізінде дерексіз ойлаудың дамуына ықпал етеді, танымдық қызығушылық пен белсенділікті қалыптастырады деп сендірді:

- көрнекілік материалды қолдану кезінде белгілі-бір талаптарды сақтау қажет;
- сабақ тақырыбына сәйкес келуі тиіс көрнекілік құралдарын тиімді пайдалануды қамтамасыз ету;
- сабақта бар жағдайға сәйкес әрекет ете білу, көрнекілік материалдың қандай мақсатта тартылатынын білу, онымен жұмыс істеу міндеттерін нақты елестету;
- сабақтың барысы көрнекі материалға бағынбауы керек. Сабақ барысында көрнекілікті пайдалану және қажетті кезеңде уақтылы қолдану, балалар зерттелетін объектінің қасиеттерін, күйлерін немесе әрекеттерін ерекшелейтін бақылауды бағыттау мүмкіндігі;
- көрнекілікті объектілер немесе құбылыстар арасындағы байланысты түсіну үшін тірек нүктесі ретінде пайдалану. Сабақта балалардың өмірлік тәжірибесіне сүйене отырып, нақты түсінігі бар көрнекі материалды бірден көрсетпеу керек;
- сөз бен көрнекі құралдарды қолданудың біртұтастығы ережелерін сақтау;
- көрнекілікті жеке тұлғаның барлық (эстетикалық, адамгершілік) жақтарын қабылдау мақсатында пайдалану.

Зерттеулер көрсеткендей, оқиғаны зерттеліп жатқан нәрсені суреттеу арқылы сүйемелдеу ассимиляция деңгейін едәуір арттырады. Сонымен, ақпаратты есту арқылы қабылдаудың тиімділігі 15%, көру қабілеті 25% құрайды, ал оларды оқу үрдісіне бір уақытта қосу қабылдау тиімділігін 65% дейін арттырады.

Көрнекілік қағидасын іске асыру көбінесе дидактикалық материалдар мен техникалық құралдар сапасына, мұғалімнің (оқытушының) оларды пайдалану дағдыларына ие болуына, оқу орындарында оқу құралдарын, диаграммаларды, слайдтарды, фотоларды, презентацияларды көрсетуге, теледидар мен басқа да көрнекі құралдарды қолдануға байланысты.

Әдебиеттер тізімі

1. Габриелян О.С. Химия. 10 класс: Настольная книга учителя / О.С. Габриелян, И.Г. Остроумов. – М.: Дрофа, 2004. – 480 с.
2. Педагогика: учебное пособие / Под редакцией П.И. Пидкасистого. – М.: Педагогическое общество России, 2006. – 608 с.
3. Хомченко, Г.П. Демонстрационный эксперимент по химии / Г.П. Хомченко, Ф.П. Платонов. – М.: Просвещение, 1998. – 156 с.

ХИМИЯНЫ ОҚЫТУДАҒЫ ПРОБЛЕМАЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАР ШАДИЯРБЕК Аида Мәдәліқызы, ЖАТҚАНБАЕВ Е.Т., БЕКЖАНОВА К.М.

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті
Шымкент, Қазақстан
aida.shadiarbek@mail.ru, ergazy-1980@mail.ru

Аңдатпа

Мақалада проблемалық оқыту дамытушылық оқытудың ерекше түрі ретінде қарастырылған. Сонымен қатар проблемалық жағдаймен сабақ құрудың мысалы келтірілген.

Проблемалық оқыту технологиясының пайда болуы оқыту әдістемесінің дамуындағы жаңа кезеңді белгіледі.



Проблемалық оқыту – бұл оқытудың ерекше түрі, оның ерекшелігі оқушылардың оқу үрдісінде даму функциясы болып табылады.

Бұл технология оқушылардың белсенділігін арттыру және қарқынды негізінде құрылады. Мұндай оқыту аясында мұғалімнің алдында тұрған негізгі міндет – оны қолдану шеңберін анықтау.

Оқушылар мұғалімнің алдына қойылған мәселелерді ондағы проблеманы анықтау үшін мазмұнды талдауды қолдана отырып шешуі, содан кейін кезеңдердің орындалу алгоритмін бір-біріне бағыну тәртібімен анықтауы керек [1].

Химия сабақтарында проблемалық жағдайларды құрудың негізгі әдісі – мұғалімнің оқушылар оқыған теорияларға, үйренген заңдар мен тұжырымдамаларға сәйкес келмейтін жаңа фактілерді хабарлауы.

Психологиялық ғылым проблемалық жағдайда адамның өнімді танымдық іс-әрекеті кезеңдерінің белгілі-бір дәйектілігін анықтады:

Проблемалық жағдай → проблема → оны шешу жолдарын іздеу → проблеманы шешу [2].

Проблемалық оқыту аясында химия сабақтарында ұтымды қолданылатын сабақтың үзіндісін қарастырамыз.

«Жай заттар – бейметалдар, оларды металдармен салыстыру» сабағы жай заттардың (кремний, қалайы, йод, темір, күміс және графит) атау таңбасынсыз суреттерін көрсетуден басталады. Оқушыға келесі тапсырма беріледі: жай заттардың үлгілерін қарастыру және осы үлгілерге сәйкес келетін дұрыс мәлімдемелерді таңдау:



- 1) Үлгілердің барлығы - қатты заттар.
- 2) Барлық үлгі металдық жаркылға ие.
- 3) Барлық үлгі – металдар.



Таким образом, исходя из опыта работы, при организации и проведении современных уроков физической культуры необходимо обязательное использование ИКТ, что позволит успешно совмещать физический труд с умственным трудом, развивать интеллектуальные и творческие способности студентов, развивать общее мировоззрение.

В результате применения инновационных технологий в повышении эффективности и качества занятий физической культурой удается:

- всестороннего раскрытия способностей обучающихся;
- повышение интереса и мотивации к предмету;
- научить быть уверенными в себе;
- учить применять полученные знания в различных ситуациях;
- обучающиеся становятся победителями и призерами олимпиад по физической культуре.



ЦЕЛЫЙ МИР –В МУЗЫКЕ

Динара БАЙЛОВА

№2 клуб- ЮНЕСКО

Караганда, Казахстан

kmutatyn@mail.ru

Музыка открывает нам целый мир высоких чувств , страстей, мыслей .Околдовывает ,унося за собой в бесконечность. Она делает нас добрее, искреннее, помогает проявлять свои чувства. Это один из величайших даров ,которые нам послал Всевышний.

Шум прибора, журчание ручья , стук копыт коня, щебетание птиц- кажется , что это простые природные звуки , но если прислушаться , то можно услышать мелодии ,ритмы.

Музыка присутствует в каждом из нас ,и мы по- разному ее воспринимаем. Находясь еще в утробе матери , мы слышим звуки – это ритм сердцебиения самого близкого человека ,мамы.

Через музыку человек может высказать свои чувства – радость, боль, страх и любовь .К какой бы мы нации ни принадлежали , на каком бы языке ни разговаривали – музыка объединяет всех. В ней нет никакого барьера ,возрастных категорий – она доступна всем .Еще в глубокой древности наши предки использовали музыку для врачевания болезней души и тела.

Любите и изучайте музыку , и тогда вы увидите мир в других тонах и красках. Откройте двери в мир музыки ,она научит вас общаться с человеческим сердцем.

Музыка хорошо способствует развитию памяти , фантазии ,кругозору, формирует мышление и умение двигаться в такт , а игра на инструменте хорошо влияет на моторику и пластику движений.

Дмитрий Кабалевский говорил : «Интерес к музыке ,увлеченность музыкой ,любовь к ней- обязательные условия для того, чтобы она широко раскрыла и подарила вам свою красоту».

Человеку должно быть доступно не только чтение литературных произведений ,но и слушание шедевров музыкального искусства , их понимание. Ведь не даром говорят –музыка начинается там, где кончается слово.

Столетиями звучат произведения Бетховена, Баха, Моцарта, Чайковского, кюи Курмангазы , Дины, Даулеткерей , Таттимбета , Сугира и многих великих музыкантов .Еще долгие века будет передаваться их музыка из поколения в поколение , и как сказано : « Ничто не вечно, а музыка вечно !».

Художество , вокальное пение ,скульптура ,музыка – ничто не раскрывает человека так , как эти виды искусства ,будь ты исполнитель или слушатель . Музыка –это искусство , создаваемое человеком .

И пока мы слышим музыку , в мире будет существовать вера , надежда и любовь. В жизни нас окружает множество разнообразных звуков: шум деревьев, жужжание пчел, раскаты грома, городской шум, голоса людей и животных. И, конечно, музыка! Каждый день большинство из нас слушает разную музыку, которая, так или иначе встретится где-нибудь, независимо от того, хотим мы этого или нет – в машине, автобусе, супермаркете, кинотеатре, на улице, на дискотеке, – везде, где бы мы ни находились, нас сопровождают звуки музыки. При этом вряд ли кто-то задумывается, какое огромное влияние она оказывает на наш внутренний мир, наше поведение и здоровье.

Музыку можно не только видеть и слышать, но и чувствовать. Например, великий музыкант Людвиг Ван Бетховен был глухим, но это не помешало ему создавать мировые шедевры. Он просто брал в рот деревянную трость, другой конец которой клал на инструмент. Музыкант чувствовал, какую музыку он играет.

Музыка служит не только для удовлетворения эстетических потребностей человека. Она вводит в транс, помогает в труде, ведет в бой и излечивает душевные раны.

1. Музыка — это универсальный язык. Это вдохновляет общие человеческие чувства, объединяет разрывы между культурами, которыми разговорные языки не могут, объединяет людей и создает универсальную общность

2. Музыка вдохновляет и вызывает эмоции, которые иногда трудно выразить. Это может изменить настроение.

3. Музыка повышает уровень обучения и делает ее еще более приятной. Научно доказано, что музыка улучшает функционирование мозга. Играя музыку использует много мозговых функций одновременно: управление двигателем, воображение, слух, взгляд и т.д.

4. Музыка создает атмосферу. Вы можете использовать музыку в любой среде, чтобы улучшить и улучшить то, что уже есть.



5. Музыка духовная. Все религии пользуются музыкой, которая помогает выражать духовные ценности, и все религии пользуются музыкой, чтобы поднять дух.

6. Музыка искрила воображение. Она вызывает психические образы и внутреннюю декорацию, открывает ум к удивительной прозорливости.

Я считаю, что музыка вокруг нас. Музыка является даром от Бога, священным проявлением Вселенской энергии жизненной силы, которая создает всех нас.

Подводя итог своей работы, следует отметить, что данная тема может не только заинтересовать людей, но и позволит им значительно больше узнать о пользе или вреде своих музыкальных пристрастий.

Мы еще раз убедились в многогранности музыки и ее важности в жизни человека. Для меня музыка имеет такое же значение, как для любого человека, но, иногда мне кажется, что без музыки я не прожила бы и дня. И это действительно так. Каждый из нас должен четко понимать только одно: для каждой музыки есть своё место и своё время. Запрещать слушать одно и заставлять слушать другое – нелепо. Человек, одарённый душевно и понимающий значение музыки в нашей жизни, поистине счастлив.

Я убеждена в том, что театральная деятельность должна стать средством формирования ценностных основ отношения к миру, отношения к природе, отношения к другим людям, отношения к себе и своей деятельности.

С большим удовольствием я отмечаю, что мои занятия приносят детям радость и пользу.

Видя благодарные сияющие глаза детей, понимаю - вот та отдача, к которой стремлюсь во время каждой встречи с детьми.

ОРТА МЕКТЕП ХИМИЯ КУРСЫНДА АКТ-НЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУ ПРОЦЕСІНІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ

ЕЛЕМЕС Айша Сыпабекқызы, ТҮРСЫНБЕК Айым Әділбекқызы

Ғылыми жетекшісі – Айдарова А.О.

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Ұстаз институты
Тараз, Қазақстан

aishaelemes@bk.ru, elemesaisha2000@gmail.com

Аннотация

Ұсынылып отырған мақала орта мектеп химия курсында АКТ-ны тиімді қолдануды түсіндіреді. Ақпараттық коммуникациялық технологиялардың функционалдық мақсаты негізінде оқытуда қолданылатын компьютерлік құралдардың сегіз түрі сипатталады. АКТ қолдану жүйесінің кезеңдерінің сабақта қолданылуымен түсіндіреді. Оқу процесін оңтайландыру үшін АКТ қолданудың артықшылықтары баяндалады.

Жалпы білім берудің мемлекеттік білім беру стандарттарының ерекшелігі-олардың белсенділік сипаты, ол оқушының жеке басын дамытуды басты міндет етеді. Қазіргі білім білім, білік және дағды түрінде оқыту нәтижелерін дәстүрлі түрде ұсынудан бас тартады, бұл нақты қызмет түрлерін көрсетеді.

Қойылған міндет жаңа жүйелік-әрекеттік білім беру парадигмасына көшуді талап етеді, ол өз кезегінде жаңа стандартты іске асыратын педагог қызметінің қағидатты өзгерістерімен байланысты. Сондай-ақ оқыту технологиялары да өзгеруде, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) енгізу білім беру мекемесінде әрбір пән бойынша білім беру шеңберін кеңейтуге елеулі мүмкіндіктер ашады.

Мұндай жағдайда білім берудің классикалық моделін жүзеге асыратын дәстүрлі мектеп нәтижесіз болды. Мұғалімдер алдында білім, білік, дағдыларды жинақтауға бағытталған дәстүрлі оқытуды баланың жеке басын дамыту процесіне айналдыру мәселесі туындады.

Оқушылардың іс-әрекетінің түрлерін өзгертуге жағдай жасайды, денсаулықты сақтау принциптерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта әртүрлі көздерден ақпарат алу, оны пайдалану және оны өзіңіз жасау мүмкіндігі қажет. АКТ-ны кеңінен қолдану мұғалімге өз пәнін оқытуда жаңа мүмкіндіктер ашады, сонымен қатар оның жұмысын едәуір жеңілдетеді, оқытудың тиімділігін арттырады және оқыту сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Оқыту процесінде жаңа технологияларды пайдалану арқылы соның ішінде АКТ пайдалану арқылы дәстүрлі сабақтан кету білім беру ортасының біркелкілігін және оқу процесінің монотондылығын жоюға мүмкіндік береді, оқушылардың іс-әрекетінің түрлерін өзгертуге жағдай



жасайды, денсаулықты сақтау принциптерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Пән мазмұнына, сабақтың мақсатына, оқушылардың дайындық деңгейіне, олардың білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндігіне, оқушылардың жас санатына байланысты технологияны таңдау ұсынылады. Көбінесе педагогикалық технология келесідей анықталады:

1. Әдістер жиынтығы-педагогикалық іс-әрекеттің терең процестерінің сипаттамаларын, олардың өзара әрекеттесу ерекшеліктерін көрсететін педагогикалық білім саласы, оны басқару оқу процесінің қажетті тиімділігін қамтамасыз етеді;

2. Әлеуметтік тәжірибені берудің формалары, әдістері, әдістері мен құралдарының жиынтығы, сондай-ақ осы процестің техникалық жабдықталуы;

3. Оқу-танымдық үдерісті ұйымдастыру тәсілдерінің жиынтығы немесе мұғалімнің нақты іс-әрекетімен байланысты және қойылған мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған белгілі бір іс-қимылдардың, операциялардың дәйектілігі (технологиялық тізбек) [1].

Соның ішіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланып оқыту технологиясына тоқталсам: АКТ-ны қолдану білім беруді жаңғыртудың негізгі мақсатына оқыту сапасын жақсартуға, ақпараттық кеңістікте бағдарланған, қазіргі заманғы технологиялардың ақпараттық-коммуникациялық мүмкіндіктеріне қосылған және ақпараттық мәдениетке ие тұлғаның үйлесімді дамуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ бар тәжірибені ұсынуға және оның нәтижелілігін анықтауға ықпал етеді. Пән мазмұнына, сабақтың мақсатына, оқушылардың дайындық деңгейіне, олардың білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндігіне, оқушылардың жас санатына байланысты технологияны таңдау ұсынылады. Педагогикалық шеберлік ғылымның, техниканың және олардың өнімі ақпараттық технологиялардың қазіргі даму деңгейіне сәйкес келетін білім мен дағдылардың бірлігіне негізделген.

Мен қойылған мақсаттарға қол жеткізуді мынадай міндеттерді іске асыру арқылы жоспарлаймын:

1. Оқу үрдісінде ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдану;

2. Оқушылардың тұрақты қызығушылығын және өздігінен білім алуға ұмтылысын қалыптастыру;

3. Коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру және дамыту;

4. Оқуға деген оң ынтаны қалыптастыру үшін жағдай жасауға күш-жігер жұмсау;

5. Оқушыларға өмір жолын еркін, мағыналы таңдауды анықтайтын білім беру[2].

АКТ қолдану жүйесін келесі кезеңдерге бөлуге болады:

1 кезең: нақты беруді талап ететін оқу материалын анықтау, білім беру бағдарламасын талдау, тақырыптық жоспарлауды талдау, тақырыптарды таңдау, сабақ түрін таңдау, осы типтегі сабақ материалының ерекшеліктерін анықтау;

2-кезең: ақпараттық өнімдерді іріктеу және құру, дайын білім беру медиаресурстарын іріктеу, өз өнімін жасау (таныстыру, оқыту, жаттықтыру немесе бақылау);

3 кезең: ақпараттық өнімдерді қолдану, әр түрлі сабақтарда қолдану, тәрбие жұмысында қолдану, студенттердің ғылыми зерттеу қызметін басқаруда қолдану.

4 кезең: АКТ пайдалану тиімділігін талдау, нәтижелер динамикасын зерттеу, пән бойынша рейтингті зерттеу.

Ақпараттық технологиялардың негізгі білім беру құндылығы-бұл мұғалімнің де, оқушының да қолында болатын шексіз мүмкіндіктері бар шексіз жарқын көп сенсорлы интерактивті оқыту ортасын құруға мүмкіндік береді. Оқытудың әдеттегі техникалық құралдарынан айырмашылығы, Ақпараттық технологиялар білім алушыны көп біліммен қанықтырып қана қоймай, оқушылардың зияткерлік, шығармашылық қабілеттерін, олардың жаңа білім алу, әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеу қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Олардың функционалдық мақсаты негізінде оқытуда қолданылатын компьютерлік құралдардың сегіз түрі бар :

1.Презентациялар-бұл анимацияларды, аудио және бейне үзінділерді, интерактивтілік элементтерін қамтуы мүмкін Электронды Фильмдер. Қолдану презентация ауқымын кеңейтіп, жағдай креативті оқушылардың психологиялық өсуі жеке тұлғаны дамыта отырып, дербестігін арттыра отырып өзін-өзі бағалауын. Презентациялар жобаларды ұсыну үшін белсенді қолданылады.

2.Электрондық энциклопедиялар-қарапайым анықтамалық-ақпараттық басылымдардың аналогтары-энциклопедиялар, сөздіктер, анықтамалықтар және т.б. мұндай энциклопедияларды құру үшін гипермәтіндік жүйелер мен гипермәтіндік белгілеу тілдері қолданылады, мысалы, HTML. Қағаз әріптестерінен айырмашылығы, олар қосымша қасиеттер мен мүмкіндіктерге ие:

1. Олар әдетте кілт сөздер мен ұғымдар бойынша ыңғайлы іздеу жүйесін қолдайды;

2. Гиперсілтемелерге негізделген ыңғайлы навигация жүйесі;



3. Аудио және бейне үзінділерді қосу мүмкіндігі.

3. Дидактикалық материалдар-тапсырмалар, диктанттар, жаттығулар жинақтары, сондай-ақ электронды түрде ұсынылған рефераттар мен эсселердің мысалдары.

4. Тренажер бағдарламалары дидактикалық материалдардың функцияларын орындайды және шешімнің барысын қадағалап, қателер туралы есеп бере алады.

5. Виртуалды эксперимент жүйелері-бұл оқушыға «виртуалды зертханада» эксперимент жүргізуге мүмкіндік беретін бағдарламалық жасақтама. Олардың басты артықшылығы-олар оқушыға қауіпсіздік, уақытша сипаттамалар және т.б. себептермен мүмкін болмайтын эксперименттер жүргізуге мүмкіндік береді.

6. Сауалнамалар мен тесттерді қамтитын білімді басқарудың бағдарламалық жүйелері. Олардың басты артықшылығы-нәтижелерді тез, ыңғайлы, бейтарап және автоматтандырылған өңдеу. Негізгі кемшілігі-тақырыптың шығармашылық қабілеттерін көрсетуге мүмкіндік бермейтін икемді емес жауап жүйесі.

7. Электрондық оқулықтар мен оқу курстары-жоғарыда аталған түрлердің барлығын немесе бірнешеуін біртұтас кешенге біріктіреді. Мысалы, оқушыдан алдымен оқу курсы (презентация) көруге, содан кейін оқу курсы (виртуалды эксперимент жүйесі) қарау кезінде алынған білім негізінде виртуалды эксперимент жасауға шақырылады. Көбінесе, осы кезеңде оқушыға зерттелетін курс бойынша электронды анықтамалық/энциклопедия қол жетімді және соңында сұрақтар жиынтығына жауап беруі және/немесе бірнеше мәселелерді шешуі керек (білімді басқарудың бағдарламалық жүйелері).

8. Оқу ойындары мен білім беру бағдарламалары-бұл ойын сценарийі бар интерактивті бағдарламалар. Ойын барысында әртүрлі тапсырмаларды орындай отырып, балалар моториканы, кеңістіктік қиялды, есте сақтауды дамытады және қосымша дағдыларды игеруі мүмкін, мысалы, пернетақтада жұмыс істеуге үйренеді. Оқу процесінде компьютер оқу объектісі де, оқыту, тәрбиелеу, дамыту және оқыту мазмұнын игерудің диагностикасы құралы бола алады, яғни оқу процесінде компьютерлік технологияларды қолданудың екі бағыты мүмкін. Бірақ бүгін кем дегенде тағы екі функция анықталды: компьютер байланыс құралы ретінде, компьютер басқару құралы ретінде, компьютер даму ортасы ретінде. Білім беру процесінде осы бағыттардың барлығын бір уақытта қолдану маңызды. Олардың барлығының бір уақытта білім беру процесінде ғана емес, сонымен бірге білім беру процесінде де болуы және өзара әрекеттесуі қоғам мектеп алдына қоятын қажетті нәтижеге әкеледі[3].

Технология мен қоғам тарих бойында әрқашан бір-бірімен өзара әрекеттесетін. Бұл өзара әрекеттесу арқасында әлемде бірқатар маңызды өзгерістер болды. Әрбір жаңа технологияны дамыту қоғам ауылшаруашылық төңкерісі, өнеркәсіптік революция және информатика төңкерісі сияқты жаңа төңкерістермен бірге жүрді. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) дамыту нәтижесінде қазіргі заман ақпараттық қоғамға айналды, IT-революциясы бар компанияларда өзгерістер болды. АКТ ақпараттық қоғамға көшудің негізгі факторы ретінде қабылды.

Оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді құру кезінде АКТ құралдарын қолдану оқу процесінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

АКТ желілік құралдары арқылы оқу-әдістемелік және ғылыми ақпаратқа кеңінен қол жеткізуге, уақтылы консультациялық көмек жасауға, ғылыми-зерттеу қызметін модельдеуге, нақты уақыт режимінде виртуалды оқу сабақтарын (семинарлар, дәрістер) өткізуге болады.

Сонымен қатар, интернетте жарияланған ақпараттық ресурстарды пайдалану көбінесе теріс салдарға әкелетінін атап өткен жөн.

1. Мұғалімнің компьютерден айырмашылығы, оқушыға жүйелі әсер ететін тұлға. Ол моральдық құндылықтардың, мағыналардың, мұраттардың тасымалдаушысы және бұл әсер оқу тапсырмаларының мәтіндерінде емес, тікелей байланыста жүзеге асырылады.

2. Интеллектуалды дамудың өзі, компьютердің ойлау деңгейі оқушының ойлау деңгейін шектейді.

3. Көбінесе АКТ құралдарын пайдалану кезінде энергияны үнемдеу принципі іске қосылады: интернеттен алынған дайын жобалар, рефераттар, есептер және проблемаларды шешу бүгінгі күні оқыту мен тәрбиенің тиімділігін арттыруға ықпал етпейтін әдетке айналды. Егер сіз дербес компьютерлердің көмегімен оқуды әмбебап даралау жолымен жүрсеніз, біз диалогқа негізделген шығармашылық ойлауды қалыптастыру мүмкіндігін жіберіп аламыз[4].

Оқу процесі жүйесінің анықтаушы ерекшелігі-оның әлеуметтік мәні-мақсатты оқу, ғылыми және практикалық міндеттерді шешетін адамдар тобының ұйымдасқан қызметі. Бұдан шығатыны, оқу және білім беру қызметі үнемі жетілдіріліп, оңтайлы болуы керек.

"Оқу процесін оңтайландыру үшін АКТ қолданудың артықшылықтары:



1. АКТ-ны қолданатындардың бәрі олардың ынталандырушы функциясын ерекше атап өтеді. Бүгінгі таңда мектеп оқушылары мен оқушылар өмірді компьютерлендіру жағдайында өскен жаңа буын екенін ескеру қажет. Көбінесе олар NetGeneration (интернет-буын) деп аталады, сондықтан оқу орнынан технологияны оқытуда кеңінен қолдануды күтеді. Интерактивті оқыту немесе рөлдік ойындар түріндегі жаттығуларды, тест тапсырмаларын орындай отырып, олардың нәтижесінің дұрыстығы туралы дереу жауап ала отырып, оқушылар үнемі жұмыс істейді, сонымен бірге олар мұны қызығушылықпен жасайды.

2. Компьютерлік оқыту бағдарламаларының интерактивтілігі туралы айту керек. Олар оқулықтардағы жаттығулардан гөрі оқушылардың назарын аударады. Интерактивті бағдарламаларды қолдану оқу процесіне әртүрлілік әкеледі, оқушылар материалмен жаңа қызықты түрде жұмыс істеуге мүмкіндік алады.

3. Телекоммуникациялық технологияларды пайдалану байланысқа қатысушылардың орналасқан жеріне қарамастан, үнемі өзара әрекеттесуге мүмкіндік береді, Қажет болған жағдайда оқытушы мен оқушыны қосымша жеке сабақтарға қоса алады.

4. Оқу үлгерімін арттыру, оқу процесіне қатысу, зерделенетін материалды түсінуді жақсарту, функционалдық, жобалық сауаттылықты, теориялық ойлауды, әлеуметтік, тілдік және әлеуметтік-мәдени ойлауды, коммуникативтілікті, әлеуметтік белсенділікті, азаматтық сананы, толеранттылықты қалыптастыру, өзін-өзі анықтауға мүмкіндік беру және т.б." [5].

"Ақпарат алудың түбегейлі жаңа мүмкіндіктері және оның үнемі өсіп келе жатқан көлемі, коммуникацияның жаңа тәсілдері білім беруге айтарлықтай әсер ете алмайды. Оқу процесінің өзі, мұғалімнің рөлі және студенттің рөлі айтарлықтай өзгере бастайды. Егер бұрын мұғалім оқушылармен өз білімімен бөлісіп, оларға кітаптардан білім алуға көмектессе, бүгінде мұғалімнің рөлі басқаша болады және оқытудағы екпін студенттің өзіндік жұмысына көбірек ауысады. Бұл мұғалімнің алдына жаңа, күрделі міндеттер қояды. Ол ақпараттың шексіз теңізінде жүруі керек, оқушыларға ақпаратты білімге айналдыруға үйрету және оқу процесін жеңілдету мен жақсарту, оқушылардың дайындық деңгейін жоғарылату үшін осы жұмыстың дәмін үйрету керек. компьютер, ықшам, веб-сайттар, орталық (сандық білім беру ресурсы-бұл білім беру мақсатында қолданылатын өнім, оны көбейту үшін компьютер қажет), интерактивті модельдер, электрондық пошта және т. б.

"Мектептер мен университеттерде әртүрлі компьютерлік технологиялардың пайда болуы педагогикалық процеске айтарлықтай өзгерістер енгізді. Мұғалімдердің зияткерлік дайындығы кейіннен компьютерлік бағдарламалармен алмастырылады, осылайша ғылым мен білімге үйреткен мұғалім жетекші және кеңесші ретінде пайда болады".

И. Г. Захарова, Е. С. Полат, ғылыми және әдістемелік жұмыстар жинағын талдай отырып біз білім берудегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың бес негізгі функциясы бар: оқыту, дамыту, тәрбиелеу, танымдық және ынталандыру деп атап өткен[]]. Оқу процесі жүйесінің анықтаушы ерекшелігі-оның әлеуметтік мәні-мақсатты оқу, ғылыми және практикалық міндеттерді шешетін адамдар тобының ұйымдасқан қызметі. Бұдан шығатыны, оқу және білім беру қызметі үнемі жетілдіріліп, оңтайлы болуы керек[6].

"Оқу процесін оңтайландыру үшін АКТ қолданудың артықшылықтары:

1. АКТ-ны қолданатындардың бәрі олардың ынталандырушы функциясын ерекше атап өтеді. Бүгінгі таңда мектеп оқушылары мен оқушылар өмірді компьютерлендіру жағдайында өскен жаңа буын екенін ескеру қажет. Көбінесе олар NetGeneration (интернет-буын) деп аталады, сондықтан оқу орнынан технологияны оқытуда кеңінен қолдануды күтеді. Интерактивті оқыту немесе рөлдік ойындар түріндегі жаттығуларды, тест тапсырмаларын орындай отырып, олардың нәтижесінің дұрыстығы туралы дереу жауап ала отырып, оқушылар үнемі жұмыс істейді, сонымен бірге олар мұны қызығушылықпен жасайды.

2. Компьютерлік оқыту бағдарламаларының интерактивтілігі туралы айту керек. Олар оқулықтардағы жаттығулардан гөрі оқушылардың назарын аударады. Интерактивті бағдарламаларды қолдану оқу процесіне әртүрлілік әкеледі, оқушылар материалмен жаңа қызықты түрде жұмыс істеуге мүмкіндік алады.

3. Телекоммуникациялық технологияларды пайдалану байланысқа қатысушылардың орналасқан жеріне қарамастан, үнемі өзара әрекеттесуге мүмкіндік береді, Қажет болған жағдайда оқытушы мен оқушыны қосымша жеке сабақтарға қоса алады.

4. Оқу үлгерімін арттыру, оқу процесіне қатысу, зерделенетін материалды түсінуді жақсарту, функционалдық, жобалық сауаттылықты, теориялық ойлауды, әлеуметтік, тілдік және әлеуметтік-мәдени ойлауды, коммуникативтілікті, әлеуметтік белсенділікті, азаматтық сананы, толеранттылықты қалыптастыру, өзін-өзі анықтауға мүмкіндік беру және т.б. []].



Білім беру процесінде АКТ-ның әртүрлі білім беру құралдарын қолданудың бірнеше аспектілері бар:

1. Мотивациялық аспект. АКТ қолдану білім алушылардың қызығушылығын арттыруға және оң уәждемесін қалыптастыруға ықпал етеді, өйткені мынадай жағдайлар жасалады: білім алушылардың жеке білім беру мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін барынша есепке алу; оқу сабақтарын өткізудің мазмұнын, нысандарын, қарқыны мен деңгейлерін кеңінен тандау; білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу; оқушылардың қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды меңгеруі.

2. Мазмұнды аспект. АКТ мүмкіндіктерін: оқу пәнінің жекелеген тақырыптары мен бөлімдері бойынша интерактивті кестелер, плакаттар және басқа да цифрлық білім беру ресурстарын құру кезінде; жеке тестілік шағын сабақтар жасау үшін; оқушылардың өзіндік жұмысы үшін интерактивті үй тапсырмалары мен тренажерлер жасау үшін пайдалануға болады.

3. Оқу-әдістемелік аспект. Электрондық және ақпараттық ресурстарды оқу процесін оқу-әдістемелік сүйемелдеу ретінде пайдалануға болады. Мұғалім сабаққа дайындық кезінде АКТ-ның әртүрлі білім беру құралдарын қолдана алады; жаңа материалды түсіндіру кезінде, алған білімдерін бекіту үшін, білім сапасын бақылау процесінде; білім алушылардың қосымша материалды өз бетінше зерделеуін ұйымдастыру үшін және т.б. компьютерлік тесттер мен тест тапсырмалары білімді бақылау мен бағалаудың әртүрлі түрлерін жүзеге асыру үшін қолданылуы мүмкін. Сонымен қатар, мұғалім оқу және сабақтан тыс сабақтарды жобалау кезінде әртүрлі электрондық және ақпараттық ресурстарды қолдана алады.

4. Ұйымдастырушылық аспект. АКТ оқытуды ұйымдастырудың әртүрлі нұсқаларында қолданылуы мүмкін: әр оқушыны жеке жоспар негізінде жеке бағдарлама бойынша оқыту кезінде; фронтальды немесе кіші топтық жұмыс түрінде.

5. Бақылау-бағалау аспектісі. АКТ-да оқытуды бақылау мен бағалаудың негізгі құралы әртүрлі бақылау түрлерін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін тесттер мен тест тапсырмалары болып табылады: кіріс, аралық және қорытынды.

Тесттер online режимінде (компьютерде интерактивті режимде, нәтиже Жүйемен автоматты түрде бағаланады) және offline режимінде (мұғалім нәтижелерді түсініктемелермен, қателермен жұмыс жасай отырып бағалайды) өткізілуі мүмкін. Осылайша, АКТ-ны қолдану тек оқытудың тиімділігін арттырып қана қоймайды және оқытудың әртүрлі формалары мен әдістерін жетілдіруге көмектеседі, оқушылардың бағдарламалық материалды терең оқуға деген қызығушылығын арттырады.

Ақпараттық технологияларды пайдалану мәселесі химиялық пәндерді оқытудың заманауи әдістемесі аясында өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Өзірленген және өзінің тиімділігін дәлелдеген оқыту нысандарынан бас тарту және қысқа мерзімде балама нысандарды енгізу мүмкін болмағандықтан, АКТ-ны қосу оқу материалын беру мен игерудің дәстүрлі нысандарын жетілдіруге және әртараптандыруға көмектеседі.

Тестілік бақылау және АКТ көмегімен икемділіктер мен дағдыларды қалыптастыру дәстүрлі тәсілге қарағанда тезірек және объективті, білім алушылардың білімі мен білмеуін анықтау мүмкіндігін болжайды, оқушыларға өз білімдерін және лингвистикалық (тілдік) құзыреттілік деңгейін бағалауға мүмкіндік береді [7].

АКТ-ны жүйелі практикалық қолдану процесінде сабақтар мен аудиториядан тыс іс-шараларды өткізу әдістемесіне толықтырулар, түзетулер енгізуге мүмкіндік береді. Оқу материалын ұсынудың бейнесі теориялық ұғымдарды суреттеуге, олардың жана мағыналары мен қырларын көруге көмектеседі, қатысушылардың білім беру қызметінің эмоционалды саласын жандандырады. Мультимедиялық презентациялар теориялық материалды тек ақыл-ой белсенділігін арттыру арқылы ғана емес, сонымен қатар өткен іс-әрекеттің тәжірибесінен бірдей элементтер болған кезде білімді беру мүмкіндігі арқылы игеруге ықпал етеді.

Мультимедиа оқу ақпаратын ұсыну мүмкіндігін айтарлықтай кеңейтеді. Түсті, графиканы, дыбысты, барлық заманауи мультимедиа құралдарын қолдану белсенді танымдық процесті құруға және оқушылардың білім беру қызметіне қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді. Оқу процесінде АКТ-ны қолдану Оқу тапсырмаларын қою және оларды орындау процесін басқару мүмкіндігін арттырады. Түрлі цифрлық білім беру ресурстары оқу процесін басқарудың икемділігін қамтамасыз ете отырып, білім алушылардың қызметін бақылауды сапалы өзгертуге мүмкіндік береді. АКТ көрнекілігі мен белсенділігі оқушылардың рефлексия дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді, ал оқу бағдарламалары өз әрекеттерінің нәтижесін көрнекі түрде көрсетуге мүмкіндік береді.

АКТ-ны пайдалана отырып сабақтарды дайындау бойынша тұрақты жұмыс оқытушылардың өздерінің шығармашылық өсуі мен кәсіби дамуы үшін жаңа мүмкіндіктер ашады [8].



ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Попель п. п. Химия: 8 сынып: Жалпы білім беретін оқу орындарына арналған оқулық / П. П. Попель, л. с. Кривля. – К.: ИЦ "Академия", 2008. – 240 б.: ил.
2. А. В. Мануйлов, В. И. Родионов. Попель п. п. Химия: 8 сынып: Жалпы білім беретін оқу орындарына арналған оқулық / П. П. Попель, л. с. Кривля. – К.: ИЦ "Академия", 2008. – 240 б.: ил. 1. Компьютерлік лингводидактика: оқу. пособие / под ред. М. А. Бовтенко. М.: Флинт: Ғылым, 2005. 216 с.
3. Әбдіғалиев Қ. Осы заманғы педагогикалық технологиялар. – Алматы, 2004.
4. Өстеміров К. Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдары. – Алматы, 2007 ж.
5. Жүнісбек Ә. Қазіргі заманғы педагогикалық технология негізі – сапалы білім. – //Қазақстан мектебі, №4, 2008.
7. Педагогические технологии: Методические рекомендации /Сост. А. П. Чернявская. – Ярославль: изд-во ЯГПУ им. К.Д.Ушинского, 2002 г.
6. Махмутов М. И. Мектепте проблемалық оқытуды ұйымдастыру. – Алматы: Мектеп, 1981 ж.
7. Селевко Г. К. Современные образовательные технологии.–М.: Народное образование, 1998 г.
8. Монахов В. Проектирование и внедрение новых технологий обучения. – М.: Педагогика, 1990 г.
2. Гнатышина Е.А., Богатенков С. А. кәсіби-педагогикалық білім беру мекемесінің түлегінің ақпараттық және коммуникациялық құзіреттілігі туралы түсінік // Тольятти мемлекеттік университетінің ғылым векторы. Сер.: Педагогика, психология. 2012. №2. С. 10-12.

ТҮЛҒАЛЫҚ-БАҒДАРЛЫ БІЛІМ БЕРУ НЕГІЗІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

ЕРАЛИЕВА Толкин Есалиевна

Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер Академиясы

Алматы, Қазақстан

001apple.83@mail.ru

Педагогтің кәсіби стандартында «Педагогтің еңбек күрделілігі оның «адам-адам» мамандық/кәсіп түріне жатқызуына байланысты. Педагогтік іс-әрекет – бұл бір адамның басқа адамға тікелей әрекет жасауы емес, олардың өзара әрекеттесуі. Сондықтан педагогтің әрекет объектісі педагогикалық үдеріс болып табылады, ал білім алушы әрекет жасау объектісінен әрекет субъектісіне ауысады. Осының негізінде педагогикалық кәсіп құндылықтары айқындалды:

- Білім алушының тұлғасын, оның құқығы мен бостандығын құрметтеу;
- басқа сенімдерге, әлем мен дәстүрлерге деген көзқарастарына толеранттылық білдіру;
- мәдени алуан түрлілігіне ашықтығы;
- икемділігі, бейімделу қабілеті, эмпатияға деген қабілеті;
- тұлға құндылықтарын, тіл мен коммуникацияны түсіну;
- өз бетімен білім алу, талдамалық және сыни ойлау дағдылары;
- коммуникативтік және тілдік дағдылары;
- ынтымақтастық дағдылары, дауларды шешу қабілеті»- деп көрсетілген [1, 12 б.]

Тұлғалық-бағдарлы білім беру Қазақстан Республикасына енгізілген жаңа стандарттағы түйінді құзыреттіліктерді қалыптастырудың әдіснамалық қағидасы ретінде бекітілген. Бұл міндетті жүзеге асыру осы тұрғының аясында жүргізілетіні айқын.

Түйінді құзыреттіліктерді қалыптастыру теориясының міндеттеріне барынша бара-бар келетін білімдік әдіснама ретінде тұлғалық-бағдарлы тұрғы қызмет ете алады. Себебі тұлғалық-бағдарлы білім беру әрбір тұлғаның даралығына, жеке ерекшеліктеріне бағыттала отырып, студенттің жеке даму траекториясын жасауға мүмкіндік береді.

Тұлғалық-бағдарлы білім беруді тәжірибеге ендіру және түйінді құзыреттіліктерді қалыптастырудың теориясын жасау әлемдік педагогика ғылымы мен практикасы үшін бүгінгі күні барынша көкейкесті мәселеге айналуға.

Бүгінгі қазақстандық білім беру сипатындағы айрықша өзгерістер оны «адамның еркін дамуына» оның жоғары мәдениетін, шығармашылық белсенділігін, дербестігін, бәсекеге қабілеттілігін, бейімделгіштігін дамытуға бағыт береді. Бұл бағыт өз алдына студент тұлғасын қалыптастыруда жаңа тұрғыдан келуді қажет етеді.

Тұлғалық-бағдарлы білім беруді педагогикалық қауымның меңгеруі нәтижесінде туындайтын педагогикалық мақсаттардың өзгерісі толық, тұлғалық және әлеуметтік-интеграцияланған нәтижені



анықтау мәселесін алға қойды. Осындай интеграцияланған әлеуметтік-тұлғалық-іс-әрекеттік ұғымның білім берудің нәтижесі ретіндегі жалпы анықтамасы болып мотивациялық-құндылықты, когнитивті, дүниетанымдық, коммуникативтік құрамалардың жиынтығын беретін «құзырет/құзыреттілік» ұғымы танылады. Бұнда бірінші анықтама, әдетте, белгілі бір аядағы процестер, нормативті міндеттер және құқықтармен белгіленетін тұлғаның сапаларымен байланыстырылса, екіншісі құзыреттердің практика жүзінде жүзеге асуы, оның нақты іс-әрекеттерде көрінуі, тұлғаның сол іс-әрекетке қатынасынан туындайтын нәрсе болып табылады.

«Құзырет», «құзыреттілік» ұғымдары бүгінгі педагогика ғылымында зерттеу деңгейінде ғана мәлім. Сондықтан осы күнге дейін бұл ұғымдардың нақты, соңғы анықтамасы қалыптаспаған. Бұл біздің зерттеу жұмысымыздың өзектілігінің негізгі дәлелі ретінде танылады.

Шетел сөздерінің сөздігінде «құзыретті» ұғымы құзыреттіліктерге ие – белгілі бір ұйымның, адамның өкілеттігі аясы немесе бір адамның жүргізуі тиіс сұрақтар мен істер аясы деп түсіндіріледі. Competent (франц.) – құзыретті, өкілетті, competents (лат.) – сәйкесті, қабілетті, competence (ағылш.) – қабілет (құзыреттілік).

«Құзырет», «құзыреттілік» ұғымының мәнін ашу үшін философиялық, педагогикалық, психологиялық әдебиеттерге талдау жасалды.

Құзыретті философиялық тұрғыдан түсіндіру адамның танымы мен практикасына байланысты жаңалықтар мен жаңа енгізулерге жол ашады, сонымен қатар әрбір сыныпта педагогикалық ситуацияға қойылатын білімділік талаптарын анықтауға мүмкіндік береді [2, 89б.] .

Құзырет (латын сөзі competens – сәйкесті, қабілетті) – орындалатын жұмыстың мәнін, қойылған мақсатқа жетудің тәсілдері мен құралдарын терең және түп-түбіріне дейін білу, сонымен қатар сол жұмысқа сәйкес келетін іскерліктер мен дағдылардың болуы [90].

Жалпымәдениеттілік құзырет – өз бетімен білім алуға, оның барысында пайда болатын танымдық проблемаларды өз бетімен шешуге, өзінің позициясын белгілеуге жеткілікті білімділік деңгейі [3, 91].

Құзырет – нақты пәндік салада нақты әрекетті тиімді орындау үшін қажет болатын спецификалық қабілет және оның қатарына арнайы білімдер, ойлау тәсілдері, өз іс-әрекетіне деген жауапкершілікті түсіну де енеді [4, 92 б].

Құзырет – өзінің бойындағы белгілі бір білімі мен дағдысы арқылы шешім қабылдауға қатысуға немесе өз бетімен мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін лауазым иесінің жеке мүмкіншіліктері, оның біліктілігі (білімі мен тәжірибесі).

«Құзырет» ұғымын автор тұлғаның жетілуімен және оның еңбек міндеттерін орындауда өнімді әрекет жасауға және жақсы нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін күйге жетуімен байланыстырады [5, 94 б.].

Осылайша, «құзырет» - бұл оқу барысында жинақталған білімге, тәжірибеге, құндылықтарға, бейімділіктерге негізделген жалпы қабілет. Құзырет білімге де, дағдыға да жатпайды.

Құзырет – бұл іс-әрекетті, іскерлікті тудыратын нәрсе. Құзырет саналы іс-әрекет барысында қалыптасады.

Құзыретті меңгеру студенттің белсенділігіне тәуелді. Жұмыс жасауды үйрену үшін жұмыс жасау керек, қарым-қатынасқа түсуді үйрену үшін қарым-қатынас жөніндегі ғылыми баяндамаларды тыңдаудың пайдасы жоқ. Ағылшын не орыс тілінде сөйлемейінше, оларды меңгеру мүмкін емес. Тек практика жүзінде ғана компьютерде жұмыс жасауды үйренуге болады. Құзыреттің көрінуіне белгілі бір жағдайлардың әсері зор. Құзыретке ие болу дегеніміз сол ситуацияға өзінің бар білімі мен тәжірибесін бейімдеу. Білімді адамдардың нақты ситуацияларда қажет болған жағдайда сол білімін қолдана алмайтындығын күнделікті өмірде кездестіруге болады. Осылайша, құзыретті қалыптастыру үшін олар көрінетіндей нақты жағдайлар тудыру қажет.

Құзыреттіліктер – адамның белгілі бір салада беделге, танымға, тәжірибеге ие сұрақтар мен құбылыстар шеңбері.

Әлеуметтік құзыреттілік – қоғамдағы өмір сүрудің нормалары мен ережелерін дұрыс орындауға мүмкіндік беретін әлеуметтік дағдылар (міндеттер). Әлеуметтік педагогиканың термині.

Құзыреттілік – мамандық талаптарына сәйкес келетін дәреженің жеке сипаттамасы.

Құзыреттілік – белгілі бір ұғымдық жүйенің болуын талап ететін практикалық іс-әрекетті жүзеге асыру қабілеті, пайда болған проблемалар мен міндеттерді шапшаң шешуге мүмкіндік беретін ойлаудың типі, түсіну қабілеті.

Құзыреттілік – тұлғаның оқу-танымдық үрдісіне өз бетімен қатысуына және оны еңбек іс-әрекетіне дұрыс ендіруге даярлауға бағытталған оқыту барысында меңгерілетін білім мен тәжірибеге негізделген тұлғаның іс-әрекет жасау қабілеті және даярлығы.



Құзыреттілік – белгілі бір іс-әрекетті сапалы және өнімді түрде орындауда қажет болатын белгілі бір заттар мен процестерге қатысты белгіленетін тұлғаның өзара байланысқан сапаларының (білімі, іскерлігі, дағдылары, іс-әрекет тәсілдері) жиынтығы.

Осылайша, берілген анықтамаларды қорытындылай келе, «құзыреттілік» ұғымын субъектінің іс-әрекеттің мақсаты мен оны жүзеге асырудың құралын саналы түрде ұғынумен байланыстырылады. Құзыреттілік – бұл ситуацияға сәйкес құзыреттерді (іскерлік пен дағды) пайдалану үшін тандау. Түйінді құзыреттіліктер жөнінде айтылғанда жаңа ситуацияларды меңгеруге «есікті» ашатын құралдар, «кілттер» деп түсіндіруге болады. Түйінді құзыреттілік – бұл анықтаушы құзыреттілік, себебі жүзеге асыру жағдайларына сәйкес келеді, олар шектелмеген, спецификалық емес, бірақ белгілі бір дәрежеде әмбебап болып келеді.

Құзыреттіліктер пәндік (пәнаралық және т.б.) және түйінді болып көрсетіледі. Еуропа Кеңесі түйінді құзыреттіліктердің бес тобын айқындаған, соларға ерекше мән беріледі.

1) Саяси және әлеуметтік құзыреттіліктер: өзіне жауапкершілікті ала білу қабілеті, бірлесіп шешім қабылдауға қатысу, дау-жанжалды зорлық-зомбылықсыз жолмен реттеу, демократиялық институттардың қызмет етуіне қатысу және оны жақсарту.

2) Көпмәдениетті қоғамда өмір сүру қабілетіне қатысты құзыреттіліктер: расизм мен ксенофобиялар тууына, таралуына жол бермеу, білім беру жастарды өзгешелікті түсіну, бірін-бірі сыйлау, басқа мәдениет тілдері және діндегі адамдармен бірге өмір сүру қабілеті сияқты мәдениетаралық құзыреттермен қаруландыру керек.

3) Қарым-қатынастың ауызша және жазбаша формаларын меңгеруге қатысты құзыреттіліктер, соңғысының жұмыста және қоғамдық өмірдегі маңыздылығы соншалық, оны меңгермеген адамға қоғамнан аластау қаупі төнеді. Осы топқа бүгінгі күні маңызы артып отырған бірнеше тілді білу де жатады.

4) Қоғамдық ақпаратты пайдалану және мойындаумен байланысты құзыреттіліктер жаңа технологияны меңгеру, оны қолдануды түсіну, оның күшті және әлсіз жақтарын айқындау, БАҚ тарататын ақпараттар мен жарнамаларға сыни көзқарас.

5) Өмір бойы оқуға қабілеттілік - үздіксіз даярлықтың және кәсіби даярлықтың, сонымен қатар жеке және қоғамдық өмірдің негізі ретінде.

«Еуропадағы орта білім» жоба аясында түйінді құзыреттіліктер проблемасы бойынша төмендегідей тізім жасақталды:

Зерттеу: тәжірибеден пайдалыны алу іскерлігі; өз білімін байланыстыру және оларды реттеу; өзіндік оқу тәсілдерін ұйымдастыра білу; проблеманы шешу қабілеті; өз бетімен оқуға қабілеті.

Іздеу: түрлі мәліметтерді іздестіру; айналадан сұрау; сарапшыдан кеңес алу; ақпарат алу; құжаттармен жұмыс жасау және оларды жіктеу.

Ойлау: өткен және қазіргі оқиғалардың өзара байланысын ұйымдастыру; қоғамның белгілі бір жағынан дамуына сыни көзқарас; сенімсіздік пен қиындыққа қарсы тұру; пікірталаста өзіндік позицияның болуы және өз пікірін дәлелдеуі; өзінің оқуы мен жұмысы жүретін саяси және экономикалық ортаның маңыздылығын түсіну; денсаулық, қажеттілік және қоршаған ортамен байланысты әлеуметтік әдеттерді бағалау; өнер және әдебиет туындыларын бағалай білуі.

Ынтымақтастық әрекет: топта ынтымақтастықпен жұмыс жасау іскерлігі; шешім қабылдау; дау-жанжалдарды шеше білуі; келісімге келу іскерлігі, келісімшарт даярлау және жасау.

Іске кірісу: жобаға ену; жауапкершілік; топ немесе ұжымға ену және өз үлесін қосу; өз жұмысын ұйымдастыру білу қабілеті; есептеуіш және модельдік приборлармен жұмыс жасауы.

Бейімделу: ақпараттық және коммуникациялық жаңа технологияларды пайдалана білуі; қиындықтарға төтеп беруі; жаңа шешімдер қабылдай білуі.

Бұл тізім түйінді құзыреттіліктерді анықтауда жұмыс құжаты ретінде бекітілген. Сондықтан жоғарыда берілген тізімді түйінді құзыреттіліктердің соңғы нәтижесі деп қарастырмаймыз.

Кембридж және Оксфорд университетінде жасалған түйінді құзыреттіліктер жүйесінің сипаттамасында құзыреттіліктер әртүрлі іс-әрекеттерді жүзеге асыруда, мысалы оқу және кәсіби іс-әрекетті орындау барысында дамиды деп көрсетіледі.

ЮНЕСКО құжаттарында 21 ғасырдағы білім берудің іргелі мақсат-міндеттері анықталған, олар: білім алуға үйрету (оқуға оқыту); жұмыс жасауға және ақша табуға үйрету (еңбектену үшін оқу, іс-әрекет жасай білу); өмір сүруге үйрету (проблемаларды шешу іскерлігі); бірге өмір сүруге үйрету (біріккен өмір сүру үшін оқу).

Литва Республикасында жалпы орта білім беруде студенттің қоғамдағы әлеуметтік тәжірибені меңгеру, өмірлік сұру дағдылары мен практикалық тәжірибені алуға мүмкіндік беретін негізгі іс-әрекет түрлерін ескере отырып мынадай түйінді құзыреттіліктерді айқындаған: әлеуметтік құзыреттілік; таным құзыреттілігі; коммуникативтік құзыреттілік; креативтілік құзыреттілік; сыни тұрғыдан ойлау



және проблеманы шешу құзыреттілігі; оқу білігі құзыреттілігі; салауатты өмір салты құзыреттілігі. Тұлғаның әлеуметтік құзыреттілігінің негізі ретінде коммуникативтік қабілетті танымыз.

OCR (Оскфорд Кембридждің емтихан комиссиясының (Ключевые компетенции 2000. Программа. Уровни 1, 2, 3, 4, 5. KEY SKILLS 87 0005 (OCR. RECOGNISING ACHIEVEMENT. Oxford Cambridge and RSA Examinations)) жасаған құзыреттіліктерді сертификаттау жүйесінде бірнеше деңгейлік құзыреттіліктер ажыратылады. Олар: коммуникация; сандармен жүргізілетін операциялар; ақпараттық технологиялар; адамдармен жұмыс; оқуға қабілетін және нәтижелілігін арттыруды жетілдіру; проблемаларды шешу; тұлғалық құзыреттіліктерді қалыптастыру. Бұнда тұлғаның коммуникациялық құзыреттіліктері алдыңғы орынға ие.

Шишов С.Е., Кальней В.А. есептеуінше, түйінді құзыреттіліктер пәнүсті және пәнаралық сипатқа ие, оларды тек мектепте емес, сонымен қатар жұмыста, жанұяда, саяси ортадағы түрлі ситуацияларда қолдануға болады. Түйінді құзыреттіліктер біршама интеллектуалдық дамуды талап етеді: абстрактілі ойлау, өзіндік рефлексия, өзіндік позициясын айқындау, өзіндік баға, сыни ойлау. Түйінді құзыреттіліктер көпөлшемді, яғни олар түрлі ақыл-ой процестері мен интеллектуалдық іскерліктерді (талдау, сынау, коммуникативті және т.б.) енгізеді.

Т.Н.Лобанов, Ю.А.Тихомировтың құзыреттілік теориясының негізінде басты құзыреттіліктердің төмендегідей құрылымын ұсынады:

1) Ойлау жүйесі мен процестерінің дамуы: мәселені шешудегі жүйелілік және құрылымдық тұрғы; тұрғыларды және тапсырмаларды стандарттау және жүйелеу тәсілі, құзыреттілікті түсіну, альтернативаны талдау және шешімнің тиімді нұсқасын таба білу; қабылданған шешімге жауапкершілікпен қарау; бизнестің даму бағытын көре білу және нарықтың даму бағытын дәл болжамдау.

2) Талдау қабілеттері: мәселені шешудегі қисындылық, шешім қабылдау әдістемесін білуі, ұқыптылық, ұтымдылық, реттілік, бөлшектерді есепке алудағы алдын ала болжау; ойды дұрыс байланыстыру іскерлігі, бірізділікпен және жүйелі түрде ойлау және әрекет ету; өз болашағына әсер ететін факторларды дәл және жүйелі талдау.

3) Жаңашылдық (инновациялық): жаңаны қабылдай алу және ұсына білу іскерлігі, шығармашылықты басқару; ішкі қарсылықсыз алуан түрлі идеяларды, позицияларды, ұсыныстарды қабылдай алу іскерлігі.

4) Икемділік: өзгерістерге дайындық; түрлі оқыс ситуацияларда тез және сәйкесті жауап қайтара алу қабілеті, мәселені көру және анықтай алу, оны шешудің жолдарын таба білу, нәтижесіне баға беру.

5) Жүйелі дамуға бағдарлану: жаңа технология және әдістерді қабылдауда ашықтық, үйренушілік, практикада жаңаны қолдана білу, өз жетістіктерін және кемшіліктерін талдай алу мүмкіндігі, өзгелердің тәжірибесін саналы түрде пайдалана білу.

6) Ұйымдастырушылық қабілеттер: адамдарды басқара білу, тапсырманы орындауда ұжымды және өзін ұйымдастыра алу іскерлігі, құзыреттіліктерді орын орнына қою, маңыздысына мән беру, жоспарлау, бақылау; жоспарды орындауға қажетті ресурстарды тиімді жинап, бағыттау алу; әңгімені мақсатты түрде жүргізе білу, телефонмен әңгімелесу, корреспонденцияны, құжатнаманы жүргізу.

7) Уақытты игере білу іскерлігі: ситуациялық талдау жасай алу іскерлігі, мақсатты анықтау және құрылымдау, апталық, айлық жылдық жоспарларды жүзеге асыру, күнді жоспарлау; уақытша менеджмент ұстанымдарын білу; құзыреттіліктерді дұрыс қоя білу іскерлігі; ұжымның тәртібін, күнделікті жұмыс жоспарын орындау; қойылған мақсаттарға жету мақсатында бақылау жүргізу, күннің қорытындысын жүргізу.

8) Топта жұмыс жасау: топты құра білу және онда жұмыс жасау; тиісті топтың ерекшеліктерін білу; ынтымақтастық ахуалын ұстай білу, топ мүшелерінің қарым-қатынас және мінез-құлық ережелерін орындауы, топ мүшелерінің жағымсыз мінез-құлықтарын түзету; мәселені шешу мақсатында тиімді талдау және келіссөз жүргізу; «миға шабуыл» ережесін білу.

9) Коммуникативтік-іскерлік қабілет: өз пікірін, құқығын қарым-қатынасты бұзбай қорғай білу; жаңа идея және жоспар арқылы іс-әрекетке ынталандыра білу; дұрыс сұрақтар қоя білу және әңгімелесушінің эмоционалды және ақпараттық деңгейін анықтау; екіжақты коммуникация бағытын құра білу, әңгімелесушінің сөздеріне зейінді шоғырландыра алу; өзге адамдарды дұрыс сынау және қолдай білу.

10) Келіссөз жүргізе білу іскерлігі: презентацияның міндеттерін және мақсаттарын, аудиторияның қызығушылығын анықтай білу; сөз сөйлеуді ұйымдастыру, презентацияның байланыстырушы сөйлемдерін, негізгі бөлімін, қорытындысын ұйымдастыру; сендіре білу және шешендік дағдыларға ие болу. Қиын сұрақтарды және келіспеушілікті жеңе білу; презентацияның техникалық аспектілерін игеру (аудио- бейне және компьютерлік аппараттар, презентациялық



бағдарламалар); қатысушылардың қызығушылықтарын анықтай алу және тиімді альтернативаны таңдай алу; пікірталасты мәдени түрде жүргізе білу; позициялық саудаласуды талдай алу, ұсыну, жүргізе білу іскерлігі.

11) Студентке бағдарлану: студенттермен жұмыс жасау саласында стандарт пен саясатты білу; оқытушы мен студенттің перспективті ағымдағы қажеттіліктеріне бағдарлану; «қиын» студентпен қарым-қатынас кезінде әңгімелесуді тиімді жүргізе білу, іс-әрекетті басым және пайдалы жағынан презентациялау; студентпен жағымды қарым-қатынас орнату және кеңес бере білу.

Түйінді құзыреттіліктерді құрудың технологиясын А.Хуторской «Ключевые компетенции: технология конструирования» мақаласында береді [6, 97]. Автор білімділік құзыреттіліктерді тұлғалық және әлеуметтік мәнді өнімді іс-әрекет жасауға қажетті, студент меңгеретін өзара байланысқан, мәндік бағыттардың, білімнің, іскерліктің, дағдылардың және іс-әрекет тәжірибесінің жиынтығы деп белгілейді.

Автордың пікірінше, бұл ұғымды оқыту практикасына енгізу үшін студенттер теориялық білімді игере отырып, нақты тапсырмаларды орындауда немесе проблемалық жағдайларды шешуде айтарлықтай қиындықтарға кездесетіндіктен – осы мәселені шешеді деп есептейді. Білім беру құзыреттілігі – бұл студенттердің жекелеген білім мен іскерліктерді игеруі емес, керісінше, әрбір көрсетілген бағытқа сәйкес анықталған, кешенді іс-шаралар мен білім берудің құрамдас бөліктерінің жиынтығын меңгеру болып табылады.

Құзыреттілікті қалыптастырудағы педагогикалық мақсаттардың ерекшелігі - олар оқытушының әрекеті түрінде құрылмайды, керісінше студенттің іс-әрекет нәтижесі, көзқарасы, яғни оның белгілі бір әлеуметтік тәжірибені меңгеру үрдісінде дамуы және жылжуы түрінде құрылады.

А.В.Хуторский негізгі білім беру құзыреттілігінің жеті түрін көрсетеді:[6, 88 б] - құндылықты-мәнді,

- жалпы мәдени
- оқу-танымдық
- ақпараттық
- коммуникативтік
- әлеуметтік-еңбектік
- тұлғалық өзін-өзі дамыту құзыреттіліктері.

Автордың айтуынша, олардың мазмұны Еуропа Кеңесінің бөліп көрсеткен түйінді құзыреттілігінің мазмұнына қарама-қарсы келмейді.

Коммуникативтік құзыреттілік төмендегідей компоненттерден тұрады:

1) коммуникативтік тәртіп аймағындағы білімі:

- қажетті тілдерді білуі;
- педагогика және психология, конфликтология, логика, риторика, мәдениет және сөйлеу аймағындағы білімі;

2) коммуникативтік және ұйымдастырушылық қабілеті:

- іскерлік қатынастарды нақты және жедел орнату, белсенділік таныту;
- тұлғаны дұрыс қабылдау және түсіну негізінде психологиялық әсер ету;
- қоршаған ортамен және оқшауланған адамдармен біріккен іс-әрекет кезінде белсенді әрекет жасау);

3) эмпатияға қабілетті болу:

- түсіне білу іскерлігі, өзгені сезіне білу;
- психотерапияны сөзбен орындай алу);

4) өзіндік бақылауға қабілеттілігі:

- көршісінің және өзінің мінез-құлқын реттей алу іскерлігі;
- әңгімелесушіні модельдей алу;
- дау-жанжал жағдайларында өнімді жауап беру тәсілдерін табу;
- жағымды психологиялық климатты тудыру;
- субъектаралық қарым-қатынасты болжай алу;

5) вербальды және вербальды емес қарым-қатынас мәдениеті:

- сөйлеу техникасын, риторикалық амалдар, дәйектемелер техникасын және шарттасуды жүргізу;

- кәсіби педагогикалық әдеп ережелерін сақтау;
- ұғымдық-категориялық ақпаратты мақсатты түрде қолдану;
- сөйлеу мәдениетін меңгеру;
- вербальды емес құралдарды қолдану.



Коммуникативтік құзыреттілік студенттерді бақылаудан өзіндік бақылауға, әлеуметтік дамытудан өзіндік дамуға, монологтан диалогқа, түсіндіруден түсінуге ауысудың негізін құрайын тұлғалық-бағдарлы педагогикалық технология шеңберінде білім беру парадигмасының өзгеруімен байланысты жүзеге асырылады. Осы мәселе И.А.Зимняя, Л.М.Митина, А.А.Реан, В.М.Шепель, А.К.Михальская, Н.И.Формановский, Е.В.Бондаревская, М.И.Шипова, О.С.Сәлімбаев, Л.Карабаева зерттеулерінде қарастырылған.

Білім беру субъектісінің құзыреттілігінің қалыптасуына бағдарлану ЖОО-ның білім алушыларының дайындық сапасын айтарлықтай көтереді, еңбек нарығында олардың жан-жақтылығын және талаптылығын арттырады. Осы мәселені шешу білім беру ұйымдарында қоғамда еркін өмір сүре алатын тұлғаны дайындауда қоғамдық талаптарға сай жұмысты орындап қана қоймай, сонымен қатар өзіндік дамуының субъектісі ретінде болуына мақсатты бағытталуын жүзеге асырады.

Зерттеушілер жүргізген эксперттік сауалнама келесідей сапалар құрамын анықтауға мүмкіндік берді:

- өзіндік менеджмент (адамның әртүрлі іс-әрекет түрінде және қарым-қатынаста өзін тиімді басқаруға мүмкіндік беретін сапалар мен қабілеттіліктерді талдау);
- қабылдау (белсенділік, энтузиазм мен басқару қабілеті, қажетті нәтиже алуға өз бетімен жұмыстану деңгейі);
- әлеуметтік жан-жақтылық (оқу, жұмыс орнының тез ауысуына қабілеттілік және дайындық);
- коммуникативтік (іскерлік қарым-қатынасқа қабілеті, басқа адамдармен бірге жұмыс жасауға дайындығы, өзгенің пікіріне және қарым-қатынас орнату дағдыларына шыдамдылық таныту);
- әлеуметтік жауапкершілік (құқықтық норма және моральдық ұстанымдарді саналы түрде орындауымен сипатталатын субъект іс-әрекетінің өзіндік реттелуінің ішкі формасы);
- практикалық интеллект (кәсіби интуиция және айқын емес білім негізінде практикалық тапсырмалар мен мәселелерді өнімді шешудегі интегралды қабілет);
- шығармашылық (жаңашылдығымен, сонылығымен, әмбебаптығымен ерекшеленетін өнімді шығаруға қабілет).

Құзыреттілік теориясы В.Чинапах, Я.И.Лефстед, Г.В.Вайлер, Н.Розов, В.В.Сериков, Н.В.Матяш, Ю.В.Койнов, М.Ж.Жадрина, О.С.Сәлімбаев, К.Ж.Төребава, Л.Қалабаева, Г.Құлжанбекова және т.б. еңбектерінде негізделген. Еуропа өнеркәсіпшілері өткізген дөңгелек столдағы өздерінің қорытынды құжаттарында былай деп көрсетеді: «көптеген жас адамдар мектеп бітіргенде кәсіби өмірінде өте қажет болатын: топта жұмыс жасау қабілеті, командалық рух; жауапкершілік сезімі және жеке тәртібі; белсенділік, шығармашылық сезім; кәсібилік рух, өзіндік дамуға бағытталу, жарыс сезімі; жалпы іске қызмет ету сезімі, патриотизм сияқты құзыреттіліктер туралы ешқандай хабары болмай шығады. Бұл сапалар кәсіпорын рухының негізін құрайды».

Батыстың дамыған елдерінде білім берудің мына міндеттері туралы білім алушыларда құзыреттіліктерді қалай қалыптастыру, оларда пайда болатын интеграциялау инкемділігін қалыптастыру, білімді әртүрлі өмірлік ситуацияларға көшіре білу және қолдану туралы мәселелер орын алуға. Бүгінгі күні оларда түйінді құзыреттіліктер айқындалып, алғаш рет Еуропа Кеңесі сарапшылары 1996 ж. білім беру мәселелері бойынша «Еуропалық жобада» алғаш ұсынылған түйінді құзыреттіліктерді оқу үрдісінде қалыптастыру идеясы жүзеге асырылды. Сонымен қатар, Саймон Шо кадрларды даярлауда түйінді құзыреттіліктер анықталатын сегіз категорияларды атап көрсетеді. Олар:

- негізгі дағдылар (сауаттылық және есеп)
- өмірлік дағдылар (өзін-өзі басқару, басқа адамдармен қарым-қатынас)
- коммуникативті дағдылар (коммуникация, проблеманы шешу, ұжымдық жұмыс)
- әлеуметтік және азаматтық дағдылар (әлеуметтік белсенділі, моральдық құндылықтар, ынтымақтастық)
- кәсіп алу дағдылары (ақпаратты өңдеу, өз бетімен шешім қабылдау, бейімделу)
- кәсіпкерлік дағдылары (өз бетімен әрекет жасау, іскерлік мүмкіндіктерді іздеу және зерттеу)
- басқару дағдылары (коммуникация, кеңес беру, талдау қабілеті, жаттығу және үйрету)
- кең дағдылар (талдау, жоспарлау, бақылау).

Бұл жіктеудің кейбір қарама-қайшылықтары бар. Бұнда кейбір дағдылар (коммуникация, басқа адамдармен жұмыс жасау қабілеті және т.б.) қайталанады. Қазіргі кезеңдегі білім берудің мақсаттарының жиынтығы түйінді құзыреттіліктерді қалыптастыруды көздейді, оның негіздеріне көпмәдениетті қоғамда өмір сүруге қабілеттілік, білімді практиканың қажеттіліктерімен байланыстыру іскерлігі, өмірлік жағдаяты бара-бар бағалай алу және проблеманың шешу жолдарын табу және т.б.

Білім беру практикасы саласында түйінді құзыреттіліктер прагматикалық сипатта болады және ол мыналарға бағытталады:



- тәжірибеден пайдалыны ала білу;
- өзінің алған білімінің өзара байланысын ұйымдастыра білу және оларды тәртіпке келтіру;
- материалды зерделеудің өзіндік тәсілдерін жасау;
- білім алушылар алдында пайда болатын міндеттерді шеше білу іскерлігі;
- өз білімімен өз бетінше айналыса білу іскерлігі және т.б.

Қорытындылай келе, ескеретін жағдай, базалық құзыреттілік оқудың негізгі формалары ретінде болады, олар объективті білімділік формасында айтылады. Коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру іс-әрекеттік сипатқа ие және ол студентның функциональды сауаттылығына сүйене отырып жүзеге асуы мүмкін. Түйінді құзыреттіліктер кәсіби сипатқа ие, олар іс-әрекет субъектісінің тұлғалық дамуының нәтижесі түрінде көрінеді.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 133 бұйрығына қосымша Педагогтің кәсіби стандарты// <https://atameken.kz/uploads/content>
2. Розов Н.С. Философия гуманитарного образования. М., 1993. – С.137
3. Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка. М., 1993. - С.294.
4. Коджаспирова Г.М., Коджаспиров А.Ю. Педагогический словарь: для студ.высш. и сред.пед.учеб.заведений. М.: Издательский центр «Академия», 2005. - С.62
5. Дж. Равен. Компетентность в современном обществе: выявление, развитие и
6. Хуторской А.В. Определение общепредметного содержания ключевых компетенций как характеристика нового подхода к конструированию образовательных стандартов // [www. eiudos. ru/ news / compet-dis. htm/](http://www.eiudos.ru/news/compet-dis.htm/)

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ПРОБЛЕМНО – ПОИСКОВОГО МЕТОДА ДЛЯ РАЗВИТИЯ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИХ НАВЫКОВ УЧАЩИХСЯ

ЖАБАГИНА Раушан Магжановна

Назарбаев Интеллектуальная школа химико-биологического направления
Павлодар, Казахстан
Rzhabagina@gmail.com

Андатпа

Бұл мақалада оқытудың мәселелік ізденістерін қолдана отырып оқушылардың ғылыми – зерттеу дағдыларын дамыту туралы қарастырылды. Өткізілген зерттеу мәселелік оқытудың негізгі қағидаттарына – зерттеу мәселелік жағдайын шешу үшін оны құру, туғызу, тұжырымдауы, ізденіс арқылы, оқу – танымдық іс – әрекеті арқылы қойылған мақсатты орындау үшін құрастырылған.

Аннотация

В данной статье рассматривается развитие исследовательских навыков учащихся с использованием проблемно – поисковых методов обучения. Проведенное исследование базируется на принципе проблемного обучения. В создании проблемной ситуации, формулировки проблемы, подведение учащихся к проблеме, в основе которого лежит принцип поисковой, учебно – познавательной деятельности учащихся, для решения поставленных проблемных задач.

Annotation

This article discusses the development of students ' research skills using problem-based learning methods. The research is based on the principle of problem-based learning, creating a problem situation, problem formulation, bringing students to the problem, which is based on the principle of search, educational and cognitive activity of students to solve the problem tasks.

Почему мне интересен именно этот вопрос? - начиная работать с новой информацией, учащийся часто сталкивается с тем, что материал кажется ему непонятным. На этом этапе – ему необходимо преодолеть элементы механического усвоения знаний, активизировать мыслительную деятельность, сконцентрироваться на ключевых понятиях, с помощью методов исследования, научиться найти выход из данной ситуации, направленный на поиск решения поставленной проблемы, в роли которого может выступать проблемное задание, проблемная задача. Особый акцент должен быть сделан не только на приобретении учащимися предметных знаний и навыков, но и на воспитании



информированного и критически мыслящего гражданина, способного осмыслить научные вопросы в контексте социально и личностно значимых задач.[1, с.5].

Работая над раскрытием способностей учащихся, через различные виды деятельности на уроке с использованием проблемно – поискового метода, я обратила внимание на то, что не всегда учащиеся могут формулировать проблемы, найти способы ее решения, применить полученные знания на практике, не могут связать новую информацию с реальной жизнью. Поэтому, и появилась данная тема исследования, которая, по моему мнению, очень актуальна. Использование проблемного обучения – создание проблемных ситуаций, при изучении материала, выполнении физического эксперимента, решении физических задач позволит учащимся развить навыки и пути решения проблем.

Задачами моего исследования являются:

- преодоление элементов механического усвоения знаний;
- обучение учащихся в формулировке проблемы, выдвижение гипотезы, прогнозирование результатов;
- представление доказательства и рациональные пути решения проблемных ситуаций и задач различными способами.

Планирование данного исследования, началось с ознакомления научных основ проблемно – поискового метода в обучении и посещения общешкольных курсов по выбору. Занятия на курсах позволили подробно ознакомиться со способами организации, различными техниками, инструментами оценивания, обсуждения и обмена опытом с коллегами по темам их исследования.

Основу проблемно – поискового метода составляют теоретические положения американского философа Дж.Дьюи, «ребенок лучше усваивает материал, когда сам является активным субъектом своего обучения и условием его успешности является умение проблематизации материала, его активность и связь обучения с жизнью»[2, с.13-15]. Помимо этого рассмотрены статьи по данному вопросу:

Мельникова Е.М. – Технология проблемного обучения. Школа 2100. Образовательная программа и пути ее реализации. М.Баласс.2017

Якиманская И.С. Проблемно – поисковый метод обучения в современной школе. М. Сентябрь 2016. – 249с

Хуторской А.В. Ключевые компетенции и образовательные стандарты /Интернет - журнал Эйдос/ 2018. [Электронный ресурс] <http://www.eidos.ru/journal/2018/0423.htm> .

Обзор литературы позволил мне составить диалог с коллегами в методическом объединении, молодыми учителями и коллегами естественных дисциплин по обсуждению основных идей планируемого исследования. Для исследования были выбраны учащиеся 9 классов, в одной из групп были частые пропуски занятия, порой бывало по 3 – 6 учащихся. Мне приходилось планировать занятие таким образом, чтобы каждый из них был вовлечен в активную деятельность урока, создать условия для повышения мотивации и развития интереса. [3, с.132].

Пути решения проблемы

При проведении уроков было выявлено, что учащимся сложно понять предоставленную информацию с первого раза, не всегда им удавалось выделить основную идею, выявить проблему, прогнозировать результаты. Карта индивидуальных особенностей класса позволила мне скорректировать деятельность учащихся, использовать различные техники. В выбранной, мною параллели проведено анкетирование, которое включило не стандартные вопросы, а просто планирование эксперимента по определению ускорения свободного падения., необходимо было разработать основные этапы:

- постановка проблемы (она уже у них есть это определение ускорения), выдвижение гипотезы;
- пути решения данной проблемы - с помощью эксперимента, демонстрации, задачи, какой – либо информации из Интернета, описания опыта и т.д.;
- выражение решения - планирование эксперимента, поиск необходимых данных, сбор информации и др.;
- представление полученных данных друг другу, вывод по данной проблеме.

В анкете участвовали все 15 учащихся. Результаты проверки анкеты заставили задуматься о том, что учащиеся не могут применить свои знания в нестандартной ситуации:

- неумение выдвигать гипотезу – 8 уч-ся;
- пути решения проблемы – Интернет источники -2; лабораторная работа -4; эксперимент – 4; описание опыта из Интернета – 2; решение задачи с использованием формулы силы тяжести - 3;
- составлен подробный план решения данной проблемы – 11 уч-ся;
- представлен план без учета последовательности действий – 4 уч –ся;
- анализ полученных результатов – 10 уч-ся;



- неправильная формулировка вывода - 5 уч-ся.

Решение данной проблемы было начато с планирования урока, включающий проблемные вопросы, задачи и ситуации, для решения которых применялись такие методы – как проблемное изложение темы при ее изучении, эвристическая беседа, различные источники информации, носящие исследовательский характер. Также использовались нестандартные задания. Учащимся представлено описание погоды зимой, когда прошел сильный дождь и резкое понижение температуры, СМС – сообщение от службы 112 о гололеде и значение слова «гололед» из разных словарей. Учащиеся должны были выйти на тему урока «Сила трения», не всем учащимся удалось назвать тему урока сразу, поэтому были предложены проблемные вопросы: какое время года, какое явление описывается, какая информация в тексте (закрытие дорог), почему их закрыли, какую опасность для транспорта представляет гололед, какие меры необходимо предпринять и т.д. Такая цепочка вопросов позволит им назвать тему урока. В данном случае, одна и та же проблема представлена различными способами, учащийся, используя свои знания, осуществил выбор, анализ и систематизацию информации, на основе которого сделано прогнозирование по теме урока. Изучение темы «Импульс тела» начато с 1 этапа решения проблемы - демонстрации столкновения 2 тележек. Следующий этап - выдвижение предположений, гипотезы по результатам опыта после соударения (тележки могут двигаться в одном или противоположных направлениях, или одна тележка отскакивает, а другая остается на месте, почему?). После обсуждения опыта учащиеся пришли к выводу, что движение тележек зависит от типа соударений (от массы и скорости тоже). Построение модели взаимодействий тел, осуществляется на третьем этапе – разработки способов проверки гипотезы и его осуществление. Вновь выдвигаются какие-то предположения – *гипотезы*. Таким образом, на данном этапе показываем учащимся, что для объяснения явлений удобно реальные объекты и явления представлять качественными моделями, которые сохраняют существенные признаки изучаемого объекта или явления и упрощают изучение окружающего мира. [4, с.132]. Выстраивание урока в соответствии с методами проблемного обучения позволяет структурировать знания учащихся, превращает учебу в активную, мотивированную, успешную познавательную деятельность.

Проблемное изучение физических законов, проведение экспериментов, решение различных задач на уроке научило учащихся решать проблемы, выдвигать гипотезы, делать выводы. В заключение хотелось бы отметить, что построение процесса обучения физике в соответствии с этапами проблемно – поискового метода открывает широкие возможности для предоставления учащимся инициативы, независимости и свободы в процессе познания, ощущения радости творчества.

Список литературы.

1. Учебная программа по физике 7-10 класс, Астана, 2018г.
2. Дьюи Дж. Образование и демократия. М.: 2000
3. Мельникова Е.М. Технология проблемного обучения. Школа 2100. Образовательная программа и пути ее реализации. М.:Баласс.2017
4. Махмутов М.И. Алгоритм осуществления проблемных ситуаций на уроке. М.: Педагогика, 2005.
5. Якиманская И.С. Проблемно – поисковый метод обучения в современной школе. М. Сентябрь 2016. 23-26
6. Хуторской А.В. Ключевые компетенции и образовательные стандарты /Интернет - журнал Эйдос/ 2018. [Электронный ресурс] <http://www.eidos.ru/journal/2018/0423.htm> .

ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА БАҒЫТТАУ

ЖАКИЕВА Бибикуль Асылбековна
Назарбаев Зияткерлік мектебі мұғалімі
Ақтөбе, Қазақстан
zhakieva_b@akb.nis.edu.kz

Аңдатпа

Мақалада белгілі бір ұлтқа, ұлт азаматына тән зат, адами қадір-қасиет, яғни халық ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық рухани және материалдық құндылықтарды жалпыадамзаттық құндылықтармен қатар ала жүре ұрпақты тәрбиелеу ісінің маңыздылығы жайында айтылады. Ұлттық санаға сілкініс әкелу үшін ұлттық мәдениеттің бастауы мен бұлағының көзін ашып жарқыратып



көрсету, жалпы адамзаттың қарым - қатынас құралын, ұлт мәдениетін өркендетуге толық күш салу керектігі айтылады.

Аннотация

В данной статье говорится о накопленными веками духовных, высокоморальных ценностях нашего народа, которые могут быть использованы в формировании настоящего глобального гражданина. В целях укрепления гражданского самосознания, какисновного источника национальной культуры необходимо развития общечеловеческих и культурных ценностей.

Annotation

The article reveals the respect and character peculiar to a particular nation, a citizen of the nation, that is of value to humanity, national spiritual and material values along with the importance of educating generations. This article tells about the necessity of investment of forces and energies for the elevation of the national culture, way of enabling mankind and to shake the consciousness of the people need to openly show the beginning and during the national culture.

This article tells about the necessity of investment of forces and energies for the elevation of the national culture, way of enabling mankind and to shake the consciousness of the people need to openly show the beginning and during the national culture.

XXI ғасырдағы өскелең ұрпақты қоғамның жан-жақты дамыған жеке тұлғасы етіп қалыптастыру – басты міндеттердің бірі.

Қазақстан Республикасының “Білім туралы” заңында “Білім беру жүйесінің басты міндеті — ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді акпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу” делінген.

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев: «Біз бүгінгі бейбіт тірлігіміз үшін, Қазақстан деп аталатын Республиканың жер бетінде барлығы үшін, тарихтың әр тұсында осы елді, осы жерді қорғаған қайсар жандардың аруағының алдында қашан да қарыздармыз», – дегені ұлттық құнадылықты бойына сіңіріп өскен, отаншылдық рухы жоғары баланы тәрбиелеу керектігін айқын көрсетеді [1, 3 бет]. Олай болса, жас ұрпақты тәрбиелеуде ата – бабамыздың ізімен ұлттық тәрбие үлгісін ұғындырып, мәдениетті, адамгершілік қасиетті, шығармашылық тұлға етіп тәрбиелеу – қоғам қажеттілігі екендігі даусыз. Сондықтан әр адам ұлттық құндылықты өз баласының бойына қалыптастыруда басшылыққа алар сөздерге көңіл бөлейік:

1. М. Жұмабаев: «Жас бала – жас бір шыбық, жас күнде қай түрде иіп тастасаң, есейгенде сол иілген күйінде қайтып алмақ» [2, 14 бет].

2. Мұстафа Шоқай: «Ұлттық құндылықтардан жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды» [2, 7 бет].

3. Бауыржан Момышұлы: «Біздің тарихымыз батырға бай тарих, халқымыз батырлықты биік дәріптеп, азаматтық пен кісіліктің символы, үлгісі санаған. Батырлық деген, ерлік деген ұрпақтан ұрпаққа ата дәстүр болып қала бермек. Өткенін білмеген, тәлім – тәрбие, ғибрат алмаған халықтың ұрпағы – тұл, келешегі тұрлаусыз. Біздің қазақ халқы – батыр халық» [2, 23 бет].

4. Ахмет Байтұрсынов: «Балам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан болсын» [2, 18 бет].

5. Абай Құнанбаев: «Бала мінез үш алуан адамнан жұғады: біріншісі - ата – анасынан, екіншісі – ұстазынан, үшіншісі – құрбысынан» [2, 32 бет].

Міне осы ұлағатты сөздерді ұғынған ата-ана мен мұғалімдер «бабаларының игі дәстүрін сақтайтын», «күллі әлемге әйгілі, әрі сыйлы өз елінің патриоттары» болатын ұрпақ тәрбиелей алмақ. «Балаңды өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле»-, дейді дана халқымыз. Сондықтан да, сан ғасырлар бойы сұрыпталған ұлттық құндылықтарымызды оқу-тәрбие процесіне енгізу арқылы ұлттың тұнып тұрған рухани байлығынан болашақта ел билейтін ұрпақтарды сусындатып, ұлтшылдық пен отаншылдыққа баулып, өз халқын, өз мемлекетін көздің қарашығындай қорғайтын, бойында ұлттық санасы қалыптасқан тұлғаларды тәрбиелеп шығару – жалпы ұлттың алдында тұрған ұлы міндет. Қандай да бір елдің рухани мәдениеті, әдебиеті мен өнері, ғылым мен техникасы, әлеуметтік жағдайы, материалдық өндірісінің ең маңызды жетістіктері тәрбиесінен көрінуі арқылы оның ұлттық құндылықтарының мәніне ие болады және өскелең ұрпақтың азаматтығы мен отаншылдықты, рухани-адамгершілік жан-дүниесі қалыптасуына белсенді түрде ықпал етеді. Әрбір халықтың тарихи өмірінде қол жеткізген ең құнды дүниелері – рухани және адами қасиеттері, моральдық нормалары, ұлттық құндылықтары бар. Ұлттық құндылықтар – қандай да бір этникалық қауым өкілдерінің өзіндік тарихи көрінісі бар рухани мұраттарының жиынтығы. Ұлттық



құндылықтардың әрбір халықтың өмірінде алатын орны өзгеше екені белгілі. Сондықтан да әрбір жаңа ұрпақ үшін мәнді тәрбие – ұлттық тұрғыдағы тәрбие үлгісі болып табылады. Өйткені, мұнда тәрбиенің негізі ғасырлар бойы қалыптасып келген асыл рухани құндылықтар және биік ізеттілік пен моралдық тұрғысындағы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жататын, адамның адамдық қасиетін нығайтып әрі асылдандыра түсетін, халықтың даналық өмір-салтынан туындап отыратын бұлжымас ережелер мен қағидалар құрайды. Қазақы дүниетаным, ақыл-ой, тағылымдық ұлағат ғасырлар бойы шындалып қалыптасты. Сол сан ғасырлық ұлттық тәрбиенің негіздерін бір арнаға түсіріп тәрбие мәселесінде пайдалану бүгінгі таңда күн тәртібінде тұрған ең басты қажеттілік деп білемін. Ұлттық отаншылдықты қалыптастыруда ата-бабаларымыздың ұлағатты ойлары мен тәлімдік тәрбиесінің атқаратын орны ерекше.

Қазақтың ұлттық құндылықтарын жаңғырту бүгінгі мемлекеттен өзінің ішкі және сыртқы саясатын ұлттық сипатта жүргізуді талап етеді. Қазақи рухы биік ұлттық идеяның қалыптасуында ұлттық құндылықтардың маңызы зор. Ұлттық тәрбие туралы идея бүгінгі күн талабы мен өмірлік қажеттіліктен туындап отыр. Ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын, ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын толық кемелді, ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу ұлттық идеяның негізгі бағыты болып табылады. Ұлттық идея – қазақ халқы тудырған моральдық нормаларда және ұлттық құндылықтарда бекітілген патриоттық тәжірибені меңгеру, ұлттық этномәдени дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды тану, тарихты құрметтеу арқылы іске асырылады. Көрнекті ғалым, қоғам қайраткері Амангелді Айталы «Ұлттың рухани мұралары мен дәстүрлерін, қаһармандық ерлік салтын қастерлеу – ұлттық идеяның басты көзі болады, оның дүниежүзілік өркениеттер арасындағы өзіндік дербестігін нығайтады» - деп келтіреді [3, 48 бет]. Бүгінгі жас ұрпақты бала шақтан, яғни ерте жастан ұлт құндылықтарына сүйене отырып тәрбие жүргізу керек. Өйткені бүгінгі дұрыс тәрбие – болашақтағы жақсы елдікті танытар азаматтардың өсетінін танытады. Сол себептен де Елбасы өзінің мақаласында «Ұлттық салт-дәстүріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуы тиіс» – деп ой қорытады. Бүгінгі күн тұрғысынан қарайтын болсақ, егемен елдің бейбітшілігі мен бірлігін сақтайтын жас ұрпақтың бойына жастайынан ата-бабаларымыз негізін салған ерлік рухты, отаншылдық сезімді сіңіру кезек күттірмейтін мәселелердің бірі болып отыр. Тарихты оқу арқылы отаншылдыққа, өз халқына, басқа халықтарға деген сүйіспеншілікке, жауынгерлікке, еңбек сүйгіштікке, Отаны үшін кез келген қиындыққа әзір тұруға, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастыққа, қоғам үшін, халық үшін, елі үшін қызмет етуге дайын болуға, адалдыққа, шыншылдыққа, тазалыққа, қарапайымдылыққа, кішіпейілділікке, өз мүддесін халық, Отан мүддесінен жоғары қою сияқты қасиеттерге тәрбиеленеді. Ал, мектептегі тарих сабақтарында ерлікке, жауынгерлікке тәрбиелеу күрделі міндет. Осы жерде ержүрек батырлар мен қолбасшылардың қаһармандығын, ерлігін көрсеткен шайқастары туралы толық нақтыланған материалдар болуы тиіс. «Атамекен, туған жер» ұғымы – әрдайым қастерлі де қасиетті ұғым [4, 152 бет]. Бұл қасиеттер ұрпақ бойына оқумен, біліммен, үйренумен, талпынумен бітеді. Қазақ халқын құрып кету қаупінен сақтап қалған, жерін жауға бермей, ұлан байтақ өлкесін қазақ еліне мәңгі қоныс ету мақсатында жарғақ құлағы жастыққа тимей, елім деп еңіреп өткен хас батырлар қаншама десеңізші! Бұлардың ерлігі кейінгі ұрпаққа қашан да болса өнеге болмақ. Отансүйгіштік рух – тәуелсіз еліміздің әлемдік өркениет көшіне қосылып, дүниежүзілік қауымдастықтан лайықты орнын алуына мүмкіндік беретін бірден-бір күш. Осы жерде жас ұрпақ ең басты отбасында асқақ отансүйгіштік сезімге тәрбиеленуі тиіс. Ұрпақ тәрбиесіндегі ежелден қалыптасқан халқымыздың жақсы дәстүрі мен тағылымдарын, мәдениет тарихын, бұрын-соңғы ұлы ойшыл педагогтардың еңбектерін оқып жетік білмей, оны жақсы меңгермей тұрып келер буынға дұрыс тәрбие-тағылым беру мүмкін емес. Тәрбие беруде ұлттық құндылықтарымыз арқылы жол көрсетер болсақ, жастарымыз қазақстан қоғамының әлеуметтік-мәдени өзгерістеріне жоғары мәдениетті деңгейде бейімделе алады деп айта аламын.

Қарапайым тілмен айтқанда ұлттық мәдени құндылықтар – белгілі бір ұлтқа, ұлт азаматына тән зат, адами қадір-қасиет, яғни халық ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық рухани және материалдық құндылықтар [4, 38 бет].

Қоғамдағы адамдар жасаған рухани, материалдық, мәдени құндылықтардың алмасуы оқыту процесі арқылы жүзеге асырылады. Соның ішінде сын тұрғысынан ойлау жобасы арқылы оқыту – саналы процесс екенін айтқым келеді. Интеллектуалдық деңгейі жоғары тұлғаны қалыптастыру үшін, оны оқытып қана қою жеткіліксіз. Оны тұлға ретінде жан – жақты дамытуға қолайлы, оқытудың шығармашалақ түрін жасау қажет, яғни шығармашылық оқу әрекетін туғызу қажет. Бұл баланы, берілген оқу материалын жаттап алу ғана емес, керісінше өз бетімен білім алу үшін ізденуге үйретеді. Жеке тұлғаны ұлттық тәрбие арқылы дамыта отырып, нақты әрекет арқылы оқытуда төмендегі құндылықтардың болуы қажет:



— белсенді қарым-қатынас: оқушы мен мұғалімнің әр мәселеде өз көзқарастарын білдіріп отыруы;

— индивидтік: мұғалімнің әр жеке оқушының ерекшелігін дамытуы, қоғам алдындағы жауапкершілігінің болуы;

— өзіндік тәртіп: өзіндік бақылау мен бағалауды, шешім қабылдауды үйрену және оны дамыту;

— шыдамдылық: әр түрлі пікірлерді қабылдай алу, бір-бірінің пікірлері мен ерекшеліктерін құрметтеу, қабылдау.

Олай болса, қазіргі кезеңде мектеп табалдырығынан бастап білім беруде ел тарихын терең қозғап, қазақ зиялы қауымының еңбектерін, қоғам дамуына қосқан үлесін айтып түсіндіру арқылы оқушылардың адами құндылық қасиеттерін қалыптастыра аламыз. Сондай-ақ ұлттық салт-сананың өмірдегі қолданылмалы көріністері: рәсімдер, рәміздер, ырымдар, тыйымдар, жөн-жоралғылар, діни уағыздар, сенімдер, кісілік рәсімдері, перзенттік парыз, адамгершілік борыш, ұрпақтық міндет арқылы іске асырылып ұлттық қасиеттерге айналады.

Оқушының ұлттық қасиеттеріне меймандостық, кісілік, сыйласымдылық, имандылық, кішіпейілділік, кеңпейілділік, салауаттылық, тіршілікке бейімділігі, өнерпаздық, шешендік, ақынжандылық, сыпайылығы, мәдениеттілігі т.б. қасиеттері арқылы ерекшеленеді.

Қорыта келгенде, ұрпағымызды парасатты да білікті, мәдениетті де білімді етіп тәрбиелеп, рухани дүниетанымын жалпы адамзаттық деңгейде дамытамыз десек, бойында ұлттық және азаматтық намысы бар ұрпақ өсіргіміз келсе, бүкіл қоғамдық өмірдің өзегін келешек ұрпақ тәрбиесіне, соның ішінде ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеуге бағыттауымыз қажет.

Қазақстан тарихы пәнін оқыту арқылы да оқушылардың бойында ұлттық құндылықтар жүйесін қалыптастыру пән мұғалімдерінің басты міндеті.

Ұлттық санаға сілкініс әкелу үшін ұлттық мәдениеттің бастауы мен бұлағының көзін ашып жарқыратып көрсету, мешеулеп қалған адамзаттың қарым - қатынас құралы тілді, тіл мәдениетін өркендетуге толық күш салу керек. Ұлттық ана тілді біліп, терең тамыр жайғызу, құрметтеу, салт - дәстүрлерін қадірлей білу, имандылық парасатқа, ұлттық тәрбиелеуге негізделуі қажет.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Біз ХХІ ғасырдың жаһандық картасында ешкімге ұқсамайтын, дербес орны бар ұлт боламыз десек, әлем бізді мәдени жетістіктерімізбен тануы керек», - деген. Сондықтан да ұлттық құндылықтарымызды жаңғырту жолында жаңа серпінмен жұмыс жасай береміз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә., «Болашаққа бағдар:рухани жаңғыру» атты мақаласы , 12 сәуір 2017 жыл.massaget.kz сайты
2. <http://ripkso.kz/files/blocks/2/Catalog-2-2016.pdf> (02.02.2018)
3. Бөлеев Қ. Л. «Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындау», Алматы, 2004.
4. Ізбасарова Ж.Ж., «Жеке тұлғаны ұлттық құндылықтарға бағыттап оқыту». Тараз, 2015

АКТИВИЗАЦИЯ ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ УЧАЩИХСЯ

ЗАЙЦЕВА Светлана Анатольевна

Alpamys School

Нур- Султан, Казахстан

zaitsieva_s@mail.ru

Аннотация

Проблема активизации познавательной деятельности - одна из актуальных. Педагогической наукой доказана необходимость теоретической разработки этой проблемы и осуществление ее практикой обучения, т.к. формирование личности осуществляется при организации деятельности, прежде всего учебно - познавательной.

В настоящее время исследования ученых убедительно показали, что возможности людей, которых обычно называют талантливыми, гениальными- не аномалия, а норма. Задача заключается лишь в том, чтобы раскрепостить мышление человека, повысить коэффициент его полезного действия, наконец, использовать те богатейшие возможности, которые дала ему природа, и о существовании



которых многие подчас и не подозревают. Поэтому особо остро в последние годы стал вопрос о формировании общих приемов активизации познавательной деятельности.

Задача учителя состоит в том, чтобы сделать детей активными участниками учебно-воспитательного процесса, ведь от того, насколько сознательно, творчески, с желанием будут учиться дети, зависит в дальнейшем самостоятельность мышления, умение связывать теоретический материал с практической деятельностью.

Мышление человека характеризуется активным поиском связей и отношений. Именно направленность на выделение в вещах главного и неглавного, существенного и несущественного и отличает мышление как познавательный процесс от восприятия и ощущения. Что же возбуждает мышление? Толчком к мышлению выступают возникающие на основе восприятия познавательные задачи, парадоксальные положения, удивление и т.д. Наблюдая и размышляя, учащиеся осмысливают суть темы и решают познавательную задачу.

Важно не столько проверять понимание, сколько учить пониманию!

Очевидно, что традиционный объяснительно - иллюстративный метод, недостаточен для решения поставленных задач. Понятно также, что решение этих задач не может проводиться в отрыве от исследований, посвященных особенностям мышления школьников. Поэтому в практике обучения мы руководствуемся результатами психолого-педагогических исследований (Л. С. Выготский, П. Я. Гальперин, Л. В. Занков, В.В. Давыдов) [1].

Одним из ведущих методов обучения в условиях обновления содержания становится системно-деятельностный подход [6]. Основная особенность деятельностного метода заключается в том, что новые понятия и отношения между ними не даются учащимся в готовом виде. Они «открывают» их сами в процессе самостоятельной исследовательской деятельности. Учитель лишь направляет эту деятельность, давая точную формулировку установленных алгоритмов действия и знакомя с общепринятой системой обозначений. Таким образом, ученики строят «свои» знания, поэтому научные понятия приобретают для них личностную значимость и становятся интересными не с внешней стороны, а, по сути.

В программе РКМЧП, осуществляемой при поддержке Международной ассоциации чтения, используется продуманная методическая концепция, позволяющая проводить глубокий анализ, поиск ответа, решения.

На уроках, построенных с учетом трех этапов, создается среда для активной познавательной деятельности: ученики размышляют, учатся принимать критические решения, самовыражаются. Ведущие социальные методы мотивации: взаимопонимание и взаимопроверка, рецензирование и поиск контактов - основа уроков RWCT [2], где учащиеся самореализуются в индивидуальной, парной, групповой работе.

Стратегии обучения, предлагаемые проектом, зависят от структуры ПОР. И стратегии обучения, подобно самой структуре, должны в какой-то мере обязать учащихся: активизировать мышление; участвовать в обсуждении; делать рефлексию на новую информацию; задавать свои вопросы; формулировать и выражать собственные мнения; думать критически и гибко; принимать нетрадиционные решения - творить.

Согласно таксономии Б. Блума, при планировании необходимо отталкиваться от глаголов по «лесенке познания», от простого к сложному: оценка, синтез, анализ, применение, понимание, знание.

Стратегии - побуждение к учебной деятельности. «Я понимаю, только тогда, когда делаю».

Заслуга авторов проекта в том, что проект не дает готовых ответов о том, как обучать сегодня, проект дает возможность учителям самим искать ответы, искать от урока к уроку, постоянно.

Кроме того, в современном мире, активно используется метод проектов [5]. Эта работа направлена на достижение нового, уникального результата в течении определенного периода времени. Проектное обучение активно влияет на мотивационную сферу обучаемого. Проектное обучение - мощное средство, позволяющее увлечь новое поколение по пути саморазвития, самосовершенствования, самопознания и самовоспитания.

Данные методики - это инструменты в руках педагога, которые помогут в развитии активизации познавательной деятельности учащихся.

Успех обучения зависит от того, в какой мере в школе используется система средств, способствующих поддержанию высокой познавательной активности учащихся.

Литература:

1. В. В. Давыдов. Проблемы развивающего обучения. М. Педагогика, 2015 г.
2. С. Мирсеитова. Философия и методы RWCT в действии. Алматы, 2017 г.



3. Н. Ф. Талызина. Формирование познавательной деятельности младших школьников. М., 2007 г.
4. Г. И. Щукина. Педагогические проблемы формирования познавательных интересов учащихся. М., 2005
5. А. Елизаров, М. Бородин, Н. Самылкина. Учебный проект в школе: высокий педагогический результат. Москва, 2019 г.
6. Л. В. Селькина, Н. В. Новосельцева. Урок в современной начальной школе. Алматы, 2012 г.

ЭЛЕКТРОНДЫ КІТАПХАНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҮРДІСТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ ТИІМДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

С.Ш. ТІЛЕУБАЙ., ЗАКИРОВ Шоқан Сейдуллаұлы

Қорқыт ата атындағы Қызылорда Университеті

Қызылорда, Қазақстан

shokanz@bk.ru

Аңдатпа

Бұл мақалада электронды кітапханалар ұғымы айқындалып, олардың түрлері мен ерекшеліктері және классикалық кітапханалардан артықшылықтары жайлы жазылған. Электронды кітапханалардың педагогикалық үрдісті ұйымдастырудағы атқаратын рөлі айқындалып, олардың білім беру үрдісін жандандыру үшін маңыздылығы көрсетілген. Сонымен қатар, электронды кітапханалардың құрылымы сипатталып, еліміздің және әлемнің басты ғылыми электрондық кітапханаларының тарихы мен құрылымының сипаттамасы келтірілген.

Қазіргі таңда жаңа ақпараттық технологиялардың адам өміріндегі рөлі күннен-күнге артып, өсіп келеді. Жаңа технологиялар қоғам өмірінің барлық салаларына еніп, адамзатты түпкілікті өзгертуге бағыт алды. Қазіргі адам өмірін компьютерсіз елестету мүмкін емес. Адам үйінде де, жұмыс орнында да компьютер алдында отырып жұмыс жасайды, кітап оқиды, кино көріп, музыка тыңдайды.

Адам өміріне енген жаңа технологиялардың бірі – электронды кітапханалар.

Электронды кітапхана дегеніміз – сақталған барлық ақпарат қорын (әдебиеттер, сілтемелер жинағы, аудио және бейне материалдар) оқырманға ақпараттық технологиялар арқылы оңтайлы пайдалануға мүмкіндік беретін ақпараттық жүйе.

Егер біз осыдан 10-20 жыл бұрын керекті әдебиетті оқу үшін, кітапханаға барып, оны кітап сөрелерінен іздеп табуымыз керек болатын болса, енді үйден шықпай-ақ қалаған кітапты аз уақытта жүктеп алып оқуға мүмкіндік бар. Ол үшін жалғыз шарт – интернет желісіне жалғанған компьютердің болуы.

Электронды кітапханалардың классикалық, яғни қағаздық кітапханалардан көптеген артықшылықтары бар:

– Электронды кітапханаларда кітаптар бөлмедегі кітап сөрелерінде орын алмай, бір ақпараттық жүйеде сақталады;

– Электронды кітапханада керекті әдебиетті табу, классикалық кітапханаға қарағанда, оңай әрі жылдам болады;

– Электронды кітапханалардың жалғыз мәтін түріндегі кітаптарды ғана емес, сонымен бірге аудио, видео, презентация, сілтемелер түріндегі ақпаратты сақтау мүмкіндігі бар;

– Электронды кітапханалар шексіз мөлшердегі ақпарат қорын сақтай алады.

Сонымен қатар, қазіргі таңда мобильдік қосымшалар болып табылатын электрондық кітапханалар үлкен сұранысқа ие. Бұл оқырманға тіпті көшеде келе жатып керекті әдебиетін тауып, оқуға мүмкіндік береді.

Электронды кітапханалардың түр-түрі болады. Мысалы, ондағы әдебиет қорының мазмұнына байланысты электронды кітапханалар:

– Аралас бағыттағы

– Арнайы мамандырылған бағыттағы электронды кітапханалар болып бөлінеді.

Аралас бағыттағы электронды кітапханаларда әр түрлі бағыттағы әдебиеттер, мысалы, көркем әдебиет, техника, филология, философия бағытындағы әдебиеттер сақталады. Әдетте, олар бағытына қарай топталып, қажетті әдебиетті оңтайлы іздеуге мүмкіндік береді.



Ал арнайы мамандандырылған электронды кітапханаларға келетін болсақ, онда бір салаға қатысты, мысалы, тек тарихи, экономикалық немесе техникалық ғылымдар бағытындағы әдебиеттер сақталады. Мұндай электронды кітапханаларды пайдалану, әсіресе, белгілі бір саланың мамандарына, жоғары оқу орындары оқытушылары мен студенттеріне өте тиімді болады. Алайда, бүгінгі таңда мұндай кітапханаларға сұраныстың жоғары болуына қарамастан, әлі күнге дейін арнайы мамандандырылған электронды кітапханалардың жеткіліксіз болуы маңызды мәселеге айналып отыр.

Сонымен қатар, электронды кітапханалар ондағы ақпараттың физикалық тұрғыдан орналасуына байланысты келесі топтарға жіктеледі:

– Барлық ақпараттық ресурстары бір жерде, яғни сол интернет ресурста шоғырланған кітапханалар;

– Басқа ресурстарға сілтемелер жинағы болып табылатын электронды кітапханалар;

– Гибридті, яғни ақпараттық ресурстарының бір бөлігі сол интернет ресурста сақталған әдебиет қоры бола отырып, қалған бөлігі басқа интернет ресурстарға сілтемелер болып табылатын электронды кітапханалар.

Алайда, электронды кітапханалар осы жіктеменің қай тобына жатса да, олардың барлығы дерлік оқырманға ақпараттық ресурстарын біріктірілген ақпараттық жүйе ретінде ұсынады. Жоғарыда аталғандай, бұл ақпараттық ресурстар физикалық тұрғыдан бір жерде орналаспай, әртүрлі ақпараттық қорларда, тіпті әртүрлі интернет ресурстарда сақталуы мүмкін. Электронды кітапханалардың басты міндеті – оқырманның кез-келген әдебиетті оңай әрі жылдам тауып, оны тиімді қолдануына барынша жағдай жасау болып табылады [1].

Электронды кітапханалардың педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда орны ерекше.

Электронды кітапханалар білім беру үдерісінде:

– Қажетті ақпаратты қолжетімді етеді;

– Оқытудың тиімділігін арттырады;

– Педагогикалық процесті байытып, түрлендіреді;

– Оқушылардың білім алуға ынтасын арттырады.

Педагог бір сабаққа қатысты ақпарат жинау үшін кітапханға бармай, үйінде, не болмаса жұмыс орнында отырып-ақ барлық қажетті ақпаратты таба алады.

Сонымен қатар, оқушылар да, үй жұмысын жасағанда, реферат, курстық жұмыс жазғанда электронды кітапханаларды пайдалана алады [2].

Мысалға Қазақстандық Ұлттық электронды кітапхананы (www.kazneb.kz) келтіруге болады. Бұл жоба 2008 жылы Қазақстан Республикасының Мәдениет және Ақпарат министрлігінің «Электронды мемлекеттік кітапхана қорын қалыптастыру» жобасы бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасының негізінде жасалды [3].

Қазақстанның Ұлттық электронды кітапханасын (ҚазҰЭК) құруда ҚР Ұлттық академиялық кітапханасынан басқа, ірі облыстық және жоғары оқу орындарының кітапханалары, қоғамдық мекемелер, музейлер мен жеке авторлар, атап айтқанда, белгілі жазушылар, ғалымдар мен қоғам қайраткерлері ат салысты. Барлығы, бұл жобаға 2 Ұлттық кітапхана, 18 облыстық кітапхана, 10 қалалық орталық кітапхана, 33 жоғары оқу орындарының кітапханасы және 11 қоғамдық орталықтар, ғылыми институттар, музейлер мен басқа мекемелер қатысты.

Бұл электронды кітапханада электронды форматтағы кітаптар, сөздіктер, журналдар, газеттер, мақалалар және т.б. ақпарат көздері сақталған. Керекті кітапты немесе басқа ақпаратты электронды кітапхананың іздеу жүйесіне енгізу арқылы табуға болады. Одан басқа, ҚазҰЭК-те оңтайлы пайдаланушылық интерфейс, баспалдақты құрылымды электронды каталог жүзеге асырылған. Бұл каталог кітаптардың қосылуы не жойылуына байланысты жаңартылып отырады [3].

Көршілес Ресей Федерациясын алып қарастырсақ, бірінші кезекте elibrary.ru ғылыми электронды кітапханасын атап өткен жөн. Бұл электронды кітапхана 1999 жылы Ресей Фундаменталды Зерттеулер Қорымен ресей ғалымдарына шетел ғылыми баспаларын қолжетімді ету үшін жасалған болатын [5].

2005 жылы elibrary.ru ресейлік ғылыми басылымдармен жұмыс жасай бастап, 2020 жылға қарай оның ақпарат қоры 34 млн ғылыми мақалаға жетті. Сонымен қатар, бұл электронды кітапханада алуан түрлі саладағы ғылыми әдебиеттер мен журналдар сақталып, олардың құрамы үнемі жаңартылып отырады [4].

Бүгінгі таңда elibrary.ru электронды кітапханасы Ресейдің алдыңғы қатарлы ғылыми кітапханасына айналып отыр.

Шетелдік электронды кітапханаларынан Scopus атты әлемдегі ең үлкен әмбебап библиографиялық ақпарат қорын келтіруге болады. Бұл ғылыми ақпарат қоры 2004 жылы Elsevier нидерландтық ғылыми басылымдық корпорациясымен жасалған болатын [5].



2009 жылдың ортасына қарай Scopus ақпарат қоры 38 млн ғылыми мақаланы құраса, қазіргі таңда оның саны 60 млн-нан асты.

Scopus дегеніміз:

- 22 мыңнан астам ғылыми журнал;
- 145 мыңға жуық кітап;
- 100 мың конференцияда жарияланған 8 млн-ға жуық ғылыми мақала;
- Әлемнің алдыңғы қатарлы патенттік мекемелерінің 28 млн патенті.

Сонымен қатар, әлемнің ең ірі электронды кітапханаларынан Web of Science платформасын, ғылымның әртүрлі бағытындағы әдебиеттер жинағы болып табылатын PubMed, ERIC, SciFinder, Jstor ақпарат қорларын келтіруге болады.

Алайда, олардың ақпарат қоры негізінен ағылшын тілінде болғандықтан, әзірге бұл электронды кітапханалар біздің елде аз қолданылады. Сондықтан да, қазіргі таңда ағылшын тілін жетік меңгеру тиімді ғылыми жұмыс жасаудың басты шарттарының біріне айналып отыр.

Сонымен, қорытындыласақ, бүгінгі күні электронды кітапханалар білім беруді ұйымдастыру үдерісінде маңызды орын алады. Олар керекті ақпаратты табуды жеңілдетіп, оқытуды байытады, түрлендіреді және қызықты етеді. Уақыт өте келе электронды кітапханалардың білім беруде маңызы артатыны сөзсіз. Сондықтан да, біздің, яғни педагог мамандарының қазіргі таңдағы басты міндеттерінің бірі – электронды кітапханаларды оқыту үрдісінде тиімді қолданудың жолдарын барынша ойластырып, оларды күнделікті оқыту жоспарына қосу болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Вигурский, К. В. Развитие электронных библиотек: мировой и российский опыт, проблемы, перспективы. // К. В. Вигурский, Е. А. Горный. Интернет и российское общество / под ред. И. Семенова; Моск. Центр Карнеги. - М.: Гендальф, 2002. - С. 158-188.
2. Сергеев, С.Ю. Роль библиотек в эффективном использовании научной информации в электронной коммуникации. // Педагогическое образование в России. 2013. № 5. С. 52-57.
3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Академиялық кітапханасы [Электрондық ресурс]. – URL адресі: <http://nabr.kz/>
4. Научная электронная библиотека [Электрондық ресурс]. – URL адресі: <https://www.elibrary.ru/defaultx.asp>
5. Википедия - проект свободной многоязычной энциклопедии [Электрондық ресурс]. – URL адресі: <http://ru.wikipedia.org/wiki/>

ТВОРЧЕСТВО Г. ФРЕЙТАГА В ПОСТРОМАНТИЧЕСКОЙ НЕМЕЦКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ ИВАНОВА Елена Радифовна

Орский гуманитарно-технологический институт (филиал) ОГУ
Орск, Россия
iva17051@yandex.ru

Аннотация

Мақалада неміс әдебиетіндегі реализмнің қалыптасуының ерекшеліктері қарастырылады, неміс реализмінің эстетикасының негізгі теориялық ережелері талданады. Бұл теориялық негіз Г. Фрейтагтың көркем шығармашылығын басқа қырынан көруге мүмкіндік береді. Жазушының көркем мұрасын талдау ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы неміс әдебиеті тарихының жалпы көрінісін айтарлықтай толықтырады.

Аннотация

В статье рассматриваются особенности становления реализма в немецкой литературе постромантического периода, анализируются основные теоретические положения эстетики немецкого реализма. Эта теоретическая база позволяет увидеть художественное творчество Г. Фрейтага под иным углом зрения. Анализ художественного наследия писателя значительно дополняет общую картину истории немецкой литературы второй половины ХІХ в.

Во второй половине ХІХ в. в Германии, как и в других европейских странах, начинается создание теоретической базы реализма. Начало этому было положено литературным критиком и историком литературы Ю. Шмидтом (1818-1886), который в 1847 г. основал журнал «Die Grenzboten». Формулируя свои программные принципы реалистического направления в литературе, Шмидт



опирался на идеологию немецкой либеральной буржуазии. Образцом новой литературы критик считал Ч. Диккенса, на которого часто ссылался в своих статьях. Вслед за английским писателем Шмидт утверждает, что главным героем литературы должен стать представитель среднего сословия. В выборе темы и сюжета реалистических произведений Шмидт рекомендует обращаться к современности, ее злободневным проблемам, но при этом избегать политических проблем. В своей известной «Истории немецкой литературы девятнадцатого века» он писал: «Содержанием романтического искусства был идеал, и идеальным считалось все, что противоречило действительности; содержание современного искусства – реальность. Одно имело теоретические, другое – практические требования; то может оставаться при иллюзиях и мечтах, это видит только жизнь и ее печали. Поэтому современное искусство пессимистично в его основе. Реальностью является то, что противоречит идеалу» [8]. Однако данная формула касалась только европейского реализма. Создавая немецкую теорию реализма, Шмидт на страницах своего журнала по сути «опровергал то, что доказывал европейский реализм, понимая под „действительностью“ реалии бюргерской жизни, представленные в их опозитизированном варианте» [9]. Свой подход к изображению действительности критик назвал «истинным реализмом» („der wahre Realismus“).

Немаловажную роль в утверждении новых тенденций в немецкой литературе 40-60-х гг. XIX в. сыграл критик и писатель О. Людвиг (1813-1865), который в своих заметках о творчестве Шекспира впервые употребляет понятие «поэтический реализм» („der poetische Realismus“), определившее своеобразие целого периода в истории немецкой литературы. Однако говорить о том, что одна цитата О. Людвига стала основой „поэтологического манифеста реализма“ („das poetologische Manifest des Realismus“), было бы неверно. Не преувеличивая значения этого факта, надо признать, что Людвиг создал емкую и точную «формулу», отразившую особенности современного ему искусства [4]. Основные положения своей теории «поэтического реализма» он изложил, главным образом, в своих письмах. Соглашаясь с Ю. Шмидтом в том, что объектом внимания искусства должна быть действительность, О. Людвиг писал в своем дневнике: «Меня больше не удовлетворяет неопределенность музыки, я должен иметь перед собой реальные образы» [1]. Исследователь А. Мейер, анализируя взгляды О. Людвига на искусство, среди прочих выделил такую «аксиому» его эстетики: основой творчества является человеческая природа. Действительно, воспринимая философию как чистую теорию, Людвиг всегда опирался на собственные наблюдения над «человеческой природой». «Я не исхожу ни из какой философии, так как те, на кого я хотел бы опираться в моих исследованиях, могут скоро выйти из моды [...] Я исхожу из человеческой природы» [7]. Таким образом, Людвиг утверждает, что в основе творчества лежит наблюдение над действительностью. Вместе с тем он считал, что «искусство должно стать компромиссом между действительностью и представлением о ней, созданным по желанию человека» [6], то есть Людвиг оставлял за художником право поэтизировать картину реального мира. Каковы же были принципы этой поэтизации?

Оқушылардың құжаттарды оқып-үйренуі алғашқыда мұғалімнің көмегімен жүзеге асады. Мұғалім түсіндіріп, сілтемелер беріп, құжаттан үзінділерді қолданады. Құжаттармен жұмыс жүргізу оқушының жас ерекшеліктеріне қарай күрделеніп отыру қажет. [12].

И.Я.Лернер «Оқушы тарихи ғылымды оқи отырып, кең түрде тарихи факт мен құбылысты сараптайды, заттай ескерткішті біледі және қазіргі өмірге үйренеді» деп жазған. Яғни, бұл жерде автор, бірінші кезекте оқушыға құжаттың маңызын, зерттеу дағдысын дамытуға қызығушылықты, мәтінге зер салып оқуды мақсат етеді. Тарихты оқытуда құжатты сабақта қолданудың нәтиже беретінін айтқан. [11].

А.Ш.Журасова «Тарихты оқыту әдістемесі» жинағында: «Тарихи құжаттармен жұмыс жасау барысында оқушының бойында оқу еңбегі, оның ішінде ойлау, ақыл-ой, зерттеушілік дағдылары қалыптасатынын айтқан. Мәселен: тарихи мәтінге оқушылар талдау жасап, тарихи фактілер мен құбылыстарды салыстырып, қорытынды жасайды. Оқушының зерттеу дағдысы жоғары болған сайын, олардың ойлау қабілетінің соғұрлым жоғары болатынын айтқан. Бұл айтқан ой-пікір құнды, себебі, зерттеу барысында сабақта оқушылар жай тапсырмаға қарағанда күрделі тапсырманы, яғни тарихи құжаттармен жұмыс жасауда оқушының өздігінен құжат негізінде жоспар құрып, соның негізінде жүйелі талдау жасап, басқа құжаттармен салыстыру арқылы қорытынды жасауы арқылы оқушының зерттеу дағдысының қалыптасып, қызығушылығының артқанын байқауға болады. Тарихты оқыту барысында оқушылардың зерттеушілік қабілеті тарихи мәтінмен, дереккөздермен және тарихи құжаттармен жұмыс істеуіне байланысты. Бұл дағды: оқушыларға оңай және күрделі жоспар құра білуді, мәтіннен бағдар алуды, тарихи құжаттарды оқуда конспект және тезис жасай білуді, бір мезгілде бірнеше дереккөздерін пайдаланып, алған білімін жүйелеп, қисынды пайдалануды талап етеді. [11].

Бұдан бүгінгі білім берудің мақсаттары оқушыларды тек біліммен ғана жабдықтау емес, олардың бойында оқу біліктілігі мен дағдыларды, күзиреттіліктерді қалыптастыру, жан-жақты дамуы үшін оқушыға жағдай туғызу қажет деген қорытындыға келеміз. Ол үшін әр оқушының кез-келген өзіне тән қабілетін ашып, оны дамыта түсуіміз қажет.

Оқушылардың зерттеушілік қабілетін дамыту жолдары қандай? Ең алдымен, «зерттеу» сөзінің мағынасына тоқталсақ, оқушының жаңа ақпарат алуы және танымдық әрекеті болып саналады. Танымдық әрекет оқушының зерттеушілік қабілетімен байланысты. Зерттеу қабілеті жоғары оқушыға өздігімен ізденіс жасауына және өзін басқаруына жағдай жасауымыз қажет. Яғни, мұндағы мақсатымыз – оқушының қоғамның кез-келген саласында өздігімен жаңа әрекет тәсілдерін меңгеруге деген қабілетін анықтау болып табылады. Яғни, зерттеу оқушының жаңа ақпаратты, белгісіз дүниені іздену үрдісі. Оқушының зерттеушілік қабілетін дамыту үшін төмендегілер ескерілуі қажет:

- Оқушыны өздігімен тарихи деректермен жұмыс жасауға дағдыландыру;



- Нақты нұсқауларға қарағанда оқушы тарапынан айтылған ұсыныстарына назар аудару;
- Талдау, талқылау кезінде баға беруге асықпау;
- Оқушыларға білім алуда үнемі қолдау көрсету; Мәселен: деректердегі мәселені өзбетімен анықтауына, шешу жолдарын қарастыруына, ақпаратты талдап, талқылауға, жүйелеуге, пайымдауға және өз ойын айтуға);
- Оқушыларға өз идеяларын, ұсыныстарын еркін айтуға, төзімділік танытуға баулу т.б.

[10]

Питер Клайн өзінің еңбектерінде оқушыға өздігімен зерттеуге мүмкіндік берген сайын оқушы жақсы оқи түсетінін айтып өткен.

Зерттеу құралдары. Зерттеу әдісі жалпы шығармашылық жұмыс тәжірибесін үйрену үшін қолданылады. Зерттеу әдісі арқылы оқушы өзінің білімін пайдаланып, ғылыми таным әдістерімен жұмыс жасап үйренеді және жаңа мәселелерді шешу тәжірибесін жинақтайды.

Зерттеу төмендегідей кезеңдерден тұрады:

- 1) дәлел, не болмаса құбылыстарды бақылау, оларды зерттеу;
- 2) зерттелетін мәселелерді анықтап саралау;
- 3) мәселені шешуге бағытталған ұсыныстарын айту;
- 4) зерттеудің жоспарын құру;
- 5) зерттеу;
- 6) нәтижесі;
- 7) оны қолдану туралы ұсыныстары.

Зерттеушілік әрекет оқушының танымдық белсенділігін арттыруға, креативтілікті дамытуға, ұжымда, топта жұмыс жасау белсенділігінің артуына және жауапкершілікті өзіне алуына, сондай-ақ өз әрекеттерін талдау біліктерінің қалыптастыуына ықпалын тигізеді. Оқушыларға ой еркіндігін беріп, зерттеу дағдысын арттыруға көбірек көңіл бөлу керек. [6].

Зерттеу тәжірибесін талдайтын болсақ:

Зерттеу іс-әрекетіндегі сабақ «Неліктен Сәбит Мұқанов Ш.Уәлихановқа арналған шығармасын «Аққан жұлдыз» деп атады?» тақырыбында өткізілді. Сабақтың мақсаты: Ш.Уәлихановтың ғылыми зерттеулерінің тарихи құндылығын анықтау болды.

8 сыныпта оқушылар бір немесе бірнеше тарихи құжатта қажетті ақпаратты іздеу жұмысын жүргізе білуі және өзіндік пікірін дерек бойынша тұжырымдай алу қажет. Сондықтан сабақта Шоқан Уәлихановқа қатысты тың деректер пайдаланылды және деректермен жұмыстың кезеңдері құрылып, оқушылар келесідей зерттеу жоспарын құрастырды.

1. Ш.Уәлихановтың ғылым салалары бойынша еңбектері;
2. Ш.Уәлихановтың ғылыми зерттеулері мен экспедиция нәтижелері;
3. Ғалым еңбектерінің құндылығы.

Сабақта оқушы алдына мақсат қойып, нақты әрекетін білген жағдайда өзіне деген сенімділік қалыптасады. Жоспар құруда бірінші мәселені анықтап, оған жетудегі қадамдарын кезең-кезеңмен құрастыра алса нәтижеге жетуде уақыт пен айқындықты қамтамасыз ете алады. Бұл үшін жоспарлағандай тізім жасалып, мәселені анықтау сұрақтары қалыптасады. Содан кейін оқушы кез келген деректен алынған ақпараттарды талдап, басқа оқиғалармен салыстырмалы түрде зерттеу жоспарын құрады.

Сабақта салыстыру үшін оқушыларға тарихи тұлға С.Тянь-Шанскийдің сипаттау жаднамасының үлгісі ұсынылады.

- 1) зерттеу объектісінің мінез-құлық ерекшеліктерін анықтау;
- 2) алға қойылған мақсат-міндеттерді анықтау;
- 3) тұлғаның ғылым саласындағы рөліне баға беру.

Оқушылар топтық жұмыста: құжатты деректің түрлерін ажыратып, зерттеу объектісінің маңыздылығына тоқталды. Себебі, маңыздылықты анықтау үшін олар алдымен, мәтін мен деректе көрсетілген ой тұжырымдарды біріктіріп, олардың арасындағы байланыстылық пен өзгерістерді саралап топтастыру арқылы жеткендіктен жұмыстың нәтижелілігін көрсете алды. Деректе мазмұндалған ой-пікір, көзқарастардың шынайылығын анықтап, оларды басқа да белгілі жайлармен салыстыра білуі оқушының зерттеушілік қабілетінің қалыптасқандығының көрінісі деп білеміз.

Зерттеу барысында әріптестермен бірлескен сабақ жоспарлары тиімді нәтижеге жетуге бағытталды. Нәтижесінде, оқушыда деректермен жұмыс жасау дағдыларын қалыптасқандығы көрініс табады.

Деректермен тиімді жұмыс жасау бағыттарын анықтайтын болсақ:

- Деректерді тақырыпқа сай таңдау және деректердің түрлерін ажыратып ұсыну;



➤ Жазба деректердің мазмұнындағы өзектілік пен тарихи оқиғамен байланыстылығына мән беру;

➤ Деректердегі термин сөздер мен көнерген сөздерді түсінікті тілге аудару қажет;

➤ Құжатты деректердің мазмұны мен заңдылығын салыстырмалы түрде талдау;

➤ Бейне деректер мен аудио деректердегі пікірлердің шынайылығына мән беру қажет.

Тарихи құжатты деректердің маңыздылығы зор себебі, негізгі құжаттар заманның ерекшелігін сезінуге мүмкіндік береді, өткен кезеңнің жарқын бейнесін құруға, мектеп оқушыларының қиялдарының дамуына жағдай жасауға көмектеседі.

Қорытындылай келгенде, әрбір сабақта оқушыларға түрлі тарихи дерек көздерін пайдалану арқылы оқушылардың ақпараттарды сыни тұрғыда бағалай білуге, талдау мен синтездеуге, өз болжамдарын пайымдап жеткізе алуға, зерттеушілік дағдыларын жетілдіруге бағыттайды. Сонымен қатар, оқушының қоғамның даму ерекшеліктеріне жан-жақты баға беру және маңызды деректерді талдау арқылы өзіндік көзқарас пен тұжырым жасау дағдысына ықпал етеді.

Сабақтар барысына талдау жасау негізінде болашақта неге мән беру қажет; біріншіден, деректерді талдау ережесін құрастырып алу қажет. Себебі, деректердің түрін ажыратып, негізгі талдау кезеңдерін оқушы білмесе, оқиғамен байланысты талдауда қателеседі. Екіншіден, құжатты және видео дереккөздермен жиі жұмыс оқушыға тиімді болады. Бұл оқушының қызығушылығы мен шығармашылық зерттеу дағдысын қалыптастыруға ықпал етеді.

Зерттеу жұмысын қорытындылай келе, оның сапалылығы мен тақырып өзектілігін ескере отырып, болашақта зерттеу сапасын жақсарту мақсатында келесі ұсыныстарды атап өту қажет:

➤ Оқушылардың зерттеушілік қабілетін дамыту бағытында әртүрлі тарихи деректермен жұмыс жасау топтық жұмыстарда белсенділіктің дамуына ықпал етеді;

➤ Оқушыда ақпаратты жинақтау, талдау және талқылау дағдыларын қалыптастыру өзіндік зерттеу дағдысын қалыптастыруда тиімді;

➤ Тарихи деректер: құжаттар, артефакт, бейнефильм, статистикалық ақпараттарды т.б пайдалану оқушының зерттеушілік қабілетін арттыруға ықпал ететіндіктен, деректер арқылы оқытуда белсенді әдіс-тәсілдер қоржынын бірлесе толықтыру;

➤ Бағалау мен кері байланыс беруде оқу мақсатына жетуге бағытталған дескрипторларға мән беру, түрлендіріп отыру;

Қазіргі жаһандану заманында білімді, тәрбиелі тұлға қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылып жатқан білім беру реформалары болашақ жастардың шығармашылық дамуына, бәсекеге қабілетті болуына ықпал етеді. Сондықтан, оқушының өмірде алған білімін қолдана алатындай қажетті дағдыларды қалыптастыру әрбір педагогтың мақсаттарының біріне айналған. Бұл оқушының іздену, зерттеу қабілетін дамытуда көрініс табады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының деңгейлі бағдарламасына арналған глоссарии (Оқу әдістемелік құрал), Қазақстан - Астана 2012ж, 4 бет
2. Somekh.B. (2005) Action Research: A Methodology for Change and Development [Іс-әрекеттегі зерттеу: өзгерістер мен дамудың әдістемесі]. Maidenhead McGraw-Hill.
3. Элейн Уилсон (2015) «ІС-ӘРЕКЕТТЕГІ ЗЕРТТЕУ ЖҮРГІЗУ ЖОЛДАРЫ»
4. «Мұғалімдерге арналған нұсқаулық» Назарбаев Зияткерлік мектебі ДББҰ, 2012жыл, 4, 86 бет
5. Кадиркулова А.Н. Тарихты оқыту әдістемесі (оқу-әдістемелік құрал). Ақтөбе, 2010
6. Студеникин М.Т. Методика преподавания истории в школе. Москва: Владос, 2000.
7. Тұрсын Х. Мектепте тарихты оқыту әдістемесі. Алматы: Дарын, 2004.
8. Вяземский Е.Е. «Теория и методика преподавания истории». М., 2003.
9. Ү.Б.Жексенбаева, Б.Қ.Игенбаева, Г.Б.Ниязова. «Оқушыларды зерттеушілік оқытудың технологиясы». Астана, 2006.- 48б
10. Мұханбетжанова Ә.М. «Білім интеграциясы: теория мен практика». 2006. –132-133 б.б.
11. Журасова А.Ш. Тарихты оқыту әдістемесі, БҚО 2012 жыл
12. Тұрлығұлов Т. Мектепте Қазақстан тарихын оқытудың теориясы мен әдістемесі А, 2002



ОҚЫТУ МЕН ОҚУДА ЖАҢА ТӘСІЛДЕРДІ ЕНГІЗУ МҰҒАЛІМНІҢ ШЕБЕРЛІГІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЖҮЗЕГЕ АСАТЫН ҮДЕРІС

КЕНШІЛІК Гулбаршын

№3 ЖБББОМ» КММ

Қарағанды облысы, Теміртау қаласы, Қазақстан

kmutatyn@mail.ru

Қазіргі кезеңде егеменді елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне бағыт алуда. Бұл педагогика тарихы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр, себебі, білім беру жүйесі өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарды, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болды. Заман ағысына сай біліммен қаруланған ой-өрісі жоғары, зерделі, жан-жақты дамыған маман – уақыт талабы. Елімізді өркениетке жетелейтін білім бастауында мектеп, ал, оның көшбасында жас ұрпақтың бойына білім негізінің іргетасын қалаушы – ұстаз тұрады. Мұғалімдердің алдына қойылып отырған басты міндеттерінің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияларды меңгеру. Ұстаз үшін ең басты мәселе – оқыту әдісін дұрыс таңдап, оны сабақта тиімді пайдаланып, еліміздің болашағы, еліміздің қазынасы болған жас ұрпаққа білім тәрбие беріп, ол білімін өмірде қолдана алатын, өздігінен ізденіп білім алып, еліміздің дамуына өз үлесін қосатын тұлға қалыптастыру болып табылады.

Оқушыларға сапалы білім, саналы тәрбие беріп, дарынды, талантты қабілеттерін дамыту үшін білім беруде жаңаша түрлі әдіс-тәсілдерді ұтымды пайдалану қажет екендігін ұғындым. Сындарлы теориялық оқытуға негізделген тәсілді пайдаланып әдебиеттік оқу пәнінен 2 «А» сыныбында оқушылардың оқуға, пәнге деген қызығушылығын арттыру мақсатында Жәди Шәккеннің «Құмырсқаның өнері» тақырыбындағы сабағымды өттім. Сабақтың мақсаты: Мәтінмен жұмыс жасай білуге, топтық жұмыста негізгі ойды талқылауға, ой түйінін таба білуге, өз бетінше шешім қабылдауға үйрету арқылы оқушының сыни тұрғыдан ойлауын дамыту. Адам баласы үшін ең қажетті нәрсенің барлығына біріге отырып қол жеткізуге болатынын ұғындыру болатын.

Сабақтың басында мен алдымен оқушылармен сәлемдесіп, ынтымақтастық атмосферасын қалыптастырдым. Үй тапсырмасын сұрау үшін оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес «Ыстық картоп» әдісін пайдаландым. Оқушылар бір-біріне допты лақтыра отырып, өткен тақырыпқа байланысты сұрақтар қойып жауап берді. Оқушылар топтарға геометриялық фигуралар арқылы біріккен соң, топбасшысын сайлады. Ал, мен көшбасшы ретінде оқушыларды бақылап, бағыт беріп отырдым. Оқытуды басқару және көшбасшылық білім берудің кез келген жүйесіндегі тұрақты даму мен өзгерістердің сырттан енгізілуі мүмкін емес, олар нақты сыныптардағы мұғалімдердің тәжірибесі мен түсініктеріндегі өзгерістерден бастау алуы керек деген тұжырымға саяды. Бағдарламаның негізгі идеясы сыни тұрғыдан бағалау, өзгерту және тәжірибе мен білім саясатын қайта бағалау нәтижесінде мұғалімдер бастамасымен барлық деңгейлерде өзгерістердің іске асырылатынына негізделеді. Яғни мен сабақты ерекше ұйымдастырып, көшбасшылық қасиетімді көрсетіп бердім.

Жеті модуль сабақ беру барысында аралас түрде қолданылды. Жеті модульдерді кіріктіруде ең алдымен мұғалім әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып,

үнемі көшбасшылық жасап отырады, бағыт-бағдарды айқындады. Оқытудағы барлық пайдаланылатын стратегиялар мен тәсілдер “Теорияға”, “Теориядан практикаға”, “Рефлексияға” келеді. Осы уақытқа дейін мұғалім ретінде оқушылардың оқуына оң және кері әсер ететін факторларға нақты әрі дұрыс пікірлер білдірмеген екенмін. Бірақ, осы оқу процесінде оқушының міндеттеріне мыналар кіреді: назар аудару, шоғырлану, тәжірибе, ойлану, табандылық көрсету, тұжырымдамалық негіздер мәнін құру және кеңейту.

Ел ертеңіне алаңдайтын болашақ тұтқасын ұстайтын саналы да білімді ұрпағымыздың қалыптасуына тілдің әсері мол. Өнер атаулының ішіндегі ең құдыреттісі сөз өнері, сөйлеу өнері екендігін оқушыға сезіндіре отырып, ана тілін оқыта отырып, оқушының өз тілін қастерлеуге, өз тілін білуге үйренуге деген талпынысын арттырамын. Сонымен ойы терең, сөзі өткір, өзіндік пікір болжамы қалыптасқан жеке тұлғаны тәрбиелеуде ана тілінде әдеби, мәдени түрде сөйлеуге үйренудің заман қажеттілігінен туындағаны анық. Осы орайда сабақтарда тілдік қорды молайту, байытуда алатын орны ерекше.

«Құмырсқаның өнері» тақырыбын жоспарлауда сыныпқа кірген бойда мен оқушылармен сәлемдестім, содан соң оқушылар шаттық шеңберін құрып, бір-біріне деген тілектерін айтып, геометриялық пішіндер бойынша топтарға біріктірдім. Топтарда топтық ереже құрдық. Үй жұмысын «Ыстық картоп» әдісі бойынша жүргіздім. Оқушылар шеңбер болып тұрады, бір оқушы екінші оқушыға допты беру барысында сұрақтар қояды. Допты қағып алған оқушы сұраққа жауап беріп, сол оқушы келесі оқушыға сұрақ қояды.



Өткен сабақты жаңа сабақпен байланыстыруда тақырыпты ашу, ой қозғау мақсатында «Power Point» бағдарламасында жасалған таныстырылымда сабақтың тақырыбын оқушылардың өздері ашуға мүмкіндік беріледі. Сабақтың тақырыбы мен мақсатын ашпастан бұрын оқушыларға интербелсенді тақтадан құмырсқаның және оның еңбегі, қанағатшылдығы слайдта көрсетілді. Сол тақырыпта бірнеше сұрақтар қойылды. Оқушылар сабақтың тақырыбын өзбетінше ашты. «Оқытуда ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану» модулі (АКТ) осы кезеңдерде қолданылды. Осыған байланысты білім беруде қолданылатын әдіс-тәсілдер, әдістемелер, технологиялар жаңартылып отырды. АКТ оқушыларға ғылыми ұғымдарды түсіндіруді және олардың қабылдауын, түсінуін жеңілдетуге мүмкіндік беріп, мұғалімдерге сабақ беруде көмектесетін маңызды құрал болып отыр. Менде өз сабақтарымда АКТ-ны сабаққа лайықтап қолдану мұғалімге сабақты түсіндіруге көп жеңілдігін тигізсе, баланың сабақты мида ұзақ уақыт бойы сақтайтындығына ықпалы зор екендігін байқалды. Сонымен қатар сабақты қорытындылау кезеңінде де «БББ кестесі» әдісін интерактивті тақтадан көрсетіп, оны толтыру жөнінде нұсқаулықты бердім.

Осы сұрақтың аясындағы жауаптар арқылы оқушылар сыни ойлауға үйренді, сұрақ оқушылардың жас ерекшелігін ескере отырып, оқу бағдарламасына ескеріле құрылды, диалог арқылы балаларды оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдер қамтылды. Диалогты осы сабағымда қолданған себебім, оқушыларды сыни тұрғыдан ойлануы және бір-бірімен қарым- қатынас жасауы болатын. Ол үшін «Елші» әдісін қолдандым. Оқушылар өз бетінше мәтіннің бөліп берген үзінділерін оқып, бір-біріне түсіндіру арқылы талқылап баяндап берді.

Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер модулінің «Диалог арқылы оқыту» оқушылардың өзара сұқбаттасуы және мұғалім мен оқушы арасындағы диалогтың шәкірттердің өзіндік ой-пікірін жүйелеуі мен дамытуына көмектесетін амал екендігі «Елші» әдісі бойынша мәтінмен танытуда байқалды. Тапсырманы ауызша орындау барысында топтық жұмыста оқушылар ұйымшылдыққа, бір – бірімен жұптасып жұмыс нәтижесіне жетуге үшін тырысты, әртүрлі ойлар, пікірлер, ұсыныстар айтып, дұрыс нәтижеге жетуге ұмтылды.

Суреттер арқылы өздерінің ойларын жазып көрсетті. Сыни тұрғыдан талдап, тұжырымды ой жинақтады. Бұл тапсырманы орындау барысында сонымен қатар, талантты және дарынды балалар айқындалды. Олардың қабілеті мен қиялына қозғау салынды. Таланттылық қабілеті бар оқушыларды тани біліп, оларды білім беру барысында жан-жақты дамыту бұл ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтың «Адаммен адамды теңестіретін білім» деген даналық сөзінде келтіргендей еліміз Қазақстанның дамып, өзге дамыған елдермен терезесін теңестіретін бірден -бір жол екендігіне дау жоқ.

«Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау» модулі бойынша оқыту үдерісін жақсарту және сабақты қалай түсінгендіктерін көрсету, жауапкершілігін арттыру мақсатында оқушыларды бағаладым. Сабаққа жақсы қатысқан оқушыларды мадақтап, мақтап, ескерте отырып, фигуралар арқылы бағаладым. Нәтижесінде, оқушылардың топтық жұмыстағы іс-әрекетіне қарап, оқушылардың деңгейі жоғары екендігін көрдім, бұл сыныппен жұмыс жасағанда тапсырманы сыныптың деңгейіне қарай күрделі жұмыстар жасауға болады деген ұйғарымға келдім. Топтық жұмыстарда оқушылардың танымдық қабілеттерімен қоса, тұлғааралық қарым-қатынас, өзін-өзі реттеу мәдениеті дами түсті.

Қорыта келгенде баланы қабілетті, қабілетсіз деп бөлмей, зерттеу, бақылау арқылы барлық баланың дамуы үшін қолайлы жағдай туғызамын. Нашар оқушыны да қабілеті жететін жерге дейін көтеру, өз бетімен жұмысқа жетелеу, өз күшіне сенімін нығайту – баршамыздың міндетіміз. Сыни ойлауға үйрету – оқушылардың ойлау қабілеттерін жетілдіреді, дамытады, көздеген мақсатына жеткізеді. «Елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек» дейді қазақтың кемеңгер ұстазы Ахмет Байтұрсынов. Ертең осы елге ел болып, ел тізгінін ұстар азаматтар бүгінгі мектеп оқушылары болғандықтан, сапалы білім мен саналы тәрбие беріп ел қатарына қосу ұстаздық борышым деп білемін.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық
2. Әдебиеттік оқу оқулығы 2 сынып



АҒЫЛШЫН ТІЛІН ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ
КОЖАХМЕТОВА Айгерим Абдимараловна, КАКЕНОВА Маржан Галиевна
«Сәтбаев қаласының №1 мектеп-гимназиясы» КММ
Қарағанды облысы, Сәтбаев қаласы, Қазақстан
aigerym_daribaev@mail.ru, marzhan-erzhan@mail.ru

Аннотация

В статье рассказывается об эффективности дистанционного обучения английскому языку. В ходе занятий есть возможность систематического и интересного проведения с использованием различных образовательных платформ. В ходе дистанционного обучения мы можем активизировать разговор с иностранным гражданином, общаясь напрямую, что поможет улучшить разговорную речь ученика. Большой поток информации можно получить через интернет ресурсы. Учитель и ученик могут добиться больших успехов во взаимодействии. Владение английским языком – это освоение мировой науки. Поэтому важно повысить интерес и мотивацию учащихся к овладению языком.

Annotation

The article describes the effectiveness of distance learning in English. During classes, there is an opportunity for systematic and interesting conduct using various educational platforms. During distance learning, we can activate the conversation with a foreign citizen by communicating directly, which will help improve the student's conversational skills. A large flow of information can be obtained through Internet resources. Teacher and student can achieve great success in interaction. Knowledge of English is the development of world science. Therefore, it is important to increase the interest and motivation of students to master the language.

Ағылшын тілі, қашықтықтан оқыту, тиімді, интернет, технология.
Английский язык, дистанционное обучение, эффективное, интернет, технологии.
English language, distance learning, effective, internet, technology.

Тіл – халықпен бірге өмір сүріп дамиды. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Әрбір Қазақстандық үш тілді жетік меңгеруі керек. Болшақта ағылшын тілін білетін тұрғындар саны біршама көбеюі керек» – деп айтқан еді [1]. Мектеп табалдырығынан бастап жоғарғы оқу орындарында ағылшын тілін үйрету айрықша мәртебеге ие. Ағылшын тілінің Қазақстандағы рөлінің арта түсуі қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін іске асыру мәселесін маңызды ете түсуде. Тіл үйренудің ешқандай зияны жоқ, керісінше пайдасы ұшан-теңіз. Туған тілінді білуге тиісті емессің, міндеттісің дер едім. Ал басқа мемлекеттің алдында өз еліңнің дәрежесінің биік екенін мойындату үшін, жеті тілді жетік меңгеру артық етпейді.

Қазіргі заманғы компьютерлік және ақпараттық технологиялар саласындағы ғылыми-техникалық прогресс біздің күнделікті өмірімізге көптеген жаңа ұғымдарды енгізді, олар туралы біз жақында мүлдем түсінбедік, өйткені олар бұрын болмаған. Интернеттің пайда болуы білім беру процесін ұйымдастыруға жаңа көзқараспен қарауға мүмкіндік берді, өйткені ағылшын тілін қашықтықтан, яғни мұғаліммен тікелей байланыссыз үйренудің жаңа мүмкіндігі пайда болды. Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар әртүрлі пәндерді оқу процесін едәуір жеңілдетті, электронды сөздіктер, энциклопедиялар, анықтамалардың барлық түрлері оқушыларға көмекке келді, бұл қажетті ақпаратты іздеу уақытын едәуір қысқартты. Қазіргі уақытта дәрістер мен дәстүрлі тілдік курстарға қатысудан бас тартуға және ағылшын тілін қашықтықтан, яғни үйде немесе кеңседе сәтті оқуға мүмкіндік туды Скайпта ағылшын тілін қашықтықтан оқыту білім алушыны оқу орнына баруға уақыт жұмсау, сабаққа өзінің жұмыс кестесі мен жеке жоспарларын бейімдеу қажеттігінен құтқарады. Мұндай сабақтардың мәні мұғалім мен оқушы тікелей байланысқа түспейді, бір-бірімен жақын емес және ағылшын тілін оқыту процесі бейнеконференция арқылы байланыс арқылы қашықтықтан жүреді. Оқу материалдарымен алмасу электрондық түрде жүргізіледі, бұл оқушыға тиісті оқу әдебиетін санаулы секунд ішінде беруге мүмкіндік береді. Сабақтарда ең жаңа әдеби көздер, соңғы мерзімді басылымдар мен әдістемелік материалдар қолданылады.

Ағылшын тілін қашықтықтан оқыту қарқынды дамып келеді, біртіндеп бүкіл әлемде күндізгі білім беруді ығыстырады және тілдік білім беру жүйесінде барған сайын берік ұстанымдарға ие. Әртүрлі дереккөздердің деректері бойынша ағылшын тілін қашықтықтан, яғни күндізгі оқу орындарына бармай-ақ үйренуді таңдаған адамдардың үлесі жыл сайын 30-40% -ға өседі. Мұның бәріне бүкіл әлемде Интернеттің қол жетімділігі және оны білім беру қызметі аясында кеңінен қолдану арқылы қол жеткізіледі. Нақты уақыт режимінде өткізілетін онлайн сабақтар әлемнің жетекші елдерінде кеңінен сұранысқа ие, көптеген танымал университеттер осындай қашықтықтан сабақтар өткізіп келеді. Қазіргі уақытта қашықтықтан оқыту өзінің маңыздылығы мен қажеттілігін дәлелдеді.



Білім беру қоғамдастығында қашықтықтан оқытудың оқушыларды оқытуды жүзеге асырумен байланысты жақсы перспективалары бар екендігін көрсетті [1,1].

Ағылшын тілін оқытудың жаңа әдісіне көшудің пайдасы айқын:

1. Ағылшын тілін қашықтықтан оқыту әдістемесін пайдалану түрлі курстардың оқушылары мен тыңдаушыларының санына шектеу қоймайды, өйткені оқу үй-жайларын пайдалану және тиісті жабдықтау қажеттілігі болмайды.

2. Ағылшын тілін қашықтықтан оқыту әлемнің кез келген елінен келген жоғары білікті оқытушылармен ынтымақтастық мүмкіндігін білдіреді және осылайша оқытушылардың тұрғылықты жеріне және негізгі жұмысына қарамастан педагогикалық құрамды жұмысқа тартуға мүмкіндік береді.

3. Ағылшын тілін нақты уақыт режимінде қашықтықтан оқыту жабдыққа (проекторларға, камераларға және т. б.), үй-жайларды жалға алуға және т. б. шығындардың болмауы есебінен оқуға қаражатты едәуір үнемдеуге мүмкіндік береді.

4. Заманауи прогрессивті білім беру әдістерін қолдану тиісті оқу орнының жалпы беделін арттырады [2,12]

Оқушылардың көзқарасы бойынша ағылшын тілін қашықтықтан үйрену келесі маңызды мәселелердің арқасында тиімді:

1. Ағылшын тілін қашықтықтан оқыту кезінде барлық ресейлік және шетелдік оқу орындарында үнемі жұмыс істейтін кәсіби оқытушылармен жұмыс істеуге нақты мүмкіндік бар.

2. Жеке қашықтықтан оқыту сабақтарын оқушының өткен материалды есте сақтау, нақтылау немесе жаңарту қажеттілігі туындаған кез келген уақытта жазуға және ойнатуға болады.

3. Бейнеконференциялар жүргізу және барлық оқу-әдістемелік материалдарды электронды түрде беру арқылы ағылшын тілін қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру кезінде өте қымбат оқулықтар мен оқу құралдарын сатып алудың қажеті жоқ. Барлық талап етілетін оқу-әдістемелік әдебиеттер жалпыға қолжетімді электрондық базада сақталады, оған оқушылар кез келген уақытта қол жеткізе алады.

4. Тағы бір артықшылығы – ағылшын тілін қашықтықтан оқыту кезінде жеке тапсырмаларды орындау Әр оқушының өз бетінше жасалады, сондықтан кез-келген мұғалімнің мұндай тесттерді бағалауы объективті болады.

Ағылшын тілін қашықтықтан оқыту оқушыларға да, оқытушыларға да ыңғайлы, өйткені ол келесі принциптерге негізделген:

1. Оқу процесін ұйымдастырудың еркін кестесі, бір аудиториядан екіншісіне өту немесе әртүрлі оқу орындары арасында көшу қажеттілігінің болмауы.

2. Заманауи білім беру технологияларын, мультимедиялық сүйемелдеулерді еркін пайдалану, оларды техникалық себептер бойынша аудиторияларда жұмыс істеу кезінде қолдану әрдайым мүмкін емес.

3. Бейнеконференция арқылы оқытушы мен оқушы арасындағы еркін байланыс. Сондай - ақ, ағылшын тілін онлайн режимінде қашықтықтан оқыту кезінде, яғни нақты уақыт режимінде, байланыс арнасын қазіргі уақытта жұмыс істеу үшін қажет арнаға ауыстыру әрқашан мүмкін болатындығын атап өткен жөн, бұл студенттерге қажет болған жағдайда тікелей эфирде сұрақтар қоюға, ал мұғалімдерге тиісті түсініктемелер мен жауаптар беруге мүмкіндік береді. табиғи түрде пайда болатын сұрақтар [2,16].

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, жақында кәсіби мұғалімдермен ағылшын тілін қашықтықтан оқыту біздің елімізде мүмкін болып, сәтті жүзеге асырылғанын атап өткім келеді. Шағын қалалардың тұрғындарының көпшілігінде ағылшын тілін қашықтықтан үйренуге бұрын қол жетімді емес мүмкіндік, бірақ сонымен бірге ағылшын тілінде сөйлейтіндермен тікелей жұмыс істеу, оларды табу әдетте қиын. Осы заманауи әдістеме бойынша жұмыс істейтін курстар мен репетиторлардың кең таңдауы әрбір жеке білім алушы алдына қоятын нақты міндеттерге сүйене отырып, ағылшын тілін қашықтықтан оқытудың оңтайлы бағдарламасын таңдауға мүмкіндік береді.

Педагогикалық әдебиеттерге сәйкес қашықтықтан оқыту дегеніміз – білім беру орталығынан қашықтықта тұратын студенттердің оқу-танымдық іс-әрекетін мақсатты және әдістемелік тұрғыдан ұйымдастырылған басқару технологиясы [1,2].

Қашықтан оқытуды ұйымдастырудың 3 түрлі формасы бар: онлайн (синхрондық) және офлайн (асинхрондық), және кең таралған үшінші түрі вебинар. Онлайн режимдегі оқыту дегеніміз – интернет ресурстарының көмегімен ағымдағы уақытта белгілі бір қашықтықта мұғалім экранын көру арқылы оқытуды ұйымдастыру формасы. Офлайн режимдегі оқыту дегеніміз – интернет ресурстарының көмегімен (электрондық пошта) мұғалім мен оқушы арасындағы ақпарат алмасуды қамтасыз етуге мүмкіндік беретін оқытудың формасы. Вебинар дегеніміз – интернет желілерінің көмегімен семинарлар мен тренингтер өткізу формасы [3].



Шет тілін үйретудің мақсаты – оқушылардың сөйлеу мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, шет тілінде сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Оқушыларға олардың білімі мен дағдыларын практикалық қолдануды көрсету маңызды. Сондай-ақ, сабақты әртараптандыру қажет, егер оқушы қандай да бір себептермен сабақта болмаса, ол тақырыпты өз бетінше зерттей алады, ұсынылған сынақтарды жасай алады немесе Skype (Skype) арқылы мұғаліммен тапсырмаларды орындаудағы немесе сабақтың тақырыбын түсінудегі қиындықтарды талқылай алады. Қашықтықтан оқытудың көмегімен білім алушы ағылшын тілін оқыту нысанын өзі таңдайды. Ағылшын тілін үйренуге деген ынтаны қалыптастыру маңызды аспект болып табылады. Коммуникативті жүйелік-белсенділік тәсілі осы мақсатқа жетудің жетекші құралы болып табылады. Ол шет тілін меңгерудің барлық аспектілерін, аспектілері мен операцияларын оның барлық функциялары кешенінде толық және теңгерімді қамтуды қамтамасыз етеді, ақпаратпен жұмыс істеу, ақпаратты таба алатын және ала алатын, өмір кеңістігінде өздігінен жүре алатын шығармашылық тұлғаны дамыту дағдыларын қалыптастыру маңызды болып табылады. Адам сөйлеу әрекеті арқылы басқалардың мінез-құлқына, ойлары мен сезімдеріне әсер ету үшін сөйлейді. Сонымен, сіз қарым – қатынасты студенттерді әр түрлі іс-шараларға тарту арқылы, тілдік материалды жүйелеу негізінде нақты өмірлік қарым-қатынас жағдайларын модельдеу арқылы үйрете аласыз, бұл бізге жүйелі және белсенді көзқарас береді.

Шет тілі, атап айтқанда ағылшын тілі қазіргі уақытта интернетте белсенді түрде оқытылатын мектеп пәндеріне жатады. Көптеген курстар, онлайн-мектептер кез-келген уақытта кез-келген форматта білім алуға, ана тілімен сөйлесуге мүмкіндік береді.

Жалпы білім беру мекемесі барлық оқушыларға ағылшын тілін үйренуге мүмкіндік беруде. Педагогикалық қоғамдастықтар мен мектеп чаттарында эмоциялар "қайнап" жатқанда, мұғалімдер үшін оңай міндет болған жоқ: "онлайн" бола алатындарды және бұл мүмкіндігі жоқ адамдарды ескере отырып, сабақты неғұрлым ауқымды және ақпараттандыратын ету. Менің алдымда ағылшын тілі мұғалімі сияқты сұрақтар туындады:

- Бастауыш сынып балаларына оқытуды қалай ұйымдастыруға болады?
- Орта буын балаларын оқытуды қалай ұйымдастыруға болады?
- Ата-аналардың иығына түсініктеме бермей, материалды қалай ұсынуға болады?

Егер орта мектеп оқушылары өз бетінше, ата-аналарының көмегінсіз "онлайн" сабақтарға кірісе алатын болса, онда бастауыш сынып оқушылары бұл қиындықты бастан кешіреді. Сондықтан оқыту барлық аспектілерді ескере отырып, сараланған түрде жүргізілуде.

Қорыта келгенде, болашақ жастарымыз өз тілін ардақтай отырып, шет тілін де жоғары деңгейде білуі – заман талабы. Ал бұл талап орындалса, еліміз көркейіп, биік белестерді бағындырады анық. Қашықтықтан білім беру оқушыларға дәстүрлі емес ақпарат көздеріне қол жеткізуге мүмкіндік береді, өзіндік жұмыстың тиімділігін арттырады, шығармашылыққа, әртүрлі кәсіби дағдыларды игеруге және шоғырландыруға мүлдем жаңа мүмкіндіктер береді, ал мұғалімдерге құбылыстар мен процестерді тұжырымдамалық және шығармашылық модельдеуді қолдана отырып, оқытудың түбегейлі жаңа формалары мен әдістерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді деп айта аламын.

Қашықтықтан оқыту оқушылар мен ата-аналар үшін де, мұғалімдер үшін де үлкен жұмыс екенін атап өткен жөн. "Дистанцияның" артықшылықтарының арасында білім алушылар үйде оқиды, тапсырмаларды ыңғайлы қарқынмен орындайды, әртүрлі білім беру платформаларының көмегімен білімдерін кеңейтеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Каркабаева П. Қашықтан оқытудың тиімділігі/ <http://edunews.kz/mainnews/2092-ashytanoytudy-timdlg.html>
2. Зайченко Т.П. Основы дистанционного обучения: Теоретико-практический базис: Учебное пособие. - СПб.: Изд-во РГПУ им. А.И. Герцена, 2004. - 167 с.
3. Теория и практика дистанционного обучения: Учеб. пособие для студ. высш. пед. учебн. заведений / Е. С. Полат, М. Ю. Бухаркина, М. В. Моисеева; Под ред. Е. С. Полат // М.: Издательский центр «Академия», 2004.



ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ҚАБДИ Жадыра Сансызбайқызы

Ғылыми жетекшісі - п.ғ.к., доцент А.Г. Муханбетчина

М.Өтемісов атындағы БҚУ

Орал, Қазақстан

sansyzbaevna_93@mail.ru

Аннотация

Мақалада тұлғаны әлеуметтендіру мәселесі жөнінде ғалымдардың еңбектеріне талдау жасалады. Тұлғаны әлеуметтендіру, тұлға әлеуметтенуіне әсер ететін негізгі факторлар мен жасөспірімдерді әлеуметтендірудің ерекшеліктері қарастырылады.

Түйін сөздер: тұлға, жасөспірім, отбасы, мектеп, әлеуметтік орта, тәрбиелеу, әлеуметтендіру.

Қазіргі ақпараттанған қоғамның дамуына байланысты жасөспірімдердің білімі мен тәрбиесіне аса көңіл бөлінуде. Осы мақсатты жүзеге асыру жолында өзіне деген сенімі мол, ерік жігері мықты, патриот, жан-жақты дамыған, сауатты, саналы азамат тәрбиелеу. Қазіргі қоғам, отбасы және мектеп алдында қоғамдық бейімділігі бар, өзін-өзі жүзеге асыра алатын, қарым-қатынас жасай білетін жастарды жаңа әлеуметтік ортаға енуге дайын тұлға қалыптастыруды міндеттейді. Сондықтан жасөспірімдер мен жастарды әлеуметтендіру бүгінгі таңдағы педагогика ғылымының өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Тұлғаның әлеуметтенуі баланың, күнделікті тұрмыс жағдайындағы мінез-құлқына, шығармашылыққа деген ынтасы мен өз халқының мәдениетін қабылдау қабілетіне байланысты болып келеді. Жасөспірімдердің әлеуметтенуінің қалыптасуы қоршаған ортасын танумен, өмір сүру барысында кездесетін жайлы және жайсыз жағдайлардан тұрады. Сол себептен, сыртқы орта баланың әлеуметтік тұлға болып қалыптасуына ықпал ететін ең негізгі фактор болып отыр.

Әлеуметтену категориясын талдап, зерттемес бұрын, алдымен әлеуметтену теориясының жалпы құрылымына кіретін элементтер-ұғымдардың қатынасына тоқталу керек. Сондай элементтердің бірі - «тәрбие процесі» болып табылады. Осыған орай В.И.Гинецинский тәрбие процесін жүзеге асырудың бес деңгейін анықтады:

1. Әлеуметтік (жалпы адамзат қоғамы өмірінің аспектісі, қоғам құрған мәдениеттің ұрпақтан-ұрпаққа берілуі);
2. Институционалдық (тәрбиелік әсерді жүзеге асыру мақсатында арнайы құрылатын мекемелер шеңберінде тәрбиелеу);
3. Әлеуметтік-психологиялық (әр түрлі типтегі институционалды емес әлеуметтік қауымдастықтар ықпал ету субъектісі ретінде әрекет етеді);
4. Тұлғааралық (тұлғааралық өзара әрекеттесу тәжірибесі);
5. Интраперсоналды (өзін-өзі тәрбиелеу түріндегі педагогикалық өзара әрекеттесу) [1].

«Тәрбие» ұғымы психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде екі мағынада қолданылады: сөздің тар және кең мағынасында. Сөздің тар мағынасында бұл аталған ұғым адамға белгілі бір идеялар жүйесін, тұжырымдамаларды, нормаларды және т.б. беру, сіңіру мақсатында білім беру процесінің субъектісі тарапынан адамға мақсатты әсер ету процесін білдіреді. Сонымен қатар, әсер ету субъектісі ретінде адам осы мақсатты жүзеге асыру үшін белгіленген арнайы институттың өкілі ретінде түсіндіріледі. Ал кең мағынасында «тәрбие» дегеніміз адамға әлеуметтік және мәдени тәжірибені игеру мақсатында әлеуметтік қатынастардың бүкіл жүйесіне әсер ету болып табылады. Осылайша, екі вектордың - мақсаттылықтың-стихияның болуын мойындай отырып, біз тәрбие - бұл мақсатты және басқарылатын әлеуметтенудің құралы және бір түрі екеніне көз жеткіземіз.

Мәселен А.В.Мудрик тұлғаны әлеуметтендірудің екі мүмкін векторын көрсетті. Әлеуметтену адамның қоршаған ортамен стихиялық өзара әрекеттесуі жағдайында, қоғам мен мемлекеттің белгілі бір жас, әлеуметтік, кәсіби топтарға әсер ету процесінде, сондай-ақ салыстырмалы түрде мақсатты және әлеуметтік бақыланатын тәрбие процесінде (отбасылық, әлеуметтік, т.б.) жүретінін тұжырымдады.

И.С.Кон (1988) осы мәселе бойынша тәрбие, ең алдымен, адам саналы түрде қажетті сапалар мен қасиеттерді сіңіруге тырысатын бағытталған әрекеттерді білдіреді, ал әлеуметтену тәрбиемен қатар, кездейсоқ, стихиялық әсерлерді қамтиды, соның арқасында адам мәдениетке қосылып, қоғамның толық және толыққанды мүшесі болады [2].

А.А.Реан әлеуметтенудің мақсатты және реттелмейтін процесс ретінде бір уақытта өмір сүру мүмкіндігін көрсетеді [3]. Мысалы, кейбір математикалық есептер мен грамматикалық әңгімелерде



патриотизм, әділеттілік, адалдық идеялары бар - олар «жақсы азамат» қалыптастыруға көмектеседі немесе кері процесті тудыруы да мүмкін.

О.М. Кодатенко өзінің зерттеулерінде объективті өмір жағдайларына сәйкес немесе қайшы келетін жеке ресурстар негізінде жүзеге асырылатын әлеуметтену векторларын анықтады. Соның ішінде мыналар ерекшеленеді: просоциалдық (өзін-өзі құру, өзін-өзі жетілдіру), асоциалдық немесе қоғамға қарсы (өзін-өзі жою).

Н.Ф.Голованова әлеуметтенетін тұлға білім беру кеңістігінің объектілеріне әсер етіп қана қоймай, сонымен бірге білім беру кеңістігінің жай-күйін анықтай отырып әсер ететінін атап өтті. Автордың пікірінше, өсіп келе жатқан субъект білім беру кеңістігі арқылы, ал білім беру кеңістігі осы әлеуметтендірілген тұлға арқылы дамитынын түсіну керек.

Б.П.Битинас және А.В.Мудриктің зерттеулері бойынша, егер әлеуметтену үздіксіз процесс ретінде сипатталса, онда тәрбие дискретті (үзіліссіз) процесс екенін көрсетеді. Мақсатты бола отырып, білім беру белгілі бір жерде және белгілі бір уақытта, белгілі бір білім беру институтында ұйымдастырылады. И.С.Кон әлеуметтенудің жалпы процесі аясында жеке және қосалқы процестерді анықтайды. Бағытталған білім берудің өзегі ретінде автор білім беруді, яғни өткен ұрпақтарда жинақталған білім мен мәдени құндылықтарды беру процесін ажыратады. Білім беру, өз кезегінде, мақсатты, мамандандырылған және оның әдістері бойынша рәсімделген оқытуды, сондай-ақ ауқымды білім беруді, яғни мәдениетті насихаттау мен оны тарату процесін қамтиды, бұл ақпарат жеке тұлғалардың салыстырмалы түрде тәуелсіз және еркін таңдауына ұсынады. Бұл процестер бір-бірімен байланысты, бірақ бірдей емес және әртүрлі әлеуметтік институттар арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Бүгінгі таңда білім мен тәрбие қоғамның тұрақтануы мен оның мәдени даму деңгейін анықтайтын жүйенің орталық буыны екенін түсіну қажет. Тәрбие, оқыту, білім берудің тиімділігі тәрбиеші мен оқушының, мұғалім мен оқушының өзара әрекеттесу процестерімен, тұлғаны дамыту мақсатында оқыту мен тәрбиелеумен байланысты. Осылайша, «әлеуметтену» категориясының келесі элементі - тұлғаның дамуы болып табылады. Ол адамның санасы мен мінез-құлқындағы өзгерістердің дәйектілігімен сипатталады.

А.В.Мудриктің пікірінше, әлеуметтену процесінде тұлғаның дамуы әлеуметтенудің әр жасына немесе кезеңіне арналған міндеттердің үш тобы шешілген кезде жүреді: табиғи-мәдени (физикалық, жыныстық даму), әлеуметтік-мәдени (моральдық-адамгершілік, құндылық-семантикалық бағдарлар) және әлеуметтік-психологиялық (өзін-өзі танудың қалыптасуы, жеке тұлғаның өзін-өзі анықтауы). Жеке тұлғаның дамуы әлеуметтенудің әр кезеңінің мақсаты екенін және оны адамның әлеуметтік орта жағдайларына белсенді бейімделуінің тұрақты процесі және осы процестің нәтижесі ретінде түсіндіруге болатындығын мойындауымыз керек. Біз әлеуметтену және бейімделу процестерін жеке тұлғаның ішкі өзгеруі мен жеке тұлғаның қоғамдағы сыртқы бейімделуінің арақатынасы ретінде түсінеміз. Жасөспірімдердің әлеуметтену мәселесіне байланысты көптеген тұжырымдар бар. Солардың арасынан ресейлік ғалым Г.М.Андрееваның көзқарасына сүйенетін болсақ, жасөспірімдердің әлеуметтену мазмұны үш сферадан тұрады: іс-әрекет, қарым-қатынас, өзіндік сана. Осы үш сфераның өзіне тән психологиялық ерекшеліктері болады. Мәселен жасөспірімнің сыртқы ортамен әлеуметтік байланысы ауқымды түрде кеңейеді және көбейе түседі [4].

Іс-әрекет сферасы. Жасөспірім барлық әлеуметтену уақыты бойында өзінің іс-әрекет қорын кеңейтумен, көбейтумен, үнемі жаңа іс-әрекеттер мен тәжірибелерді меңгеру үстінде болады. Жасөспірімдік кезеңде балалар үлкендермен және құрдастарымен қарым-қатынастың жаңа жүйесіне көшеді. Олардың отбасындағы құрдастар арасындағы орын өзгереді. Іс-әрекетінің аумағы біртіндеп кеңейе түседі, ең бастысы, осы іс-әрекетінің сипаты саналы тұрғыда өзгереді, күрделене түседі. Іс-әрекеттердің көптеген түріне қатысып, өздерін белсенді ұстай бастайды. Мәселен оқу-білім іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеттер, қоғамдық-саяси және қоғамдық-мәдени жұмыстар, физикалық спорттық мәдени іс-әрекеттері, ұйымдастыру шаралары т.б. Жасөспірімдерді дер кезінде дұрыс бағыттап отырған жөн. Егер жасөспірімдердің іс-әрекеттері ұйымдастырылмаған және жүйесіз болса, онда олардың іс-әрекеті жағымсыз бағытқа ауысып кетуі де мүмкін.

Жасөспірімнің негізгі уақыты оқу әрекетіне бөлінеді. Бастауыш мектеп оқушысына қарағанда жасөспірімнің оқу әрекеті маңызды сипатқа өзгереді. Оқудың жаңа түрлеріне, күрделі талаптарға тап болады. Мысалы, оқу материалының мазмұны күрделенеді. Түрлі ғылымдардың негіздерін оқи бастайды. Бұл жасөспірім тарапынан дамыған теориялық ойлауды, білімге деген жаңа танымдық қатынасты талап етеді. Оқу мантивациясы өзгереді. Оқу әрекетінде жасөспірім әлеуметтік тәртіпті жетекшілікке алады: өзінің оқушылық міндеті мен парызын орындауда болашақ кәсібіне жақсырақ даярлануды, ұжымда құрметті және қадірлі орынды иеленуді қалайды. Сонымен қатар, әлеуметтік тұрғыдан бағалануға және басқалардың алдында өзін-өзі көрсетуге ұмтылады. Жасөспірімдердің оқу іс-әрекетінің мәні олардың өздігінен білім алуы және өзін-өзі жетілдіруде жаңа сипатқа ие болады.



Баланың жасөспірімдік жастағы әлеуметтік позициясының өзгеруі өмірде, қоғамда және үлкендермен қарым-қатынас кезінде белгілі-бір орын алуға ұмтылуы оның өз-өзіне баға беруін күрт өзгертеді. Осыдан барып «Мен және қоғам» жүйесіндегі өзін бағалауға деген қажеттілігі едәуір жоғарылайды. «Мен және менің қоғамға тигізер пайдам», «Мен және менің қоғам өміріне қатысым» деген сияқты тұжырымдар жасөспірімнің өзін-өзі бағалауына да әсер етеді. Жасөспірімнің қоғамдағы орны оның айналысатын іс-әрекетімен анықталады. Айналысатын іс-әрекеті неғұрлым әлеуметтік мақұлданған сипатта (көпшілік қолдайтындай іс-әрекет) болса, онда бұл ааа іс-әрекет осы жас аралық кезеңде жетекші рөл атқарады.

Қарым-қатынас сферасы. Адам қарым-қатынасы оның іс-әрекетімен үздіксіз байланыста болғандықтан, ғалымдар (Б.Г.Ананьев, А.А.Леонтьев, В.С.Мухина, А.В.Мудрик) қарым-қатынасты әлеуметтендіру тұрғысынан қарастырылған. Олар әлеуметтену барысында қарым-қатынастың кеңейе, тереңдей түсуін пайымдайды. Жасөспірімнің әлеуметтенуінде оның қарым-қатынасқа деген қажеттілігі арта түседі. Осы жаста баланың «ересектермен байланыс» жүйесінің орнына «құрдастармен байланыс» жүйесі келеді. Сонымен ересектер түсіне алмайтын өзінің жеке «әлем тұжырымын» біртіндеп құрастыра бастайды. Жасөспірім құрдастарының арасында өзін тұлға ретінде көрсеткісі келіп тұрады. Ересектерге қарағанда қатарластарымен қарым-қатынасқа түсу қажеттілігі басыңқы келеді. Жасөспірімге қоршаған адамдардың өзі туралы берген бағасы құнды әрі қажет болып табылады. Осы қажеттігін ол үлкендермен қарым-қатынасқа түсу арқылы қанағаттандырғысы келгенімен, үлкен-кіші деген жас аралық айырмашылықтарына байланысты, бұл оған қиынға соғады. Өзінен кішілермен араласуында басқаларды бағалау қажеттігі қанағаттанып отырады. Бұл құбылыс (яғни, басқаларды бағалау қажеттігін қанағаттандыру) жасөспірімнің қоғамдағы өз орнын білдіру, өзінің бар екенін көрсету қажеттігіне туындайды.

Өзіндік сана сферасы: өзіндік сана – күрделі психологиялық құрылым. Жасөспірімнің осы кезде қалыптасқан сана-сезімі, В.А.Мухинаның пікірінше, оның өмірлік қалыптасуында басшы роль атқарады. Сондай-ақ, жасөспірімнің тұлғалық өз сана-сезімінің дамуын В.В.Давыдов, В.А.Крутецкий, А.В.Петровский, т.б. ғалымдар зерттеген. Ғалымдардың зерттеулерінде жасөспірімдердің әлеуметтік орта жағдайындағы биологиялық, психологиялық ерекшеліктерінің өзгеруі, соған байланысты олардың тұлғасын қалыптастыруға бағытталған талаптардың көбеюі сияқты мәселелер қарастырылған. Олар өзіндік сана-сезім актісі (өзін-өзі тану, өзін-өзі бақылау, өзінің мінез-құлқы мен іс-әрекетін реттеу, өз-өзіне деген қатынасы, өзінің қасиеттерін танып білуі) тұлғаның ең маңызды қажеттіліктерінің бірі болып есептеледі. Осындай қажеттіліктің негізінде тұлғаның рухани-адамгершілік сапалары туындайды. Тұлғаның мұндай өзіндік сана-сезім актісін олардың рефлексиясымен түсіндіруге болады.

Балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтендіруге көмектесе отырып, мектеп пен отбасының әрекеттілігінің нығаюына ықпал етуі тиіс. Осылайша, балалар мен жасөспірімдер отбасы мен мектепте алған дұрыс мінез-құлық дағдылары мен әдеттерін бекіту қажет. Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеуде отбасы мен мектептің рөлі әлеуметтендірудің қажетті бөлігі бола отырып, барлық уақытта тығыз байланыста болғаны маңыздылық танытады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Давыдов В.В. Виды обобщения в обучении (логико-психологические проблемы построения учебных предметов). - М.: Педагогика, 1972.- 220 с.
2. Методики психодиагностики в спорте: уч. пособие / В.Л. Маршцук и др. - М.: Просвещение, 1990. - 256 с.
3. Швырев В.С. Научное познание как деятельность. - М.: Политиздат, 1984.-232с.
4. Андреева Г.М. Социальная психология. Учебник для высших учебных заведений. - М.: Аспект Пресс, 1996. - 376 с.



XXI ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН МҮСІН ӨНЕРІ ДАМУЫНЫҢ ЗАМАНАУИ БЕТБҰРЫСТАРЫ

(Алматы мен Нұр-Сұлтан қалалары мысалында)

ҚАБЫЛ Азамат Саятұлы, ЖҰБАНОВА Гүлнұр Алпысбайқызы, ҚАЙРАНОВ Ербол Бахарамұлы

Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, Ә. Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер мұражайы

Алматы, Қазақстан

azamat_kabyl@mail.ru, gulnur.zhubanova@mail.ru, yer.bah.kuatbai@mail.ru

Түйіндеме

Мақалада XXI ғасырдың басындағы Қазақстан мүсін өнері дамуының жаңаша бетбұрыстары қарастырылады. Қазақстан мүсін өнерінің әртүрлі тарихи кезеңдеріндегі шығармашылық тәжірибелерге сүйене келе, ауқымды еңбектер теориялық тұрғыда зерттеледі. Сонымен қатар, қазіргі отандық пластикалық өнерінің диалектикалық үрдісі мен ішкі қайшылықтары талданады. Авторлардың негізгі ойлары заманауи көркемдік тәжірибелерге өнердің басты категориясының түрленген шектеулеріне тоқтала келіп, осы бетбұрыста дамуының алғышарттарын қозғау болып келеді.

Аннотация

В статье рассматриваются новейшие тенденции развития искусства скульптуры Казахстана в начале XXI века. На основе творческого опыта разных исторических периодов скульптуры Казахстана теоретически изучаются масштабные произведения. Кроме того, анализируются диалектические тенденции и внутренние противоречия современной отечественной пластики. Основная идея авторов - сосредоточить внимание на разнообразных ограничениях основной категории искусства в современной художественной практике и рассмотреть предпосылки для развития этого поворотного момента.

Abstract

The article examines the latest trends in the development of the art of sculpture in Kazakhstan at the beginning of the XXI century. Large-scale works are theoretically studied on the basis of the creative experience of different historical periods of sculpture in Kazakhstan. In addition, the article analyzes dialectical tendencies and internal contradictions of modern Russian plastic art. The main idea of the authors is to focus on the various limitations of the main category of art in contemporary artistic practice and to consider the prerequisites for the development of this turning point.

Қазақ бейнелеу өнерінің бір ғасырға жуық тарихы бар кәсіби көркемсурет мектебінің қалыптасуы мен даму жолдарын, сондай-ақ Қазақстан үшін көркем шығармашылықтың жаңа түрлерін зерттеу қазіргі кезеңде өзекті болып келеді. Бүгінде маңызды практикалық тәжірибелер мен әдіс тәсілдері жинақталған. Бұл, ең алдымен, пластикалық өнердің дамуы мен қалыптасу ұстанымдарына қатысты, өйткені еуропалық мәдениеттің көркемдік құралдары Қазақстан үшін дәстүрлі емес.

Көркемдік шығармашылықтың жекелеген түрлері туралы кескіндеменің, мүсіннің, графиканың немесе сәндік-қолданбалы өнердің олардың тарихи дамуының, қалыптасқан тенденцияларының, шығармашылық әдістері мен стильдерінің толығымен өнер түрлері ретінде дамуы туралы жан-жақты түсінік бере алатын ғылыми зерттеулер жеткіліксіз [1].

1. Байганова А.М., Наурызова Н.К. Оқу үрдісін ұйымдастыруда онлайн платформалардың тиімділігі. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің ХАБАРШЫСЫ ғылыми журналы, №1, 2020, 42-49 б.
2. <https://app.onlinetestpad.com/>



БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

НУРГАЛИЕВА Бибигул Жомартовна

Ғылыми жетекші: Ж.Н.Сабинова – п.с.ғ.к., доцент

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

Атырау, Қазақстан

Binu_88@mail.ru

Андатпа

Бұл мақалада білім беру жүйесін жетілдіру қоғамның әлеуметтік – экономикалық дамуында жетекші рөл атқаратындығы, сондай – ақ білімді, білікті, дағдыларды бұрынғыдай механикалық түрде беру емес, ақпараттық-зияткерлік ресурстарды өз бетінше тауып, талдап инновациялық идеяларды тиімді меңгеру бағыттары қарастырылған.

XXI ғасыр ұлттық бәсеке, ақпараттық сайыс инновациялық технологиялар, күрделі экономикалық реформалар сияқты көріністермен ерекшеленеді.

Сол кезеңге сай интеллектуалды, дені-сау, ой-өрісі жоғары дамыған әлемдік деңгейдегі жоғары білімі бар азаматтарды тәрбиелеу – мемлекеттік ең маңызды стратегиясы. Әлемдік өркениетте өз орнын тауып, жаһандану ағысына енген еліміздің алдында міндеттер мен бұлтартпас бағыттар тұр.

Солардың бірегейі – білім беру жүйесін жетілдіру. XXI ғасырда Қазақстанда білім беру жүйесінде инновациялық серпіліс жасалынды. Жаңа мыңжылдық білім беру үдерісін мүмкіндігінше кеңірек қарауды талап етеді. Әр адамды жаңа әлемде жұмыс істеуге, білім алуға, өмір сүре алуға, бірлесіп өмір сүре білуге үйрету қажет. Әлемнің көптеген алдыңғы қатарлы елдерінің білім беру жүйесі білім берудің құрылымын, мақсатын, мазмұны мен технологиясын өзгертті.[15] Білімді, білікті, дағдыларды бұрынғыдай механикалық түрде беру емес, ақпараттық-зияткерлік ресурстарды өз бетінше тауып, талдап және пайдалана білетін, инновациялық идеялардың қуат көзі болатын, жедел өзгеріп отыратын әлем жағдайында дамитын және өзін-өзі ашып көрсете алатын болашақ маман тұлғасын қалыптастыру басымдылық болып табылады. Осыған сәйкес білім беру жүйесін дамытудағы маңызды міндеттер қойылып отыр:

- педагогикалық білімнің мазмұны мен әдістерін жаңарту;
- педагогикалық кадрларды кәсіби даярлауда теориялық және практикалық инновациялық бағыттарды анықтау;
- оқу-тәрбие процесіне инновациялық ақпараттық-коммуникациялық білім беру технологияларын енгізу;

• кез келген жағдайда өз бетімен оң шешім қабылдай алатын, өзіндік білім алу траекториясын құрастыра білетін және оны тиімді жүзеге асыру жолдарын анықтай алатын, оны тиімді жүзеге асыра білетін интеллектуалды тұлғаны тәрбиелеу, яғни адами капиталды қалыптастыру.[11]

Білім беру жүйесі - сабақтастығы бар білім беру бағдарламалары мен әр түрлі деңгей мен бағыттағы мемлекеттік білім беру стандарттары жүйесінің, оларды әртүрлі ұйымдастыру құқықтық формадағы, типтегі және түрдегі білім беру мекемелерінде іске асырушы тармақтардың, сонымен бірге білім беруді басқару органдары жүйесінің жиыны.

Білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік – экономикалық дамуында жетекші рөл атқарады, сондай – ақ оны әрі қарай айқындай түседі. Ал білімнің қалыптасып, дамуының жалпы шарттары философияның негізгі мәселесі – рухтың материяға, сананың болмысқа қатынасы тұрғысынан зерттелетін ілім таным теориясы деп аталады. Таным теориясының басқа ғылыми теориялардан түбірлі айырмашылығы – ол білімнің қалыптасуы мен негізделуінің жалпы ұстанымдарын, объективтік қатынастарды қалыптастырады.[5]

Орыс педагогі К.Д.Ушинский айтқандай, қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім, өз білімін жетілдіріп, ескі бірсарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз.[1] Бұл жөнінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев жолдауында айтқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім». Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің



технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс – тәжірибесі зерттеліп, мектеп өміріне енуде.

Қазақстандағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жобасында Қазақстанда оқытындарды сапалы біліммен қамтамасыз етіп, халықаралық рейтингілердегі білім көрсеткішінің жақсаруы мен қазақстандық білім беру жүйесінің тартымдылығын арттыру үшін, ең алдымен, педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, олардың бүкіл қызметі бойына мансаптық өсуі, оқытылуы және кәсіби біліктілігін дамытуды қамтамасыз ету, сондай-ақ педагогтердің еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды арттыру мәселелеріне үлкен мән берілген. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар мен сындарлы саясаттар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір педагог қауымының ойлауына, өткені мен бүгінгі, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялармен жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болары анық. Олай болса, білімнің сапалы да саналы түрде берілуі білім беру жүйесіндегі педагогтердің, зиялылар қауымының деңгейіне байланысты. Дәстүрлі білім беру жүйесінде білікті мамандар даярлаушы кәсіби білім беретін оқу орындарының басты мақсаты – мамандықтарды игерту ғана болса, ал қазір әлемдік білім кеңестігіне ене отырып, бәсекеге қабілетті тұлға дайындау үшін адамның құзырлылық қабілетіне сүйену арқылы нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну – қазіргі таңда негізгі өзекті мәселелердің бірі. Жалпы алғанда «құзырлылық» ұғымы жайлы ғалым К.Құдайбергенова «Құзырлылық ұғымы – соңғы жылдары педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым. Құзырлылықтың латын тілінен аудармасы «компетенс» белгілі сала бойынша жан – жақты хабардар білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде шешім шығара алады дегенді білдіреді» деп көрсетеді. Бұл жайлы Б.Тұрғанбаева «... өзінің практикалық әрекеті арқылы алған білімдерін өз өмірлік мәселелерін шешуде қолдана алуын – құзырлылықтар деп атаймыз» деп анықтаса, Ресей ғалымы Н.Кузьминаның көзқарасы бойынша, «Құзырлылық дегеніміз - педагогтің басқа бір адамның дамуына негіз бола алатын білімділігі мен абыройлығы».[8]

Жаңа инновациялық оқыту технологиясы кәсіптік қызметтің ерекше түрі болып табылады. Инновациялық оқыту технологиясын меңгеру үшін педагогикалық аса зор тәжірибені жұмылдыру қажет. Бұл өз қызметіне шығармашылықпен қарайтын, жеке басының белгілі іскерлік қасиеті бар адамды қажет ететін жұмыс. Шындығында да әрбір педагог жаңа инновациялық технологияны меңгеру барысында өзін-өзі дамытады және өзін-өзі қалыптастырады. ХХІ ғасырда болашақ мамандарды даярлау, олардың кәсіби бейімделуін қалыптастыру мәселелері – кезек күттірмейтін өзекті қоғам талабы. Сондықтай біз болашақ педагог-психологтардың жаңа педагогикалық инновациялық технологияларды қолдануға даярлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасадық. Болашақ мамандардың жаңа инновациялық педагогикалық технологияларды қолдануға даярлықты қалыптастыру мына көрсеткіштерді қамтиды.[14]

Әрбір педагогтің инновациялық іс-әрекетін қалыптастырудың педагогикалық шарттары:

- инновация туралы білімі;
- инновацияны жан-жақты меңгеру;
- инновациялық іс-әрекет диагностикасын меңгеру;
- инновацияны тәжірибеге ендіру жұмыстары; инновацияны практикада дұрыс қолдану.

Қазақ мектебінің бүгінгі жайы мен ертеңі, оқушылардың білімділік және тәрбиелік деңгейі шешуші дәрежеде мұғалімге, ата-анаға және қоғам қауымдастығына жүргізілген жұмыстарға, ізденісіне байланысты. Бастауыш сыныптарға арналған бағдарламалар педагогикалық үрдісті жаңаша қарауды талап етеді. Педагогика ғылымында баланы оқыту мен тәрбиелеудің мақсаты – жан-жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру болса, оқытудағы негізгі мақсат - өздігінен дамуға ұмтылатын жеке тұлғаны қалыптастыру. Жеке тұлғаның дамуында маңызды роль атқаратын оқушының өз бетінше жұмысын тиімді ұйымдастыра білу, сол арқылы материалды саналы меңгертудің жүйесін жасау, оқушының түрлі дара қабілеттерін арттыру.

Өз бетінше жұмыс қазіргі жеке тұлғаны қалыптастыру және тәрбиелеуде, білім берудің приоритетін түбегейлі өзгертуде, яғни бұрынғыша оқушыны пәндік білім, біліктердің белгілі бір жиынтығымен қаруландыруды түбегейлі өзгертуде.

Өзіндік жұмыстың негізгі мақсаты оқушылардың танымдық міндеттерін қалыптастыру, шығармашылық қабілеттері мен қызығушылығын жетілдіру, білімге құштарлығын ояту. Мұғалім сабақта әдіс - тәсілдерді пайдалана отырып, балалардың ұсыныс - пікірлерін еркін айтқызып, ойларын ұштауға және өздеріне деген сенімін арттыруға мүмкіндік туғызып отыру қажет. Әдіс – тәсілдер арқылы өткізген әрбір сабақ оқушылардың ойлануына және қиялына негізделіп келеді, баланың



тереңде жатқан ойын дамытып оларды сөйлетуге үйретеді. Түрлі әдістемелік тәсілдер пайдалану арқылы қабілеті әртүрлі балардың ортасынан қабілеті жоғары баланы іздеп, онымен жұмыс жасау, оны жан - жақты тануды ойлап, оқушылардың шығармашылық деңгейін бақылап отыру әрбір мұғалімнің міндеті.[2]

Қазіргі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі - рефлексияға қабілетті, өзін-өзі жүзеге асыруға талпынған әдіснамалық, зерттеушілік, дидактикалық-әдістемелік, әлеуметтік тұлғалы, коммуникативтілік, ақпараттық және тағы басқа құдыреттіліктердің жоғары деңгейімен сипатталатын рухани- адамгершілікті, азаматтық жауапты, белсенді, сауатты, шығармашыл тұлға.

Нәтижеге бағытталған білім моделі мен басқарудың жаңа парадигмасы аясында жекелеген ұғымдар мен нормаларды және тиімді педагогикалық технологияларды меңгеру үшін педагогтардың кәсіби мәдениетін дамытуға бағытталған оқу қажеттіліктері туындылап отыр.

Біліктілік арттыру жүйесінде педагогтардың оқу қажеттіліктері нақты білімнің мәнін түсінуге, соның нәтижесінде өзіндік іс-әрекетке енуге және жеке өміріндегі тәжірибені жетілдіру мақсаттарына байланысты қалыптасады. Осы заманғы мұғалім оқуға үлкен потенциалдық мүмкіндіктермен келеді.

Сондықтан олардың функционалдық сауаттылықтарын кәсіби шеберлікпен ұштастыру үшін нәтижеге бағытталған білім беру үлгісінде мақсатты түрде білім беретін, қалыптастыратын, дамытатын андрогогикалық процесс қажет. Басқаша айтқанда ересектерге арналған, жалпы және кәсіби білімнің қажеттілігін дамыту, ғылым, білім мен мәдениет жетістіктері арқылы адамдардың жалпы мәдениеті мен әлеуметтік белсенділікті дамытуға бағытталған танымдық іс-әрекетке ынталандыру үшін білім беру. Қазіргі білім беру парадигмасы «білікті адамға» бағытталған білімнен «мәдениет адамына» бағытталған білімге көшуді көздейді. Бұл білім беру жаңаша ұйымдастыру- оның философиялық , психологиялық, педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді.

Сондықтан бүгінгі күні еліміздің білім жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнын қамтамасыз ету міндеті тұр. Француз қайраткері «Адамға оқып – үйрену өмірде болу, өмір сүру үшін қажет» дегендей оқыту процесін технологияландыру, осыған сәйкес оқу бағдармаларын жасау, ғалымдар мен жаңашыл педагогтардың еңбектерімен танысу жұмыстары мұғалімдердің үздіксіз ізденісін айқындайды. Жаңа педагогикалық технологиялардың негізгі мәні пассивті оқыту түрінен активті оқытуға көшу оқу танымын ұйымдастырудағы бастамашылдығына жағдай туғызу, субъективтік позицияны қалыптастыру.

Ақпараттық заманның ағыны білім берудің жаңа жүйесін алып келді. Ол-қашықтықтан оқыту немесе онлайн білім беру. Бұл оқушы мен ұстаздың сыныпта емес виртуалды әлемде жолығуы. Жай ғана жолығып қана қоймай, білім беру заңдылықтарын сақтай отырып ақпарат алмасуы.

Қашықтықтан оқыту біз ойлағандай жаңа пайда болған әдіс емес. Оның тарихы сонау он сегізінші ғасырда, поштаның пайда болуымен қатарлас. Студент қажетті кітаптарды пошта арқылы алып, ұстазымен оқу барысында хат алмасып тұрған. Ал, емтиханды ұстаздың сол қаладағы сенімді адамына немесе ғылыми жұмыс ретінде жазбаша тапсыратын болған. 1990 жылдары «дербес компьютерлер» көпшілікке қол жетімді бола бастады. Бұл онлайн білім берудің дамуына жаңа серпіліс берді. Мысалға, АҚШ-та қашықтықтан білім алушылардың саны күрт артуына байланысты үкімет білім беру мекемелерінде бұл әдістің елу пайыздан аспау керектігі туралы заң қабылдауға мәжбүр болды.

Педагогикаға зор үлес қосқандардың бірі Шалва Амонашвили. Шалва Александрович Амонашвили-ынтымақтастық педагогикасын насихаттаушы жаңашыл педагогтардың бірі. Тбилиси университетінің шығыстану факультетін аяқтады, мектепте жұмыс істеді, аспирантураны бітірді, кандидаттық және докторлық диссертацияларын қорғады. Ол 60-70 жылдары бүкіл әлем бойынша жаңа педагогикалық бағыттың негізін қалауына ықпал еткен «Білім беру процесінде балаларға адами-тұлғалық көзқараспен қарау» деген тақырыпта мектептерде көпшілік экспериментке жетекшілік етті. Шалва Александрович өзі балаға деген адами-тұлғалық көзқараспен қараудың барлық принциптерін әлемдік педагогика классиктері К. Д. Ушинский, В. А. Сухомлинский, Якуш Корчак, А. С. Макаренко, т.б. үйренгендігін айтады.[2]

Шалва Александрович мұғалімдерді педагогика даналығын шынайы да бай қайнар көзін пайдаланып, өздерінің педагогикалық шеберлігін үнемі байытып, шыңдап отыруға шақырады. Оның айтуы бойынша нағыз ұстаздың бойында болу керек қасиеттер мыналар:

Біріншіден, баланы сол қалпында жақсы көру. Тентек пен тілалғышты, ұғымтал мен ойлау қабілеті төмен, ұқыпты мен жалқау оқушыларды бөліп жармай, барлығын да бірдей жақсы көру керек. Балаларға деген мейірімділік пен сүйіспеншілік бар жерде қатыгездік болмайды, намысына тиетін сөздер айтылмайды, олардың әрбір жетістіктеріне қуанып отырасың;



Екіншіден, оларды түсіне білу, яғни солардың көзқарастарымен санасу, оларды ересектерше қабылдау, қамқорлық танытқанына қуану, ақылдасып отыру. Олардың танытқан қамқорлықтары мен әрбір ісіне кешіріммен емес, үлкен құрметпен қарау керек. Балаларды түсіну дегеніміз — оларды билігіне бағындыру емес, керісінше олардың бүгінгі өміріне сүйене отырып, болашақ өміріне алғашқы дәндерін себу. Бала жүрегінің тебіренісі мен жан дүниесінің қозғалысын түсіне білген педагог оқушысының тәрбиесімен тереңдей айналыса алады.

Үшіншіден, оптимист болу, тәрбиенің оң әсер беретіндігіне сену қажет. Әңгіме баланың тәрбиесімен айналысып, сана-сезімін дамытуға кірісу үшін оның ақылының толып, ойлау қабілетінің айқындалуын үлкен үмітпен қолын қусырып күтіп отырған педагог, яғни филонтропиялық оптимизм туралы болып отырған жоқ. Мұндағы әңгіме баланың ішкі жан дүниесіне тереңдей ену, осыған байланысты тәрбие берудің, оқытудың, дамытудың түрлі жолдарын қарастыратын педагог, яғни әрекетшіл оптимизм жайлы.

Төртіншіден, мұғалімнің бойынан адамға тән жақсы қасиеттердің барлығы-күлімсіреу, каталдық, ұстамдылық, салмақтылық, сезімталдық, шынайылық, зияткерлік, тіл табысушылық, өмірге деген махаббат болуы керек.[10]

Ұстаздың осындай талпынуы аса маңызды. Ол-бұрынғы және қазіргі заманғы ұрпақтардың рухани құндылықтары мен бала арасындағы дәнекерші. Осы құндылықтар, білім, моральды-этикалық нормалар балаларға дейін стерильді түрде жетпейді, керісінше мұғалімнің тұлғалық қасиеттері мен олардың бағасын аңғартады. Адамгершілік қасиеттері бар ұстаз балаларды білімге үйрете отырып, сонымен қоса, оларға өзінің мінез-құлқы арқылы ықпал етіп, балалардың көз алдында адамгершіліктің ең жоғарғы үлгісі болып көрінеді. Бала үшін мұғалімсіз білім жоқ, тек ұстазына деген махаббаты арқылы ғана бала білімнің қызықты әлеміне аяқ басады, қоғамның моральды құндылықтарын игереді. Кіші жастағы оқушылар үшін ең беделді адам-ұстазы.

"Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға", — демекші ұстаз қоғамның тәрбиешісі. Ұстазы қандай болса, халқыда сондай болады. Ұстазы жақсының, ұстамы жақсы-деген бар емес пе? Сондықтан болашақ ұстаздар оқушыға тек білім ғана беріп қоймай, тәрбиеменде сусындатып, саналы ұрпақ тәрбиелеп шығарайық.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Макаренко А.С. Психология труда учителя. - М., «Просвещение», 1993.
2. Андреева В.И. Педагогика творческого саморазвития. -Казань. 1996.
3. Тұрғынбаева Б.А. Мұғалімнің шығармашылық әлеуметін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе.- Алматы. 2005
4. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 27 шілде 2007 жыл №319-III. (24.11.2015 жылы өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);
5. Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білім беру мәселелері бойынша өзгерістермен толықтырулар енгізу туралы заңы. (4 шілде 2018 жыл №172-VI);
6. «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы (№ 827 12.12.2017 ҚР Үкімет Қаулысы)
7. Педагогтерді аттестаттаудың жаңа қағидалары (2018 жылғы 12 сәуірдегі № 15
8. Құдайбергенова К. Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критерий // «Білім сапасын бағалаудың мәселелері: әдіснамалық негізі және практикалық нәтижесі» атты халықаралық ғылыми – практикалық конференцияның материалдары. - Алматы, 2008.
9. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Астана . 2004.
10. Шишов С.Е. Понятие компетенции в контексте проблемы качества образования // «Государство и образование», 2002.
11. Раджерс Э. Инновация туралы түсінік //Қазақстан мектебі, №4, 2006.
12. Қабдықайыров Қ. Инновациялық технологияларды диагностикалау. – Алматы, 2004
13. Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі – сапалы білім – //Қазақстан мектебі, №4, 2008
14. Нағымжанова Қ. Инновациялық технологияның құрылымы – Алматы:Өркен, 2007
15. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988>



ОҚУШЫЛАРДЫ АДАМГЕРШІЛІККЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ БОЙЫНА СІЦІРЕ ОТЫРЫП ТӘРБИЕЛЕУ

НУРТАЕВА Ляззат Шадмановна, ҚАНАЙБЕКОВА Баян Турехуловна

М. Қалмырза атындағы №3 мамандандырылған мектеп-интернаты

Шардара, Қазақстан

nurtaeva_1@mail.ru

Аннотация

Мақалада оқушы бойына ұлттық құндылықтарды сіңіре отырып, рухани-адамгершілікке тәрбиелеу жолдары қарастырылады. Ұлттық тәрбиеміздің негізгі көздері-әдет-ғұрып, салт-дәстүр мен ұлттық әдебиетіміз екені жайында мысалдар келтіріледі.

Аннотация

В статье рассматриваются пути духовно-нравственного воспитания учащихся с привитием им национальных ценностей. Приводятся примеры того, что основными источниками национального воспитания являются обычаи, традиции и национальная литература.

Annotation

The article discusses the ways of spiritual and moral education of students with instilling national values in them. Examples are given that the main sources of national education are customs, traditions and national literature.

Оқушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу, болашағына жол сілтеу – бүгінгі қажетті, кезек күттірмес мәселе. Рухани-адамгершілікке тәрбиелеу білім берумен ғана шектелмейді. Баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі жан дүниесін ояту нәтижесінде оның рухани-адамгершілік қасиеттері қалыптасады.

Оқушы бойына ұлттық құндылықтарды сіңіре отырып, адамгершілікке тәрбиелеу «Адамға ең бірінші білім емес тәрбие берілу керек. Онсыз берілген білім-адамзаттың қас жауы», - дейді ұлы ғұлама Әбу Насыр Әл-Фараби [1,28]. М.Жұмабаев «қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы да тәрбиеден басталады», - деп жазады [2,34]. Олай болса, білім алудың негізгі қағидасы тәлім-тәрбие. Шығыс ғұламасы: «тәрбиесіз берілген білімнің құндылығы болмайды», - дейді тағы да. Расында, бар күшімізді білімге жіберіп, бала тәрбиесін назардан тыс қалдырсақ, біздің ұрпақ алдындағы үлкен қателігіміз де сол болмақ. «Бала тәрбиесі-баршаға» демекші ұстаздар, тәрбиешілер баланы дұрыс тәрбиелеуге, санасының қалыптасуына үлес қосамыз. Бүгін ақылды ұрпақ тәрбиелеп, ертеңге сенімді ұрпақ табыс ету де біздің еншімізде десе де болады.

Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады.

Елбасымыз Н.Назарбаев: «Оқушыларды қазақстандық патриотизмге шығармашылық жағынан жеке тұлға ретінде тәрбиелеу қажет, бүгіннен бастап ұлттық мінез-құлық, биік талғампаздық, тектілік, білімділік, ұлттық намыс қасиеттерін қалыптастыруымыз керек», - деп үндеу тастаған болатын [3].

Ұлттық тәрбиеміздің негізгі көздері-әдет-ғұрып, салт-дәстүр мен ұлттық әдебиетіміз. Сонымен бірге отбасы тәрбиесінің ұлттық ерекшеліктері, жеті ата туралы түсінік, туыстық қарым-қатынас атаулары, ата-ана мен перзент алдындағы парыз бен қарыз, ұлттық намыс. Міне, осыларды бала санасына сіңіріп, бойына дарыта білу-ұрпақ тәрбиесіндегі ең басты қағидамыз.

Халқымыз қандай да бір білім мен өнегені балаға қолма-қол көрсету, көрсете отырып үйретуді басшылық еткен. Мысалы, еңбек дағдысын игерту үшін ең әуелі өзі істеп көрсетіп, ең соңында балаға өз бетінше істеткен. Үлкенді сыйлау, құрметтеу, қонақ күту оны аттандыру сияқты әдеп тәрбиелерін ұқтырып, үйретіп отырған. Қазақ үйретіп, көрсетіп, ұқтырумен ғана шектелмеген. Қандай да бір әдеп, әдет дағдыларының шынайы мәнін түсіндіріп, ойға тоқытып отырған. Тәрбиелеудің ұлттық үрдісінде баланың қандай да бір ұнасымды қылығын мадақтап отырған. Өйткені, бала қашанда үлкендердің өзіне ыстық ықылас, ізгі ниет көрсеткенін күтеді. Сол үшін де баланы ынталандыру үшін мадақтау арқылы психикасына ықпал етудің үлгісін қалыптастырған. Ынталандыруды баланың жас ерекшелігіне сай ұтымды пайдалана білген.

Осылайша, қазақ ұрпақ тәрбиелеудің талай тамаша жолдарын тағайындап, оны жүзеге асырудың амал-тәсілдерін айқындаған. Педагог М.Жұмабаев: «Әрбір ұлттың бала тәрбие қылу туралы ескіден келе жатқан жеке-жеке жолы бар. Ұлт тәрбиесі, бала тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтақ жол болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен жетелеуге міндетті», - деп ұлттық тәрбиенің, халықтық педагогиканың ұлағаттылығын дөп басып айтқан [2].



Біз оқыту мен тәрбие ісінде ұлттық сипатымызды айқындайтын халықтық педагогиканы, атап айтсақ, ұлттық ойындар мен салт-дәстүрлеріміздің бөлшектерін баланың деңгейіне қарай пайдаланып отырамыз. Мұндағы мақсатымыз: біріншіден, әр оқушы өзінің қазақ елі азаматы екенін, қазақ елінде туып-өскенін мақтаныш ете алатындай етіп тәрбиелеу, қазақ мәдениеті мен өркениетінің ешбір елден кем болмағандығына көздерін жеткізу; екіншіден, оқушыларға қазақ халқының тарихын, ірі тұлғаларды, олардың ел ісіне қосқан үлесін өнеге ету, солар арқылы адамгершіліктің биік шыңына жетелеу; үшіншіден, оқыту барысында, апталықтарда, спорттық шараларда сынып сағаттарында ұлттық ойындарды, салт-дәстүрді, ауыз әдебиетінің әртүрлі жанрларын пайдаланып, оқушылардың қиялын, ой-өрісін, әдеби сөздік қорын дамыту; төртіншіден, халықтық педагогика арқылы қазіргі қоғамда болып жатқан келеңсіз оқиғалардан сақтандыру, салауатты өмір салтын насихаттау, дені сау, саналы, қоғам істеріне бей-жай қарамайтын өскелең ұрпақ тәрбиелеу.

Осы мақсаттарыма қол жеткізу үшін сыныптан тыс өткізілген шараларда болсын, пікір-таластар мен сайыстар болсын, спорттық жарыстар болсын халықтық педагогикамен, ұлттық тәрбиемен ұштастырып отырамын. Атап айтсам, кәсіби-шығармашылық тәрбие бағытында өткен тәрбие сағатымызда ата-кәсібіміздің қыр-сырына тереңірек үңіліп, оны жалғастыру да, заманауи тұрғыда жаңашаландыру да биіктерге жеткізетінін ұқтырсақ, эстетикалық тәрбие бағытында өткен тәрбие сағатымызда қазақ қыздарынан табылатын ұяңдық пен инабаттылық, адалдық, қазақ ұлдарынан табылатын мәрттік пен намысқойлық ата-әжелерімізден бізге жеткен ұлттық ерекшелігіміз екендігін ұғындыруды мақсат етеміз.

Салауатты өмір салтын насихаттауда қазақ халқының ұлттық тағамдарының, ұлттық ойындарының адам денсаулығына тигізер пайдасы жөнінде айтылды. Мұнан да басқа отбасы тәрбиесі, әлеуметтік –мәдени және жеке қасиеттерін қалыптастыру, экологиялық тәрбие, рухани-адамгершілік тәрбие беру бағыттарында өткен тәрбиелік шараларды ұлттық тәрбиемен ұштастырып отырамыз. Өткізілген «Текті білу тегін емес», «Өнерлі өрен», «Шипалы сусын-дертке ем» деген тақырыптарда өткен тәрбие сағаттарымызда бала бойына ұлттық құндылықтарды сіңіре отырып, адамгершілікке, шыншылдыққа, салауатты өмір салтын ұстануға бағыттауды мақсат етеміз. Өйткені, ұлттық рух бала бойына тілмен, дәстүрмен, өнермен сіңеді.

Қазіргі таңда елімізде болып жатқан әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени жаңалықтарға байланысты оқу үрдісін ұлттық сипатта ұйымдастыру – заман талабы. Әр халықтың өзіне тән дәстүрі, оның білім беру мәдениеті осы оқу — тәрбие үрдісіне тікелей байланысты. Қазақ халқы – өзінің бай тарихи мұрасын, өнері мен тілін, салт – дәстүрін, әдеп – ғұрпын, рухани – адамгершілік тағылымдарын ұрпағына мұра етіп қалдырған. Сондықтан оқу – тәрбие үрдісінде қолданылатын әдіс- тәсілдер, деректер ұлттық психология ерекшеліктерін ескеру қажет.

Халқымыздың ғасырлар бойы ұлан- байтақ жерін сыртқы жаулардан қорғауда ерлігімен көріне білген батырлары мен қолбасшыларын, халқының сөзін сөйлеп, ел қамын ойлаған шешен — даналарын мақтан еткен. Отанымызды қорғау, шежіреге толы тарихын білу, тілі мен дәстүрін сақтау, зерттеу – азаматтық борышымыз. Сондықтан бар халық мақсаты өзінің өскелең ұрпағына тәрбие беруде күнделікті тұрмыс кәсібін ұлттық арнада ұйымдастырып, рухани- адамгершілік тағылымымен ұштастыра білген.

«Адамгершілік» — адам бойындағы «ізгілік», «сыйластық», «инабаттылық», «кісілік» сөздерімен мәнделс. Халықтық педагогикада адамның жағымды мінез – құлықтарын осы ұғымдардан таратады. Мінез – құлық пен қарым- қатынастағы келесі әрекеттерді атап өтуге болады: адамды сыйлау, ар- ұятын сақтау, мейірімділік таныту, кішіпейілділік көрсету т.б.

Рухани – адамгершілік тәрбие – белгілі бір мақсатқа қол жеткізе білетін мақсатты, жүйелі, ұлттық көзқарасты, сенімді, парасатты, мінез- құлықтағы адами тәртіп пен рухани дағдыны қалыптастыратын жалпы азаматтық тәрбиенің құрамдас бөлігі. Адамгершілік тәрбиенің бүкіл жүйесі гуманистік мазмұнға толы, рухани негізде жеке адамның жан- жақты дамып жетілуіне бағытталған.

Адамгершілік тәрбие мәселесі негізінен ұлттық құндылықтарға сүйене отырып, тәрбие берудің әдістемелік жолдарына негізделеді.

- Ұлттық дәстүрлер арқылы оқу – тәрбие үрдісінде адамның рухани мәдениетін қалыптастыру.
- Ұлттық дәстүрлер арқылы адамның психологиялық ерекшеліктерін зерттеп, дамыту.
- Салт – дәстүрлер негізінде, ұлттық психологиялық ерекшеліктерді ескере отырып, рухани – адамгершілік құндылықтарды тәрбиелеу.

Бұл мәселеге байланысты елбасымыз Н.Ә. Назарбаев: «... жаңа жағдайларға байланысты бәрімізді алаңдататын мәселе – білімді, кәсіби даярлығы бар адам тәрбиелеу ғана емес, қоғамдық өмірдің барлық саласында ұлттық және дүниежүзілік құндылықтарды қабылдауға қабілетті, рухани және адамгершілік мүмкіндігі мол тұлға қалыптастыру болып табылады», — деп атап көрсетті [3].



Міне, осы тұста қоғамға жан- жақты білімді, жоғарғы мәдениетті, еңбекқор, іскер ізденімпаз, қабілетті, шығармашыл тұлға қажет. Ондай тұлғаны орта және жоғарғы оқу орындары тәрбиелейді.

Адамгершілікке тәрбиелеудің маңызды педагогикалық шарттары – оқушылардың белсенді өміршіл, саналық көзқарасын, сөз бен істің бірлігін адамгершілік нормаларынан ауытқуларына жол бермеуді қалыптастыру. Ол баланың жеке басының қалыптастырушы дамудың аса маңызды бір саласы. Бұл арқылы Отанға, еңбекке қатынасын айқындайды. Тәрбиелі ұстаз шәкірттерге жан- жақты тәрбиені осы адамгершілік тәрбиесінен бастайды. Себебі бұл оның адамгершілік сезімін, сенімін белгілі бір мақсатқа жетелеу іс –әрекетін ұйымдастыруды жетілдіреді. Сонда ғана ұстаз шәкірттерінің ізгілігін, адалдығын, кішіпейілділігін қалыптастырады.

Баланың өмірге белсенді көзқарасының бағыты үлкендер арқылы тәрбиеленеді. Баланы жастан демекші, бала тәрбиесіне ата- ана дүние есігін ашқаннан бастап көңіл бөлуі керек. Ал мектепте ұстаздар әр баланы жеке тұлға ретінде рухани адамгершілігі мол етіп тәрбиелейді.

Саналы тәрбие болмаған жерде сапалы оқу мен білімнің болмайтындығы белгілі. Жеке тұлғаның рухани- адамгершілігін дамыта тәрбиелеу баланың мектеп табалдырығын аттаған сәттен бастап жүзеге асырылса, онда қоғамның әлеуметтік қажетін өтейтін рухани бай тұлға қалыптасуына ықпал етеді.

Адамгершілік тақырыбы- мәңгілік. Ол ешқашан ескірмек емес. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру- ата-ана мен ұстаздардың басты міндеті. Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиеттер. Адамгершіліктің қайнар бұлағы- халқында, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет-ғұрпында. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс —тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді.

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы — өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі — келешек қоғам.

Әдебиеттер:

1. Аль-Фараби. Трактаты о музыке и поэзии / Пер. с араб.; АН Республики Казахстан. - Алматы: Ғылым, 1992. - 452 с.
2. Жұмабаев М. Педагогика. Алматы. Мектеп, 1992-122б.
3. Н.Назарбаев Қазақстандықтардың өсіп - өркендеуі, қауіпсіздігі және әл – ауқатының артуы. «Егемен Қазақстан», 11-қазан, 2016ж.

ЕРЕКШЕ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА БАҒАЛАУДЫҢ КРИТЕРИЙЛЕРІ

НҰРБЕКОВА Аида Мұратбекқызы

М.Әуезов атындағы ОҚМУ

Шымкент, Қазақстан

muratbekovna1980@mail.ru

Андатпа

Мақалада инклюзивті білім беруді әдіснамалық және оқу-әдістемелік қамтамасыз етуде жоғарыда көрсетілген мәселелердің ішіндегі инклюзивті білім беру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау бүгінгі таңда өзекті мәселенің бірі болып табылады. Әрине, оқушылардың дайындық деңгейі туралы ақпараттар алу мүмкіншілігі оқыту мүмкіндігі және жеке оқу қорытындылары болу мүмкіндігін ұсыну бойынша сынып оқушылары құрамының біртектілігін ескеретін критерилерді қолданумен іске асырылады. Ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылардың білімділік жетістіктерін анықтауда бағалау жүйесі олардың оқудағы жетістіктерін ғана объективті көрсетіп қоймай, оларды білім беру процесінде қолдау бойынша келесі әрекеттердің жоспарын құру үшін негіз болуы тиіс. Бұл инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін әзірлеудің қажеттілігін негіздейді. Осы объектілерге қатысты білім алушылардың тиісті білім әрекеті ұйымдастырылады, яғни кілтті құзырлылықтардың минималды тізімінде жүйелендірілген жалпы пәндік білімдер, ептіліктер, дағдылар мен тәсілдер әрекетінің қалыптасуына әкеледі.

Аннотация

В статье рассматривается направлений методологического и учебно методического обеспечения инклюзивного образования на сегодняшний день актуальным является вопрос оценивания учебных достижений обучающегося в условиях инклюзивного образования. Безусловно



получение объективной и достоверной информации об учебных достижениях каждого учащегося должно обеспечиваться использованием критериев, учитывающих неоднородность состава учащихся класса по возможностям обучения и предоставлением им иметь индивидуальный результат обучения. При этом должны быть учтены даже минимальные шаги в развитии активности и продвижении учащегося в освоении учебной программы. Этим обуславливается необходимость разработки системы критериального оценивания учебных достижений учащихся с особыми образовательными потребностями в условиях инклюзивного образования. В отношении этих объектов организуется соответствующая образовательная деятельность учащихся, которая приводит к формированию у них общеучебных знаний, умений, навыков и способов деятельности, систематизированных в минимальном перечне ключевых компетенций.

Abstract

The article deals with the issues of methodological and educational support for inclusive education. today, the issue of evaluating the educational achievements of students in the conditions of inclusive education is relevant. Of course, obtaining objective and reliable information about the educational achievements of each student should be ensured by using criteria that take into account the heterogeneity of the class of students in terms of learning opportunities and allowing them to have an individual learning result. At the same time, even the minimum steps in the development of activity and promotion of the student in the development of the curriculum should be taken into account. This makes it necessary to develop a system of criteria-based assessment of educational achievements of students with special educational needs in an inclusive education environment.

Кіріспе. Ерекше қажеттілігі бар білім алушылар үшін жаңа бағалау жүйесін қолданудың ерекшелігі, ерекше қажеттілігі бар балаларда тоқсанда және оқу жылы ішінде сол және басқа да өлшемшарттарға қол жеткізу үшін жеткілікті уақыттың болуы болып табылады. Сонымен, критериалды бағалау жүйесі ерекше қажеттілігі бар білім алушылардың жетістіктерін өлшеу құралы және осындай категориядағы білім алушылар үшін білім беру қызметі сапасын анықтауға мүмкіндік беретін білім беру процесінің диагностикасы және ерекше оқыту қажеттілігі бар балаларды оқыту стратегиясы, мазмұны мен әдістемесі бойынша түбегейлі шешім қабылдау болып табылады.

Инклюзивті оқытуда бақылау, тексеру және оқыту нәтижелерін бағалау – оқыту-тәрбиелеу үдерісінің ажырамас құраушысы болып табылады, оларсыз мұғалім мен оқушы арасында толыққанды өзара әрекет ету мүмкін емес. Бағалау – бұл қолданыстағы бағдарламалардың талаптарымен салыстырғанда пән мазмұнын меңгерудегі оқушының білім деңгейін анықтау үдерісі [1].

Теориялық талдау. Бағалау келесі көрсеткіштермен сипатталуы керек:

- адекваттылықпен, яғни орындалып жатқан әрекет (дидактикалық және оқу мәселелерін шешу) бойынша (оқушы, мұғалім) пайымдауларының өзін-өзі бағалау сәйкестігімен (сәйкессіздігі) анықталынады;

- сенімділікпен, яғни бағалау тәсілі ретінде қолданылатын көрсеткіштермен байланысты.

Оқу жоспарының инвариантты бөлімінің пәндері бойынша бастауыш мектептің 1-сынып оқушыларының оқу жетістіктерін бағалау – вербалды түрде, ал 2- сыныптан бастап бағалау баллдармен жүргізіледі. Бағалау үдерісінде өз әрекетін бағалай алу маңызды болып табылады.

Жұмысты бағалау үдерісі келесі кезеңдерден тұрады:

- жұмысты орындау;

- бағалау критерийлерін жасау;

- белгіленген критерийлер бойынша оқушының өз жұмысын бағалауы;

- сол критерийлер бойынша мұғалімнің оқушы жұмысын бағалауы және тексеруі;

- мұғалім бағасы мен оқушы бағасын салыстыру;

- бағадағы келіспеушіліктерді анықтау.

Өзін-өзі бағалау тиімді болуы үшін оқушының мұғаліммен бағалануы қажет, жұмыс бөлігін өзі таңдай алуы керек. Ол бағалау критерийлерін өзі анықтай алады. Мұндай тәсіл бағалау әрекетінде оқушының жауапкершілігін қалыптастырады. Ең алдымен, басқа балалардан ерекше, оқушының жеке бас жетістіктері бағаланады [2].

Оқушы бақылауға алынған тапсырманың күрделілігін, үй жұмысының көлемі мен күрделілігін өзі таңдай алу құқығына ие. Мұндай тәсіл кезінде талаптану деңгейі мен жетістікке жету деңгейінің ара қатынасы мұғалім жұмысының арнайы пәніне айналады. Сөйлеу тілінің бұзылыстары (моторлық алалия, дизартрия), психикалық дамуының тежелуі бар бастауыш мектеп оқушыларының талаптану деңгейі, соның ішіндегі жетістікке жетпеу реакциясы қалыптыға сәйкес болмайды [3]. Жаттығуларды сәтті орындағаннан кейін оқушылар күрделі емес, қарапайым тапсырмаларды орындауға кіріседі.



Нәтижелер мен талқылау. Балаларда қорғаныс реакциясы – төмендетілген деңгейде болса да жетістікті қолдауға ұмтылуы іске қосылады, яғни оларға талаптанудың төмендетілген деңгейі тән. Оқушының өзін-өзі бағалауы біртіндеп дифференциалдануы керек. Басқаша айтқанда, оқудың алғашқы күндерінен-ақ бала әр қайсының өз бағалау критерийлері бар көптеген дағдалардың жиынтығы ретінде өз жұмысын көре алуға үйрену керек. Мысалы, математика пәнінің тапсырмасы қателер саны, тазалығы, ынталылығы, күрделілігі бойынша бағаланады [4]. Жазбаша жұмысты (мысалы, үй жұмысы) бағалау кезінде орындалудың тек кемшіліктері мен қателіктерін ғана белгілемей, сондай-ақ сәтті орындалған барлық жерлерін белгілеп, ынталандыру жазбаларын жасау керек. Оқушы мен мұғалім оқыту әрекетінің өнімдерін портфолиоға орналастырады.

Жоғарыда айтылып кеткендей, мектепте балдармен берілген баға көрсеткішімен де бағаланатын білім деңгейіне, икемділігіне және дағдыларға деген талаптар арасында нақты ара қатынасты орнататын және баға нормаларында іске асатын оқушыларды бағалау критерийлері жұмыс істейді.

Бағалау объектілері – бұл оқушының оқу әрекетінің құрамдас бөліктері: мазмұнды, операциялық, мотивациялық. Алайда, оқушылардың оқу әрекетін бағалау тек білім деңгейін, икемділігін және дағдыларын бағалаумен шектелмеу керек. Оқушылардың танымдық үдерістеріне, эмоционалды-еріктік саласына, сөйлеу әрекетіне мақсатты түрде бағытталған коррекциондық әсері нәтижесінде қалыптасатын тұлғалық өзгерістерді қадағалау және бағалау маңызды [5].

Бұл салада тұлғалық дамуды кешенді түрде анықтайтын сипаттамаларды, яғни жалпы оқыту және негізгі ұғымдардың қалыптасу деңгейі, практикалық және шығармашылық әрекеттердің тәжірибесі, эмоционалды-құндылықтық қатынастары, кәсіби бағытталуы және т.б. сипаттамаларды бағалау маңызды болып табылады.

Алайда, белгіленген көрсеткіштердің сандық бағалары мәселесін тек практикалық қана емес, сондай-ақ, теориялық жағынан шешу өте күрделі. Өйткені тіпті білімді, оған қоса тұлғаның дамуын сипаттайтын құзыреттілік, сонымен қатар потенциалды мүмкіндіктер және т.б. бағалау үшін сенімді технологиялар жоқ.

Портфолио – бұл оқытудың белгіленген кезеңінде тұрақты, жинақталынған оқушының басты жұмыстары және жеке бас жетістіктерінің бағалары. Портфолио бағалау үдерісіне ғана емес, сондай-ақ, өзін-өзі бағалауға, жеке тұлғаға бағытталған бағаға, шынайы бағалауға жуықталған. Дәстүрлі бағалау әдістерінен портфолионың айырмашылығы бұл оқушының өзіндік жұмыс режиміндегі әрекеттерінің үдерісі мен нәтижелері туралы негізделген ақпаратпен мұғалімді қамтамасыз етуі, оның өз әрекетінің нәтижелері туралы өзіндік бағалық пайымдарын іске асырудың шығармашылық мүмкіндіктері мен дағдыларын жетілдіру.

Портфолионың ең басты артықшылығы оның оқыту сапасын әр түрлі позициялар бойынша жан-жақты және сан қырлы сипаттайтындығында: оқушының ойлау әрекетін, оның салааралық дағдыларын, мәселені анықтай алуын, ерекше міндеттерді шеше білуін, оқу пәндерін білуі және дағдыларды меңгеруін, нәтижеге қол жеткізуге деген табандылығын және т.б. бағалау [6].

Оқыту портфолиясының педагогикалық идеясы бағалау формасы ретінде келесі жағдайларды қарастырады:

- екпінді оқушының білмейтіні мен істей алмайтынынан, бұл тақырып, бөлім, пән бойынша оның білетіні мен істей алатынына ауыстыруды;

- сандық және сапалық бағалардың интеграциясын;

- сыртқы бағалауға қатысты өзін-өзі бағалаудың басымдылығын.

Инклюзивті сыныпта портфолио оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау критерийлерін жете толықтыратын бақылау мен бағалаудың маңызды құралы болып табылады.

Қорытынды. Мұғалім әзірлейтін портфолио процессуалды, яғни оқу әрекетінің белгілі бір мерзімін қамтуы және визуалды (оқушының әрекет өнімдерінің материалдарын мұғалім папкаға, қағазға арналған қорапқа және т.с.с. салады) болуы тиіс.

Портфолиоға оқушының оқу әрекетіндегі қиындықтары мен оны түзету процесін көрсететін ғана емес, сонымен қоса баланың мықты жақтарын айқындайтын материалдар да салыну керек. Жалпы алғанда, мұғалім портфолиосы психологиялық дамуында ерекшеліктері бар оқушының белгілі бір оқыту мерзімі барысында жеке жетістіктерін тіркеу, жинақтау және бағалау әдісі ретінде қарастырылады [7]. Портфолио әзірлеу мұғалімге:

- баланың жеке мүмкіндіктерін ашуға;

- белгілі бір уақыт кезеңінде оқушының оқу жетістіктері динамикасын қадағалауға;

- жеке оқу жоспарының бала мүмкіндіктеріне сәйкестігі мен нәтижелігін анықтау, соған сай түзетулер енгізуге;

- оқушы тұлғасының қалыптасуы мен әлеуметтенуінің дамуын қадағалауға;



- бала, ата-ана, мұғалім арасындағы кері байланысты жүзеге асыруға көмектеседі.

Инклюзивті сыныпта оқушы өз бетімен жасайтындай портфолио енгізген жөн. Бұл мұғалімге бірқатар түзету міндеттерін шешуге мүмкіндік береді.

Осылайша портфолио бойынша жұмыс әрбір баланың жеке мүмкіндіктерін барынша ашуға көмектеседі.

Оқушы портфолиосының мақсаты келесіде:

- оқушыда оқуға деген жауапкершілікті және дербестікті қалыптастыру;

- өзінің оқуы мен әрекетінің нәтижелеріне сапалы баға бере алуын дамыту;

- өзіндік қызығушылықтары, бейімдері, қажеттіліктерін талдау және оларды өз мүмкіндіктерімен сәйкестендіре алуын дамыту. Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балада өзінің дене жағдайын, зерде мүмкіндіктерін адекватты бағалау қабілетінің нашарлығын, қалыптылармен салыстырғанда біршама жоғары немесе төмен өзін-өзі бағалауын ескерсек, бұл фактор тұлғаның жағымды қасиеттерін дамытуға көмектеседі;

- танымдық қызығушылықтар мен өздігінен біліп тануға дайындығын қалыптастыру;

- портфолионың материалдарын өздігінен іріктеу табыс жағдайын туындатып, өзін-өзі бағалауды және өз мүмкіндіктеріне сенімділікті арттыруға әкеледі.

Оқушылардың портфолиосын іріктеуді бастауыш сыныптарда бастауға және бұл жұмысқа сыныптың барлық оқушыларын тартуға болады. Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар немесе қалыпты дамыған баланың портфолиосы бойынша жұмыс ата-аналар тарапынан белсенді көмекті талап етеді. Мұғалім ата-анаға оның пайдалылығын көрсетуі қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. Даму мүмкіндіктері шектелген балаларға кіріктірілген (инклюзивті) білім беруді ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. Астана: ҚР БҒМ Хаты № 4.02.4.45. - 2009.
2. Пугачев В.П. Руководство персоналом организации. Москва: Аспект пресс, 2005, 54б.
3. Дружилов С.А. Профессиональная компетентность и профессионализм педагога: психологический подход. Сибирь: Образование, 2005, 44б.
4. Маркова А.К. Психология профессионализма. Москва. Знание, 1996, 312 б.
5. Ерекше қажеттіліктері бар балаларды жалпы білім беру үдерісіне енгізу үлгілерін дайындау. Әдістемелік ұсыныстар.– Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2015. – 48 с.
6. Назарова Н.М. Арнайы педагогикадағы интеграция түсінігі. Екатеринбург: Знание, 2008, 264б.
7. Коркунов В.В., Брызгалова С.О. Арнайы білім алу қажеттіліктері бар баланы жалпыға білім беру ортасына енгізудегі арнайы білім берудің қазыргы заманғы үлгісі //Арнайы білім беру. 2006, №7, Б.7-12.

СОВРЕМЕННЫЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ ОБУЧЕНИЯ В ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ШКОЛЕ

РАБАЕВА Луиза Айндиевна, АХМЕТОВ Нұрсұлтан

КГУ «Общеобразовательная средняя школа-гимназия №2»

Актобе, Казахстан

rabaeva.luiza@mail.ru, Akhmetov.nursultan99@mail.ru

*Ақырын жүріп, аңыз бас,
Еңбегің кетпес далаға.
Ұстаздық қылған жалықпас,
Үіретуден балаға.
Абай Құнанбайұлы*

*«Учусь у времени, в котором я живу,
учусь у детей, которые рядом».
Быть человеком значительно труднее,
чем им называться. Если хотите,
чтобы Ваши воспитанники были людьми,
будьте человеком прежде всего Вы.
В. Сухомлинский*



Первый Президент Республики Казахстан Назарбаев Н.А. поставил высокую задачу перед национальным образованием современных школьников. Нынешнее образование должно быть высококачественным, конкурентоспособным, таким, чтобы выпускники школ Казахстана смогли продолжить образование за рубежом. [1]

Для реализации познавательной и творческой активности школьника в учебном процессе используются современные образовательные технологии, дающие возможность повышать качество образования, более эффективно использовать учебное время и снижать долю репродуктивной деятельности учащихся за счет снижения времени, отведенного на выполнение учебных заданий. В школе представлен широкий спектр образовательных педагогических технологий, которые применяются в учебном процессе.

Инновационные педагогические технологии взаимосвязаны, взаимообусловлены и составляют определенную дидактическую систему, направленную на воспитание таких ценностей как открытость, честность, доброжелательность, сопереживание, взаимопомощь и обеспечивающую образовательные потребности каждого ученика в соответствии с его индивидуальными особенностями.

В школе представлен широкий спектр образовательных педагогических технологий, которые применяются в учебном процессе.

Информационно-коммуникационные технологии - изменение и неограниченное обогащение содержания образования, использование интегрированных курсов, доступ в интернет. В широком значении информационно-коммуникационные технологии (ИКТ) – это использование вычислительной техники и телекоммуникаций для реализации информационных процессов с целью оперативной и эффективной работы с информацией на законных основаниях. Внедрение ИКТ в образовательный процесс не столько насущная необходимость, сколько осознанный процесс технологических рутинных процессов с целью высвобождения творческой энергии личности современного общества. Основной целью педагогов становится не только организация и ведение процесса овладения прочными базовыми знаниями и навыками учебы, но и формирование личности, способной адаптироваться к условиям современной жизни. При переходе к новым формам обучения, использующим сетевые технологии, возникает тенденция – ориентироваться на сеть распределенных образовательных ресурсов нового поколения, которые могут применяться в режиме коллективного доступа многих учебных заведений к единым образовательным ресурсам по сети Интернет. [2]

Разноуровневое обучение - возможность помогать слабому, уделять внимание сильному, реализуется желание сильных учащихся быстрее и глубже продвигаться в образовании. Сильные учащиеся утверждают в своих способностях, слабые получают возможность испытывать учебный успех, повышается уровень мотивации ученья. Разноуровневое обучение — это педагогическая технология организации учебного процесса, в рамках которого предполагается разный уровень усвоения учебного материала, то есть глубина и сложность одного и того же учебного материала различна в группах уровня А, Б, С, что дает возможность каждому ученику овладевать учебным материалом по отдельным предметам школьной программы на разном уровне (А, В, С), но не ниже базового, в зависимости от способностей и индивидуальных особенностей личности каждого учащегося; Схема образовательных траекторий в рамках разноуровневого обучения - это технология, при которой за критерий оценки деятельности ученика принимаются его усилия по овладению этим материалом, творческому его применению. Темы же, предписанные стандартами образования, остаются едины для всех уровней обучения. Это означает, что учащийся А учит математику в среднем уровне вместе с учащимся Б, но на русский язык попадает в сильный уровень с учащимся В, а по иностранному языку занимается с учащимся С в базовой группе. Переход учащегося из уровня в уровень возможен и на практике происходит безболезненно, так как содержание (тематика) едина для всех уровней. [3]

Технология использования в обучении игровых методов: ролевых, деловых, и других видов обучающих игр. Расширение кругозора, развитие познавательной деятельности, формирование определенных умений и навыков, необходимых в практической деятельности, развитие общих учебных умений и навыков. Наибольший интерес, в образовательном процессе, представляют игровые технологии. Игровые технологии связаны с игровой формой взаимодействия педагога и учащихся через реализацию определенного сюжета (игры, сказки, спектакли, деловое общение). При этом образовательные задачи включаются в содержание игры. В образовательном процессе используют занимательные, театрализованные, деловые, ролевые, компьютерные игры. [4]

Разработкой теории игры, ее методологических основ, выяснением ее социальной природы, значения для развития обучаемого в отечественной педагогике, занимались Л. С. Выготский, А.Н. Леонтьев, Д.Б. Эльконин и др. Реализация игровых приёмов и ситуаций при урочной форме занятий происходит по таким основным направлениям: дидактическая цель ставится перед учащимися в форме



игровой задачи; учебная деятельность подчиняется правилам игры. Учебный материал используется в качестве её средства. В учебную деятельность вводится элемент соревнования, который переводит дидактическую задачу в игровую форму; успешное выполнение дидактического задания связывается с игровым результатом. Игровые технологии занимают важное место в учебно-воспитательном процессе, так как не только способствуют воспитанию познавательных интересов и активизации деятельности учащихся, но и выполняют ряд других функций:

1) правильно организованная с учётом специфики материала игра тренирует память, помогает учащимся выработать речевые умения и навыки; 2) игра стимулирует умственную деятельность учащихся, развивает внимание и познавательный интерес к предмету; 3) игра - один из приёмов преодоления пассивности учеников.

Технология критического мышления – это тот тип мышления, который помогает критически относиться к любым утверждениям, не принимать ничего на веру без доказательств, но быть при этом открытым новым идеям, методам. Критическое мышление – необходимое условие свободы выбора, качества прогноза, ответственности за собственные решения. Критическое мышление, таким образом, по сути – некоторая тавтология, синоним качественного мышления. Это скорее Имя, чем понятие, но именно под этим именем с рядом международных проектов в нашу жизнь пришли те технологические приемы, которые мы будем приводить ниже. Конструктивную основу «технологии критического мышления» составляет базовая модель трех стадий организации учебного процесса. На этапе вызова из памяти «вызываются», актуализируются имеющиеся знания и представления об изучаемом, формируется личный интерес, определяются цели рассмотрения той или иной темы. На стадии осмысления (или реализации смысла), как правило, обучающийся вступает в контакт с новой информацией. Происходит ее систематизация. Ученик получает возможность задуматься о природе изучаемого объекта, учиться формулировать вопросы по мере соотнесения старой и новой информации. Происходит формирование собственной позиции. Очень важно, что уже на этом этапе с помощью ряда приемов уже можно самостоятельно отслеживать процесс понимания материала. Этап размышления (рефлексии) характеризуется тем, что учащиеся закрепляют новые знания и активно перестраивают собственные первичные представления с тем, чтобы включить в них новые понятия. В ходе работы, в рамках этой модели обучающиеся овладевают различными способами интегрирования информации, учиться вырабатывать собственное мнение на основе осмысления различного опыта, идей и представлений, строят умозаключения и логические цепи доказательств, выражают свои мысли ясно, уверенно и корректно по отношению к окружающим.[5]

Традиционные и инновационные методы обучения должны быть в постоянной взаимосвязи и дополнять друг друга.

Список использованных источников:

1. https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazahstan-nnazarbaeva-narodu-kazahstana-31-yanvary-a-2017-g Послание Президента Н.А.Назарбаева народу Казахстана «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность»7
2. https://www.sites.google.com/a/shko.la/ejrno_1/vypuski-zurnala/vypusk-16-sentabr-2012/innovacii-poiski-i-issledovania/sovremennye-innovacionnye-tehnologii-v-obrazovanii
3. <https://doshkolnuk.com/raznourovnevoe-obuchenie>
4. <https://zaochnik.com/spravochnik/pedagogika/teorija-obuchenija/igrovytehnologii-obuchenija/>
5. <https://sites.google.com/a/labore.ru/naucno-metodiceskij-sovet/pedagogiceskie-tehnologii/tehnologia-razvitia-kriticeskogo-myslenia>

ГЕОГРАФИЯ ПӘНІ БАҒДАРЛАМАСЫН ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ
ХАРЛЫҒАШ Разханқызы
Назарбаев Зияткерлік мектебі
Көкшетау, Қазақстан
razkhan_k@kt.nis.edu.kz

Қазіргі әлемді жайлаған пандемия жағдайында қашықтан оқыту-заман талабына айналды. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардағы (АКТ) қашықтықтан білім беруде көптеген технологиялық құралдар қолданыла бастады. Skype, Zoom, Microsoft Teams, Google Hangouts Meet және басқа да көптеген осындай платформалар сияқты бағдарламалық қосымшалардың Loom; OBS; Movavi screen recorder; Screencastify; Quizizz; Kahoot; Google Forms; GoFormative; Jamboard қатарлы



құралдарымен онлайн топтық сабақтарға арналған, толыққанды тиімді жұмыс жасауға мүмкіндіктерін пайдаланып сабақтар оқытылуда. ХХІ ғасыр – білім мен жоғары технология заманы. Демек, бұл ғасырға пән аясындағы теориялық білім аздық етеді. Заман талабына сәйкес, пәннің бағдарлама мазмұнын игеруде ақпараттық-коммуникациялық технологияны жете меңгеру қажеттілігі туындады. Назарбаев Зияткерлік мектептерінде география пәнін қашықтықтан оқытуда оқушының даралық сипатына, мотивіне, шынайы өмірлік қажеттілігіне, мүмкіндігіне, бейімділігіне, әлеуметтік-мәдени дамуына сай тиімді әдістер мен интернет сервистерді қолдануда. Қазіргі заманда «21 ғасыр дағдылары» деп аталатын функциональдық сауаттылық, ақпараттық-технологияларды қолдану, зерттеу жұмысын жүргізу, анализ-синтездеу, коммуникативті қарым-қатынас дамытуда тілдік дағдыларын (айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылым) дамыту көзделеді. Сонымен қатар, өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, өзін-өзі жетілдіруге тұрақты талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыретінде болуға тиіс.


География пәні бойынша оқу бағдарламасының мақсаты – дүниежүзінің географиялық бейнесін жалпы тұтастықта қабылдайтын, географиялық ойлау қабілеті дамыған, географияның әдістері мен тілін білетін және қолданатын, географиялық мәдениеті бар тұлға тәрбиелеу болып табылады. География пәнінен жаңа оқу бағдарламаның ерекшелігі – пән мазмұнының спиральді қағидатымен берілуі және әмбебап мақсаттарды кіріктіруі. Бұл ұстанымның өзіндік ерекшелігі әрбір тақырыпта далалық, картографиялық әдістерді жүйелі түрде қолдана отырып, олардың арасынан ең басты біреуін таңдап алу және қалған жұмыстың түрлерін осыған бағындыра білуден айқын көрінеді. Мұндай жағдайда бір сабақтың өзінде орта (өзек) пайда болады да, қалған бағыттар сол басты орталыққа жұмыс істеу мақсатына жұмылдырылады, сөйтіп, сабақта тұтастық, бүтіндік пайда болады.

Ұсынылған әрбір тарауда жергілікті жер компоненттерінің кіріктірілуі ұлттық құндылықтар – отансүйгіштік, елін жерін сүю, азаматтық жауапкершілік, құрметпен қарауға ұмтылдырумен қатар, экономикалық, экологиялық тәрбие беруге де қолайлы.

Сонымен қатар, тіл арқылы қатынасу дағдысын, яғни тілдік және сөйлеу нормаларын дұрыс пайдалану, коммуникативтік жағдайға сай, тиімді қарым-қатынастық жүріс-тұрыс таңдау қабілеттерін дамыту маңызды. Оқушыларды зерттеу диалогына тарту, мысалы, жай білімін ғана көрсететін сұрақтарға жауап беруден тартындыру, оның орнына оқушылар диалогты сақтай алатындай дағдылы білімге ұмтылдыру, ұзақ талқылау жасайтындай бай тілдік базасын көрсете алуы үшін пайдалану – функциональдық сауаттылықтарын қалыптастыруға негіз болды.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы оқушылардың ақпараттық, коммуникативтік, проблемалардың шешімін табу құзіреттіліктерін қалыптастыру көзделеді. Ақпараттық құзіреттілік дегеніміз – қатысымдық және танымдық мақсатқа байланысты өзіне қажетті ақпаратты тауып, талдау, өңдеу, сақтау, оның мазмұнын жеткізу, тапқан ақпаратты өзінің қажетіне қарай пайдалана алу және жаңа ақпараттық технологияларды игеру біліктілігі. Осы тұста жаңа оқу бағдарламасының «Зерттеу және зерттеушілер», «Географиялық карталар», «Географиялық деректер базасы» тарауларында АКТ қолдануда ғаламтор желісін пайланып ақпарат іздеу, талдау, жинақтау жұмыстыры нәтижелерін информатика пәнінде игерген Excel, Powerpoint, Access, GeoFlow бағдарламалары арқылы ұсынуға болады. Microsoft Teams платформасында осы бағдарламалармен жұмыс істеу өте тиімді. Онлайн түрде бір мезетте сынып ішінде отырғандай барлық оқушы жұмысын тексеріп, талдап отыруға мүмкіндік бар. MS Access- ең кең тараған деректер басқару жүйелерінің (ДҚБЖ) бірі болады. Microsoft Access бағдарламасы ол – әр түрлі деректер қорын құрып олармен жұмыс істеуге мүмкіндік беретін арнайы бағдарлама. MS Access ақпаратты көрсету және сақтау үшін пайдаланылатын жеке компоненттер **кесте, сұраныс, форма, есеп, макрос, модульдан** тұрады. MS Access-те бүкіл ақпарат кестелерде беріледі. География пәні бойынша табиғи нысандар, елдер туралы барлық мағлұматтарды енгізіп отыру, есептеу, сараптау, т. б. жүйелер үшін тиімді.

GeoFlow бағдарламасы географиялық мәліметтерді Microsoft Excel бағдарламасына кесте түрінде енгізу арқылы өзіңіздің 3D картаңызды жасай аласыз. Географиялық мәліметтерді енгізгеннен кейін оған бассейндер елдімекен, қала, аймақтарды автоматты түрде BING Maps-тің көмегімен көре аласыз. Microsoft 3D картасы ол ақпаратты жаңа жолдармен көруіңізге мүмкіндік береді. Осы 3D карталарына географиялық және уақытша деректерді белгілей аласыз және саяхат картасын жасап оларды басқалармен бөлісуге болады. Қандай да бір елді мекеннің индекстік номерін жазсаңыз картада нүктелер пайда болады.



3D карта жасау үшін әр қатарда ең аз дегенде бір географиялық мәліметтің нақты болуы шарт (Latitude/Longitude pair, City, Country/Region, Zip code/Postal code, State/Province, or Address.) 3D картаның қаншалықты нақты және анық болуы сіздің кесте түрінде сол қала елді мекен туралы енгізген мәліметтеріңіздің нақты және көбірек болуына байланысты.

Пән бағдарламасын меңгеру деңгейін бағалау – критериалды бағалау жүйесін қолданумен жүзеге асырылады. Оқушылардың жаңа білімді меңгеру кезінде тапсырманы орындауына қарап, белгіленген оқу мақсаттары мен күтілетін нәтижелер қаншалықты дұрыс жеткендігін түсінуге мүмкіндік туындайды.

Қашықтан оқыту мұғалімге өзінің шығармашылығын жүзеге асыруға, танытуға және өзінің оқушыларының қабілеттерін ашып көрсетуге мүмкіндік береді. Онлайн сабақтар оқушылардың оқу процесінде қалыптасқан функциональдық сауаттылығы, сыни ойлау дағдыларын дамытумен қатар өзінің жаңа ой идеяларын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Қашықтан оқытуда төмендегі құралдарды қолданып бағалау жасау тиімді болады.

1. “Flippity” платформасында ойындар құрастыру
2. Quizizz бағалау құралы– мемдер, карточкалар
3. Quizizz арқылы жиынтық бағалау жұмысын ұйымдастыру
4. Google Forms-та тесттер құрастыру
5. Google Forms-қа әртүрлі символдық есептеулер енгізу
6. Kahoot кері байланыс, рефлексия, алдыңғы білім тексеру
7. Go Formative қалыптастырушы бағалау, бөлім және тоқсандық жиынтық бағалау ұйымдастыру, өткізу
8. answergarden.ch рефлексия жасауға
9. Microsoft Teams платформа сервистері
10. learningapps.org арқылы түрлі тапсырмалар жасау

Қорытындылай келе, қашықтан оқыту тиімді ұйымдастырылған жағдайда оқушының өзін өзі басқару, жоспарлау, өз бетімен жұмыс жасау дағдыларын дамытады. Жоғарыда аталған АКТ ресурс платформалары көмегімен жұмыс істеу барысында қолжетімді ақпараттарды игере отырып оқу процесінің бір деңгейінен екінші деңгейіне бақылау тестерін тапсырып өтуге, бір мезетте бірнеше жұмысты жасап шығу мүмкіндіктеріне ие боламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Кіріктірілген білім беру бағдарламасы «География» пәні бойынша 7-12 сынып, 2019-Нұрсұлтан
2. Кабдолова К.Л. Учиться жить и общаться в поликультурном обществе // Русский язык и литература: преподавание в школе, колледже и ВУЗ-е, №5, 2004.
3. Кабдолова К.Л., Қазақстан Республикасындағы көп тілде білім беру туралы // Қазақ тілі мен әдебиеті, №11, 2004. –(Б.Есімбековамен бірге).
4. <https://stepik.org/course/75070/promo> интернет ресурс қаралған күні 20.12.20



ИССЛЕДОВАНИЕ УРОКА - ФОРМА РЕАЛИЗАЦИИ ДЕЯТЕЛЬНОСТНОГО ПОДХОДА РАХМАТУЛЛИНА Даматкен Балгалиевна

Сагинская средняя общеобразовательная школа
Актюбинская область, Мугалжарский район, Казахстан
rakhmatullina_dametken@mail.ru

Аннотация

Бұл мақалада заманауи білім беру мәселелері және зерттеу сабағының өзектілігі қарастырылған. Қазіргі білім берудің басты мақсаты: жан-жақты дамыған, рухани бай тұлғаны қалыптастыру. Оқушы өз қабілеттерін жан-жақты дамытып, шығармашылығын дамыта алуы үшін мұғалімнің өзі шығармашылық тұлға болуы керек. Әрбір мұғалім оларды практикада дұрыс қолдану үшін оқытудың жаңа әдістері мен әдістерін үйренуі керек. Сабақты зерттеу жинақталған тәжірибені түсінуге, алдағы жұмысты жоспарлауға және одан әрі жұмысты болжауға көмектеседі.

Аннотация

В данной статье рассматриваются вопросы современного образования и актуальность урока-исследования. Главной целью современного образования является формирование всесторонне развитой, духовно богатой личности. Для того, чтобы ученик мог всесторонне развивать свои способности и развивать своё творчество, учитель должен сам быть творческой личностью. Каждый преподаватель должен изучить новейшие методы и приёмы обучения, для того чтобы правильно применить их на практике. Осмыслить приобретённый опыт, спланировать предстоящую работу с прогнозированием дальнейшей работы поможет исследование урока.

Основной целью нашего суверенного государства – быть в числе цивилизованных стран. А в достижении цивилизации особое место занимает всесторонне развитая, духовная личность. Современное образование играет большую роль в формировании духовно богатой личности. Одним из самых главных качеств всесторонне развитой личности является богатство языка, способность чётко и ярко выражать свои мысли, умение владеть силой слова. Духовно-нравственное воспитание молодого поколения помогает сформировать их активную жизненную позицию, осознанное отношение к общественному долгу, единству слова и дела. В статье Закона Республики Казахстан «Об образовании» говорится, что «одной из главных задач системы образования является внедрение новых технологий обучения, информатизация образования, выход в международные глобальные коммуникационные сети». В своем Послании первый президент нашей страны Н.А. Назарбаев подчеркнул: «Для того, чтобы в будущем войти в число цивилизованных развитых стран, необходимы современные знания. Образование, которое поставит Казахстан в число 50 развитых стран мира.» Поэтому современный этап развития ставит перед системой образования задачу технологизации процесса обучения. Анализируя различные технологии обучения, изучается опыт педагогов-новаторов, их опыт внедряется в школьную жизнь. А чтобы ученик мог всесторонне развивать свои способности и развивать своё творчество, учитель должен сам быть творческой личностью. Цель современного учителя: всестороннее развитие образования, науки, постоянное оснащение производства новыми средствами. Каким должен быть урок «нового типа», удовлетворяющий интерес учащихся? Этот вопрос волнует многих учителей. Урок – это процесс, основанный на получении знаний между учеником и учителем. Можно заметить, что более равное понимание семи модулей позволяет по-новому планировать занятия. Правильное определение цели урока позволит оптимально организовать коммуникативное общение – «Учитель-Ученик, Ученик-Ученик». Поэтому нас, учителей, всегда волнуют не только знания обучающегося, но и поиски развития творческих способностей каждого ученика. Мы знаем, что обязательное условие роста профессионального мастерства это понимание, анализ и размышление над тем, что мы делаем. Но в любом случае учиться только на своей практике сложно и не всегда эффективно. Так, для этих целей коллективное обсуждение урока с коллегами может быть всегда полезным. Самым ярким примером этого обсуждения является понятие «Lesson study» - «Урок-исследование», который пришёл к нам из японской практики учителей начальной школы, где широко распространено профессиональное развитие данной практики. Эта работа позволит учителю убедиться, что в процессе работы с коллегами в исследовании урока, она повышает мотивацию учащегося к обучению и приводит к качественному образованию. Это значит, что в выполняемой задаче должна быть системность и содержание, каждый учитель должен анализировать проделанную работу, знать свои сильные стороны, распознавать слабые стороны и ещё раз использовать имеющиеся возможности – это и есть изучение каждого шага учителя. Работая в небольшой группе, учителя сотрудничают друг с другом, совместно обсуждают свои проблемы и



цели урока, планируют следующий урок, так называемый «урок-исследование». Они наблюдают, как это будет работать на практике, а затем вместе анализируют и докладывают о результатах урока, для того чтобы другие учителя смогли извлечь из него пользу. Сейчас в наших казахстанских школах, эта методика широко используется для повышения качества образовательного процесса. Хочу добавить, что данный метод пришёл в Казахстан одновременно с обучением уровневых программ, начатый с 2012 года. Как известно, с 2016 года Казахстан является членом Всемирной Ассоциации «Lesson study» состоящей из 18 государств. Поэтому в каждой школе нашей республики этот процесс уже внедрён в практику.

Метод исследования урока, который происходит в школах, является особым видом исследования деятельности, направленный на совершенствование знаний. Недавно, в ноябре этого года специалисты Центра педагогического мастерства г.Актобе провели областную конференцию, цель которого - поделиться опытом наших казахстанских учителей, применяющие в своей практике данную методику. В ходе конференции рассматривались основные проблемы образовательного процесса и основные задачи исследования урока. Ведущие учителя делились своими опытами, показывали результаты своих работ. На сегодняшний день, метод исследования урока это мощный, профессиональный подход к обучению, который предполагает: понимание сущности процесса обучения, методику взаимодействия с коллегами; способы поддержки коллег. Анализ урока, проведённый опытным учителем, может указать на возможные пути его совершенствования; учитель становится более заинтересованным в процессе преподавания, мотивированным, вдохновлённым к новой работе. Организация такой работы требует активного участия не только учителей, но и администрации школы. Совместное планирование урока помогает учителям развить и усовершенствовать инновационные педагогические подходы для удовлетворения потребностей учащихся. Так, «Lesson study» можно рассматривать как средство развития и усовершенствования преподавания, посредством концентрации внимания на обучении обучающихся.

Что дало нам и чего мы достигли, используя данную методику в своей практике? В своей школьной практике, исследование урока дало нам большие результаты. Темой нашего исследования явилось : «формирование лидерского процесса через критическое мышление». Причина получения данной темы – раскрытие лидерских качеств школьников в групповой работе, обучение критическому мышлению, а также изменение взглядов учителя на обучение и оценку обучающегося. Для совместной исследовательской работы были привлечены учителя, прошедшие курсы разного уровня и опытные учителя школы. Цель исследования – проследить мотивацию к обучению «изучаемых учащихся А,В,С», сопоставив предварительные предположения, сделанные в процессе планирования, установить причину произошедшего различия, выявить лидерские качества, развить навыки ,необходимые для эффективного руководства, а также обратить внимание на действия вышеназванных учащихся, построение имеющегося опыта по выявлению изменений при последовательных занятиях. В ходе обсуждения по «Lesson Study», схема исследования состояла из нескольких критериев.

- 1) Какой прогресса добился каждый из учеников? Какие результаты показывают другие ученики в этом классе?
- 2) Помог ли данный метод ученикам в их работе? Или наоборот помешал?
- 3) Какие аспекты методики должны быть скорректированы в следующий раз, чтобы улучшить результаты каждого ученика?
- 4) Что мы должны запланировать в следующий раз?

По итогам анализа 3-х последовательных уроков, было отмечено: какие аспекты данной методики нужно скорректировать, какие изменения внести в план урока. Учителя-исследователи пришли к выводу: постоянно применять на практике технологию критического мышления, использовать разные виды формативного оценивания, соблюдать порядок групповой работы, использовать различные виды вопросов, побуждающих к мышлению ученика. Развивать умение аргументировать свои ответы. Также заметили, что ученики «С» благодаря влиянию учителя добились больших результатов на уроках, смогли показать себя в группе, стали внедряться в учебный процесс, благодаря данной методике. Я думаю, что представленный пошаговый план будет наиболее эффективным и поможет учителям повысить качество знаний учащихся. И результат совместного проекта, решение острых проблем позволит в дальнейшем существенно экономить свое время и трудозатраты учителя.

Таким образом, Lesson Study – это самый эффективный способ профессионального развития. Оно способствует созданию профессионального сообщества учителей, помогает учителям сфокусироваться на том, как думают их обучающиеся дети.



ИСПОЛЬЗОВАННАЯ ЛИТЕРАТУРА

1. Алимов А. [Применение интерактивных методов в высших учебных заведениях] Алматы ,2009 г
2. Журнал «Школа Казахстана» Алматы, 2019 ж. № 62
3. [Исследование урока- эффективный метод повышения профессиональных знаний учителей] Толыбаева. Журнал «Школа Казахстана», Алматы,2019
4. Дадли П. [Lesson Study: теория и способы применения.] Астана: ЦПМ АОО НИШ,2013-с.68
5. [Руководство для учителя] Третий уровень Курсы повышения квалификации по Программе Кембриджского Университета, 2012. www.cpm.kz

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ БАСТЫ ҚИСЫНДАР

САЙБЕКОВА Назира Усенқызы

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы, Қазақстан
saibek_nazira@mail.ru

Андатпа

Мақалада А.Байтұрсынұлының еңбектері қарастырылады. А.Байтұрсынұлы қазақ тіл білімі тарихында ұлттық әліпби жасап, жаңа үлгі ұсынған реформатор. Мақалада А.Байтұрсынұлының Оқу құралы, Тіл-құрал, Тіл жұмсар, Баяншы атты еңбектеріндегі басты қисындар берілген.

«Әліпби деген – тілдің негізгі дыбыстарына арналған таңбалардың жұмағы. Неғұрлым тіл дыбыстарына мол жетсе, арнаған дыбысқа дәл келсе, оқуға, жазуға жеңіл болса, үйретуге оңай болса, заманындағы өнер құралдарына орнатуға қолайлы болса, соғұрлым әліп-би жақсы болмақшы», - деп жазды тұңғыш қазақ әліпбиінің негізін қалаушы А.Байтұрсынұлы [1,б.400]. А.Байтұрсынұлының әліпби жасауда араб әріптерін негізге алу себебі, жазу тұрғысынан қарастырғанда, араб әрпімен жазғанда қол қимылдау бағдары сағат тілінің бағдарымен бірыңғай келіп отырады және жазу оңнан солға қарай жүреді. Араб әрпінде оңнан солға қарай жазғанда қол қардың жиылатын жағына қарай жылжиды, жылжыған сайын жеңілденеді. Қол тыныққан есепті болып, талмайтындықтан және жазу тұрғысынан артықшылықтары басым болғандықтан араб әріптерін негізге алды.

«Оқу құралы» а ('), р ('), з (') әріптерін таныстырудан басталады [2]. Оқу құралында 28 әріп пен осы әріптерге байланысты мысалдар беріледі. Олар: а, р, з, л, с, т, о, н, қ, б, ұ, ж, ш, ы, м, ғ, д, п, ң, й, у, ө, ү, і, ә, е, к, г. Қазақ тіліндегі дыбыстардың таңбасы деп дыбыстар беріледі де, дауысты дыбыстардың және дауыссыз дыбыстардың таңбалары деп дыбыстар арнайы көрсетіледі. Барлық дыбыстарды берген соң, танымдық, тағылымы мол деректер беріледі. Олар «Туысқан-туған іліктес» деген тақырыпта ата, баба, ана, әже, шеше, аға, іні, апа, қарындас, жеңге, келін... т.б. туысқанға байланысты сөздер тізбегі беріледі. Киімдерге, ойын-ойыншықтарға, тамақтар-сусындарға, дене мүшелеріне, үй саймандарына, ыдыс-аяқ, құстарға, құрт-құмырсқаға, жер жүзінің аттарына байланысты танымдық деректермен толықтырылады. «Мен қалай оқуға бардым» атты әңгімесінде Әбіштің оқуға барғандығы, кітап оқитындығы, өзінің оқуға қызығып, ертесіне оқуға барғандығы танымдық тұрғыдан таныстырылады және «Балалық күй» атты өлеңмен аяқталады. А. Байтұрсынов «Оқу құралында» тек дыбыстармен ғана таныстырмайды, сонымен қатар, танымдық, тағылымдық, тәрбиелік мән-мағынасы бар шағын мәтіндерді, өлең жолдарын, жұмбақтар, жаңылтпаштар, мақал-мәтелдер береді. Әдіснама тұрғысынан «Оқу құралы» балаларға үйренуге жеңіл, оқып-жазуға оңай үйренеді және танымын кеңейтеді.

«Оқу құралын» жазғаннан кейін, А.Байтұрсынұлы «Тіл-құрал» (қазақ тілінің сарфы) атты оқу құралын Орынборда, 1914 жылы жариялайды [3]. «Тіл-құрал» оқу құралы «Сөз басы» деген тараушамен басталады. Онда А. Байтұрсынұлы былай дейді: «Біздің заманымыз – жазу заманы: жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман. Алыстан ауызбен сөйлесуге болмайды: жазумен дүнианың бір шетіндегі адам екінші шетіндегі адаммен сөйлеседі. Сондықтан сөйлей білу қандай керек болса, жаза білудің керектігі одан да артық. Сөйлегенде сөздің жүйесін, қисынын келтіріп сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да сөздің кестесін келтіріп жазу сондай керек. Сөздің жүйесін, қисынын келтіріп жаза білуге: қай сөз қандай орында қалай өзгеріп, қалайша біріне-бірі қиындасып, жалғасатын дағдысын білу керек» [1,б.142]. «Тіл-құрал» үш жылға бөлінеді, бірінші жылда: сөйлем мен сөйлеуді айыру, сөз бен сөздің буынын айыру, буын мен буындағы дыбысты айыру,



қазақ тіліндегі дыбыстар һәм оларға арналған хәріфтер; қазақ сөзіне жазылатын хәріфтер турасындағы ережелер, қазақ тіліндегі сөздердің тұлғалары. «Тіл-құралда» сөйлеу һәм сөйлем, сөйлем һәм сөз, сөз һәм буындар, буын һәм дыбыс, қазақ сөзіндегі дыбыстар һәм олардың хәріфтері, жазу қағидалары туралы айтылады. Сөздер тұлғасына қарай беске: түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, қосалқы сөз, қосымшалар болып бөлінетіндігі және сөздер мағынасына қарай тоғыз тапқа: зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, шылау сөздер: үстеу, демеу, жалғаулық, одағай сөз болып бөлінетіндігі осы «Тіл-құралда» алғаш рет айтылады. «Мұғалімдер үшін баяндама» атты тараушада дыбыстар туралы айтылады. Қазақтың нағыз өз тіліндегі дыбыс 24. Бұлар үш түрлі болғандықтан 3-ке бөлінеді. Бес дыбыс ашық айтылатын болғандықтан, дауыстап айтуға көнетін болғандықтан, ашық дыбыс яки дауысты дыбыс деп аталады. Он жеті дыбыс тұйық айтылатын болғандықтан, яғни дауыстап айтуға көнбейтін болғандықтан, тұйық дыбыс яки дауыссыз дыбыс деп аталады. Екі дыбыс дауысты дыбыстардай нағыз ашық айтылмайтын болғандықтан һәм дауыссыз дыбыстардай тым тұйық айтылмайтын болғандықтан, орта дыбыс яки жарты дауысты дыбыс деп аталады. Соңында, дыбыстарға тоқталады және танымдық мысалдар береді.

А. Байтұрсынұлы 1925 жылы «Тіл-құрал», дыбыс жүйесі мен түрлері, 1-інші тіл танытқыш кітапты Қызылорданың мемлекет баспаханасынан жариялайды [4]. Бұл оқу құралында да «Сөз басы» деп басталады; «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. Осы дүниедегі адамдар тілінен айрылып, сөйлеуден қалса, қандай қиындық күйге түсер еді, осы күнгі адамдар жазудан айрылып, жаза алмайтын күйге ұшыраса, ондағы күйі де тілінен айрылғаннан жеңіл болмас еді» [1,б.173]. А.Байтұрсынұлы «Тіл-құрал» туралы былай дейді: «Үш жылдық бастауыш мектептегі оқуға шамалап қазақ тілінің наху, сарфын бөліп, балаларға оқытуға ыңғайлы түрмен осы «Тіл-құрал» деген кітапшаларды шығарудамыз. «Тіл-құрал» деген аты қандай жат көрінсе, ішкі мазмұны да әуелгі кезде сондай жат көрінер, өйткені бұл –қазақта бұрын болмаған жаңа зат. Халықта бұрын болмаған нәрсе жаңа шыққан кезінде жат көрініп, бірте-бірте бойы үйренген соң жатырқау қалатын. Арабша һәм орысша наху, сарф үйренгендерге жат көрінгенмен, түсініксіз болмас. Араб һәм орыс наху, сарфларында оқылатын заттар мұнда да оқылады. Айырмасы сол ғана: онда арабша я орысша айтылған есімдер мұнда қазақша айтылады. Олай болғанда оқылатын заты бір, аты ғана басқа [1,б.142]. Тіл мүшелеріне байланысты тоқталады. Олар: сөйлеу мен сөйлем, сөйлем мен сөз, сөз бен буындар, буын мен дыбыс, қазақ тіліндегі дыбыстар, олардың таңбалары, дауысты, дауыссыз, жарты дауысты дыбыстар, сөз жазуының жалпы ережелері, жұрнақтар, атауыш сөздер: зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, шылау сөздер: үстеу, демеу, жалғаулық, одағай сөз, тасымал. Сөз тұлғасына қарай беске бөлінетіндігі, сөздер мағынасына қарай тоғыз тапқа бөлінетіндігі туралы қорытуда айтылады. Сөз тұлғасына қарай беске бөлінеді: түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, қосалқы сөз, қосымшалар. Сөздер мағынасына қарай тоғыз тапқа бөлінеді: есімдеуіш атау сөздер: зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік болса, шылау сөздер: үстеу, демеу, жалғау, одағай [1,б.197]. А.Байтұрсынұлының «Тіл-құрал» оқу құралында дағдыландыру мен сынау деген сөздер жиі ұшырайды. Дағдыландыру дегеніміз – жаттығу, ал сынау – жаттығуды қорытындылау. Дағдыландыруда мысалдар бере отырып, сынауда берілген жаттығуды қорытындылайды. А.Байтұрсынұлы 1915 жылы «Тіл-құрал», қазақ тілінің сарфы, 2-інші жылдық Орынборда жариялайды [5]. Бұл оқу құралы «Сөйлеу бөлімдері» деп басталады; зат есім, тәуелді қалып: оңаша тәуелдік, ортақ тәуелдік, қорытуда: жалғаулар, тәуелдіктер; зат есімнен туған сөздер, сын есім, жай сын, сан есім, есімдік: жіктеу есімдігі, сілтеу есімдігі, сұрау есімдігі, анайы қалып, сыпайы қалып, танықтық есімдігі, етістік; етістер: сабақты етіс, салт етіс, ортақ етіс, өздік етіс, өзгелік етіс, беделді етіс, ырықсыз етіс, шығыс етіс, дүркінді етіс, өсіңкі етіс; райлар: тұйық рай, билік рай, ашық рай, шартты рай, ереуіл рай, реніш рай, қалау рай, сенімді рай, сенімсіз рай, мұң рай, көніс рай, қайрау рай, азалы рай, теріс рай; көсемші: үнемді көсемше, үнемсіз көсемше, ниетті көсемше; үстеу: нықтаулық үстеу, сынаулық үстеу, өлшеулік үстеу, мезгілдік үстеу, мекендік үстеу; демеу, жалғаулықтар, одағай, одағайдан туған сөздер. А. Байтұрсынұлы 1925 жылы «Тіл-құрал», қазақ тілінің сарфы, III-інші тіл танытқыш кітабын Қызылордада жариялайды [6]. Бұл кітап «Сөйлем жүйесі» деген тараушамен басталады. Бірінші бөлім «Сөйлем мүшелеріне» арналады: бастауыш, баяндауыш, жалаң сөйлем мен жайылма сөйлем, анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш сөздер: мезгіл пысықтауыш, мекен пысықтауыш, сын пысықтауыш, себеп пысықтауыш, мақсат пысықтауыш; бұратана сөздер: қыстырма сөз, қаратпа сөз; сөйлем мүшелерін айыруға керек сөйлем мысалдары. Екінші бөлім «Сөйлем түрлеріне» арналады: болымды сөйлем, болымсыз сөйлем, толымды сөйлем, толымсыз сөйлем, жалаң сөйлем, жайылма сөйлем. Айтылу түрлеріне байланысты сөйлем түрлері төрт түрлі болады: сұраулы сөйлем, лепті сөйлем, тілекті сөйлем, жай сөйлем. Құрылуына байланысты сөйлем түрлері: іргелес сөйлемдер, құрмалас сөйлемдер, салалас сөйлем, сабақтас сөйлем, басыңқы сөйлем, бағыныңқы сөйлем, бастауыш бағыныңқы сөйлем, анықтауыш бағыныңқы сөйлем, толықтауыш бағыныңқы сөйлем, шартты бағыныңқы, ереуіл бағыныңқы, қыстырынды сөйлем, келтірінді сөйлем,



орамды немесе өрнекті сөйлем, жазу қосымша белгілері мен тыныс белгілерінің жалпы ережесі: кіші сызықша, үлкен сызықша, ноқат, үтірлі ноқат, теріс үтір, қос ноқат, сұрау белгісі, леп белгісі, көп ноқат, қабат үтір, жақша. Соңында сөйлем түрлерін айыруға керек сөйлем мысалдары берілген. Сөйлем түрлерін айыру сөйлем мысалдарымен үш түрлі жүзеге асады дейді. Олар:

1. Өлеңмен айтылған сөйлемдерді өлеңсіз түрге айналдыру.
2. Сөйлем түрлерін айырту.
3. Сөйлемдердің керек болған түрлерін оқушыларға тапқызу.

А.Байтұрсынұлы «Тіл-құралды» 1914 және 1915 жылдары Орынбордан, 1925 жылы Қызылордадан жариялайды. 1. Тіл – құрал. Қазақ тілінің сарфы. 1-ші жылдық. Дыбыс жүйесі һәм түрлері (фонетика); 2. Тіл – құрал. Қазақ тілінің сарфы. 2-ші жылдық. Сөз жүйесі һәм түрлері (морфология); 3. Тіл – құрал. 3-жылдық. Сөйлем жүйесі һәм түрлері (синтаксис). «Тіл-құралдың» әр жылда жарияланған бөлімі бірін-бірі толықтырып отырған. А.Байтұрсынұлы қазіргі таңда қолданыс тапқан әдістемелердің көпшілігін оқу құралдарында жаттығулар беру арқылы, үйренушіге оңай болатындай етіп, танымдық, тағылымдық мысалдармен бере білген. Қазақ тіліне байланысты метатілдің тұғыры осы кітаптардан бастау алады. Қазақтың тіліне сай метатілдің негізі осы оқулықтардан басталады. А.Байтұрсынұлының оқу құралдары қазақ тілінің таза күйінде сақталуына негіз болды, қазақ халқының сауаттылығын арттыруға үлес қосты, әлемдік мәдениетпен араласу жолын жеңілдетте түсті, мектептерде балалар мен ересектер осы оқу құралдарымен сауат ашты. Қазақтың балалары білім нәрімен сусындай түсті, оқуға деген ынтасы артты, сауаттылық деңгейі арта түсті. Бұрын татар тілі мен орыс тілінің элементтері басым болған қазақ тілі таза күйінде халықтың жүрегіне жол тапты. Бұл нағыз ұлттық жазу еді.

А.Байтұрсынұлы қазақ тілін оқыту әдістемесінің іргетасын қалаған ғалым. Оның «Баяншы» атты қазақ мұғалімдеріне арналған оқу құралы әдістемелік тұрғыдан жазылған, қазақ тілін оқыту әдістемесінің ең алғашқы үлгісі 1920 жылы Қазанда жарияланды [7]. Кітаптың алғысөзі оқытуға байланысты дидактикалық қағидадан басталады. «Үйрену һәм үйрету ең басында қиын. Балалар оқудың басында қиналмаса, оқудан тауы шағылмай, көңілі қайтып, мұқалмайды; оқуға ықыластанып, оқыған сайын қызығады. Үйретушінің де жігері құм болмай, ісі ілгері оңай жылжыған сайын, көңілденіп оқытуға жаһады зорайып, шабыттанады» [1,б.323].

«Баяншы» атты еңбегі Ахмет Байтұрсынұлының 14 жыл бала оқытқан мұғалімдік тәжірибесінің негізінде жазылған. «Баяншы» екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім: «Қазақ тіліндегі дыбыстар һәм олардың жазу белгілері», екінші бөлім: «Дыбыспен жаттығу». Бірінші бөлімде қазақ тілінің дыбыстық құрамы беріледі. Қазақ тілінде 24 дыбыс бар дей отырып, дауысты, дауыссыз дыбыстарды, жарты дауыстыны атап көрсетеді. Дауысты харіфтер: а – /, о – و, у – و, ы – ی, е – ی. Дауыссыз харіфтер: б – ب, п – پ, т – ت, ж – ج, ш – ش, д – د, р – ر, з – ز, с – س, ғ – غ, қ – ق, к – ك, г – گ, ң – ن, л – ل, м – م, н – ن. Жарты дауысты дыбыстар: шолақ / (у), һәм шолақ ی (й).

Қазақ тіліндегі жиырма төрт түрлі дыбысты таңбалаудың өзіндік ерекше жүйесін ұсынған А. Байтұрсынұлы «қ» мен «ғ» дыбыстарының ылғи жуан, «к» мен «г», һәм «е»-нің ылғи жіңішке айтылатынын ескерте отырып, былай деп жазады: «Егерде бұл 19 дыбыстың жуан айтылуы үшін бір белгі, жіңішке айтылуы үшін бір белгі керек десек, мысалы: ت (т), س (с) сықылды, онда 19 дыбысқа 38 белгі керек болар еді. Бұған дәйім жуан айтылатын «қ» мен «ғ»-ны қосқанда дәйім жіңішке айтылатын «к», «г», «е»-лерді қосқанда, бәріне 43 белгі (харіп) керек [1,б.324]. Қазақ тіліндегі дыбыстарды жіңішке айту дәйекші белгісін қолдану арқылы жүзеге асқан. А. Байтұрсынұлы «Баяншыда» 43 түрлі дыбысты 25 белгілермен қалай жазып, қалай оқу керектігін айтады. Сүйеу хисабында алиф әрпі басқа әрпі қасына қойылса, «а» болып оқылмайды. Егер, /алиф әрпінің алдында дәйекші «ә» белгісі тұрса, онда «ә» алиф әрпі жіңішке айтылады. Мысалы: ән – ن. Дауысты дыбыстар а – /, о – و, у – و, ы – ی жіңішке айтылуы үшін дәйекші белгі «ә» қолданылады. Бұл белгі сөздің алдында дәйекшіге тұрып, ол сөздің жіңішке оқылуы керек екендігін көрсетеді, бұл белгі тұрса, сөздің ішіндегі дауысты дыбыстарды жіңішке айтамыз.

«Баяншының» екінші бөлімі балаларға дыбыстарды қалай үйрету керек, қалай таңбалау керек, қалай жазу керек, қалай меңгерту керек деген мәселелерге тоқталады. «Оқу үйренгендегі бас мақсат – керек сөзді жаза білу, жазылған сөзді оқи білу. Сөз – дыбыстың мағыналы болып тізілгені. Сөз айту – дыбысты ауызбен тізу. Сөз жазу – дыбыстардың белгісін қағаз бетіне тізу. Оқуға келген балалар сөйлей білсе де, дыбыстарды тізіп сөз шығара білмейді. Себебі олар сөздің дыбыстан тізілетінін білмейді. Оқуға балалар дыбыс үйренеміз деп келмейді, оқу, жазу үйренеміз деп келеді. Бірақ дыбысты білмей, дыбыстың қалай тізілетінін білмей, оқу, жазу үйрену қиын. Сондықтан осы күнде оқуы тәртіпті жұрттар балаларға хәріп көрсетпей тұрып, әуелі дыбыспен жаттықтырады» [1,б.330]. «Баяншыда» қарастырылатын негізгі дидактикалық қағида:

1. Әуелі балаларға әр түрлі дыбыс бар екенін білдіру.



2. Балаларға таныс сөздерді алып, олардың ішінде қандай дыбыстар барын айырту.
3. Бөлек бөлек дыбыстарды тіздіріп, сөз айтуды білдіру.

Мұғалім дыбысты «*h*» созып айтады да, балалардан не дыбыс естігендігін сұрайды. Балалар «*h*» а дыбысын естігендігін айтады. Осылай бірнеше дыбыстарды қайталағаннан кейін, балалар дыбыстың әртүрлі болатындығын біледі және жаттығу жасау барысында айыра алады. Дыбыстарды балалар жадысында жылдам сақтау үшін дыбыспен жаттыққан соң, бір буынды сөздерге көшеді. Мысалы: *ar* (ар), *az* (аз), *al* (ал), *as* (ас), *ol* (ол), *or* (ор). Бір буынды сөздерді беру арқылы жаттыққан соң, мұғалім екі буынды сөздерге көшеді. Мысалы: а-са, а-ла, о-ра, са-ра, са-ла. Балалар екі буынды сөздерді қайталаған соң, мұғалім үш буынды сөздерді береді. Мысалы: *o-ra-nu* (о-ра-ну), *o-ra-ma* (о-ра-ма). Мұғалім балаларды сөздің буынымен таныстыру үшін екі буынды, үш буынды сөздерді алып, бөліп айтуы керек. Мысалы: ана деген сөзді айтқанда а.....на.. деген екі буынға бөлінеді. Ағалар деген сөзді бөліп айтқанда а.....ға...лар «*ghalir*» деп, үш буынға бөлінеді. Ағаларға деген сөзді бөліп айтқандаа.ға...лар...ға«*ghalirgha*» деп, төрт буынға бөлінеді. Балалар бастапқыда дыбыспен жаттығу арқылы бір буын, екі буын, үш, төрт буынға біртіндеп көше отырып, дыбыстарды толықтай меңгереді.

А.Байтұрсынұлының пікірінше, дауысты дыбыстар сөздің жаны есебінде, дауыссыз дыбыстар сөздің тәні есебінде. Егер, дауысты дыбыстар жіңішке айтылса, дауыссыз дыбыстар да дауысты дыбыстарға бағына отырып, жіңішке айтылады, дауысты дыбыстар жуан айтылса, дауыссыз дыбыстар да жуан айтылады. Мұнда үндестік заңы мен бағыну заңы қатар орын алады. Қазақ тілінің басқа тілдерден өзгешелігі де дыбыстардың бір біріне жалғануында. Әріп дыбысқа берілген шартты таңба болғандықтан, әріптерді қазақ халқына тән етіп берілуінде А.Байтұрсынұлының грамматолог ғалым ретінде қосқан үлесі зор. А. Байтұрсынұлы қазақ тілінің негізін қалаған алғашқы грамматолог ғалым.

А.Байтұрсынұлының тағы бір жаңашыл туындысы Ташкентте 1926 жылы «Әдебиет танытқыш» («Теория словестности») деген атпен жарияланды [8]. Қазақтың ұлттық әдебиеттануының ғылыми негізі, негізгі терминдері мен категориялары осы кітапта берілген. А. Байтұрсынұлының Қызылордадан 1928 жылы жарияланған «Әліп-би» оқу құралында жаңа бағдарлама бойынша жазылған [9]. «Дыбыс әдісі» мен «тұтас оқу» әдісінің екеуі де оқу құралында қолданыс тапты. Дегенмен, бұл әліпбиде қазақ тұрмысына лайық даяр сүгіреттер табылмағандықтан, сүгіретке байланысты кемшілік көп. Бұл әліпбиде бірінші сүгірет беріледі, одан кейін дыбыс беріледі. А.Байтұрсынұлы әліпбиде әдістемелердің барлығын топтастыра отырып, дыбыстарды сүгіреттермен әртүрлі бейнелеген. Мысалы: «а» дыбысына «а» деп тұрған баланың суреті, «з» дыбысына «з» деп тұрған араның суреті, «р» дыбысына «р» деп тұрған иттің суреті берілген. Берілген мысалдар дыбыс әдіс жолына берілген. Тұтас сөз жолымен үйрету әдісіне байланысты «ора» сөзіне саусаққа жіп ораған сурет, «ор» сөзіне орылған, маяланған шөптің суреті берілген.

А.Байтұрсынұлы әліпбиде дыбыстарға, сөздерге байланысты суреттерді бірдей бермеген, түрліше етіп берген. Осы әліпбиде «ермек-еңбек» (он зат-он ат) атты әдіснамаға бағытталған тәсіл берілген. Мысалы: заттың суреттері тұтас тұрады, ат жазулары сызық бойымен бөлек кесіледі, одан соң карточка үлестіріледі. Заттар аттарымен жабылады. Заты жоқ (яғни, суреті жоқ), тек атын ұстап қалған екеуі сөзді үлесіп алады, жазып шығады. А. Байтұрсынұлы сөздерге байланысты балаларға қызықты түрлі ойындар ұйымдастыра отырып, ойын шартын ұсынады. Мысалы: тоғыз зат-тоғыз ат. Тоғыз заттың атын тоғыз қағазға жазып, көрсеткен түрде сызық бойымен кесіп, тоғыз табады, таппаған жазады. Балаларға үлестіреді. Келесі сөзді тапқан балаға жасауыл боламыз деп келіседі. Мысалы: «сап» деген сөз шыққанымыз жасауыл болайық десе, сол сөз шыққаны жасауыл болып, ойын басқарады. Тоғыз ат жазылған қағаздарды араластырып, біреуін алады, қолында ашпастан, «Кім табады? Тапқан жабады. Таппаған жазады» деп айтады. Мынадай сөз деп айтқан бала табатын болса, кітаптағы затты табылған атымен жабады. Таба алмаған жағдайда, таба алмаған сөзін жабады. Ойынға тоғыз баладан да көп бала қатысып, ойнауына болады. Үшінші рет басылған бұл әліпбиде денсаулық, күз, тазалық тәртібі, салақтықтың кесірі, қыс қамы секілді қысқа әңгімелер беріледі. Әліпби соңында қазақ әліпбиінен шығарылған әріптер деп қысқаша мазмұндама беріледі [1,б.88]. Мысалы: *h* дыбысы. Бұл әріптің дыбысы қазақ тілінде бар. Шаршаған кезде «*uh*» деп күрсінеді, жақтырмағанда «*tuh!*» дейді. Өкінгенде «*ah*» дейміз. Бұл әріпті қазақ әліпбиінен шығарғанда мұнымен жазылатын сөздер аз деп шығарып едік, дегенмен, жоқтығы білінеді екен дейді. *X* дыбысы. Бұл дыбыс «*q*»-ға жақын дыбыс әрпі. Қалың қалай? - Халың қалай? Осы оқу құралыныңсоңғыжағында қазақ әліпбиінен шығарылған әріптерге байланысты қысқаша тұжырым беріледі.

А.Байтұрсынұлының 1928 жылы Қызылордадан жарияланған «Тіл жұмсар» атты кітабы дәйектемеден басталады [10]. Мұнда неліктен «Тіл- құрал» сол туралы айтылады. Құрал болғанда толып жатқан көптеген бөлшектері бар, ал ол бөлшектер түрліше қиысатын, машина секілді үлкен құрал екендігі туралы айтылады. Құралдың жұмсаушысы екі түрлі дейді. Біреуі – құралдың ішкі сыртқы бөлшектерінің бәрін біліп, олардың бір біріне қалай үйлесіп, одан шығатын тетіктердің бір



біріне қалай жалғасып, қалай қызмет ететіндігін біліп отырып жұмсаушы. Ал, екіншісі – олардың бәрін білмей-ақ, құралдың жұмсауға керегі бар сыртқы бөлшектері мен тетіктерін көріп, қолданып, жұмсау әдісін үйреніп, жұмсаушы. Ішкі бөлшектері мен тетіктерімен бұл таныс құралды қолдана жүріп, онымен жұмыс істеп, тәжірибе барысында танысады. Бала үйретуде аталған кітапта қарастырылған тәсілдің екіншісі қолданылады дейді. Үйрету үдерісіндегі қазіргі жаңалықтың негізі – үйрету, әсіресе бастауыш мектептерде үйрету, тәжірибе жолымен білу болып табылады. А.Байтұрсынұлы бала білімді тәжірибе арқылы дербес алу керек дейді. Мұғалімнің қызметі балаға жұмысты қабілетіне қарай дербес беру және алдына қойған міндетке байланысты түзеп отыру болып табылады. «Тіл-құрал» мен «Тіл жұмсардың» айырмасы «Тіл-құрал» қазақ тілі қандай құрал екендігін тұтас түрінде таныту үшін түрлі бөлшектерін, тетіктерін жеке-жеке жүйелі түрде көрсетіп танытады. «Тіл жұмсар» үлкен құралдың бөлшектерін, тетіктерін кішірейтіп, жеке-жеке ойыншық сияқты құрал жасап, соларды қолдана отырып, үлкен құралды танытады. «Тіл жұмсарда» метатіл беріледі.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
- 2 А. Байтұрсынұлы. Қазақша алифба. – Оренбург, 1912. – Б.33-47.
- 3 Байтұрсынов А. Тіл құрал: (Қазақ тілінің сарфы). – Орынбор: ТД «Ғ.Ғ.Хұсаинов уә ширкәсі»-нің паровой матбәғасы, 1914. – 53 б.
- 4 Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал: Дыбыс жүйесі мен түрлері. – Қызылорда: Қазмембас, 1925. – 40 б.
- 5 А. Байтұрсынұлы. Тіл-құрал, қазақ тілінің сарфы, 2-інші жылдық. – Орынбор, 1915. – Б.199-262.
- 6 А. Байтұрсынұлы. Тіл-құрал, қазақ тілінің сарфы, III-інші тіл танытқыш кітап. – Қызылорда, 1925. – Б.263-320.
- 7 А. Байтұрсынұлы. Баяншы. – Қазан, 1920. – Б.323-333.
- 8 Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – Қызылорда: Қазмембас, 1926. – 286 б.
- 9 Байтұрсынұлы А. Әліппе: Жаңа құрал. Түрлі суреттермен басылған. -3-бас. – Қызылорда: Қазбас, 1928. – 116 б.
- 10 Байтұрсынұлы А. Тіл-жұмсар: Сөйлеу, оқу, жазу тілін жұмыс тәжірибесі арқылы танытатын. – Қызылорда: Қазбас, 1928. – 1 к. – 46 б.

КОРОНАВИРУС ИНДЕТІНІҢ БІЛІМ БЕРУГЕ ӘСЕРІ: МЕКТЕППЕН БАЙЛАНЫСТЫ ҚИЫНДЫҚТАР ЖӘНЕ БІЗДІҢ ОЙ-ПІКІРЛЕРІМІЗ

САЙБЕКОВА Назира Усенқызы

№ 13 мектеп-гимназиясы КММ

Мұнайлы ауданы, Маңғыстау облысы, Қазақстан


s.saulee@mail.ru

Аңдатпа

Мақалада коронавирус індетінің білім беруге әсері, мектеппен байланысты туындыған қиындықтар және оларды шешу бағытындағы біздің тәжірибелеріміз бен ой-пікірлеріміз баяндалады. Мұғалімдерге, ата-аналарға білім беру қызметін тиімді ұйымдастыру бағытында кеңестер мен ұсыныстар беріледі.

2020 жылы бүкіл әлем елдері үкіметтері ғаламдық COVID-19 пандемиясын ауыздықтау мақсатында оқу орындарын жабу туралы шешім қабылдады. ЮНЕСКО мәліметтері бойынша, 188 мемлекет бүкіл ел бойынша мектептерді жабуға мәжбүр болды және бұл бүкіл әлемдегі оқушылардың 91,3%-ын (1,58 млрд адам) қамтыды.

Жаһандық мониторинг (06.04.2020 ж.) COVID-19 себепті мектептер АҚШ, Канада, Ресей, Аустралия, Шығыс және Солтүстік Шығыс Еуропа мен Закавказье елдерінде аймақтық және жергілікті деңгейде, ал Латын Америкасы, Батыс Еуропа, Африка және Азияда бүкіл елдер көлемінде жабылғанын көрсетеді.



Болашақтан бүгінге оралайық және ғасырлар бойы сыналған білім беру жүйесі - күндізгі сыныптық-сабақ моделі қолданылмайтын жағдайда жаппай білім беру жүйесі өз функцияларын қалай атқаратынына мән берейік.

Білім беру жүйесі тек білім беруге, яғни білім мен дағдылардың берілуіне ғана емес, сонымен бірге тәрбиеге де жауап беруі керек екенін ұмытпаған жөн (көптеген елдерде бұл функция позитивті әлеуметтену деп аталады), сонымен қатар әлеуметтік жағдайы шектеулі отбасылардан шыққан балаларды қолдауды да (оның ішінде, мысалы, тамақтану) қамтиды.

Егер оқыту функциясы дәстүрлі форматтан қашықтықтан оқыту түріне көшкенде ешқандай өзгеріс болмаған болса, онда тәрбие және әлеуметтік қолдау туралы айтуға да болмайды, әлі де көп нәрсені ойластыру және түсіну қажет.

Бұл бағытта әлем елдері әртүрлі бағытта әрекет етеді. Мысалы, жоғары технологиялық әлеуеті бар Жапонияда демалыстарды ұзарту күтіледі. Кейбір мемлекеттер білім беруді радио немесе теледидар арқылы таратумен шектеледі.

Әңгіме жаңа реалиялар жағдайында жұмыс істеу: оқу бағдарламасы мен контентті қашықтықтан оқыту форматына бейімдеу, жаңа құралдарды, сервистер мен платформаларды зерттеу және қолдану, оқушылар және ата-аналармен кері байланыс орнату тәсілдерін меңгеру қажеттілігі туралы болып отыр.

Сонымен қатар, көптеген мұғалімдер технологиялық және әдістемелік қолдаудың жетіспеушілігімен де, оқушылар мен ата-аналардың түсініспеушілігімен де бетпе-бет келеді.

Қиындықтар жеткілікті, өйткені белгілі болғандай, жаппай мектеп практикасында қашықтықтан оқытудың қандай да бір жүйесін алу және қолдану өте күрделі.

Мұның себебі техникалық бөлшектерге байланысты емес - қуатты серверлерде немесе жылдам интернетте ғана емес, дегенмен мұғалімдердің басым бөлігі онлайн-сабақтарды өткізу үшін толық жабдықталғанын айтады.

Тағы бір маңыздысы: қашықтықтан оқытудың қолданыстағы жүйесі көбінесе мотивацияланған балаларды оқытуға бағытталған. Оқушылардың өздері онлайн-сабақтар барлығына арналған сабақ емес, тек білгісі келетіндерге арналғанын атап өтуде.

Қабілетті және ынталы адамдар үшін, әсіресе мұғалімнің кері байланысын қалыпты ұйымдастырумен іс жүзінде ештеңе өзгерген жоқ,

Ал сыныпта үнемі оқымайтындардың көпшілігі «қашықтан» оқыту режиміне ауысқан кезде, оларды екінші жылға қалдырмайтынына үміттеніп, жалпы ешқандай әрекет жасамайды. Жалпы оқушылардың біраз бөлігі қашықтықтан оқытуды «демалыс» деп түсінеді.

Мектеп мұғалімдері көптеген оқушылар ауылдық жерлерде техникалық құралдардың жетіспеушілігінен немесе техникалық себептерге байланысты цифрлық құралдарды қолдана алмауынан қашықтықтан оқи алмайтындығын айтады.

Цифрлық технологиялар мұғалімдерді және бетпе-бет қарым-қатынасты алмастырмайтындығына күмән жоқ, бірақ қазір короновирустық инфекцияға байланысты жақын апталарда қашықтықтан оқытуға балама да жоқ.



Техникалық және ұйымдастырушылық қиындықтар көп, алайда мектептер, мұғалімдер, ата-аналар мен оқушылар оларды жеңуге мүдделі.

Мектеп оқушыларын Онлайн оқыту барысында келесі жағымсыз мәселелер туындауы мүмкін.

1. Ауылдық елді мекендерде оқушылардың барлығы оқу үдерісін қашықтықтан сапалы ұйымдастыруға мүмкіндік беретін цифрлық құрылғылар мен интернетке қол жеткізе алмайды.

2. Мұғалім оқушының тапсырманы орындауын тиімді бақылауды ұйымдастыра алмайды. Көбінесе, ол басқа ресурстан көшіріліп алынады.

3. Барлық педагогтар цифрлық технологияларды толық игере бермейді. Олар дәстүрлі сабақта тамаша жетіске жетуі мүмкін, бірақ электрондық ортада қабілетсіз болады.

4. Дәстүрлі сабақта әр мұғалімнің оқушылармен жеке қарым-қатынасы қалыптасады, ол тіпті бейне байланысты пайдаланған жағдайда да желі арқылы мүмкін болмайды.

5. Ұйымдастырушылық және техникалық жағдайлардан басқа денсаулыққа қатысты мәселелер де бар. Компьютерде көп уақыт өткізу мектеп оқушыларының, әсіресе бастауыш сыныптағылардың көзіне өте зиянды. Онлайн-оқытуға көшуіне байланысты бала офтальмологтардың ұсынысынан әлдеқайда көп уақытты экран алдында өткізеді. Бұл ата-аналарды қатты алаңдатады.

6. Үйдегі жағдай оқушыларды босансытады, оларды қарапайым мәселелерді шешуге жұмылдыру мектеп кабинетіндегіден гөрі қиынырақ.

Цифрлық технологияларды енгізу - болашаққа сөзсіз қадам екені түсінікті. Бірақ дамудың қазіргі кезеңінде онлайн-білім беру - дәстүрлі оқу-тәрбие үдерісіне қосымша құрал ғана екенін ескерген жөн.

Сонымен қатар мектептердің карантинге жабылуы төменде көрсетілген кері әсерлерді туындатуы мүмкін.

1. Оқу процесінің бұзылуы. Қолайсыз әсерлер әдетте аз қамтылған отбасынан шыққан оқушыларға әсер етеді, өйткені олардың кейбірінің мектептен тыс жерлерде білім алу мүмкіндіктері шектелген.

2. Тамақтану. Көптеген балалар мектептерде ұсынылатын ақысыз немесе жеңілдетілген ақылы тағамдарға олардың дұрыс тамақтануының негізгі көзі ретінде сүйенеді. Мектептердің жабылуы оларды осы ресурстан айырады.

3. Қорғау шаралары. Мектеп көптеген балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Олар жабылған кезде жастар түрлі қауіп-қатерлерге бейім болады.

4. Ата-аналардың қашықтықтан және үйде оқытуға дайын еместігі. Мектептер жабылған кезде ата-аналардан балаларына үйде оқуға жағдай жасауы жиі сұралады, бірақ олар көбінесе бұл тапсырманы толықтай жеңе алмайды. Бұл әсіресе білімі мен мүмкіндігі шектеулі ата-аналарға қатысты.

5. Цифрлық оқыту порталдарына қол жеткізудің тең еместігі. Технологияларға қолжетімділіктің немесе жақсы Интернет-қосылыстың болмауы оқуды жалғастыру үшін, әсіресе қолайсыз отбасылардан шыққан оқушылар үшін кедергі болып табылады.

6. Балалар күтіміндегі олқылықтар. Балама нұсқалар болмаған жағдайда жұмыс істейтін ата-аналар мектеп жабылған кезде балаларды үйде жалғыз қалдырады. Бұл балалардың қауіпті мінез-құлқына, оның ішінде басқа адамдар тарапынан әртүрлі әсердің күшеюіне және психобелсенді заттарды теріс пайдалануға әкелуі мүмкін.

7. Жоғары экономикалық шығындар. Мектептер жабылған кезде жұмыс істейтін ата-аналар балаларына қамқорлық жасау үшін жұмыстан жиі қалады. Бұл кірістерді жоғалтуға және өнімділіктің төмендеуіне әкеледі.

8. Әлеуметтік оқшаулану. Мектеп - бұл адамдардың әлеуметтік белсенділігі мен өзара іс-қимыл орталығы. Мектептер жабылып қалған кезде көптеген балалар оқу және даму үшін қажетті әлеуметтік қатынастардан айырылады.



Сондықтан коронавирус індеті кезінде балалардың психикалық денсаулығы мен әл-ауқатын қолдау мақсатында мектеп-гимназия басшысы және тәжірибелі педагог ретінде келесілерді ұсынамын:

1. Балаларға жағымды оқу ортасын қамтамасыз етіңіз. Олардың денсаулығын, психологиялық және әлеуметтік жағдайларын сақтауға көңіл бөліңіз.
2. Балалардың назарын отбасында талқыланатын мәселеге тым көп аудармаңыз.
3. Балаларға қазір не болып жатқанын қарапайым түрде түсіндіріңіз және олардың жасына байланысты түсінетін сөздермен індетті жұқтыру қаупін қалай азайтуға болатыны туралы нақты ақпарат беріңіз.
4. Балаларға да, олардың ата-аналарына да белсенді болуға және отбасында жағымды психологиялық ахуал туғызуға мүмкіндік беретін зияткерлік, шығармашылық белсенділікті (мысалы, олимпиадалар, жарыстар) дамытуға ықпал ететін қашықтықтан оқыту формаларын қолданыңыз.
5. Қашықтан оқытуға қатысушылардың ынтасын арттыру әдістері ретінде төрт компоненттен тұратын: мән беру, маңыздылық, сенімділік және қанағаттану - үлгіні қолданыңыз.
6. Бір күн ішінде белгілі бір уақытта бір немесе екі рет сенімді ақпарат көздерін пайдаланыңыз. Аурудың өршуі туралы жаңалықтардың кенеттен және үнемі өзгеріп отыруы кез-келген адамды алаңдатуы мүмкін.
7. Балалар мен ата-аналарды қолдаңыз. Қиын сәтте басқа адамдарға көмек Сізге жеке психологиялық пайда әкелуі мүмкін. Мысалы, адамдардың сауығуы, коронавирустың таралуының төмендеуі туралы оң және үміт тудыратын оқиғаларды тарату мүмкіндігін табыңыз.
8. Сіздерде балалардың денсаулығы, олардың отбасы мүшелерінің психологиялық және әлеуметтік әл-ауқаты мен оқушылардың академиялық дайындығы үшін жауапкершілік міндеті жатыр. Бұл жағдайға жұмыстың ерекше жағдайы ретінде қарағаныңыз дұрыс.

Сонымен қатар, пандемияға қарсы күрес кезеңінде аса маңызды салаларда жұмыс істейтін азаматтарға (дәрігерлер, фармацевтер, полицейлер, өрт сөндірушілер, көлік саласының қызметкерлері және т.б.) бала күтімі бойынша жүктемені қысқарту мақсатында осы санаттағы азаматтардың балалары үшін мектептер мен балабақшалар ашылса, панасыз балалар санының өсуіне жол бермеу үшін шаралар қабылданса, халықаралық білім мен тәжірибе алмасу, вакцина және COVID-19-ға қарсы дәрі-дәрмек жасау саласындағы ғылыми зерттеулер, коронавирусты жеделдетіп анықтау сынақтарындағы әкімшілік кедергілер жойылса жөн болар еді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Эпидемия коронавируса: воздействие на сферу образования. Дайджест подготовлен Департаментом международного и регионального сотрудничества СП РФ. 2020



2. Коронавирустың білім беруге әсерін Қазақстан экономикасы ондаған жылдар бойы сезінеді. 23 шілде 2020.

3. Образовательный процесс в условиях пандемии // Профессиональное образование и рынок труда. 2020

4. Международное исследование выявило влияние пандемии на образование. 08.05.2020

**ФУНКЦИЯНЫ ТУЫНДЫ КӨМЕГІМЕН ЗЕРТТЕУДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ
САКИГОЖИНА Алия Нурланбековна, АКИЕВА Айжан Бейсембиевна, БЕКТЕМБАЕВА Асем
Сериковна**

ХБН Назарбаев Зияткерлік мектебі
Өскемен, Қазақстан

sakigozhina_a@ukk.nis.edu.kz, akiyeva_a@ukk.nis.edu.kz, bektymbaeva_a@ukk.nis.edu.kz

Аннотация

Мақалада функцияны туынды көмегімен зерттеуде тапсырмалардың рөлі және қатемен жұмыс жасау ерекшеліктері қарастырылды.

Аннотация

В статье рассматривается роль задач в исследовании функций с помощью производных и особенности обработки ошибок.

Annotation

The article discusses the role of tasks in the study of functions using derivatives and the features of error handling.

Математика курсыңда 11 сыныптағы «Қисап II» бөлімінде қарастырылатын «Функцияларды зерттеу және графиктерін салу» тақырыбының материал көлемінің ауқымдылығы оқушылардың сәйкесінше дайындықтарын талап етеді. Бағдарламаға бөлінген уақыт аралығында олардан функцияны зерттеу схемасын меңгеріп, оны тапсырмалар орындау кезінде қолдана алуы күтіледі. Функцияның қасиеттерін меңгергенмен оқушылардың оны график салуда пайдалана алмауы, зерттеудің бір пунктінен екіншісіне көшуде функцияның қасиеттерін табудың реттілігін сақтамауы, оларды өзара байланыстыра алмауы, салуды неден бастауды біле бермеуі жиі кездеседі. Функцияны зерттеу мен графиктерін салу кезінде жиі кездесетін қателіктер мен қиындықтарға мыналарды жатқызуға болады: функция категориясының ерекше маңызы ескерілмейді; функцияның анықталу облысы мен мәндерінің жиыны, кризистік және оған жақын нүктелердің ерекшеліктері назардан тыс қалады; функция қасиеттері үстірт қарастырылады; функцияның жұп не тақ екенін жете меңгермей қате қорытынды жасайды; координаталарды түрлендіру әдісі пайдаланылмайды; көлбеу асимптотаның көлденең асимптотаға айналатынын ұмытып кетеді.

Функцияны зерттеуде туындыны қолдану барысында оқушылар назарында ұстауы тиіс маңызды пікірлер бар. Қателіктерді болдырмау немесе алдын алу үшін анықтамалардың тұжырымдамаларына жете көңіл бөлуді қажет етеді.

Анықтама №1. Егер $f(-x) = f(x)$ теңдігі орындалса және функцияның графигі Оу осьіне қарағанда симметриялы болса, онда $y = f(x)$ функциясы жұп функция деп аталады.


Анықтама №2. Егер $f(-x) = -f(x)$ теңдігі орындалса және функцияның графигі координаталар басына қарағанда симметриялы болса, онда $y = f(x)$ функциясы тақ функция деп аталады.

Оқушылар кейде функцияның жұп не тақтылығын анықтауда формуланы басты назарда ұстайды да, оның екінші геометриялық мағынасына көңіл бөлмейді. Сол себепті зерттеуді теңдікті дәлелдеуден емес, графиктердің орналасуынан бастаған ұтымды болады.

Мысал №1. Графикалық калькулятор көмегімен берілген функциялардың графиктерін салып, жұп не тақ екенін анықтаңыз. Қасиеттерін сипаттаңыз және қорытынды жасаңыз.

(a) $y = x^4 - 2x^2$; (b) $y = x^3 - x$; (c) $y = 3x^4 + x^3$.

Шешуі:



Функцияны зерттеуді тұтас $(-\infty; \infty)$ аралығында қарастырмай-ақ, $(-\infty; 0)$ аралығында ғана алып, екінші жағына геометриялық түрлендірулер арқылы көшіре салуға оқушыларды дағдыландырған аса пайдалы. Бұл оқушылардың материалды қабылдау ерекшеліктеріне де сай келер еді.

Оқушылар функцияны бірсарындылыққа зерттеуде ең көп қате жібереді: функция анықталмайтын нүктелерді ескермейді, есептің жауабын қате жазады, кризистік нүктелерде функцияның туындысы бар не жоғын қарастырмайды, оның мәнін есептемейді.



Мысал №2. Келесі функцияны бірсарындылыққа зерттеңіз:

$$f(x) = x + \frac{1}{x}$$

Шешуі:

	Қате жауап	Дұрыс жауап
1-қадам	$f'(x) = \frac{x^2 - 1}{x^2} = 0 \Rightarrow$	$f'(x) = \frac{x^2 - 1}{x^2} = 0$
2-қадам	$x^2 - 1 = 0 \Rightarrow x = \pm 1.$	$x^2 - 1 = 0 \Rightarrow x = \pm 1, x \neq 0$
3-қадам		
4-қадам	Жауабы: $x \in (-\infty; -1) \cup (1; +\infty)$ – функция өседі. $x \in (-1; 1)$ – функция кемиді.	Жауабы: $x \in (-\infty; -1); (1; +\infty)$ – функция өседі. $x \in (-1; 0); (0; 1)$ – функция кемиді.

Бұл орайда оқушыларға графикалық калькулятор арқылы жауаптарын тексеріп, қателерін түзетуге мүмкіндік беруге болады.





Анықтама №3. Егер кез келген $x_1, x_2 \in D$ үшін $x_1 < x_2$ болғанда сәйкесінше $f(x_1) < f(x_2)$ теңсіздігі орындалса, онда $y = f(x)$ функциясы өспелі функция деп аталады.

Анықтама №4. Егер кез келген $x_1, x_2 \in D$ үшін $x_1 < x_2$ болғанда сәйкесінше $f(x_1) > f(x_2)$ теңсіздігі орындалса, онда $y = f(x)$ функциясы кемімелі функция деп аталады.

Сонымен қатар, аталмыш кемшіліктерді жою үшін теориялық деректерді математикалық атаулар мен белгілерді қалыптастыруға ықпал ететін ауызша, жазбаша сұрақтармен толықтыру, бір амалдан екіншіге көшкенде негіздеу, мәліметтерді жалпылау, оларды салыстыру ұтымды болады.

Қайталау сұрақтары:

- Сандар жиынында өспелі және кемімелі функцияның анықтамасын беріңіз. Олардың қолданысына мысалдар келтіріңіз.
- Функцияның өсу, кемуінің жеткілікті шарттарын тұжырымдаңыз, негіздеңіз. Мысал келтіріңіз.
- Функцияның аралықтағы тұрақтылық шартын тұжырымдаңыз, негіздеңіз.
- Функцияны бірсарындылыққа (монотондылыққа) зерттеу схемасы қандай? Мысал келтіріңіз.
- Тұрақты функция өспелі және кемімелі бола ала ма?

Алдымен зерттеу нәтижесінде алынған функцияның қандай да бір ғана қасиетіне график, барлық қасиеттеріне дайын кесте арқылы түсініктеме бере алу іскерліктерін қалыптастыратын жаттығулар жүйесін құрастырған пайдалы. Оқушыларға өзара тапсырманы талқылауға және қорытынды жасауға мүмкіндік беру үшін топтық немесе жұптық жұмыстарды ұйымдастыруға болады.


Жұптық жұмыс

№1. 3-суретте барлық нақты сандар жиынында анықталған $y = f(x)$ функциясы туындысының таңбалары келесідей берілген. $f(x)$ функциясының өсу кему аралықтарын көрсетіңіз.




3-сурет

№2. 4-суретте $y = f(x)$ функциясының $[-6; 6]$ аралығындағы графигі келтірілген. Осы функцияның өсу және кему аралықтарын көрсетіңіз.



4-сурет

№3. 5-суретте $(-6; 3)$ анықталу облысы болатын, туындысының графигі берілген $y = f(x)$ функциясының өсу және кему аралықтарын көрсетіңіз.



5-сурет

№4. Кестеде берілген $f'(x)$ функциясының туындысы туралы деректерді пайдаланып, $y = f(x)$ функциясының өсу және кему аралықтарын табыңыз.

x	$(-\infty; -2)$	-2	$(-2; 0)$	1	$(1; 5)$	5	$(5; \infty)$
$f'(x)$	$+$	0	$-$	0	$+$	0	$+$



Аталмыш жұптық жұмысты аяқтаған соң ғана оқушыларға функцияның өсу және кему аралықтарын табу схемасын өз бетімен құрастыру үшін тапсырма ұсынуға және алынған нәтижелерді келесі схемамен салыстырып, қорытынды жасатуға болады.


- $y = f(x)$ функциясының анықталу облысын табыңыз.
- $f'(x)$ туындысын табыңыз.
- $f'(x) = 0$ шешіңіз және кризистік нүктелерді табыңыз.
- Табылған нүктелерді сандар өсінде белгілеңіз.
- Функцияның өсу, кему аралықтарын анықтаңыз.

Экстремум ұғымын енгізгенде функцияның анықталу облысының ішкі нүктелері ғана экстремум нүктесі болатынын ескерген жөн. Әдетте функцияны максимум және минимумге зерттеу берілген функцияның бірінші ретті туындысы арқылы жүзеге асады. Кризистік нүктенің оң және сол жағындағы туынды таңбасын табуда қателіктерге ұрынады. Дегенмен функцияның экстремумдарын табуда екінші ретті туындыны пайдалану әлдеқайда оңай әрі ыңғайлы. Экстремумдарды табуға арналған түрлі есептерді шешуде олардың шартын сипаттайтын функцияны формуламен беруде қиыншылықтар кездеседі, өйткені оқушылар кейде тәуелсіз айнымалыны таңдай алмайды. Ол үшін функция аргументін сәтті таңдағанда есептеулерді азайтуға болатынына және есеп шешімін қысқартуға болатынына нақты мысалдармен оқушылардың көздерін жеткізу қажет. Сонымен қатар, максимум және минимум нүктелерін анықтауда пайымдауларды толық меңгеруі тиіс.

Қосымша сұрақтар:

- Функцияның экстремум нүктелері дегеніміз не?
- Функцияның экстремумы дегеніміз не?
- Кризистік нүктелер дегеніміз не?
- Функция экстремумы қажетті шартын тұжырымдаңыз және негіздеңіз.
- Функция экстремумы жеткілікті шартын тұжырымдаңыз және негіздеңіз.
- Функция экстремумдарын зерттеу схемасы қандай? Мысал келтіріңіз.

Мысал №3. Келесі сызбаны пайдаланып, экстремум нүктелерін және кризистік нүктелерді анықтап, сипаттаңыз.



6-сурет

Оқушылармен қорытынды жасап, функцияның экстремумдарын анықтау схемасын бірлесіп құруға болады.

- $y = f(x)$ функциясының анықталу облысын табыңыз.
- $f'(x)$ туындысын табыңыз.
- $f'(x) = 0$ шешіңіз және кризистік нүктелерді табыңыз.
- Табылған нүктелерді сандар өсінде белгілеңіз және аралықтарға бөліңіз.
- Әрбір аралықтың таңбаларын анықтаңыз.
- Әр кризистік нүктенің экстремум нүктесі болу, болмайтынын анықтаңыз.

Теорема. $y = f(x)$ функциясы үшін $f'(x) = 0$ орындалсын.

Егер $f''(x) < 0$ болса, онда функция $x = x_0$ болғанда максимум мәніне ие болады.

Егер $f''(x) > 0$ болса, онда функция $x = x_0$ болғанда минимум мәніне ие болады.

Егер $f''(x) = 0$ не туындысы болмаса, онда бірінші ретті туынды арқылы табамыз.



Мысал №4. $y = x^3 - 9x^2 + 24x - 12$ функциясын екінші ретті туынды арқылы экстремумға зерттеңіз.

Шешуі:

$$f'(x) = 3x^2 - 18x + 24$$

$$f'(x) = x^2 - 6x + 8 = (x - 2)(x - 4) = 0$$

$x = 2, x = 4$ – критиктік нүктелер.

$$f''(x) = 6x - 18$$

$$f''(2) = 6 \cdot 2 - 18 = -6 < 0 \Rightarrow f_{\max} = f(2) = 8.$$

$$f''(4) = 6 \cdot 4 - 18 = 6 > 0 \Rightarrow f_{\min} = f(4) = 8.$$

Қатемен жұмыстың оқытушылық, тәрбиелік және дамытушылық маңызын математика сабақтарында ескерген жөн. Біріншіден, қайтадан қате жібермеудің алдын алады; екіншіден: оқушы ақпаратқа жаңаша көзқараспен қарайды және сыни тұрғыдан мән береді, қызығушылығы артады; үшіншіден: өзін құзырлы сезінеді және жауапкершілігі артады. Сол себепті оқушыларда сыңаржақты пікірлер қалыптаспас үшін кейде жауабы жоқ немесе қате жіберуге әдейі бағыттайтын тапсырмаларды қарастыруға болады.

Мысал №5. $y = x^2 + 2x - 3$ функциясының максимумын табыңыз.

Мысал №6. $y = 8 - 2x - x^2$ функциясының минимумын табыңыз.

Мысал №7. $y = x^3 - 6x^2 + 12x - 7$ функциясының экстремумдарын табыңыз.

Мысал №8. $y = x^3$ және $y = (x^{\frac{1}{3}})^3$ функцияларының графиктерін салыңыз.

Ескерту: Оқушылар жұмысты аяқтаған соң барып, тапсырмалар шешімдерін талдау жасату және екінші функцияның графигі координаталар басының биссектрисасы болатынына көз жеткізген жөн.

Оқушылардың алған білімдерін нақтылау, қолданыс аясын кеңейту мақсатында оларға өздік жұмысты ұсынуға болады.

Өздік жұмыс

№1. Кестеде берілген қасиеттерін пайдаланып, нақты сандар жиынында анықталған және үзіліссіз функцияның графигінің эскизін салыңыз:

x	$(-\infty; -1)$	-1	$(-1; 0)$	0	$(0; 1)$	1	$(1; \infty)$
$f'(x)$	$-$	0	$+$	0	$-$	0	$+$
$f(x)$	\searrow	3	\nearrow	1	\searrow	-3	\nearrow
		min		max		min	

№2. Кестеде берілген қасиеттерін пайдаланып, нақты сандар жиынында анықталған және үзіліссіз функцияның графигінің эскизін салыңыз:


x	$(-\infty; 1)$	1	$(1; 2)$	2	$(2; 4)$	4	$(4; \infty)$
$f'(x)$	$-$	0	$+$	$+$	$+$	0	$+$
$f''(x)$	$+$	$+$	$+$	0	$-$	0	$+$
$f(x)$	\searrow ойыс	-27	\nearrow ойыс	-16	\nearrow дөңес	0	\nearrow ойыс
		min		иілу		иілу	

№3. Келесі функцияларды зерттеп, олардың графиктерінің эскизін салыңыз:

а) $f(x) = x^3 - 3x^2$; б) $f(x) = x^4 - 2x^2$; в) $f(x) = 3x - x^3 + 1$.

Функцияның ең үлкен (кіші) мәндері мен максимум (минимум) ұғымдарын оқушылар шатастырады, белгілеулерін қате жазады. Функцияның ең үлкен (кіші) мәндерін табуға функцияның анықталу облысы ескерілмейді. Кейде туынды қолданбай табуға тырысады. Теориялық материалмен оқушыларды өз беттерімен танысып, топ ішінде талқылау және қорытынды жасауға бағыттау, соңынан төмендегі сызба бойынша жауаптарын салыстыруға жетелеу өте маңызды.

Мысал №9. Кестемен танысыңыз және қорытынды жасаңыз.



Мысал №10. Функцияның ең үлкен (кіші) мәндерін табыңыз:

a) $f(x) = -x^3 + 3x^2 + 5, [0; 3]$; b) $f(x) = x^4 - 4x^3 + 1, [-1; 1]$.

Функцияның туындысы мен оның қолданысына бағытталған есептердің рөліне тоқталсақ, көптеген әдебиеттерде туынды ұғымына келтірілетін есептер беріледі. Көбінесе бірқалыпты емес қозғалыстың жылдамдығы, қисықтың жанапасы туралы есептер қарастырылады. Алайда бұл жеткілікті емес. Математиканың рөлін ашуға, физика заңдарын анықтап, бірқалыпты өтпейтін үрдістер жағдайында жалпылауға мүмкіндік беретін төмендегі ұғымдардың анықтамаларын беруге болады:

- ✓ біртекті емес серіппенің сызықтық тығыздығы;
- ✓ сызықтық созылу коэффициенті;
- ✓ бірқалыпты емес айнымалы қозғалыстың сызықтық жылдамдығы;
- ✓ айнымалы ток күші;
- ✓ заттың жылу сыйымдылығы және тағы басқалар.

Туындының геометриялық, механикалық мағынасын күрделі функцияның туындысын табуда тиімді қолдануға болады. Оқушы күрделі функцияның туындысын табуда қиындықтарға тап болады. Жуықтап есептеулер, геометрия және физика есептерін шешкенде қандай теориялық деректер қолданғанын дәп басып айта алмайды. Оның себебі сыртқы және ішкі функцияларды ажырата алмауда, туындының жазылу ерекшеліктерінде жатыр. Сондықтан олардың күрделі функцияны қарапайым функцияларға бөлшектей алу және керісінше қарапайым функциялардан күрделі функция құру дағдыларын қалыптастыру қажет.

Мысалы, күрделі функция $y = f(u), u = \varphi(x)$ болса, оның туындысы жазылады:

$$\frac{df}{dx} = \frac{df}{du} \cdot \frac{du}{dx}$$

Бұл формуланың физикалық мағынасы $u = \varphi(x)$ функциясы x нүктесінде $\varphi'(x)$, ал $y = f(u)$ u нүктесінде $f'(u)$ жылдамдықпен өседі. $y = f(\varphi(x))$ функциясы x нүктесінде $f'(u)\varphi'(x)$ жылдамдықпен өседі. Мұнда ескеретін жайт туындыны белгілеуде жатыр:

$$\frac{df}{du}, \frac{du}{dx}, f'(u), \varphi'(x).$$

Мысал №11. $y = (x^2 + 1)^3$ функциясының туындысын табыңыз.

Шешуі:

$$\frac{dy}{dx} = 3(x^2 + 1)^2(2x) = 6x(x^2 + 1)^2$$

$$\frac{dy}{du} \quad \frac{du}{dx}$$

Тағы бір ескеретін жайт. Қатемен жұмыс жасау барысында 12 сыныпта «Интегралдау мен дифференциалдау көмегімен қолданбалы есептерді шешу» бөліміндегі қолданыс есептерін шешу анағұрлым жеңілдейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Екінші (негізгі) деңгей.3-басылым. Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығының баспасы, 2014, - 292 б.
2. Нелин Е.П., Долгова О.Е. Алгебра и начала анализа: Двухуровневый учеб. Для 11 кл. общеобразоват. учеб. заведений/Пер. с укр. Е.П. Нелина. – Х.: Мир детства., 2006. – 416 с.



3. Алгебра и начала анализа: учеб. Для 10-11 кл. общеобразоват. учреждений/(Ш.А. Алимов, Ю.М. Колягин, Ю.И. Сидоров и др.). – 15-е изд. – М.: Просвещение, 2007. – 384 с.: ил. – ISBN 978-5-09-017281-47

КОНЦЕПТУАЛДЫ ОҚЫТУ – САПАЛЫ БІЛІМ НЕГІЗІ

САЛПЫНОВА Каным

НЗМ ФМБ мектебі

Алматы, Қазақстан

hanym05@ma31.ru

Түйіндеме

Мақалада авторы оқыту жүйесіндегі түйткілді мәселелер жайында сөз қозғаған. Соның ішінде, білім парадигмаларындағы өзгерістерге тоқталған. Жаңартылған білім мазмұнының негізі Назарбаев зияткерлік мектептерінде қаланып, болашақ ұрпаққа білім беруде өзінің тиімділігін көрсетіп отыр. Қазіргі күнгі білім саласындағы негізгі зерттеулер қалай оқыту керектігін талдау арқылы білім мазмұнын қалай жақсартуға болатындығына басты назар аударуда. Білім сапасын арттырудағы соңғы кезде жиі қолданылып жүрген технологиялардың бірі концептуалды оқыту. Концепт негізінде құрылған құрылымдық тапсырмалар мен концептуалды оқыту оқушының пәнаралық байланысты терең түсіне отырып, зерттеушілік дағдыларын дамытуды көздейді.

Кілт сөздер: *концепт, оқытуға концептуалды көзқарас, жаңартылған білім мазмұны, пәнаралық байланыс.*

Annotation

The given article discusses the problematic issues in the education system. In particular, there are changes in education paradigms. The basis of the updated content is established in Nazarbayev Intellectual Schools and demonstrates its effectiveness in educating the future generation. Basic research in the field of education focuses on how to improve the content of the teaching by analyzing how to teach. One of the most frequently used technologies in quality education is conceptual learning. Constructive structured tasks and conceptual learning envision the development of research skills, deep understanding of cross-curricular links by students.

Key Words: concept, conceptual approach to teaching, content of updated content, cross-curricular links.

Кіріспе

Жаңа жағдайда білім беру жүйесінен, оның сапалы және өмір бойына үздіксіз болуы талап етіледі. Сондықтан қазақстанның білім беру жүйесінің алдына оқытудың қазіргі уақыттағы әдістері мен бағдарламаларын меңгеру, оқыту сапасын арттыру, сұранысқа ие білім мен дағдыларды беру, қоғамдық сананы жаңғырту, функционалдық сауаттылықты, үштілділікті, сын тұрғысынан ойлауды және басқаларын дамыту міндеті қойылған. [1].

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы елімізде адами капиталды дамытуда сапалы білімге қол жетімділікті қамтамасыз ету арқылы қазақстандық білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыруды міндет етіп қояды.

Осы орайда, педагогтарға қойылатын талап пен жауапкершіліктің де деңгейі артауда. Қазіргі заманғы ХХІ ғасыр педагогы жай ғана мұғалім ғана емес, жан – жақты дамыған, жаңа технологияларды меңгерген, білім шеңбері кең, шығармашыл ұстаз, сонымен қоса, балаға мотивация беруші, қоғамда өз орны бар жеке тұлға ретінде қараймыз. Заман талабы өзгеріп, соған сай білім беру жүйесіне де күнделікті өзгерістер еніп жатыр. Білім беру саласында оқушылар үшін білім де, дағдыларда тең дәрежеде маңызды деген ортақ ұстаным қалыптасуда. Заманауи тәсілдің ең негізгі ерекшелігі оқушылардың алған білімдерін жай ғана иеленіп қоймай, оларды орынды жерде қолдана білуіне басты назар аудару болып табылады [2].

Әрбір педагогикалық технология оқу мақсаттарына жетудің философиялық, психологиялық, дидактикалық және әлеуметтік-педагогикалық негіздері белгіленген нақты ғылыми концепцияға сүйенуі қажет. Концепция (лат. conceptio – түсіну, жүйе) – басты ой, детекші идея, әлемдегі, табиғаттағы, қоғамдағы құбылыстарға қатысты көзқарастар жүйесі. Концепт ұғымы лингвистикада «адамның әлем туралы жинақталған мәдени түсініктері»[3].



Концепт - адамның ойлау кодының басты бірлігі болып табылатын салыстырмалы түрде реттелген ішкі структурасы бар жеке тұлға мен қоғамның танымдық әрекетінің нәтижесін көрсететін әрі бейнеленіп отырған зат немесе құбылыс жөнінде кешенді, энциклопедиялық ақпаратты бойына жинаған, берілген ақпараттың қоғамдық санада интерпретациялануы мен қоғамдық сананың құбылысқа не нысанға арақатысын бейнелейтін дискретті ментальдық бірлік [4].

Елімізде білім саласында енгізілген жаңартылған оқу бағдарламасы мұғалімнің де, оқушының да жауапкершілігін талап етеді. Мәселен, бағдарламаның негізгі идеяларының бірі – концептуалды оқыту, оның бір шешімі – пәнаралық байланыстарды орнату арқылы оқушыға ғылым мен білім туралы біртұтас көзқарас қалыптастыру болып табылады. Заманауи оқу процесін құрудың басты қағидаты - бұл мектеп оқушыларының қызығушылығын, мұқтаждығын және қажеттіліктерін қанағаттандыру, олардың шығармашылық белсенділігін дамытуға ынталандыру проблемасын шешуге арналған дифференциация.

Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысын емес, оның тұлғасын, білім алу арқылы дамуын қойып отыр. Мектепте оқытуды ұйымдастыратын бірден бір нұсқа сабақ болса, сабақтың нәтижелі болуына ықпал ететін нұсқа – сол сабақты өткізудің әр түрлі әдіс-тәсілдерін, яғни жаңашыл мазмұндағы сабақтар, өткізу болып табылады. Әсіресе оқу материалдарын пәнаралық интеграция негізінде игерудің тұлға қалыптастырудағы сұранысының ауқымы кеңейі түсуде. Жас ұрпақ тәрбиесі мен білімі оған берілетін білімнің жан-жақты болуымен, әр түрлі ғылымдар негізінде интеграцияланған білім негіздерімен қаруландырумен анықталады. Сондықтан интеграциялық оқытуды жүзеге асыру, оның ғылыми деңгейін арттыру, тұтастай алғанда оқушылардың танымдық әрекетіне тән дағдыларды қалыптастыру, тіл мәдениетін дамыту, солардың негізінде білім сапасын арттыру міндеті күн тәртібіне қойылған өзекті мәселелердің бірі екендігіне дау жоқ [5].

Жаңа оқу бағдарламаларының ерекшелігі – оның ХХІ ғасыр дағдыларын дамытуға бағытталғандығында: ақпаратты іздеу, талдау және интерпретациялау дағдыларын дамыту; адам, табиғат және қоғам туралы олардың бастапқы білім қорларын қалыптастыру (әлемнің біртұтас бейнесі); рухани-адамгершілік құндылықтарын дамыту; оқудың функционалдық дағдыларын қалыптастыру: санау, оқу, жазу, өз ойын нақты әрі дәл жеткізе білу, себеп-салдарлы байланыстар орнату. Оқушы білімді дайын күйінде алмай, оны өзі өндіреді, өзінің оқу әрекетінің мазмұны мен түрлерін ұғынады, оның ережелер жүйесін түсінеді және қабылдайды, жетілдіруге белсенді қатысады. Ол өз кезегінде білімдердің, біліктердің, оқып-үйрену және кең ауқымды дағдылардың белсенді әрі сәтті қалыптасуын қамтамасыз етеді. Оқушылардың оқу әрекеттері келесі басты санаттар бойынша топтастырылған: «біледі», «түсінеді», «талдайды», «бағалайды», «синтездейді» [6].

Қазіргі таңда білім саласындағы зерттеулердің көбі негізгі категория ретінде концепт ұғымын алуда. Виггинс және Мак Тигенің айтуы бойынша «Концепт – бұл шығу тегі, уақыт кезеңі мен заттық мазмұн аспектілігі шеңберінен шығатын кең идеялы, ұзақ мерзімді мінездің қағидасы немесе тұжырымдамасы» болып табылады (Виггинс және Мак Тиге 1998). Ғалымның (Bilim-Obrazovanie-Education № 2-3, ақпан-наурыз, 2018 ISSN 2522-1191) пайымдауынша, кез-келген ұғым концепт бола бермейді, тек қана кейбір күрделі, нақты бір мәдениетті оларсыз елестету, таныпбілу мүмкін емес маңызды ұғымдар ғана концепт ретінде танылады. Концепт жалғыз бола алмайды, ол кем дегенде екі құраушы бөліктен тұруы тиіс, яғни кем дегенде екі пәндегі негізгі ұғымның басын біріктіріп бір концепт арқылы түсіндіруге болады. Жалпы, концепт философиялық тұрғыда екі бағытта түсініледі: біріншісі – рухани мәдениеттің өзекті сөзі, екіншісі – сөздің пайда болуына дәнекер алғашқы түсінік. Концептің басты белгілерінің бірі – оның мәдени реңкте болуы. Сондықтан ол ұлттық ерекше дүниетанымды түсінуде басты компонент болып саналады [7].

«Концепт» деген не? Линн Эриксон: Концепт – бұл көп мысалдарға ие, кең, абстрактілі, әмбебап идеялар.

Концепт – бұл ұйымдастырушы идея;

- ментальдік құрылым
- уақыт шектелмеген
- әмбебап
- абстрактілі (сол немесе басқа дәрежедегі)
- 1 және 2 сөзбен жеткізу
- мысалдар бірыңғай белгілерге ие
- Концепт дегеніміз - ойлау мен таным және мәдени процесінің нәтижесі; адам ойындағы

ғалам бейнесінің өзіндік белгілерінің ассоциациялануының нәтижесі; концептілік мәнге ие болған доминанттың тілдік қолданыстағы мағынасының қайта ойлаудан өтуі және бұрынғы бар ақпараттарды лингво-философиялық тұрғыдан толықтырып, тың мағұлмат беруші бірлік болып табылады.



1. Концепт – ментальдік және психологиялық ресурстарды түсіндіретін және адамдардың білімі мен тәжірибесін бейнелейтін термин.
2. Концепт – оперативті есте сақтау бірлігі, әлемнің адам психикасында көрініс табуы.
3. Концептілер – сөз және экстралингвистикалық шындықтың арасындағы дәнекер.

Сонымен, концепт – адамзаттың әлем бейнесі туралы жинақталған мәдени түсініктерді беретін тірек ұғымдар. Бұл мәселелерді астын сызып айтудағы негізгі мақсат – пәнді оқытудағы «біртұтастық» (концептуалды) принципінің маңыздылығын ашып көрсету. Мұғалім өз пәнін оқыту барысында белгілі бір сыныптың бір жылдағы оқып үйренетін тақырыптарын ғана емес, сонымен қатар жаңағы сыныптың осы мерзімге дейін нені оқығанын, болашақта қандай мамандықты таңдайтынын, қай оқу орнына түсу керектігін, мектептен нақты нені біліп шығу керектігін саналы түрде айқын жоспарлай білуі керек. Яғни, оқушы бойына оның өміріне қажетті білімі, ғылыми және өмірлік дағдыларды қалыптастырып, соңғы нәтижені алдын ала болжап, бағдарлай білуі шарт. Демек, мұғалім өз пәнінің ұзақ мерзімді жоспарын өзге пәндермен тақырыптар арасындағы байланысты орнатып, жақын тақырыптарды нақты бір үлкен идея (концепт) төңірегіне топтастыруы қажет. Осы орайда пәндерді кіріктіре оқыту тәсілі – пәндер арасындағы мазмұндық байланысты орнатып қана қоймай, уақытты үнемдейді және пәнаралық байланысты тереңдетеді. Тарауларды үлкен идея маңына топтастыру – оқушының конструктивті ойлауын логикалық жүйеге келтіреді.

НЗМ мектептерінде білім алушыларға терең білім берумен қатар, олардың ауызекі тілі мен жазбаша тілін дамыту, ойын жүйелі айтып орамды сөйлеп әрі дұрыс жаза білуді талап етеді. Сондықтан қазіргі концептуалдық оқыту арқылы білім алушылардың жазбаша тіл мәдениетін дамытып, жүйелі жазу дәрежесін көтеру мақсатын қояды.

Концептуалды оқыту мұғалімдер мен оқушыларды фактілерді зерттеп қана қоймай, сонымен бірге осы фактілердің нені білдіретіні және олар не себепті маңызды екенін ойластыруға шақырады. Бұл концептуалды білімнің маңызды ерекшелігі - оқушыға білім, тәрбие берудің және оны дамытудың мақсаттары шешілетін мақсатты бағытталған, бірізді өзгеріп отыратын мұғалім мен оқушылардың өзара әрекеттестігі. Үздіксіз білім алуға дайындау қызметі, адамды қоғамдық қарым-қатынастарға белсенді араласуға бағыттайды, практикалық іс-әрекетке, жалпы білімін жан-жақты үнемі жетілдіріп отыруға бағыттайды.

Концептуалды оқыту – таным процесі. Танымдық ерекшелігі – оқушыда білімге деген қызығушылығы ұдайы өсіп арта түседі. Концептуалды оқытудың міндеті – оқушыны айнала ортамен (табиғат, қоғам) және адам дамуының негізгі заңдылықтарымен қаруландыру. Оқушы дүние тануда бұрын ғылымда белгілі болған, зерттеліп, дәлелденген жаңалықтарды, заңдылықтар мен тұжырымдарды әрі қарай дамыта түседі.

Концепт санада белгілі бір концептілік жүйе арқылы қалыптасады. Концепт түрлері поэтикалық мәтіндегі тілдік көрінісіне қарай фрейм – қарапайым форма, скрипт – күрделі форма, сценарий – оқиғалы форма, схема – сызбалы форма, ойсурет – бейнелі форма деп танылды. Фрейм – бұл концептілік жүйенің құрылымдық элементтерін танытатын қарапайым формасы. Ол концептінің ең жақын схемаларынан құралады және ең жақын ассоциативтік, стереотиптік таңбалар арқылы көрініс табады. Схема (сызба) – когнитивтік санада сыртқы сигналдар мен ішкі сезімдер көмегі арқылы жинақталған ақпараттарды бір құрылымда таныту тәсілі. Бұл жинақталған кеңістік – графикалық немесе сызықтың бейнелер түрінде көрініс беретін тұжырым[8].

Назарбаев зияткерлік мектептерінде осындай өзекті мәселелердің түйіндерін тарқату мақсатында жүйелі жұмыс атқарылып келеді. Нақтылайтын болсақ, әртүрлі пән мұғалімдері бірлесіп «горизонтальды жоспарлау» бойынша жұмыс жасайды. Сондай-ақ, әр бірлестік өз пәндеріндегі жүйелі сабақтастықты орнату үшін «вертикальды жоспарлауды» басты приоритет еткен. Мектептің математика, биология, физика, химия, география, қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі пәні мұғалімдері атлмыш пәнді мектепте оқыту бағдарламасын «фундаменталды» және «спецификалық» концептілерге жіктеген. Бұл концептуалды кесте мектеп мұғалімдерінің пікірлесе отырып жасаған еңбектерінің нәтижесі. Бұл қатып қалған қағида емес. Себебі осы саланы зерттеуші ғалымдар мүлдем басқаша түсіндіруі мүмкін.

Концептуалды оқытудың мақсаты - оқушыларға:

- өз еріктерімен және ынтымақтастықпен білімді әр түрлі көздерден іздестіруге;
- меңгерген білімдерін танымдық және практикалық міндеттерді шешуде қолдана білуге үйренуге;
- әр түрлі топтарда жұмыс жасай отырып, коммуникативті іс-әрекеттерді өз бойына қалыптастыра білуге;
- жүйелік ойлауды дамытуға;



- зерттеушілік іскерліктерін қалыптастыруға (проблеманы анықтай алу, ақпарат жию, бақылау, зерттеу жүргізу, талдау, гипотеза құру, жалпылау) жағдай жасау.

«Жаратылыстану» білім саласы пәндерін концептуалды оқытудың ерекшелігі:

- білім алушылардың жаратылыстану ғылымдарының қоршаған ортаға, экономикаға, технологияға, әлеуметтік және этикалық ортаға әсерін түсінуі;

- білім алушылардың оқу, жобалау-зерттеушілік, шығармашылық іс-әрекетін, өздігінен даму уәждерін қалыптастыруға жағдай жасау;

- білім алушылардың алған білімін күнделікті іс-әрекетінде қолдану және салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру;

- күнделікті іс-әрекетінде және шешім қабылдағанда жауапкершілік қарым-қатынаста болуға тәрбиелеу, қоршаған ортаға өз ықпалының нәтижелерін болжауға үйрету, табиғатқа қамқорлық көзқарасын қалыптастыру, өмір сүруді Жер бетіндегі ең жоғарғы құндылық ретінде қарау, сонымен қатар адамның өзінің өмірі мен денсаулығына жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.

Жалғаспалы пәнаралық байланыстар – бұл байланыстар, көптеген сұрақтар мен ұғымдар бір мезгілде бірнеше пәнде зерделенуі мүмкін екенін қарастырады (мысалы, масштаб – сызба, жоспардағы аэрофототүсірудегі немесе картадағы кесінді ұзындығының сол кесіндінің нақты ұзындығына қатынасын есептесе, биологияда – жасушаның сызықтық ұлғаюын есептеу оқылады және т.с.с).

Пәнаралық байланыстар материалды бір пәннен оқу, сол материалды басқа пәндерден оқудан бұрын жүзеге асырылады (мысалы, диффузия, осмос туралы ұғым физика пәнінде биологияға қарағанда бұрын оқытылады). Бұл жағдайда биология мұғалімі физикадан алынған білімге сүйенеді.

Қорыта келгенде үлкен идеялармен (концепциямен) жұмыс жасау немесе пәнді оқытуда біртұтастық принциптерді ұстану – оқушының көптеген «ұсақ-түйек» формулалардың түпкі астарын түсінбей жаттаудан, энергиялары мен жүйкелерін бейбірекет шығындаудан қорғайды. Нақты айтқанда концептуалды оқыту принципін қолдану:

- уақытты үнемдеуге;

- глобальды идеялармен жұмыс жасауына;

- пәндер арасындағы байланысты орната алуға ықпал етеді.

Концепт оқыту оқушылардың қарама-қайшылықтарды, балама көзқарастарды және әртүрлі ойлау тәсілдерін көруге шақыратын ойлау мәдениетін қалыптастырады. Жасөспірімдер дерексіз ойлаудың неғұрлым күрделі тәсілдеріне көшуді бастаған кезде, концепт оқушыларға уақыт пен пән бойынша көрініс үшін дәйекті нәрсе ұсынады. Тұжырымдар жеке сөздер емес, оқыту мен оқытуды қалыптастыратын күрделі идеялар.

Қолданылған әдебиеттер:

1 2018-2019 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2018. – 372 б.

2 Вежбицкая А. Язык. Культура. Познание [PDF] twirpx.com>file/220969/

3 Попова З.Д., Стернин И.А. Основные черты семантико-когнитивного подхода к языку // Антология концептов.-Волгоград: Парадигма, 2006, Т-1, С.7.

4 Демьянков В.З. Понятие и концепт в художественной литературе и в научном языке // ВЯ; 2001, №1. – с.44-48

5 Оқу бағдарламасы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ – NIS-Program Астана, 2017

6 Fimyar, Olena. 'Sovet', 'Kazakh' and 'World-Class' in the Contemporary Construction of Educational Understanding and Practice In Kazakhstan. [ред.] David Bridges. Educational Reform and Internationalisation The Case of School reform in Kazakhstan. Cambridge : Cambridge University Press, 2014, стр. 187.

7 Советханович, Чултуков Нартай. Британия мектептріндегі талаптар. "МатематикаФизика" Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал . Алматы : 2016 г., №3, стр. 4.

8 Беляев Д.А. Определение и смысл концепта в современной культурфилософии // Современные проблемы науки и образования. – 2012. – № 1.



РАЗВИТИЕ ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В ШКОЛЕ

СОЛОМОНОВА Елена Анатольевна

Государственное учреждение «Вечерняя школа № 100»

Караганда, Казахстан

elentr@mail.ru

Аннотация

Бұл жұмыста қосымша білім беруге көшу кезіндегі «Ақпараттық технологиялар» курсының даму болашағы, курста STEAM-білім беруді жүзеге асыру жолдары және 10-11 сынып оқушыларына арналған курс бойынша оқулықтың элементтері қарастырылған.

Аннотация

В данной работе рассматриваются перспективы развития курса «Информационные технологии» в рамках перехода на дополнительное образование, пути внедрения STEAM-образования в курс и элементы учебного пособия по курсу для учащихся 10-11 классов.

В своем Послании Глава государства Касым-Жомарт Токаев дал поручение возобновить деятельность «детских кружков», где представители будущего поколения могли бы постигать азы творчества и ремесленничества [1].

Министр образования и науки Республики Казахстан Асхат Аймагамбетов на своей фейсбук-странице высказался о том, что действительно, без дополнительного образования невозможно раскрыть весь потенциал детей. Поэтому так важно, чтобы у каждого ребенка была возможность посещать внеурочно кружки и секции. Эта сфера развивает самые важные на сегодняшний день мягкие навыки, и поэтому роль дополнительного образования становится все более важной [2].

Перспективы развития курса

Предмет «Информационные технологии» (ранее «Компьютерное делопроизводство») преподается в «ВШ № 100» (бывший учебно-производственный комбинат Советского района) г. Караганды с 1989 года. В этом учебном году, а также в планах на будущее происходит кардинальное изменение профессий в рамках развития индустриально-инновационной деятельности и перехода на дополнительное образование. При этом необходимо учитывать некоторые моменты.

Навыки информационно-коммуникативных технологий (ИКТ) необходимы учащимся, чтобы ориентироваться в автоматизированных системах, осваивать электронный документооборот и автоматизированные рабочие места (АРМ).

Возможность проходить практику в учреждениях города в летний период. Работа, предлагаемая учащимся, скорее всего, будет связана с навыками использования компьютерной техники.

Научно-исследовательская деятельность во время обучения: мониторинг скорости письма на клавиатуре от занятия к занятию, повышение грамотности в конце обучения относительно его начала, результаты входного и выходного тестирования, анкетирование и т.д.

Дистанционная форма обучения через использование платформ дистанционного обучения, электронной почты, мессенджеров, Интернет-конкурсов.

Слепой десятипальцевый способ письма на клавиатуре, который способствует повышению производительности труда и снижению утомляемости при работе на любом клавишном устройстве.

Проектная деятельность как подведение итога обучения [3]. Возможность проведения научных проектов в течение всего учебного года. Для этого подобрано около 100 тем проектов, вот некоторые из них:

- Электронный документооборот: возможности и перспективы.
- Знаковые системы в документировании, их классификация.
- Программные средства автоматизации документооборота.
- Компьютерные технологии в делопроизводстве.
- Компьютерные технологии в информационно-справочной работе.

Все эти моменты требуют технических навыков использования ИКТ.

Внедрение STEAM-образования

в курс «Информационные технологии»

В Казахстане начато активное развитие STEAM-образования. Подтверждением тому является обозначенный переход на обновленное содержание школьного образования в контексте STEAM. После реализации новой образовательной политики в рамках Государственной программы развития образования и науки на 2016-2019 гг. происходит включение в учебные программы STEAM-элементов, направленных на развитие новых технологий, научных инноваций, математического моделирования.



В курс «Информационные технологии» внедрен новый междисциплинарный и проектный подход к обучению, который позволит школьникам усилить исследовательский и научно-технологический потенциал, развить навыки критического, инновационного и творческого мышления, решения проблем, коммуникации и командной работы.

В 2018 году нами была разработана и апробирована новая программа обучения «Основы электронного менеджмента». Программа включает в себя следующие разделы:

10 класс: введение в курс, соло на клавиатуре, скоростное письмо, энциклопедия офиса, институт электронных услуг.

11 класс: электронный диалог, безбумажный бизнес, электронная коммерция, человек-исследователь.

Содержание программы

10 класс

1. Введение в курс (2 часа).

Профессиональный отбор. Анкетирование учащихся. Введение в курс обучения. Организационные вопросы. Правила внутреннего распорядка и личной гигиены.

Техника безопасности и правила поведения в кабинете ИВТ. Оказание первой медицинской помощи при поражении электрическим током. Упражнения по снятию зрительного напряжения с глаз [4].

2. Соло на клавиатуре (10 часов).

Понятие о десятипальцевом слепом методе письма. Изучение клавиатуры. Основная позиция. Зона движения указательных пальцев. Зона движения средних и безымянных пальцев. Зона движения мизинцев. Отработка движений к клавишам буквенных рядов клавиатуры.

Абзац.

Арабские цифры. Количественные, порядковые числительные. Отработка движений к клавишам верхнего цифрового ряда клавиатуры.

Верхний регистр. Написание знаков препинания. Особенности написания знаков препинания в тексте . , - : () " ... ? ! Упражнения для написания слов с использованием знаков препинания.

3. Скоростное письмо (2 часа).

Система упражнений письма на скорость. График движения скорости. Клавиатурные тренажеры.

4. Энциклопедия офиса (9 часов).

Функции по бездокументному обслуживанию учреждения. Деловые и личные качества. Профессиональная этика. Деловые контакты. Организация приема посетителей. Ведение телефонных переговоров. Работа по организации и проведению совещаний, заседаний. Работа с информационными потоками (печатные издания, сеть Интернет).

5. Институт электронных услуг (10 часов).

Электронная цифровая подпись (ЭЦП). Условия получения интерактивных услуг. База мобильных граждан (БМГ). Преимущества БМГ. Разделы портала «электронного правительства». Поиск электронной государственной услуги (информационной). Получение электронной государственной услуги. Производство онлайн-транзакций. Подача электронного обращения в государственный орган. Мобильное приложение «электронное правительство» [5].

Промежуточный контроль (1 час).

11 класс

6. Электронный диалог (4 часа).

Анкетирование. Участие в интернет-конференциях. Участие в опросах. Качество сотовой связи.

7. Безбумажный бизнес (6 часов).

Электронный документооборот. Программное обеспечение для электронного документооборота. Оптимизация бизнеса с помощью «безбумажного офиса». Переход компаний на безбумажный документооборот. Индивидуальное предпринимательство (ИП). Онлайн регистрация ИП на портале электронного правительства.

8. Электронная коммерция (12 часов).

Возможности электронной торговли. Оформление заказа. Оплата. Доставка. Интернет-магазины. Открытие интернет-магазина. Продвижение интернет-магазина. Система интернет-объявлений.

Варианты заработка в сети Интернет. Публикации продуктов творчества. Использование личной Web-страницы. Реклама в сети Интернет.

Сетевой маркетинг и его недостатки. Риски электронной валютной биржи



9. Человек-исследователь (10 часов).

Подготовка к разработке проекта. Разработка визитной карточки проекта. Использование сети Интернет для поиска информации для проекта. Разработка презентации для проекта. Предзащита проекта. Защита проекта.

Проектная деятельность.

Итоговый контроль (2 часа).

Требования к уровню подготовки

Учащиеся должны знать:

10 класс

- технику безопасности, правила поведения в компьютерном классе;
- возможности программных оболочек в пределах инструкции пользователя;
- типовые приемы работы с текстом;
- основные требования служебной этики;
- основной перечень государственных услуг портала электронного правительства;

11 класс

- алгоритм участия в общественных интерактивных мероприятиях;
- возможности специализированных офисных пакетов;
➤ 9 Секция – ақындық интеллектінің сынып бойынша деңгейі – 49 балл. Техникалық пәндерге бейімділігі анық байқалатын сынып оқушыларының тілдік дағдыларын жетілдіру мақсатында, ақындық интеллектіні дамыту үшін шығармашылық тапсырмалар берілуі қажет.

➤ 10 Секция – әртістік интеллектінің сынып бойынша деңгейі – 49 балл. Сынып рольдік ойындарды өз деңгейінде орындауда ортадан төмен деңгейде. Жетілдіруге арналған тапсырмалар беруге болады.

➤ 11 Секция – аспаздық интеллектінің сынып бойынша деңгейі – 66 балл. Сыныптағы тест тапсырған 17 оқушының 13-і қыз бала екенін ескерсек, аспаздық интеллектінің жоғары болуы заңды сияқты.

➤ 12 Секция – спорттық интеллектінің сынып бойынша деңгейі – 61 балл. Нәтижелерге қарай отырып, спортқа бейім оқушылардың көп екенін анықтауға болады. Қызығушылығы мен бейімін пәнаралық интеграция арқылы тиімді дамытуды көздеу керек.

➤ 13 Секция – математикалық және зерттеушілік интеллектінің сынып бойынша деңгейі – 48,2 баллды құрайды. Сыныптың тест тапсырған кезеңдегі математикалық қабілеті ортадан төмен.



Бұл жалпы сыныптың бұл интеллект түрінің төмендігін көрсетпейді. Есептеуге бейімделген тапсырмаларды көп беруге болады.

Тестілеу нәтижелерін құрылымдап және тест өткізу нәтижесі бойынша қорытынды.

Қорытынды

Сыныптың ішінде математикалық-зерттеушілік қабілеті жоғары 3 оқушы, логикалық интеллектісі өте жоғары 2 оқушы анықталды, 80 балл деңгейінде 5 оқушы бары белгілі. Жалпы сыныптың математикалық-зерттеушілік деңгейі бойынша деректі сұрақтар қою, тізбектелген логикалық сауалдар мен мәселені шешуге бағытталған жұмыстар жүргізілуі тиіс.

Спортқа бейімділігіне байланысты оқушыларға қозғалмалы тапсырмалар (Айналмалы бекет, сергітудің қозғалысты түрі) беру жиілігін көбейту керек.

Лингвистикалық интеллекті 100 деңгейіндегі 1 оқушы анықталды. Сол оқушының көмегімен, тұтас, тұтас емес мәтіндерді құрауда, интонацияны талап ететін тапсырмаларда сыныптың жалпы белсенділігіне әсер етуге болады. Шығармашылық тапсырмаларды орындауға сабақтан тыс уақытта тарту керек. БАҚ мен белгілі блог-сайттарға тіркеу арқылы, шығармашылығымен бөлісу тиімді.

Визуалды-кеңістіктік интеллектісі жоғары деңгейде дамыған 9 оқушыға тапсырмаларды сызба мәтін күйінде өңдеу үшін беруді жоспарлау қажет.

Ақындық, поэтикалық интеллектінің дамытылуы үшін (100 жинаған 1 оқушы) «ұйқасты тіркестер» (буриме) мен «өлең» тапсырмаларын берген дұрыс.

Өртістік қабілеті анықталған оқушылар – салыстырмалы түрде басқа интеллект түрлеріне карағанда аз. Рольдік ойындар мен роль үлгілерін мейлінше аз қолдану тиімді. Аналитикалық ойлауға итермелейтін тапсырмалар тиімді шешім бола алады.

Жалпы кесте бойынша, сыныптың тұлғашылық интеллектісі ең жоғарғы ортақ балл 69-ды құрайды. Расымен, сыныптың көпшілік оқушылары жеке жұмысты көбірек орындауды қалайды. Топтасуда бір көшбасшыға бағынудан бас тартады, іштей әлсіз қарсылықтар көрсетеді. Сыныпта айқын анықталған 7 көшбасшы бар. Тапсырмаларды топтастырып бергенде, осы ерекшелік ұдайы ұстаз тарапымнан ескеріліп отырады.

Тест нәтижелері өзгермелі болғандықтан, болашақта басқа да интеллект түрлерін анықтайтын тест үлгілерімен жұмыс жасау арқылы, сынып оқушыларын басқа қырынан тануға, «табуға» жұмыстар жасалады.

Дарынды оқушылардың ынтасын арттырудың тәсілдері:

- проблемалық жағдаяттар туғызу;
- тұлғаның жеке танымдық қабілеттері мен қажеттіліктеріне ерекше назар қою;
- уақытты сындарлы пайдалану;
- эмоциялық көңіл күй;
- үдеріске ерекше назар қою (нәтижеге емес);
- олардың істей білу деңгейінің - қызығушылықтарына сәйкес келуі.

Егер дарынды оқушылардың зияткерлік және эмоциялық қажеттіліктері қанағаттанбаған жағдайда немесе олар үйден, мектептен немесе қоғамдастықтан қолдау алмайтын болса, олар орта мектептен тыс оқуда табысқа жетуі мүмкін емес.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Сапалы зерттеуді қалай сапалы жүргізуге болады: әдістемелік ұсыным / А.А.Ошақбаева. – Астана «НЗМ» ДББҰ ПШО, 2016.
2. Балалар мен жасөспірімдердің дарындылық психологиясы / Ред. Н.С. Лейтита М.: «Академия» баспа орталығы, 1996. - 416 б.

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ БІЛІМ МЕН МӘДЕНИЕТТІҢ БАЙЛАНЫСЫ

УСЕНОВА Гульзира Рамазановна

«Уәлиханов ауылшаруашылық колледжі» КММ

Солтүстік Қазақстан облысы, Уәлиханов ауданы, Қазақстан

usenova88.88@mail.ru

Тәрбие де, білім де бөлінбейді.
Білімді бермей тәрбиелеу мүмкін емес,



кез-келген білім тәрбиелік тұрғыдан әрекет етеді.

Л. Н. Толстой

Біз ХХІ ғасырда өмір сүріп жатырмыз. Инновация және интеллект ғасырында. Дәл осы интеллект қоғам дамуының қозғаушы күші, жаңғыру кепілі болып табылады. Алайда, бүгінгі таңда экономика мен өндірістегі өзгерістер туралы ғана емес, білім берудегі өзгерістер туралы да айту керек. Қазіргі заманғы қазақстандық білім инновациялық, яғни дамушы қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыруға дайын екенін атап өткен жөн. Бірақ қоғамның өзі жаңа білім мен дағдыларды тұтынуға дайын ба?

Кез келген мемлекеттің, ұлттық дамуының көрсеткіші мәдениет болып табылады. Сонда қазақстандық инновациялық білім берудің заманауи мәдениетпен байланысын түсіну қажет. Міне, осы тұста сұрақ қою қажет, қазіргі заманғы білім беруді қазіргі заманғы қазақстандық мәдениеттің бір бөлігі деп санауға бола ма?

Сұраққа жауап беру үшін қазіргі мәдениеттің негізгі тенденцияларын анықтау керек, алдымен жастар мәдениетіне баса назар аудару керек.


Жастар мәдениеті-бұл жастардың физиологиялық үдеуі олардың әлеуметтену кезеңінің ұзақтығының күрт артуымен (кейде 30 жасқа дейін) бірге жүретіндігіне байланысты пайда болатын ерекше құбылыс, бұл дәуірдің талаптарына сәйкес келетін білім мен кәсіби дайындыққа уақытты көбейту қажеттілігінен туындайды. Бүгінгі таңда жасөспірім бала болуды ерте тоқтатады (психофизиологиялық дамуы бойынша), бірақ әлеуметтік мәртебесі бойынша ол ұзақ уақыт бойы ересектер әлеміне жатпайды.

Жастық шақ-бұл экономикалық белсенділік пен тәуелсіздікке әлі толық қол жеткізілмеген уақыт. Психологиялық тұрғыдан алғанда, жастар ересектер әлеміне, ал әлеуметтанулық тұрғыдан жасөспірімдер әлеміне жатады. Егер біліммен қанықтыру мағынасында адам әлдеқайда ертерек жетілсе, онда қоғамдағы позиция, өз сөзін айту мүмкіндігі – оның жетілуі кейінге қалдырылады. "Жастар" феномен және индустриалды қоғам құрған әлеуметтанулық категория ретінде ересектер институттарына айтарлықтай қатыспаған кезде психологиялық жетілуімен сипатталады.

Алайда, қоғамға жастар мен оның мәдени құндылықтары мен ересектер институты қажет, оны өз көзқарастарымен тартып, оның мүдделері мен мақсаттарын білуі керек. Бұл жерде жас ұрпақтың мүдделері мен оның білімге қатынасын анықтау міндеті тұр. Осыған байланысты "Мәдениет және білім" әлеуметтік сауалнамасы әзірленіп, өткізілді. Мақсаты-жастардың білім берудің маңызын бағалауының айқын сипаты. Әлеуметтік сауалнамаға "Уәлиханов ауыл шаруашылығы колледжі" КММ-нің 45-ке жуық студенті қатысты. Сауалнамаға 3 сұрақ қойылды:


1. Адамға білім не үшін қажет?

45 респонденттің 60% - ы болашақта беделді мамандық алу үшін білімді қажет деп санайды, 30% - ы өзін-өзі бағалауды көтеру үшін оқу қажеттілігін көреді, қалған 10% - ы білімнің маңыздылығын құрдастарының арасында да, мұғалімдер арасында да қажетті беделге ие болу әдісі ретінде анықтайды.



2. Мәдени адам деген кім?


Осы сұрақтың жауабына байланысты жастар өкілдері мәдениетті адам, білімді адам, яғни білім алатын немесе ие болатын адам деп санайды, бұл оқушы, мұғалім, студент және т.б. демек, осының негізінде білім мен жастар мәдениеті бір-бірінің бөлігі деп қорытынды жасауға болады.





3. Қазіргі заманғы мәдениет пен инновациялық білім байланысты ма ?

Бұл сұрақ жоғарыда айтылғандардың екеуін қорытындылайды және оның нәтижесі қазіргі заманғы мәдениет пен білімнің өзара әрекеттесуіндегі жас ұрпақтың хабардарлығын көрсетеді. Респонденттер бұл байланысты осы екі элементтің қолайлы дамуын тудыратын сапалы ынтымақтастық ретінде бағалайды.



Осылайша, жастар мәдениеті мен білім бір-бірімен тығыз байланысты және өзара әрекеттеседі. Бұл өзара іс-қимыл саналы болғаны қуанышты. Әрине, білім мен мәдениеттің өзара байланысы әлеуметтік ғылымдар аясында дәлелденген және білімді тұтынатын қоғам – студенттер мұны түсінуі маңызды болды. Дегенмен, тәрбие мен білім беруді біріктіретін Л. Н. Толстойдың эпиграфына жүгіну керек. Мәдениет пен білім берудің мақсаттары - адамды, дәлірек айтқанда оның рухани-адамгершілік құндылықтарын, патриотизм, адамгершілік, толеранттылық сезімдерін тәрбиелеу.

Білім беру процесінде адам мәдени құндылықтарды игереді. Білім мазмұны әр түрлі елдер мен халықтардың мәдени мұрасынан, үнемі дамып келе жатқан ғылымның әр түрлі салаларынан, сондай-ақ адамның өмірі мен тәжірибесінен алынады және үнемі толықтырылып отырады. Білім беру-бұл ұрпақтар жинаған білім мен мәдени құндылықтарды беру процесі. Мәдениет пен білім бүкіл әлемдік қоғамдастықтың басты назарында. Олар әлеуметтік прогресс пен өркениеттің дамуының жетекші факторлары ретінде әрекет етеді. Мәдениет пен білімнің өзара әрекеттесуін әртүрлі аспектілерде қарастыруға болады:

- қоғам деңгейінде, тарихи контексте;
- нақты әлеуметтік институттар, адамның даму саласы немесе ортасы деңгейінде;
- оқу пәндері деңгейінде. Адамның білімі мен білім беру жүйесі олардың қарым-қатынастарының әмбебаптығына байланысты белгілі бір әлеуметтік-мәдени контексте ғана қарастырылады. Білім әлеуметтік-мәдени функцияларды орындайды:
 - тұлғаны әлеуметтендіру және ұрпақтар сабақтастығы тәсілі;
 - қарым-қатынас ортасы және әлемдік құндылықтарға, ғылым мен техниканың жетістіктеріне баулу;
 - адамның жеке тұлға, субъект ретінде дамуы мен қалыптасу процесін тездетеді;
 - адамда руханилықтың және оның дүниетанымының құндылық бағдарлары мен моральдық принциптерінің қалыптасуын қамтамасыз етеді.

Қазіргі мектептегі білім қарапайым болмауы керек. Мектеп өмірге дайындалмауы керек, ол өзі адам ретінде өмір сүретін ерекше өмір болуы керек. В. С. Библер" мектепте іс-әрекет мәдениетін алдын-ала іс-әрекет ретінде дамыту жүзеге асырылады " дейді, онда оқушы іс-әрекеттің нәтижесіне емес, философтың пікірінше, тікелей іс-әрекет қарсаңында игерген кезде іс-әрекеттің өзіне бағытталған. Сіз онымен дауласуға немесе келісуге болады, бірақ ең бастысы, мектеп адам өмірінің белгілі бір кезеңінде өзін-өзі қамтамасыз етуі керек. Алайда, білім берудің мақсатын анықтаған кезде, білім берудің тәрбиелік сәті бірінші орынға шыққан кезде, мектеп жеке тұлғаның тәрбиесіне емес, жеке адамның өміріне тікелей әсер етуге бағытталуы керек екенін атап өткен жөн, өйткені адам тек адамның күшімен туады, бірақ Библер дұрыс атап өткендей, біліммен жұмыс істей алатын "мәдени адамды" қалыптастыру. оларды түсіну, ойлау, әртүрлі ойлау түрлерімен, әртүрлі мәдениеттердің идеяларымен жұмыс істеуге қабілетті. "Мәдениет адамының" қалыптасуы онда жоғарыда айтылған мәдени қабілеттің қалыптасуын білдіреді, ал оны нақты пайдалану студентті жеке тұлға ретінде қалыптастыруға жетелейді. Бөтен адам, тіпті егер ол мұғалім болса да, адамның жанына "көтерілуге", адамға қол тигізуге деген сұранысы, білімі мен тілегінсіз мүмкін емес және болмауы керек.

Педагогикалық іс-әрекеттің "мәдени адамды" қалыптастыруға бағытталуы педагогикалық кеңістіктің сәулетіне кем дегенде екі жаңа элементті енгізуі керек.

Бірінші жаңа элемент-оқытудың заманауи техникалық құралдары, ең алдымен, барлық қосымшалары бар компьютер. Компьютерлік желіге қосылған жеке компьютер әр оқушының үстеліне (мектепте де, үйде де) тиесілі болуы керек. Бұл бірден мектеп бөлмесінің архитектурасын өзгертуді қажет етеді, өйткені қазіргі заманғы сыныпта техникалық оқу құралдарына орын жоқ. Оқушының орны



бар, мұғалімнің орны бар, бірақ компьютерге, принтерге, теледидарға, бейнемагнитофонға, бейнекамераға, музыка синтезаторына және т. б. орын жоқ. Мүмкін, мектепте компьютерлерге қажеттілік сезілмейді, сондықтан ешкім ол тұруы керек бос орынды көрмейді.

Мектепті қазір компьютерлермен жабдықтау ғана емес, сонымен бірге ұзақ уақыт қаржылық қиындықтарға тап болады, бірақ қаржылық қаражат болса да, мектептің қазіргі кеңістігі жаңа оқу құралдарын игере алмайды. Мұнда мектеп ғимаратының кеңістігіне компьютер мен техникалық құралдарды енгізетін сәулетшілер мен дизайнерлердің жұмысы қажет. Қазір компьютер сынып кеңістігінің құрылымына енгізілген және мектептерде компьютерлік сынып-кабинет ретінде бар. Компьютер мен басқа да техникалық құралдарды мектептің күнделікті өміріне енгізу оқу процесін өзгертеді. Компьютер ақпарат аудармашысы ролінде пән мұғалімін ауыстырады. Қазіргі мектепте білім-ақпаратты беру қажеттілігі жойылмайды, сонымен қатар бұл процесті күшейту қажеттілігі туындайды. Компьютерді пайдалануға, лазерлік дискілердегі ақпаратты, желілердегі ақпаратты пайдалануға және т. б. негізделген оқытудың жаңа технологиялары. оқу ақпаратын игеру процесін бірнеше рет күшейтуге мүмкіндік беріңіз. Сонымен қатар, компьютердің арқасында алынған әр түрлі ақпарат, сіз білетіндей, оқушыны пассивті қалдырмайды, бірақ оны өңдеуге, орналастыруға, байланыс орнатуға және т.б. қатысады. Осындай жұмыстың нәтижесінде оқушының санасында сөзсіз сұрақтар туындайды, оларды талқылауды мұғалім ұйымдастыруы керек, және, мүмкін, бірқатар мұғалімдер, білімнің әртүрлі салалары бойынша мамандар. Содан кейін сабақ, дәлірек айтқанда квази-сабақ, өйткені ол бір пәндік мазмұнмен шектелмейді, оқушы мен мұғалімнің диалогына, оқушылар мен мұғалімдердің бір-бірімен диалогына айналады. Осылайша, педагогикалық қарым-қатынастың асимметриясы жоғалады, өйткені диалогта барлық тараптар тең және сабақтың біркелкілігі жоғалады. Сонымен бірге, ол күрт өзгерсе де, пән мұғалімінің функциясы сақталады, ол қазір студенттермен тікелей жұмыс істемеуі керек, бірақ ол иелік ететін пәнмен, компьютерге арналған оқу бағдарламаларын әзірлеумен, мультимедия үшін тиісті материалдарды таңдаумен және т. б.

Мәдениет мемлекеттің жоспарлары мен бюджеттерінде білім беру ресми түрде қатар жүретін бөлім ғана емес – "мәдениет және білім" болуы керек, Мәдениет оның құрылымын, мұғалімнің іс-әрекетінің логикасын және бүкіл білім беру процесін ұйымдастырудың стратегиясын анықтай отырып, білімнің тәні мен қанына енуі керек.

Қолданылған әдебиет:

1. Конев В. А. Человек в мире культуры // Человек, культура, образование // Арнайы курс бойынша оқу құралы. - Самара: Самара университеті, 1999 (электр.уч)
2. Бордовская Н., Реан А. Педагогика. – М. -2005г, (электр.уч)

БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНДЕГІ «ТЕХНОЛОГИЯ» ҰҒЫМЫ ШЕРЖАНОВА Асима Рымтаевна

№34 ЖББОМ

Қарағанды, Қазақстан

ice-sher70@mail.ru

XXI ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар. Заманауи бағдарламалар мен оқыту әдістемелерін білікті мамандар ұсынуы маңызды. Оқыту нәтижесі оқушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеру болуға тиіс...

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың

«Қазақстан халқына жолдауы»,

«Қазақстан — 2050»

«Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ»!

“Технология” ұғымы соңғы кездері ең көп қолданылатын ұғымдардың біріне айналды. Технология ұғымының оқытудың технологиясы, педагогикалық технология, білім беру технологиясы, тәрбие технологиясы, қарым-қатынас технологиясы, даму технологиясы, қалыптасу технологиясы, модульдік технология, топтық оқыту технологиясы сияқты психологиялық-педагогикалық ұғымдармен байланысы саналуан. Жоғарыда аталған технологиялардың қай түрі болмасын, өзінің мәнін анықтап, сипаттама беруді қажет етеді. Қазіргі кезеңдегі ғылыми айналымда “технология” және технологиямен байланысты жеке ұғымдарға берілген анықтамалар баршылық. Алайда білім беру



жүйесінде дәл қазіргі кезеңде жүріп жатқан процестердің технологиясының мәнін ашып, түсіндіретін жалпы анықтама жоқ [1].

“Технология” ұғымы “Техне”- өнер, шеберлік, “logos” – ілім, білім, оқу, ғылым деген мағыналарды білдіретін, грек тілінен енген екі сөзден тұрады. Сондықтан, “технология” терминін қазақ тіліне “өнер туралы ғылым немесе шеберлік туралы ғылым” деп аударуға болады.

“Технология” – бұл қандайда болсын істегі, шеберліктегі, өнердегі амалдардың жиынтығы./Педагогикалық сөздік/

“Технология” – оқушы мен ұстазға бірдей қолайлы жағдай тудырушы оқу процесін ұйымдастыру және жүргізу бірлескен педагогикалық әрекетті жобалаудың жан-жақты ойластырылған үлгісі. /В.М.Монахов/

Бұл ұғымға пәндік саланы сипаттайтын терминдерді қосамыз да кез-келген нақты технологияның мәнін айқындаймыз.

Т.К.Смыковская, Т.Б.Руденколардың пікірінше: “Әдістеме тек бір ғана – оқыту үрдісіне көңіл бөлсе, технология бір мезетте оқу және оқыту үрдісімен қатар жұмыс істейді. Және технология алға қойылған мақсаттың нақты соңғы нәтижесіне кепілдік береді”. Ежелгі философтардың өзі педагогикалық шеберлікті тарату туралы айтқан, ал бұл осы күнгі технологияға жақын. Сондай-ақ, К.Ушинский, А.С.Макаренко да технологиялық рәсімдерді анық көрсете білген [2].

Сырттай қарағанда, технологияның әдістемесі мен оқыту үрдісіндегі әдістемелік және технологиялық әдіс-тәсілдер арасында карама-қайшылық жоқ. Себебі, “оқытудың әдістемесі” ұғымы “білім беру технологиясы” ұғымынан әлдеқайда кең. Дәлірек айтсақ, әдістеме “не үшін, неге және қалай оқыту керек?” негізгі үш сұраққа жауап беруге тырысады. Ал, технолог болса, мақсат белгілі болып, оған жетудің нақты іс-әрекетін, жолдарын анықтау қажет болған сәтте ғана іске кіріседі. Сонымен, Т.Г.Новикованың тұжырымдауынша, технология, негізінен, триаданың үшінші сұрағына, яғни “қалай оқыту керек?” деген сұраққа ғана жауап береді.

Технология ұғымы тар мағынада – бір нақты объектінің технологиясы ретінде және кең мағынада – ғылым саласы ретінде қарастырылады. Егер, технологияны педагогикалық ғылымдарға қатысты алсақ, педагогикалық технология ұғымының мәнін анықтап алу қажет.

Ғылыми–педагогикалық әдебиеттерде педагогикалық технологияның мәнін ғалымдар түрліше анықтайды. Атап айтқанда:

В.А.Беспальконың пікірінше, педагогикалық технология — алдын ала жобаланған оқу-тәрбие процесінің практикада жүйелі әрі бірізді жүзеге асуы;

Б.Т.Лихачевтің тұжырымдауынша, педагогикалық технология — оқыту мен тәрбиелеу құралдарының арнайы формаларының, әдіс-тәсілдерінің, жолдарының жиынтығын анықтайтын психологиялық-педагогикалық нұсқаулар жиынтығы;

В.М.Монаховтың айтуынша, педагогикалық технология — оқытушы мен оқушылар үшін барлық жақсы жағдайлар жасалынғанда оқу процесін жобалау, ұйымдастыру әрі жүзеге асыруда біріккен педагогикалық іс-әрекеттің жан-жақты (ұсақ-түйегіне дейін) ойластырылған моделі;

Дегенмен, барлық анықтамаларға ортақ басты негіз бар. Осы негізді арқау ретінде алып, педагогикалық технологияның мәнін былай сипаттауға болады: “Педагогикалық технологиялар — бұл білімнің басымды мақсаттарымен біріктірілген пәндер мен әдістемелердің; оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдама мен байланысқан міндеттерінің, мазмұнының, формалары мен әдістерінің күрделі әрі ашық жүйелері. Мұнда әр позиция басқаларына әсер етіп, ақыр аяғында оқушының дамуына жағымды жағдайлар жасайды. (М.М.Жанпейісова) [3].

Сонымен бірге, кез келген педагогикалық технология мынадай негізгі әдіснамалық талаптарды қанағаттандыруы тиіс.

Концептуалдық. Әрбір педагогикалық технология оқу мақсаттарына жетудің философиялық, психологиялық, дидактикалық және әлеуметтік-педагогикалық негіздері белгіленген нақты ғылыми концепцияға сүйенуі қажет.

Жүйелілік. Педагогикалық технология әрбір бөлігі өзара тығыз байланыста болатын үрдістің тұтастық логикасымен қамтамасыз етілуі тиіс. Технология басқарылуы тиіс, яғни, мақсат қою, жоспарлар құру, оқу үрдісін жобалау, әрбір этапқа сай диагностика, нәтижелерді түзету мүмкіндігін беретін әдіс-тәсілдердің көп варианттылығы.

Басқаруға оңтайлылық. Диагностикалық болжау жасауға, жоспарлауға, нәтижені өңдеу, өзгеріс енгізу мақсатында әдіс-тәсілдерді кезектеп пайдалану мүмкіндігі болуы керек.

Тиімділік. Қазіргі заманғы технологиялар нәтижелілігі жағынан да, оған кететін шығындар жағынан да тиімді болып, белгілі бір оқыту стандарттарына жетуге кепілдік бере алуы қажет. Технологияның қайта қалпына келтірілуі. Бұл критерий белгілі бір технологияның басқа мекемеде, басқа субъектілермен жүргізіле алуы мүмкіндігін меңзейді.



Қайталауға жарамдылығы. Басқа ұжымда, басқа сабақтарда дәл осы күйде пайдалануға, қолдануға мүмкіндіктің болуы.

Педагогикалық технологияның құрылымы мазмұнды және процессуальды компоненттерден тұрады. Мазмұнды компонентті *тұжырымдамалық* – мақсатқа жету құралдары, оқыту-тәрбиелеу процесінің тиімділігі туралы білімдер жүйесі, *диагностикалық* – педагогтің кәсіби педагогикалық бет пердесі, тұлғаның дербес ерекшеліктері мен оқушылардың дайындық деңгейі, *дидактикалық* – оқыту мазмұны, әдістер, әдістемелік тәсілдер; ұйымдастыру формалары; дидактикалық құралдар құрайды [4].

Процессуальды компонент алдын-ала жобаланған оқу-тәрбие процесін практикаға ендіру болып табылып, оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыруды, оқу-тәрбие процесін басқаруды көздейді. Педагогикалық технологияның мазмұнын айқындауға В.Ю.Цитюков талпыныс жасайды. Оның ойынша, педагогикалық технология тәрбиеленушіге педагогикалық ықпал етуді ұйымдастыру бойынша мұғалімнің мәнді кәсіби біліктерінің жүйесін айқындайды, педагогикалық іс-әрекетті технологияландыруды саналы ой елегінен өткізу тәсілін ұсынады. Педагогикалық ықпалды педагогикалық технология қамтамасыз ететін болғандықтан, оның мазмұны педагогикалық ықпал ету құралдарынан тұрады: педагогикалық тіл табысу, педагогикалық баға беру, педагогикалық талап, ақпараттық тілдік және демонстрациялық ықпал. Бұл элементтер атқаратын нақты функциялары мен анықталған кілтті операцияларына сай педагогикалық технологиялардың мәнін құрайды, педагогты тәрбие процесінің субъектісі болатын тәрбиеленушіге ықпал ету үшін қажетті және жеткілікті кәсіби мәнді білікпен қамтамасыз етеді. Бірақ мұнымен педагогикалық технология шектелмейді. Қосымша элементтер – психологиялық климат, топтық іс-әрекет, жасаған қылығына педагогикалық реакция, ортаны ұйымдастыру және т.б. жалпылама немесе жеке сипатқа ие болып, ықпал етудің формаларын түрлендіруді және әрбір мұғалімнің дербестігін сақтауды қамтамасыз ететін әрекеттер қатарына жатады.

Педагогикалық технологиялар қолданылу сипатына қарай дәстүрлі және инновациялық болып бөлінеді.

1. Инновация (латын сөзі *in-v, novis*-жаңа) жаңа, жаңалық, жаңарту дегенді білдіреді.

С.И.Ожегов сөздігі бойынша: инновация – бірінші рет шыққан, жасалған, жуық арада пайда болған, бұрынғының орнын босатып, алғаш ашылған, бұрыннан таныс емес енгізілген жаңалық.

2. Инновация сөзі латын тілінен енген *новый*, яғни аударғанда “обновление-жаңарту”, “новинка-жаңалық”, “изменение-өзгеріс” деген мағынаны білдіреді. /Педагогикалық энциклопедия/.

3. Инновациялық негізін құраушы ұғымдардың – “инновация”, “нововедение”, “новшество”, “новое” т.б қазақша аудармаларын жасаған, Ы.Алтынсарин атындағы білім проблемаларын ғылыми-зерттеу институты әдіскері К.Құдайбергенова болып табылады. Өз еңбектерінде “инновацияны” – нақты қойылған мақсатқа сай салынған жаңа нәтиже деп есептеп, төмендегідей аудармалар жасаған:

“инновация” – жаңарту, “нововедение” – енген жаңалық, “новое” – жаңа, “новшество” – жаңалық, “инновационный процесс” – жаңарту үрдісі. Инновация ұғымын ғалымдар әр түрлі түсіндіреді: жаңалық, жаңаны енгізу, жаңарту үрдісі.

өзгеріс, құрал, әдіс.

“Инновация” ұғымын әр елде әр түрлі түсінген, кейбір мемлекеттерде (АҚШ, Нидерланды) бұл термин кең тараған, ал Арабия, Жапония тәріздес мемлекеттерде кезіктіру мүмкін емес. Сондықтан әр елде бұл құбылысқа қандай көзқарас қалыптасқанын анықтау мақсатымен ғылыми-педагогикалық, техникалық, саяси әдебиеттер мен баспа беттерін зерттей келе, Ресейде, шет елдерде, ТМД елдерінде, Қазақстанда “инновация” ұғымына көптеген анықтамалар берілгенін көреміз.

Т.И.Шамова, П.И.Третьяковалардың еңбегінде “Инновация дегеніміз–жаңа мазмұнды ұйымдастыру, ал жаңалық енгізу дегеніміз — тек қана жаңалық енгізу, ұйымдастыру, яғни инновация үрдісін мазмұнды дамытуды, жаңаны ұйымдастыруды, қалыптастыруды анықтайды, ал “жаңаша” деп жаңаның мазмұны, оны енгізудің әдіс-тәсілі мен технологиясын қамтитын құбылысты түсінеміз” делінген.

Ал А.И.Кочетов “инновация” ұғымына төмендегідей анықтама береді: “көрсетілген деңгейге апаруды қамтамасыз ететін теориялық, технологиялық және педагогикалық іс-әрекеттің біртұтас бағдарламасы”. Алайда, Р.Масырова мен Т.Линчевская мұндай анықтамамен келіспейтіндігін білдіреді. Олардың тұжырымдамасында, “Егер баратын деңгей” алдын-ала көрсетілген болса, ол қандай инновация делінген. В.Кваша мен В.Латиннің пікірлері бойынша “инновация” бұл жаңа үлгілердің бағытындағы нақты әрекет, мөлшердің шегінен шығатын кәсіптік іс-әрекеттің жаңа саналы деңгейге көтерілуі болып табылады. Тәжірибелер көрсетіп жүргендей, кез-келген инновация – мөлшерлі іс-әрекеттің шегіне ұмтылуы және одан шығуы. Педагогика ғылымының тарихын саралап талдау көптеген педагогикалық инновациялардың ерте уақыттарда да болғанын көрсетеді. Мысалы, Сократ мектебі – “Қуаныш үйі”, К.Д.Ушинский мен Л.Н.Толстойдың ғылыми идеялары және т.б [5].



Н.Нұрмағамбетов “Инновация” білімінің мазмұнында, әдістемеді, технологияда, оқу-тәрбие жұмыстарының түрлерінде, тәсілдерінде, оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда, мектеп жүйесін басқаруда көрініс табады деп қарастырып, өзінің жіктемесінде инновацияны, қайта жаңарту кеңістігін бірнеше түрге бөледі: 1. Жеке түрлері (жеке-дара, бір-бірімен байланыспаған); 2. Модульдік түрі (жеке дара кешені, бір-бірімен байланысқан); 3. Жүйелі түрі (мектепті толық қамтитын).

Ал жалпы инновацияны модификациялық, комбинаторлық, радикалдық деп үш түрге бөлінеді:

Модификациялық инновация – бұл қолда барды дамытумен, түрін өзгертумен айналысу.

Комбинаторлық инновация – бұрын пайдаланылмаған, белгілі әдістеме элементтерін жаңаша құрастыру. Бұған пәндерді оқытудың қазіргі кездегі әдістемесі дәлел. *Радикалдық инновацияға* – білімге мемлекеттік стандартты енгізу жатады. Мемлекеттік стандарт білім беруде, негізінен, мөлшерлерді, параметрлерді, деңгейлік және сапалы оқытудың көрсеткіштерін қалыптастырады. Қазіргі зерттеулер көрсетіп отырғандай, мектептердегі бүгінгі үлгерім көрсеткіші, берілген білім сапасы формализм мен субъективтіліктен әлі арыла алмауда, осыған орай ғалымдар жаңашыл-мұғалімдер бұл мәселелерді шешу бағытында біршама істер атқаруда. Инновация дегеніміз — педагогикалық жүйедегі жаңашылдық.

“Инновация – өндірістің және қоғамды басқарудың түрлі салаларына енгізілуі экономикалық тұрғыдан және тиімді және әлеуметтік, экологиялық тұрғыдан маңызды болып табылатын, зияткерлік меншік объектісі болып табылатын ғылыми және ғылыми техникалық қызметтің нәтижесі” [6].

Қазақстан Республикасында “инновация” ұғымын пайдалану соңғы бес жылдыққа жатады. Ең алғаш “инновация” ұғымы қазақ тілінде анықтаған ғалым профессор Немеребай Нұрахметов. Ол: “Инновация, инновациялық үрдіс деп отырғанымыз білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі” – деген анықтаманы ұсынады.

Инновация дегеніміз білім беру, тәрбиелеу жұмысына жаңалықты енгізу, яғни жаңа әдіс-тәсілдерді, амалдарды, құралдарды, жаңа концепцияларды жасап, оларды қолдану деп анықталған.

“Инновация” сөзі – қазіргі уақытта барлық өндіріс, медицина, техника салаларында өте жиі қолданылып жүрген термин. Қазір бұл сөз “жаңа, өзгеру, жаңаша” деген мағынаны білдіреді және дәл қазіргі жаңа заманға да “жаңа, жаңаша өзгерудің” мазмұны терең және анық екендігі белгілі. Бұл әдістеменің негізінде үйренушінің дербес қабілет белсенділігін қалыптастыру, оқыту материалдарын өзінше пайдалану арқылы танымдық белсенділігін арттыру алға шығады. Мұның ерекшеліктері мыналар:

- үйренушінің белсенділік іс-әрекетін дамыту;
- оқыту мен үйретудің өзара үйлесімділігін қалыптастыру;
- үйренушінің танымдық үрдіске белсенді қатысуын анықтау мүмкіндігі;
- көрнекілік құралдарын көбірек пайдалану арқылы сезіміне, қабылдау эмоциясына әсер ету.

Қазір Республика оқу орындары, педагогикалық ұжымдары ұсынылып отырған көпнұсқалылыққа байланысты өздерінің қалауына сәйкес кез келген үлгі бойынша қызмет етуіне мүмкіндік алды. Бұл бағытта білім берудің әр түрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар бар. Сондықтан әр түрлі оқыту технологияларын оқу мазмұны мен оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибеде сынап қараудың маңызы зор.

Инновация мәселелерімен айналысып жүрген бірқатар ғалымдардың еңбектерін, жазған анықтамаларын қарастырып, талдай келе бұл ұғым белгілі уақыт арасында жаңашыл идеяны қайта қарау, жаңалау дегенді білдіреді. Сәл ертерек кездің өзінде белгілі қолданылып жүрген идеялар жаңа бағытта ұсынылса, мұның өзі инновациялы деп аталған. Осыларды негізге ала отырып, инновацияны “жаңалық”, “жаңа әдіс”, “өзгеріс”, “әдістеме”, “жаңашылдық”, ал инновациялық үрдісті “жаңа әдістеме енгізу құралы” деп ұғатын боламыз.

Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады. Кейінгі кезеңде ғалымдар өз зерттеулерінде оқу тәрбие ісіне жаңалықтарды енгізіп, тарату мәселесін қарастырды. К.Ангеловский, М.Поташник, В.Я.Ляудис т.б ғалымдар мұғалімнің жаңалыққа қабілеттілігіне ерекше көңіл бөлді. Авторлардың көбі педагогикалық инновацияның негізгі міндеті енгізіліп отырған жаңалықтарды топтау, жіктеу деп санайды. Ол үшін ең бастысы — мектеп жұмысын дамытудың аймағын қарастыру керек дейді. Енгізіліп отырған жаңа әдістеменің ерекше жағын көре білу, түсіне білу және оның басқа әдістемелермен қандай байланысты екенін білу керек [7].

Жаңаша (инновациялық) оқытудағы басты нәрсе – бұл білім алу және өздігінен білім алу негізінде адам қабілеттерін, икемділіктерін дамыту. Жаңа білім беру парадигмасында тұлғаның қызығушылықтарын қамтамасыз етуде тұтастық, бағыттылықпен бірге мықты негізділік (фундаменталдылық) те шешуші рөлге ие. Сонымен, инновациялық білім беру өз құрамына жеке



тұлғалық көзқарасты, білім алудың мықты негіздерін, кәсіби шеберлікті, екі мәдениеттің (техникалық және гуманитарлық) синтезін, жаңа ақпараттық технологияларды қолдануды біріктіреді.

Жаңа технологияның жаңа мақсаты бойынша “оқытуды ізгілендіру” қажет. Ол – оқыту құралдарына деген көзқарасты да өзгертуді талап етеді. Бұл өзгерістер бойынша оқу құралдары оқушылардың өздігімен танымдық іс-әрекетін жүргізе алатындай құралдар болуы керек. Бұрынғы дәстүрлі оқулықтар талапты қанағаттандыра алмайды, сондықтан оқушылардың өз бетімен білім алуына аса бейімделген жаңа типтегі оқулықтар қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. /Қазақстан мектебі. 2004-№2/(1).
2. Т.Мейірманқұлова. Білім берудегі инновациялық технологиялар. Алматы., 2005.
3. М.Валиева. Білім беру технологиялары және оларды оқу-тәрбие үрдісіне енгізу жолдары. (Әдістемелік нұсқау) – Алматы, 2002(4).
4. К.Ж.Бұзаубақова Жаңа педагогикалық технология. Алматы, 2004, 21-бет(5).
5. Қ.А.Сарбасова. Инновациялық технологиялар. Алматы., 2006.
6. Н.Р.Юсуфбекова. Общие основы педагогической инноватики. Опыт разработки теории инновационных процессов в образовании. Москва, 1991(6).
7. Устемиров К.У., Шаметов Н.Р., Бакиров Р.Т. Современные образовательные технологии технические системы обучения. Алматы, 2006.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ПЛАТФОРМЫ LMS MOODLE ДЛЯ ОРГАНИЗАЦИИ ДИСТАНЦИОННОЙ ФОРМЫ ОБУЧЕНИЯ СТУДЕНТОВ ПОПРЯДУХИНА Наталья Григорьевна

Орский гуманитарно-технологический институт (филиал) ОГУ
Орск, Россия
Aple_orsk@mail.ru

Түйін

Бұл мақалада университеттегі оқу үдерісін ұйымдастырудың заманауи интернет-технологияларының тәжірибеге бағытталған мүмкіндіктері қарастырылған.

Аннотация

В данной статье рассматриваются практико-ориентированные возможности современных интернет-технологий для организации образовательного процесса в вузе.

Annotation

This article examines the practice-oriented capabilities of modern Internet technologies for organizing the educational process at a university.

Сложная эпидемиологическая ситуация, возникшая во всем мире, не могла не внести коррективы в организацию современного образования в вузах. Многие вузы были вынуждены в целях сохранения физического и психологического здоровья студентов и сотрудников, перейти на дистанционную форму обучения.

Одним из самых востребованных вариантов организации обучения в дистанционной форме в нашем вузе стало создание преподавателями электронных учебных курсов. На наш взгляд, при создании электронного учебного курса (ЭУК) преподаватель имеет возможность целенаправленно дифференцировать структуру содержания, формы и методов организации преподавания учебной дисциплины при дистанционной форме образовательного процесса. Следует отметить, что спецификой ЭУК является реализация оптимальных психолого-педагогических условий для индивидуального обучения, более полного учета интересов, способностей учащихся, открывающих существенно иные возможности для организации профессионального образования. Например, преподаватель всегда может проследить за успеваемостью каждого студента [1, стр.19].

Необходимо указать, что в своем опыте мы занимались созданием ЭУК в среде LMS Moodle. При создании электронного учебного курса «Психология» в среде LMS Moodle нами была реализована возможность самостоятельной организации структуры и формы учебной дисциплины. Так, при создании модуля «Лекция» в его содержание был включен не только теоретический материал учебной дисциплины, но и соответствующие вопросы для самоконтроля. Подобный вариант размещения



содержания учебной дисциплины позволяет студентам и педагогу определить уровень усвоения новых знаний, и при необходимости еще более полно его изучить. В случае неуспешного усвоения изучаемого материала, студент сможет перейти к новой теме лекции, как только правильно ответит на все вопросы текущей. Данный вариант организации учебно-воспитательного процесса способствует максимальному пониманию и освоению содержания учебной дисциплины.

Создание электронного учебного курса на платформе LMS Moodle, позволяет педагогу наполнить его содержание различными видами учебных материалов, среди которых презентации, учебные и научно-популярные фильмы, вспомогательные файлы. Простота использования LMS Moodle, которая состоит в возможности выхода в интернет с любого гаджета, делает использование этой учебной среды удобной как для преподавателя, так и для студентов. По результатам выполнения студентами заданий, педагог имеет возможность не только выставлять отметки, но и давать комментарии, следить за успеваемостью студентов, и для этого нужен минимальный функционал [2, стр.14]. Нужно указать, что в случае возникновения у студентов трудностей с прохождением курса, они имеют возможность обратиться к педагогу через чат в системе.

Среди преимуществ создания ЭУК в среде LMS Moodle необходимо отметить возможность реализации интерактивного обучения. Интерактивная форма обучения в первую очередь, является диалоговым обучением, при котором происходит совместная деятельность всех участников образовательного процесса. К числу интерактивных возможностей ЭУК, созданных на базе LMS Moodle можно отнести:

1. Wiki, позволяет осуществлять коллективную работу студентов над документами.
2. Глоссарий, используется для создания и редактирования списка определений, как в словаре.
3. Форум, предназначен для организации дискуссий и может формироваться по темам.
4. Чат, используется для обсуждения совместной работы коллектива в режиме онлайн.
5. Опрос, предназначен для проведения опросов и голосований.

Итак, внедрение ЭУК на базе LMS Moodle в вузах дает возможность продуктивно организовать дистанционное обучение, целью которого является усвоение, закрепление и улучшения знаний в области изучаемой учебной дисциплины. Использование и сочетание различных элементов электронного курса позволяет обеспечивать соответствие целей и задач учебной дисциплины с данной формой обучения. Использование ЭУК при дистанционной форме организации учебного процесса позволяет сформировать у студентов способность самостоятельного изучения учебного материала.

Таким образом, платформа LMS Moodle может выступать, как среда предоставления студентам учебного материала, так и средством обеспечения интерактивного взаимодействия между всеми участниками образовательного процесса [3, стр.189].

В сложной социально-психологической ситуации организации образовательного процесса в дистанционной форме, необходимо найти возможность определения наиболее оптимальных и эффективных моментов для теории и практики образования. В первую очередь, это относится к накоплению большого эмпирического материала, который потребует своего обобщения различными специалистами, включенными в сферу образования.

Список литературы:

1. Анохин С. М. Создание электронных учебных курсов в LMS Moodle: учебно-методическое пособие для студентов, обучающихся по направлению: «44.03.05 Педагогическое образование (с двумя профилями подготовки)». – Sterlitaмак: СФ БашГУ, 2017. – 80 с. – Текст: непосредственный.
2. Зайцева В. П. Система Moodle как инструмент реализации компьютерного тестирования и контроля знаний студентов вуза / В. П. Зайцева. – Текст: электронный // Современные проблемы науки и образования. – 2013. – № 6. – URL: <http://www.science-education.ru/pdf/2013/6/779.pdf> (дата обращения: 12.10.20).
3. Максимов П. В. Повышение эффективности дистанционных форм обучения в технических вузах / П. В. Максимов. – Текст: непосредственный // Современные проблемы науки и образования. – 2012. – № 3. – С.189-190.



МАЗМҰНЫ/СОДЕРЖАНИЕ

№	ФИО	стр
1.	AUEZKANOVA Zhanel' Taletovna	3
2.	BAGDAT Usenkyzy Karabaeva	6
3.	АБДРАСИЛОВА Венера Онолбаевна, БАЙДУЛЛАЕВА Гулжахан Елтаевна, УСИПБЕКОВА Динара Избасаровна	10
4.	АБДРАХМАНОВА Гүлнара Зарқынқызы	12
5.	АКЫЛБЕКОВА Лиза Мауткановна	13
6.	СИСАНОВА Гульназ Кудайбергеновна	17
7.	НАГИЕВА Гаухар Ораковна, ЖАНТАЕВА Карлыгаш Кадиржановна, САБУРОВА Шынар Закармянқызы	21
8.	РАХИМОВА Галина Михайловна, АБУОВА Акмарал Капышовна, УРСТЕМБАЕВА Роза Рахметовна	26
9.	АЖМОЛДАЕВА Клара Байжігітқызы	29
10.	АЙДАРХАНОВА Динара Дарбековна	31
11.	АНДАКАЕВА Алия Назарбековна, СМАГУЛОВА Рая Алтынбековна	36
12.	АСАНБЕКОВА Гулмира Сагатовна	38
13.	АСЫЛ Қабыланова	42
14.	БАЗАРБАЕВА Саруар Оразовна	45
15.	БАЙКЕНЖЕЕВА Айнур Турдыбаевна, Г.Р. УНГАРБАЕВА, М.М. ҚҰНДЫБЕКОВА	49
16.	БАЙКЕНЖЕЕВА Айнур Турдыбаевна, Г.А. НАЗАРОВА, А.Е. ЕРБОЛАТ	51
17.	БАЙМУЛДИНА Н.С., КЕРИМОВА Г.У.	55
18.	БАКИРОВА Гульмира Абильпатташовна	59
19.	БАХИШЕВА Светлана, КЕМЕШОВА Ақкүміс	60
20.	БЕГАХМЕТОВА Балжан Каиргельдыевна	64
21.	БИЛЯЛОВА Бақытжан Сайлауовна	68
22.	ЖАРИКОВА Сезим Рымбековна	72
23.	ОСПАНОВА Гульшахар Садвакасовна, БОЗШАТАЕВА Гульшат Тугельбаевна, ТУРАБАЕВА Гулзат Қалықуловна	73
24.	БОРИБЕКОВА Раушан Сулейменовна, ЖАТКАНБАЕВ Е.Т.	76
25.	ТЕЛҒОЗИН Даурен Кадырбек, ЖАТКАНБАЕВ Е.Т.	78
26.	МЫРЗАБАЕВА Маржан Аблайқызы, ЖАТКАНБАЕВ Е.Т.	80
27.	АБДИКУЛОВ Мухтар Кабылбекович, ЖАТКАНБАЕВ Е.Т.	82
28.	НАГИЗБЕКОВА Гульмира Тузелхановна, ЖАТКАНБАЕВ Е.Т.	84
29.	ЖАТКАНБАЕВ Ергазы Тлеубаевич, ӘЛІХАН Н.А., БЕКЖАНОВА К.М.	88
30.	ШАДИЯРБЕК Аида Мәдәліқызы, ЖАТКАНБАЕВ Е.Т., БЕКЖАНОВА К.М.	90
31.	БУЛАТОВА Инара Какановна	92
32.	ҒАНИБАЕВА Жайдарман Ануарқызы	97
33.	ДАУЛЕТЖАНОВ Ермек Абузарович	100
34.	Динара БАЙЛОВА	104
35.	ЕЛЕМЕС Айша Сыпабекқызы, ТҰРСЫНБЕК Айым Әділбекқызы	105
36.	ЕРАЛИЕВА Толкин Есалиевна	110
37.	ЖАБАГИНА Раушан Магжановна	116
38.	ЖАКИЕВА Бибигуль Асылбековна	118
39.	ЗАЙЦЕВА Светлана Анатольевна	121
40.	С.Ш. ТІЛЕУБАЙ., ЗАКИРОВ Шоқан Сейдуллаұлы	123
41.	ИВАНОВА Елена Радифовна	125
42.	ИЗБАСАРОВА Жанар Жаксыбаевна	129
43.	М.М. KAVDESHEVA, M.Zh. TUSSUPBEKOVA	132
44.	КАСИЕНОВА Жанара Бериковна	134
45.	КЕНБАЕВА Надежда Амангелдиевна, АҚЫНБЕКОВА Гулнур Оразбаевна, БИХАЛИКОВ Ербол Зейнуллаевич	136
46.	КЕНШІЛІК Гулбаршын	140
47.	КОЖАХМЕТОВА Айгерим Абдимараловна, КАКЕНОВА Маржан Галиевна	142
48.	ҚАБДИ Жадыра Сансызбайқызы	145
49.	ҚАБЫЛ Азамат Саятұлы, ЖҰБАНОВА Гүлнұр Алпысбайқызы, ҚАЙРАНОВ Ербол Бахарамұлы	148
50.	ҚАЛЫБАЕВА Айнұр Жақыпқызы	153



51.	ЛЕБЕДЕВА Галина Владимировна	154
52.	МАМЕДОВА Лала Исраиловна	158
53.	МИРАШЕВА Кульбаршин Каиргалиевна, ХОХОТВА О.И.	161
54.	НАЗАРОВА Гүлмира Асылбекқызы, ТОҚТАҒАНОВА Гүлжас Баданқызы	166
55.	НАУРЫЗОВА Нуршат Куанышкалиевна	170
56.	НУРГАЛИЕВА Бибигүл Жомартовна	173
57.	НУРТАЕВА Ляззат Шадмановна, ҚАНАЙБЕКОВА Баян Турехуловна	177
58.	НҰРБЕКОВА Анда Мұратбекқызы	179
59.	РАБАЕВА Луиза Айндиевна, АХМЕТОВ Нұрсұлтан	182
60.	ХАРЛЫҒАШ Разханқызы	184
61.	РАХМАТУЛЛИНА Даметкен Балгалиевна	187
62.	САЙБЕКОВА Назира Усенқызы	189
63.	САЙБЕКОВА Назира Усенқызы	193
64.	САКИГОЖИНА Алия Нурланбековна, АКИЕВА Айжан Бейсембиевна, БЕКТЕМБАЕВА Асем Сериковна	197
65.	САЛПЫНОВА Каным	203
66.	СОЛОМОНОВА Елена Анатольевна	207
67.	ТКАЧЕНКО Надежда Васильевна	211
68.	ТОКАРЕВА Юлия Владимировна, ЧИКАНКОВА Анна Николаевна, ГОЛЯНДИНА Юлия Александровна	214
69.	ТУРАНОВ Полат Есалиевич, БИТЕМИРОВА Алия Еркегуловна, ШЫНАЗБЕКОВА Шолпан Сагидуллаевна	217
70.	УИТҚЫБАЕВА Нұржанат Береновна, КАСЫМОВА Қарлығаш Елтаевна	220
71.	УСЕНОВА Гүльзира Рамазановна	223
72.	ШЕРЖАНОВА Асима Рымтаевна	226
73.	ПОПРЯДУХИНА Наталья Григорьевна	230

Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Авторлардың көзқарасы, ұстанымы сақталады. Жинақтағы деректердің нақтылығына авторлар жауапты. Олардың байлам-тұжырымдары редакция көзқарасымен сәйкеспеуі де мүмкін. Ғылыми басылымда жарияланған материалдар көшіріп басылған жағдайда сілтеме жасалуы тиіс.

**Халықаралық Білім және Ғылым Академиясы
International Academy of Education and Science
Международная Академия Образования и Науки**



2020